

АРХИВТІК
КОР

БЕЙБІТ ҚОЙШЫБАЕВ

94(574)(0758)
1960
К

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ
ТАРИХЫНА
КӨЗҚАРАС

Қазақ Елінің 550 жылдығына арналады

БЕЙБІТ ҚОЙШЫБАЕВ

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ
ТАРИХЫНА
КӨЗҚАРАС**

Тарихи очерк



**Алматы
2015**

ӘОЖ 94 (5 ӘИ)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
К 60

К 60 **Койшыбаев Б.**


Қазақ мемлекеті тарихына қөзқарас тарихи очерк / Бейбіт
Койшыбаев – Алматы «Рух БГ» баспасы, 2015 – 136 б

ISBN 978-601-80519-1-3

Белгілі жауушы Бейбіт Койшыбаевтың колдарыныздығы «Қазақ мемлекеті тарихына қөзқарас» атты тарихи очерк сипатында жазылған кітапына қазақ мемлекеттігінң хандық түрінде құрытуы дамуы, сыртқы жаулардан корғаны, одактас іздеуі, біртіндеп тәуеуісіздігінен айырылуы, отарлануы және кайта жаңырыруы жайындағы тарихи-танымды әнгімелер енген

Қазақ халқы 15-ші ғасырдың ортасынан оте бере өз атымен дербес мемлекет құрып, тарих сағасына шықты Биыл осы тарихи оқиғаның – Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланады Мемлекеттік тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайта түстенін, көптен ансаған, үміт арта күткен мерейті датаны атап отуге дайындық барысында жас ұрпаққа тиісті рухани азық беру маңызды Оқырман наزارына ұсынылып отырган осынау кітапта Қазақ мемлекеті тарихына танымды шолу жасалады Хандықтың негізін калап, іргесін көңейтуіне атсалыскан, елді басқыншылық соғыстардан корғаған хандар мен батырлар тарихи ахуал, шікі қайшытықтар дербестікті жоғатты жер-судың бөтен мемлекет мешіншігіне оту және шынайы тәуелсіздікке кол жеткізген ауыр жол жайында сөз болады

Кітап Отан тарихына қызығушылық билдіретін калың көшілілікке, тарихшыларға, зерттеушілерге, жастарға ариалған



ӘОЖ 94 (5 ӘИ)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-80519-1-3

© Койшыбаев Б., 2015
© «Рух БГ» баспасы, 2015

СӨЗ БАСЫ

Қазақ халкы 15-ші гасырдың ортасынан өте бере өз атымен мемлекет құрып, тарих саҳнасына шықты. Биыл сонау тарихи оқиғаның – Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланады.

Бұл, сөз жок, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің тұғырын ныгайта түсетін, көптен аңсаған, үміт арта күткен мерейтой, ұлы той болады. Осынау мерейлі датаны атап өтуге дайындық барысында халқымыздың (казактар мен арамызда тұрып жаткан өзге ұлт өкілдерінің) барша буыны бойында патриоттық, отансұйгіштік, еліміз үшін мактана алушылық сезімді үштауға бағытталған маңызды іс-шаралар міндетті түрде жүзеге асырылады. Мемлекеттілігіміздің айтулы датасын биік дәрежеде мерекелеуге бел бууымыз бүтінде әркімнің қазақ атымен мемлекет құрган тарихымызды тануына, тиісінше, өзін-өзі тануына, жас гарымызды тарих арқылы тәрбиелеуге кең жол ашып отыр. Осындағы көтерінкі рух жетегімен біз қазақ атымен әлемдегі дербес мемлекеттік құрылымдар катарына қосылған мемлекетіміздің тарихына қөзқарасымызды қағазға түсіруге бел байлладық.

Біз мұның оңай шаруа емес екенін түсінеміз. Өйткені біздін тарихи ғылымиң да, қоғами санамың да қазақ тарихына батыстық, суро-центристік тұрғыдан караудан толық бастарта койған жок. Біз, тіпті, мемлекеттілігіміздің осынау социалыкты үзак мерзімге жата қоймайтын кесіндісінің өзін жоғарғы мемлекеттік деңгейде тұнғыш рет атап еткелі отырмыз. Сол себепті қазақ мемлекетінің тарихы хақында біздін өзімізше корытқан қөзқарасымыздың бір кайнауы ішінде қалуы әбден ықтимал. Бірақ біз адал ниетімізben, мейлінше әділ деп білетін ойымызben бөліскенді хош көрудеміз.

Біздің ойымызша, Қазақ хандығының 550 жылдығын арнайы атап өту, әрине, маңызды. Дегенмен осы салтанатқа дайындық жасау және оны өткізу барысында казактың мемлекеттілігінің бүткіл тарихын терең тануга тырысу, пайымдау, нарықтау одан да маңыздырақ секілденеді. Қазақ хандығы яки Қазақ Ордасы – бұл қазақ халкының тарихтық сахнага өз атымен, өзіндік атауымен шыққан кезеңінің басы.

Бұған дейін қазақтар Шыңғыс империясының, Жошы Ұлысының, Шагатай ұлысының құрамында болды. Ұлығ Ұлыс (Жошы Ұлысы, Алтын Орда) пен Шагатай ұлысы сынықтарынан Ақ Орда, Сібір хандығы, Ногай Ордасы, Әблқайыр хандығы, Моголстан тәрізді мемлекеттік құрылымдар пайда болғаны мәлім. Жәнібек пен Керей сұлтандар мемлекеттікін жаңа сапаға, тарихи түрғыда әділ сапаға ауысуына негіз жасап, Әблқайыр хандығының ірі бөлігін Қазақ хандығына айналдырды. Соның нәтижесінде тарих түрғысынан өте қысқа мерзімде өзге мемлекеттік бірлестіктердегі казак ру-тайпалары Қазақ мемлекеті құрамына кірді.

Біз биыл 550 жылдығы аталғалы отырган сол окигадан бергі жағдайды қарастырамыз.

Ал қазақтың мемлекеттілігінің бастауларын, теренге кеткен тамырларын осы салтанатқа дайындық барысында өтіп жатқан ғылыми конференциялар, түрлі деңгелек столдар мен жиындар теренірек қарастыра берер деген үміт бар.

Баршаға белгілі, Ұлы даала тарихы теренде. Мемлекеттілігіміздің ғұндар заманында пайда болғаны күмәнсіз. Ғұндардың мұлтікесіз үй-ымдастырылған шапшаң да журдек әскері болды. Олардың жауынгер жасактары Еуразия төсінде құйынданша шауып, түркі этносы мен түркі тілін Ұлы даала шегінен асыра таратты.

Одан сәл кейінірек, біздің дәуіріміздің 552-ші жылы, түркілердің Алтайdagы тайпалық одағы алғашқы түркі мемлекеттігін құрды. Ол түркі қағанаты деп аталды. 6-шы ғасырда пайда болған бұл қағанат адамзат тарихындағы ежелгі мемлекеттердің аса ірілерінің бірі еді. Сол шақта қазақ халқының ру-тайпалары түркі одағына кіргенін ешкім жокқа шығара алмайды. Демек, жаңа зраның 552-ші жылы қазақ мемлекеттілігінің де бастау алған уақыты болып табылады. Осыны тарихшы-ғалымдарымыз тиянақтап дәлелдеуге тырысатын шығар.

Егер біздің ғылыми ойымыз тоқырап қалмай, аталмыш датаны биік деңгейде мойындастында дәрежеге жеткізе дамыса, алла қаласа, енді жеті жылдан кейін елімізде қазақ мемлекеттігінің және қазақ жазуының 1470 жылдығы атап өтілетін болады.

Ал біз әзірге қазақ мемлекеті тарихына қысқаша шолу жасап, соған байланысты өзіміздің кейбір ойларымызды, өткен кезендердегі кей жайларға көзқарасымызды білдіріп байқамакпyz...

I. ДЕРБЕС ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ҚҰРЫЛҒАНГА ДЕЙІН

Қазақ мемлекеттілігінің тарих сахнасына өз атымен алғаш шыққан түрі Қазак Ордасы, Қазақ хандығы деп аталғаны мәлім. Шынтуайтқа келгенде, слідігіміздің тамыры ғасырлар тұнғиығында – ғұндар заманында, қоқтуріктер дәүірлерінде, Қыпшак, Қарахан мемлекеттерінде, бертінгі қазақ халқын жаңаша қалыптастырган Шынғыс хан қағанаты, қағанаттағы Жошы ұлысы кезеңдерінде жатыр.

Қазактар кейінгі орта ғасыр жылдарында ірі-ірі этностық топтар ретінде бөлініп, уақытында Алтын Орда аталған түркі империясының қүйреген орындарында қалған Ақ Орда, Сібір хандығы, Қек Орда, Ногай Ордасы, Әбілқайыр хандығы және Моголстан секілді мемлекеттерге қарап тұрған. Бұл саяси бірліктердің бәрі қазақ мемлекеттілігінің ізашары іспепті еді. Шынтуайтында, қазақ мемлекеттілігінің бастауы ретінде түрк (түрік емес – түркі, түрк, тюрк) қағанаты құрылған 552-ші жыл белгіленеріне күмәнім жоқ. Адамзат тарихындағы аса ірі ежелгі мемлекеттердің бірі ретінде мойындалған сонау бірлікті бүтінгі таңдағы ғылыми ізденістер нәтижесінде мейлінше жақын тұтарымыз көміл. Әйтсе де, 13-ші ғасырда жер-жаһанды дір қақтыра сілкіндіруші ретінде танылған тұлғадан бермен қарайғы тарихта қазақ мемлекеттілігінің үзілмес шежіресі жатыр...

Ұлы Даданы жайлаган түркі ру-тайпаларының эр жаңа саяси құрылымы басында Шынғыс хан ұрпактары тұрды. Әр жаңа саяси құрылымның өмірге келуі немесе өмір сүруін тоқтатуы Шынғыс ханнан тараған әuletтердің бірінің биліктен кетірілуіне, оның орнына жеңіске жеткен екінші бір әuletі өкілдерінің орнығына байланысты жүзеге асып жататын. Қазақ Ордасы осындај жолмен шаңырақ көтерді. Бұл жайт Шайбан ұрпағы Әбілқайыр басқаратын мемлекет құрамынан Орда-Ежен ұрпактары Керей және Жәнібек шығып кеткеннен кейін орын алды. Осы кос сұлтан басқаратын ру-тайпалардың қазақтық (еркіндік) құрып бас косуы арқылы жаңа саяси бірліктің негізі жасалды да, ұзамай, Әбілқайыр мемлекеті билеушіс... ғәзертіп, Қазақ хандығы туріндегі жаңа сапага ауысты. Біз биыл тойлагалы отырған дата – қазақтың тарихта тұнғыш рет тарих сахнасына өз этностық атауымен мемлекеттік ту көтеріп шыккан шағы. Ал бұл, жоғарыда айтқанымыздай. Әбілқайыр мемлекетінін жаңа сапага ауыскан

кезіне дөп келеді. Біз үшін аса маңыздысы – осынау жаңа сапаның көрінісі ретіндегі мемлекеттің содан бері қазақ атымен аталғаны болып табылады.

Бұл тарихи оқиғаны мүмкін еткен қозғаушы құш – Ұлы Даіда орнықкан шыңғыстық билеуші әuletтердің әрекеттері. Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы хан басқарған ұлысты, ол дүниеден өткеннен соң, Жошыұлы Бату билегені мәлім. Ал Бату хан Жошы ұлысы керегесін батысқа карай батыл кеңейтті. Шығыс Европага жасаган жеңісті жорығынан оралғаннан кейін, Ұлығ Ұлыстың (Алтын Орда империясының) Еділ бойына салғызған астанасы Сарай-Батуда отырып, заманында әкесі әміршілік еткен аумакты құллі халқымен өзінің бауыры Орда-Еженге берді. Орда-Ежен Жошы әүлеті армиясының сол қанатын басқарды. Батудың қолынан үлес алған кесесі бауыры Шайбанның әскері армияның оң қанатына кірген. Тағы бір бауыры Тоқай-Темірge Бату әскердің артықшылықта ие болғанын үлес берді, оның үрпактары Қажы-Тарханға (Астрахан қаласына) да билік жүргізді.

Орда-Ежен Жошы Ұлысының сол қанатын 1226–1253 жылдары биледі. Алтын Орданың құрамына кіретін, дегенмен ішкі-сыртқы саясаты тәуелсіз жүргізілетін Ақ-Орда мемлекетін құрды. Оның саяси рөлі тек өз ұлысындаған емес, Шыңғыс хан іргесін қалаған құллі алып қағанатта, қағанаттың астанасы Қарақорымда жоғары болды. Мәселен, империяның төртінші әрі соңғы қаһаны, Шыңғыс ханының әйгілі «төрт құлғінің» кішісі Төленің ұлы Менкенің 1251 жылы қаһан, ұлы хан болып сайлануына Бату хан қолдау көрсеткен еді, соған қарамастан, Менке хан өзінің заңнамалық жарлықтарында оны емес, Орда-Еженді ерекше құрметтеп, есімін Алтын Орда әміршісі, өзінің қолдаушысы Бату хан есімінің алдына койып отырған.

Орда-Ежен мен Шайбан ұлыстары алып жатқан аумақ 14–15-ші ғасырлардағы шығыс дереккөздерінде біресе Ақ Орда, енді бірде Көк Орда деп аталағы жүрді. Себебі қос ұлысты да Орда-Ежен әүлетінен шыққан әміршілер билеген. Соңдықтан болу керек, дереккөздер бұл кезеңдегі Ақ Орда иелігі ретінде Жайықтан Батыс Сібір ойпатына, Сырдарияның ортаңғы және төменгі ағысына дейінгі жер-суды, іс жүзінде аталған екі ұлыс

рак (1426–1428). Яғни Орда-Ежен мен оның әuletі 1226–1428 жылдары (екі ғасыр) биліктегі болды. Орда-Еженнің ұрпактары, нактылап айтқанда – Ақ Орда әміршілері Орыс хан (14-ші ғасырда билеген) және оның немересі Барап хан (15-ші ғасырдың екінші ширегінің басында баскарған) сол шақтарда ешқайсысының ойына келе қоймаған, бірақ ұзамай, 15-ші ғасырдың ортасында Қазак хандығы аталып жүзеге асатын ірі тарихи бетбұрыстың алғышартын жасады.

Шамамен 1410-шы жылдардан бастап, Орыс ханның немересі Барап хан Шығыс Дешті-Қыпшақтағы өз ата-бабаларының билігін қайтарып алу үшін құрес жүргізді. Еділдің төменгі ағысы алқабында өткен шайқаста үміткерлер әскерін жеңіп, 1422 жылы Алтын Орда тагына отырды. Бірақ одан 1426 жылы айрылып қалды.

Сол жылы Ақ Орда билеушісі болып, Сырдария бойындағы қалаларға, Мауераннарға жорықтар жасады. Ақ Орданың астанасы Сығанакты ғасыр басында Әмір Темір басып алған еді, соны қайтарды. Орда-Ежен мен Тока-Темірдің Түркістан өлкесіндегі иеліктерін Әмір Темір әuletі билігінен қайтарып алушы көздеңген шайқастар жүргізді. Оның жігерлі әрекеттері ұлыстың байырғы куатын жаңғырта алмаганмен, қазак елінің онтүстігіндегі саяси ахуалды белгілі-бір дәрежеде өзгеріске түсірді.

Осы 15-ші жүзжылдықтың алғашқы ширегінде Ақ Ордада Жошы тұқымы (Орда-Ежен, Шайбан, Тока-Темір) ішіндегі әuletаралық құрес жиілеген болатын. Ұлыста бүліктер мен кикілжіндер толас таптай жалғасты. 20-шы жылдардың сонына қарай Алтын Ордаға қарасты ұлыстардың көпшілігінде Шайбан балалары билікке келді. Ал Орда-Ежен ұрпактары өздеріне бабаларынан мұрага қалған иеліктерін олардан корғап қалуға тырысты. Солардың бірі Барап хан, жоғарыда айтылғандай, ұлыстың онтүстік бөлігін қайтарып алу үшін соғысты.

Алайда Барап хан 1428 жылы дүние салды да, ол өлгеннен кейін Ақ Ордадағы билік Орда-Ежен – Орыс хан әuletінен Шайбан әuletіне өтті. Осы жылы Шайбан ұрпағы Әбілқайыр Батыс Сібірдегі Тура өнірінде хан тағына отырғызылды. Оның мемлекеті Қазақстанның солтүстік-батыс және орталық аймағын алып жатты. Хандықтың жері геосаяси тұрғыда Ақ Ордадан дербестенген батыстағы Ногай Ордасы, солтүстіктегі Сібір хандығы және шығыстағы Моголстан мен онтүстіктегі Әмір Темір тұқымдары мемлекеттің араларында, батысында – Жайық өзеніне, шығысында – Балқаш көліне дейін, онтүстігінде Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал теңізі өніріне, солтүстігінде Тобылдың орта ағысы мен Ертіске кеткен алтып аумакты алып

жатты Әбілқайыр хандығының құрамына қазак ру-тайпаларының көшпілігі және өзге де көшпенді түркі тайпалары кірді.

Әбілқайыр хан басқарған қырық жыл уақыт ішінде елдің саяси жағдайында тұралтылық пен тыныштық болмады. 15-ші гасырдың орта кезінде Шыңғыс ханның ұлы Жошы жұрттындағы (Дешті-Қыпшактарғы) ең қуатты билеуші Жошы хан ұрпағы Шайбани Әбілқайыр хан еді. Ол күші кемеліне келгенде, ат басын Сырдария бойындағы аймақтарға бұрды. Сөйтіп, сонда көшіп-қонып тұрмыс кешіп жүрген Жошы ұрпағы Орыс ханның оғландары Жәнібек пен Керейге және олардың бодандарына қатты қыспақ көрсетті. Осы жәйтекі әulet билеушілері арасындағы тайталасты одан сайын шиеленістірді де, ақыры, Жәнібек пен Керейді өздеріне қарасты ру-тайпаларын бастап Моголстанға көшіп кетуге мәжбүрледі.

Ол заманда Моголстан аумагы Тәңіртау (Тянь-Шань), Қекшетеніз (Балқаш көлі), Ертіс, Сырдария өзендері араларын, онтүстігінде Ферғана, Түрфанды алып жататын Моголстанда бұл кезде (билиеуші Есен-Бұға хан тұсында) билік құрылымы әлсіреген еді. Қарамағындағы әмірлердің әрқайсысы өз беттерінше қамал салып алып, одан бөлініп кетіп жатқан. Қалмактар елде орталықтандырылған биліктің жоқтығын пайдаланып, Жетісуға шабуылын жиілеткен. Олар Ыстыққөл аймағына барды, 1452 жылы Шуға жетті. Есен-Бұға сонда оларға елеулі қарсылық қөрсете алмаған. Оған міне осы шакта, дәлірек айтқанда, 1456 жылы, Әбілқайырдың билігіне наразы Керей мен Жәнібек сұлтандар бір қауым жұрттын ертіп келді. Олар «қазактық» жасауға, яғни тыныс-тіршілікке қолайсыздық тұғызған билеушінің құзырынан қашып, еркін үйисуға бел буған болатын Есен-Бұға оларды жақсы қарсы алды. Осы қос сұлтанға қарамақтарындағы 200 мындағы ел-жұрттымен емін-еркін мекендеуі үшін, Моголстанның батыс шет аймағын – Шу өзенінің Карагаудың солтүстік сілемдері мен Бетпақдала аралығындағы Ашысу ойысы қолдеріне құйып жататын төменгі ағысы мен Жетісудың батысындағы Қозыбасы өлкесі аралығын бөліп берді.

Қазак болу әрекеттері түркі тайпалары ғұмырында бұрындары да әрәдік кездесіп тұрған, бірақ тап осы жолғыдай жаңа мемлекет құруға бағытталған тарихи сипат алған емес-тін. Алтын Орданың атакты әміршісі Өзбек ханының құрметтіне «Көшпенді өзбектер мемлекеті» аталаған Әбілқайыр ханының ұлысынан бөлініп, Сыр бойынан Шу өзенінің төменгі ағысы алабына көшіп келген аз жұрт іс жүзінде болашақ қазақ мемлекеттігінің іргетасы болып қаланды. Бірнеше жылдан кейін Қазак хандығы, Қазак Ордасы атанып жарыққа шығатын мем-

лекеттің іргесі, сойтіп, түркілер өмірінде қатардағы жәйт саналатын наразы топтың еркіндіксүйгіштік, басыбостық танытып, өзгенің озырылышына көнбешілік көрсетіп, яғни қазақ болып өз беттерінше отау тігү оқиғасымен қалана бастағанын тап сол жылдары ешкім баяжайлай алмаган болар. Алайда ұзамай тарихи оқиға шырқау шынына шықты. Жәнібек пен Керей ел-жүртімен жаңа қоныска орныққан аз жылдан кейін Шудың тәменгі ағысы алқабында жатқан көне Созақ қаласында Қазақ хандығы күрылды. Елдігіміздің айбынды байрағы тұнғыш рет Қазақ атымен Созақта желбіреді...

II. ХАНДЫҚТЫҢ ҚАЗ ТҮРУЫ МЕН КУШЕЮІ

Сонымен, Жошы ханның Орда-Ежен және Шайбан атты ұлдарынан (Шыңғыс ханның немерелерінен) тараған ұрпақтардың бірінің екіншісіне қысым жасауы аймактағы соны серпіліске үйтқы болды.

Орда-Ежен әuletінің кос сұлтаны Жәнібек пен Керей Шайбан әулетінен хандық құрып тұрган Әбілқайыр билігінің ықпалынан шығып кетті – осы оқиға орын алған 1456 жылды біз сол соны серпілістің, мұлдем жаңа құбылыстың бастауы, Қазақ хандығының негізі қаланған уақыт деп санаймыз. Шығыс, батыс, орыс оқымыстыларының және бүгінгі зерттеушілердің арасында бұл датаны растайтындар да, күмән келтіріп, басқа уақытты белгілейтіндер де жеткілікті. Дегенмен сол сұлтандардың өз қарамактарындағы жұрттың бастап Шудың тәменгі ағысына қоныстануы қазактың өз атымен жарыққа шығатын мемлекеттілігінің алғашқы іргетасы болғанын ешқайсысы жокқа шығармайды. Жаппай мойындалған 1465 жылды біз де терістемейміз, ойткені бұл еркіндік сүйгіш аз топ қарасының көбейіп, дербес ел екенін жария еткен шағына сәйкес келеді.

Ақ Орданың бір бөлігінде Шайбан ұрпағы Әбілқайыр хандық құрып тұрган жылдарда онтүстік аудандарды бұрынғысынша Орда-Ежен ұрпақтары билеп жүрген-ді. Солардың ішіндегі Керей мен Жәнібек те өздері басқаратын аумактарда белгілі-бір ру-тайпалардың ханы (кіші хандар) болатын. Кезінде Жәнібектің әкесі, Ақ Орда билеушісі Барақ ханды қолдаган ру-тайпалардың Сыр бойы қалаларымен байланысып жатқан едәуір бөлігі оларға бағынатын-ды. Тәуелсіз қалыпта өмір сүріп жатқан. Алайда бұл жәйт, әрине, Әбілқайыр ханды канагаттан-

жатты. Әбілқайыр хандығының құрамына қазақ ру-тайпаларының көшпілігі және өзге де көшпендері түркі тайпалары кірді.

Әбілқайыр хан басқарған қырық жыл уақыт ішінде елдің саяси жағдайында тұрактылық пен тыныштық болмады. 15-ші ғасырдың орта кезінде Шынғыс ханның ұлы Жошы жұртындағы (Дешті-Қыпшактағы) ең қуатты билеуші Жошы хан ұрпағы Шайбани Әбілқайыр хан еді. Ол күші кемеліне келгенде, ат басын Сырдария бойындағы аймақтарға бұрды. Сейтіл, соңда көшіп-конып тұрмыс кешіп жүрген Жошы ұрпағы Орыс ханның оғландары Жәнібек пен Керейге және олардың бодандарына қатты қыспак көрсетті. Осы жәйтекі әзлет билеушілері арасындағы тайталасты одан сайын шиеленістірді де, ақыры, Жәнібек пен Керейді өздеріне қарасты ру-тайпаларын бастап Моголстанға көшіп кетуге мәжбүрледі.

Ол заманда Моголстан аумағы Тәніртау (Тянь-Шань), Қекшетеніз (Балкаш көлі), Ертіс, Сырдария өзендері арапарын, онтүстігіндегі Фергана, Тұрғанды алып жататын Моголстанда бұл кезде (билишісі Есен-Бұға хан тұсында) билік құрылымы әлсірекен еді. Қарамағындағы әмірлердің әрқайсысы өз беттерінше қамал салып алып, одан бөлініп кетіп жатқан. Қалмактар елде орталықтандырылған биліктің жоқтығын пайдаланып, Жетісуга шабуылын жиілеткен. Олар Ыстыққөл аймағына барды, 1452 жылы Шуға жетті. Есен-Бұға сонда оларға елеулі қарсылық көрсете алмаган. Оған міне осы шакта, дәлірек айтқанда, 1456 жылы, Әбілқайырдың билігіне наразы Керей мен Жәнібек сұлтандар бір қауым жұртын ертіп келді. Олар «қазактық» жасауға, яғни тыныс-тіршілікке қолайсыздық туғызған билеушінің күзырынан қашып, еркін үйисуға бел буган болатын. Есен-Бұға оларды жақсы карсы алды. Осы қос сұлтанға қарамақтарындағы 200 мыңдай ел-жұртымен емін-еркін мекендеуі үшін, Моголстанның батыс шет аймагын – Шу өзенінің Қаратудың солтүстік сілемдері мен Бетпақдала аралығындағы Ашысу ойысы көлдеріне құйып жататын тәменгі ағысы мен Жетісудың батысындағы Қозыбасы өлкесі аралығын беліп берді.

Қазақ болу әрекеттері түркі тайпалары гұмырында бұрындары да әрдік кездесіп тұрган, бірақ тап осы жолғыдай жаңа мемлекет құруға бағытталған тарихи сипат алған емес-тін. Алтын Орданың атакты әміршісі Өзбек ханның құрметіне «Көшпенді өзбектер мемлекеті» аталған Әбілқайыр ханның ұлысынан бөлініп, Сыр бойынан Шу өзенінің тәменгі ағысы алабына көшіп келген аз жұрт іс жүзінде болашақ қазақ мемлекеттігінің іргетасы болып қаланды. Бірнеше жылдан кейін Қазақ хандығы, Қазақ Ордасы атанды жарыққа шығатын мем-

белті де қазақ ру-тайпалары олар көтерген ту астына жиылып, бүкіл аймактың саяси тарихына және ұлан-гайыр дағала төсін мекендейтін барша жергілікті алаш жұртының тағдырына айтулы өзгеріс енгізді.

Қарасы көбейіп, 1465 жылы хандық туын тіккен халқымыз елдігімізді жаңаша түрпатта жаңғыртты. Осы жаңа саяси және мемлекеттік құрылым Әбілқайыр хандығындағы билікті қолға алу арқылы мұлдем күштегі түсті. Тарихта қырық жылдай Әбілқайыр мемлекеті, Қешиңенді өзбек ұлысы атанған Ақ Орданың қазақ ру-тайпалары мекендейтін белігі жаңа сапалық деңгейге ауысып, дербес Қазақ хандығы ретінде өмір сүре бастады.

Ал дербес ұлттық Қазақ мемлекетін құрган Жәнібек пен Керей хандар қазақ даласындағы халықты бір шаңыракқа ұйыстырган Жошы ұлысының әміршісі, Шыңғыс ханының үлкен ұлы Жошы ханнан тараган, саяси билікті екі ғасырдан астам уақыт бойы колда ұстал, билемеуші болып келе жатқан ете күшті, беделді әuletтің өкілдері болып табылады. Тағдыр оларға ата-бабалары билеп келген аумақтағы мемлекеттік құрылымды мұлдем соны сапаға ауыстырып, жаңғыртуды, жаңа этностық бірлікке негізделген қазақ ұлттық мемлекетін құруды бүйіртты.

Олардың Шыңғыс ханнан Орыс ханға дейінгі аталары бір, ал одан бері қарай екеуі екі әuletке бөлінеді. Бұлар – Орыс ханының Тоқтакия және Қойыршак деген екі ұлынан тараған оғландар. Шыңғыс ханының немересі Орда-Еженнен жұз жыл кейін дүниеге келген ұрпағы Орыс ханының шеберелері. Керей – Болаттың ұлы, Тоқтакияның немересі, ал Жәнібек – Барактың ұлы, Қойыршактың немересі. Керей – ага баласы, жасы да Жәнібектен үлкен. Сондықтан, қазақтықша шығуды шеберелес інісі Жәнібекпен бірге бастаганмен, ата салтына сай, қазақ тағына одан бұрын отырған. Керей дүниеден озғаннан кейін елді Жәнібек биледі.

Орыс ханының осы қос шебересі алғашқы жылдарда бірінен соң бірі хан сайланып, Қазақ мемлекетін нығайтысты. Әрине, бұл екі хан қазактың барлық ру-тайпалары мен жер-суын түгел біріктіре алған жоқ. Бірақ олар қазақ атымен аталған ұлттық мемлекетті тұңғыш рет тарих сахнасына алым шығуымен аса қадірленеді және ешқашан ұмытылмайды. Олардың данкты ісін ұлдары лайықты түрде жалғастырды. Он шақты жыл ел басқарып, шамамен 1480 жылы өмірден озған Жәнібек ханнан кейін таққа Керей ханының ұлы Бұрындық сұлтан отырған. Ал Жәнібекұлы Қасым сұлтан ел құрылымының бір ұлысын басқарды. Бұрындық ханмен қатар мемлекеттік істерге араласа жүріп, ол да тарихтағы өз орнын атуға беттеп келе жатты...

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында Самарқанда өткен бір семинарға қатысушылар тау баурайынан орын тепкен Шах-и-зинда мавзолейлер кешенінде болған едік. Сонда экскурсия жүргізуіден бір қызық дерек білгенбіз. Ол ортагасырлық сәүлет ескерткіштері шоғырын таныстырып келе жатып, бйікке салынған Мұхаммед пайғамбардың агайыны Кусам ибн Аббастың мазарына апаратын мың-сан тепкішекті жол бойындағы бір күмбезге ешкім койылмаған, оны көзі тірісінде өзіне Бұрындық салдырған, бірақ ол қазақ даласында, алыста қаза тапқандыктан, денесі мұнда экелінбеген деген-ді.

Бұрындық – қазақ тарихында ерекше орны бар есім. Ол Әму мен Сыр аралығы аймагындағы (Мауереннахр-Мавераннахрдағы) билеушілермен, Моголстан әміршілерімен соғысты. Қазақ халқының этностық тұтастығына қол жеткізуді көкседі. Қазаққа тән аумақты әкесі құрған хандық құрамына халқымен бірге жинастыруды көзdedі. Женістерге жетті. Гидтің әнгімесін тыңдағанда, Әмір Темір заманынан Мавераннахрдағы бас қала, оқу-ағарту, өнеркәсіп, ғылым мен өнер орталығы болып келе жатқан Самарқанда, бәлкім, белгілі бір кезеңде Бұрындықтың жұлдызы жарқыраған болар деп ойладық. Онда Бұрындық ханның қызы Міһр-Сұлтан ханым тұратын. Кезінде оны әкесі Шайбани Мұхамед сұлтанның ұлы Темір сұлтанға тұрмысқа берген еді. Ханымның Самарқанда және қала маңындағы жерлерде үлкен байлығы болатын...

Бұрындық хан Қазак Ордасы басында Жәнібек ханнан кейін отыз жылдан астам уақыт тұрды. Сан мың сарбазы бар қуатты әскерге қолбасшылық етті. Қазақияның, яғни ұлттық атальнымымен айшықталған мемлекеттің үшінші ханы ретінде, оны нығайту үшін көп күш-қайрат жұмсады. Оның билік құрған уақыты ұрыстар мен қақтығыстарға толы болды. Сыр өнірі мен Жетісуда Мавераннахр, Моголстан билеушілерімен шайқасты. Батыстағы казақ ру-тайпаларын хандыққа қоспақça Ноғай Ордасына барды. Сарайшықты біраз уақыт қазақ елінің бас қаласына айналдырды.

Қысқасы, қазақтың этностық аумағын біріктіру, мемлекеттілігін нығайту жолында белсенді құрес жүргізді. Ел билеген алғашқы жиырма шақты жылында Қазақ хандығының аумағы ұлғайып, қуаты артуы жолына көп күш жұмсаған, тиісінше өзінің де беделі өсіп, атак-абыройы, айбыны асқақтаған еді. Алайда билігінің одан кейінгі кезеңінде – 16-шы ғасырдың алғашқы онжылдығында едәуір қателіктер жіберді. Шайбан ұрнақтарының қазактарға қарсы жорықтарына тойттарыс беру мәселесінде мемлекет мұддесіне кайши келетін енжарлық көрсетті. Ал бұл кезде ел ішінде Қасым сұлтанның беделі

артын келе жаткан. Жұртшылық оның отан корғаудағы қажыр-кайратына, енбегіне, ерлігіне сүйсініп, ханнан артық күрметтеді. Соңда, өзінің билеушілік беделін жогалтканына көзі жетіп, Бұрындық хан 1511 жылы такты тастаған да, Мавераннахдың бір киырына кеткен...

Осы жылдан қазақ мемлекетінің басына атагы дүркірген эскербасы Қасым сұлтан келді. Эз атанаң, халықтың ерекше сүйіспеншілігіне бөлөнген Жәнібек ханның баласы. Оның хан сайлануымен мемлекеттіліктің айрықша жарқыраған кезені басталды. Қасым хан биліктे болған он бір жыл қазақ мемлекетінің қуаты артқан, кемеліне жетіп, езге елдер күрметпен қараган дәуір болды. Хандықтың халық бір миллионнан асты. Армиясындағы сарбаздар мөлшері үш жұз мынға жетті.

Қасым хан ел басқарған жылдары Жайыққа дейінгі аймақ, онтустік өнір біржола хандық құрамына енді, сліміздің жалпы аумагы шамамен қазіргі қөлемге жетті. Ел-жүрт ұмыттай, әлі күнге дейін сүйіспеншілікпен еске алатын «Қасым ханның қасқа жолы» атты әйтілі құқықтық құжат жасалды. Осынау заңдық жинақтың арқасында мемлекеттік нығайтуға бағытталған шаралар жүзеге асырылып, халықтың тыныс-тіршілігінде тұрактылық орнады. Оны тұрлі әлеуметтік топ қолдан, қуаттағандықтан да, ішкі жағдай жақсарды. Мал шаруашылығымен, колөнермен, егіншілікпен шұғылданатын аймактар арасында өнім алмасу, сауда-саттық жасау кен өріс алды. Жайық бойындағы Сарайшық қаласы қазақ елінің астанасына айналды.

Қазақия халықаралық деңгейде таныла бастады. Мәскеу (Московия) патшалығымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. Алыс мемлекеттерден елшілер келіп-келіп жатты. Күні кеше соғысып жүрген дүрдараз көршілер Қазак хандығының күш-қуатын мойынданап, енді онымен тату болу жолын ұстанды...

III. ХАНДЫҚТЫҢ ӘЛСІРЕУІ ЖӘНЕ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУҒА БЕТ АЛУЫ

15-ші ғасырдың соңғы жылдарда жылдығынан 16-шы ғасырдың алғашкы жылдарда жылдығы бойы Қазак хандығының іргесі едәуір ұлғайды. Нығайды. Бұл үдеріске Бұрындық ханнан кейін, 1511–1521 жылдары биліктे болған Қасым хан зор ұлес қосты. Ол өз кезінде қазақ жер-сүзы мен халқын жинастырып, біріктіру шараларын жедел

жүзеге асырды. Алайда хандыктың өркендеуінде тұрақты ілгерілеуді қамтамасыз ететін үдеріске қол жеткізу мүмкін болмады...

Қасым ханның билігі тұсында Қазак хандығының саяси және экономикалық жағдайы жаксара түскенін, тұрақтылық орнағанын, халықаралық аренада таныла бастағанын өткен тарауда айттық. Қазак халықының қазіргі заманда мекен етіп жүрген аумагы негізінен, шынтуайтында, сол жылдары қалыптасты. Сол жылдары Мәскеу мемлекетімен, Қазан, Орта Азия. Сібір хандықтарымен сауда және елшілік байланыс жасалды. Батыс Еуропа да қазак мемлекетін Қасым хан тұсында танып білді.

Дегенмен хандықтағы билік құрылымы тек Қасым ханның беделі арқасында ғана тұтастық көрсетіп, абыройы асқақтап тұрган еді.

Ал оның беделі Бұрындық хан тұсында көтеріле бастаған-тын. Қасым сұлтан өз иелігіндегі Арқа жеріне Шайбан тұқымдарының бірнеше рет жасаған шапқыншылығына хан әскерінің қолдауынсыз-ақ тойтарыс берген. Елеулі қарсылық көрсетіп қана қоймай, дұшпанды тас-талқан етіп жениген. Осынау женімпаз жасактың сардары ретінде, тиісінше, ел ішіндегі атак-абыройы өсken болатын. Қасым сұлтанның жеңілісті білмейтін қалың қосындары ол хан сайланғаннан кейін де айбындылығын арттыра түсіп, елдегі тыныштықты, көрші хандықтармен бейбіт қатар өмір сүруді қамтамасыз етіп тұрган. Ханның осындай айбарының арқасында ел ішінде шаруашылық және әлеуметтік-тұрмыстық өзара байланыстарды жақсарту, әдет-ғұрып заңдарын қолдануды ретке келтіру мәселелерін көздең жасалған күллі реформа кідіріссіз жүзеге асып жатты.

Мұхаммед Хайдар Дулати әйгілі «Рашид тарихында» Жошы ханнан кейін оның дәрежесіне парапар үлкен билікке Қасым хан ғана жетті, одан басқа ешкім де қол жеткізе алмады деп атап көрсеткен. Қасым хан өте құдіретті билеуші болды.

Қысқасы, Қасым ханды аса ірі мемлекет кайраткері, саяси тұлға, қаһарлы әмірші ретінде мойындаушылық – хандыкта ұйымдастырылған маңызды шарапардың мұлтіксіз орындалуын қамтамасыз етті. Яғни биік пәрмениң ел ішінде ойдағыдай жүзеге асырытуына мемлекеттік жүйенің, әкімшілік бағының құрылымының қатаң орталықтандырылуынан горі, жоғары дәрежелі әміршінің қаһары, айбары шешуші рөл атқарды.

Алайда мемлекеттің мықтылығын тұрактандырып, мемлекеттік тәртіптің бұлжымастығын қамтамасыз ету үшін оның басшысы құрған әкімшілік жүйе де өміршен болуга керек. Елді басқару құрылымы биліктің түрлі деңгейлерінде жоғарылы-тәменді өзара тәуелділік-

ті, бағыныштылықты камсыздандыруға тиіс. Бірақ нақты жағдай олай болмай шыкты. Қасым хан 1521 жылы Сарайшықта мәңгілікке тыншығаннан кейін мемлекетте билікке таласуышылар бой көрсетіп, бұл орайдағы кемістікті тез ашып берді.

Такқа мұрагерлік жолмен Қасым ханның ұлken ұлы Мамаш сұltан отырған, бірақ хандықтагы өзге сұltандарға онын айдындылығы кем көрінді. Едәүір жасқа келіп қалған Мамаш ханның айналасына бірден әкесіндей әсер ете алмауы түсінікті жэйт, алайда тағдыр оған өзінің билеушілік қабілетін толық ашуына уақыт жағынан мүмкіндік бермеді. Ол хан тағында бір-екі жылдан ғана болып, әлдебір шайқас кезінде каза тапты.

Содан кейін Жошы тұқымдары арасында қазак еліндегі бас билеушінің орнына таласу әрекеттері үдей түсті. Хан болудан дәмесі бар сұltандар өзара қырқысты. Тіпті болмаған соң олар өз өлкелерінде жеке-дара билікке ұмтылып, хандықты бірнеше ұсақ ұлысқа бөлшектеп жіберді. Не керек, Керей мен Жәнібек құрган, Қасым тұсында кемеліне жеткен хандық айналасы бірнеше жылдын ішінде бірін бірі мойында майтын аймактық хандықтарға бөлінді. Сырт жұрт та Қасым хан кезіндегі Қазак еліне құрметпен карауышылығын жиып қойып, қазак билеушілеріне қарсы жорыктарға шыкты, сол жолда өзара одак құра бастады.

Осында аласапыран кезеңде Қасым ханның кіши ұлы, Созак қала-сынын әміршісі Хак-Назар (Хакназар, Акназар) сұltан батыл түрде елді біріктіру шараларын жасауға кірісті...

Мамаш хан ұрыс үстінде опат болған соң, сұltандар арасында ел тізгінің қолға алу үшін тағы біраз талас-тартыс өткен де, акыры, 1523 жылы такқа Қасым ханның немере інісі Tahir (Тайыр) отырған. Ол 1532 жылға дейін билікте болды, бірақ, мемлекет басқару ісінде шын мәнінде кайраткерлік қабілет көрсете алмаған сияқты. Атакты қазак тарихшысы Кадырғали Жалайыр өзінің әйгілі «Жылнамалар жинағында» («Жәми ат-тауарих») ол жайында: «біраз уақыт хандық құрганмен, патшалықтың сырын білмеді» деп жазған. Зерттеушілер Тайыр ханның бойында ерекше бір мәмілегерлік, сондай-ақ айта қаларлықтай әскербасылық қасиеттің болмаганын айтады.

Шынында да ол елеулі қолбасы қабілетін танытпады, ең бастысы, бас хан ретінде, елдегі билеушілермен екі арада өзара түсіністікке кол жеткізе алмады. Жетісу билеушісі Бүйдаш, Сығанақ әміршісі Ахмет секілді ықпазды сұltандар оны елең қылмады. Оларға өзін мойын-датуға мұнын шамасы жетпеді. Сондай ахуалдың салдарынан шығар, Tahir ханның билікте болған кезінде қазак мемлекетінің сыртқы ка-

тынастары да күргт нашарлады. Қасым хан тұсындағы ногайлармен арада орнаған татулық әскери қақтығыска ұласты. Ташкент билеушісі Келді-Мұхаммедпен түсінісе алмағандықтан, өзбектермен де шайка-суга тұра келді. Түркістан маңында женіліске ұшырады. Оның билікте болған кезінде Моголстан хандарымен арадағы жарасымды қатынас та бұзылды.

Не керек, осы кезеңде Қазақ хандығы онгустіктегі және солтүстік-батыстағы жерінің бірер бөлігінен айрылды.

Дегенмен Тайыр хан Жетісуды және Ыстыққөл аймагын сактап қалуға көп күш жұмсады. Қыргыздармен одактасып, елді моголдар мен қалмақтардың шапқыншылығынан қорғады. Шамамен 1532 жылы қаза тапты.

Одан кейін қазақ еліне Тоғым сұлтан хан сайланды. Бірақ Жетісу әміршісі Бұйдаш пен Сығанак әміршісі Ахмет сұлтандар оның да билігіне мойынсұнбай, өз аймактарында өздерін хан сайлатып алды. Тиісінше, Тоғым ханның тұсында да өзара қыркысулар тоқталған жок. Осы тұста қазақ мемлекетінің болашак құтқарушысы Қасымұлы Ақназар сұлтан көріне бастаған. Ол Созақ әміршісі Бұйдаш пен Сығанақ әміршісі Ахмет секілденбей, бірден Тоғым ханның билігін мойындал, оған колдау көрсетті.

Бұл кезде іс жүзінде бірнеше хандыққа бөлініп кеткендіктен, қазақ жерінде сыртқы жауға бірлесіп карсы тұру киындал кеткен. Бірігін қимыл үйлестірудін орнына, хандар өз беттерінше әрекет еткен. Тоғым хан мен Бұйдаш хан Жетісу мен Сырдария өңірін могол және өзбек хандарының шапқыншылығынан сактап калу үшін құресті. Ахмет хан қазақ елінің орталық және батыс өңірін корғамаққа Ноғай Ордасына жорыққа аттанды. Сол жорықта тұтқынға түсіп, 1435 жылы манғыт Орак батырдың колынан қаза тапты. Өнірдің біраз бөлігі ногайлардың билігіне өтіп кетті. Моголдардың өзбектермен біріккен әскеріне қарсы шайқаста, шамамен 1537 жылы, Тоғым хан қаза тапты. Бұйдаш хан Ыстыққөл маңында ұрыс жүргізіп жатты.

Осындай ахуал кезінде Ақназар сұлтан әуелі онгустіктегі Ахмет хан билеген аумакты, сосын Бұйдаш хан билеген Батыс Жетісуды Қазақ хандығына қайта қосты. Өстіп, бөлшектену салдарынан әлсіреген мемлекетті қалпына келтіру ісін қолға алды. Нығаю жолына тұсіре бастады.

Сейтіп, игілікті ісімен көзге түсken Хак-Назар, елдегі байыргы хан сайлау салтына сай, 1538 жылы ак киізге отырғызылады. Молда тиісті діни жоралғы жасайды. Содан соң билер хан отырған ак киізді

жан-жагынан ұстап жоғары көтереді. Таныстыру рәсімінің талабына сәйкес, жиналған жұртшылықтың алдынан алып өтеді. Елдегі берекесіздікten қажыған халық жаңа ханга үлкен үміт арта карайды...

Ішкі және сыртқы саясатта Хакназар хан экесі Қасым ханның жолын жалғастыруды мұрат тұтты. Ол хан тағында отырғанда Қазақ хандығы бірлікке, тұтастыққа иек артқанмен, өз территориясының жартысына жуығынан айрылған күйде еді. Елдің батысы – ногайлардың, шығысы – ойраттардың, солтүстігі – Сібір хандығының, Моголстан мен Ташкент – Бұхара хандығының қол астына түскен болатын. Қасым хан тұсында хандық шекарасы Ұлытау мен Балқаштан асқан, Жайық пен Сырдарияға кеткен, жобалап айтқанда бүгінгі Қазақстан территориясының шамасындей еді.

Мемлекеттің аумағын экесі қалыптастырған көлемге жеткізуді Ақназар хан ел тізгінің қолға алысымен армандады. Қазақ руладының ата қоныстарын өз қалыптарында, бөтен жүртқа тигізбей сақтауга, хандықтың көрші елдер алдындағы ықпалын қалпына келтіруге күш салды. Елді Қасым хан кезінде 1511 жылы қабылданған «Қасқа жол» зандар жиынтығын («Қасымның касқа жолы») басшылыққа алу арқылы басқарды. Мемлекеттің байырғы аумағын қалпына келтіруге тырысты. Алайда бұл орындалуы қын шаруа болып шыкты. Әйтсө де Хакназар хан мүмкіндігінше қазак мұддесі үшін құресті. Оның тұсында Қазақ хандығы қайта бірігіп, дами түсті.

Ол мемлекеттік билікті нығайтуға және күшеттүге қажырлы қайрат жұмсады. Өзінен бұрын бытыраңқы жағдайға түсken Қазақ хандығын қайта біріктірді. Қазақ-қырғыз одагын одан әрі нығайтты, сол заманың тарихи деректерінде оны «қазақтар мен қырғыздардың патшасы» деп атаған. Хакназар осы казак-қырғыз одагына сүйене отырып, Моголстан хандарының Жетісу мен Ыстыққөл алабын жаулап алу әрекетіне тойтартыс берді.

Хакназар хандық құрган кезде Қазақ хандығының сыртқы жағдайында аса ірі тарихи оқиғалар болып жатты.

Мемлекеттің солтүстігінде Мәскеу князьдігінің шекарасы қазақ далаына карай едәуір тақалды. 1552 жылы Қазан, 1558 жылы Астрахан хандықтарын басып алған Мәскеу патшалығы Еділ өзенінің барлық аңғарын, бұрынғы Алтын Орда қағанатының бас қалалары орналасқан аумакты иеленген. (Сонау бір басқа күн туган шақтарда қоныс аудара беруге мәжбүр болған, тағы да жер-суынан айрылған жүрттың: «...Бұрынғы өткен атамыз Қешемін деп өлді ме, Қырымды тастап Еділге Ақылы жоқтан келді ме... Еділ менен Жайыққа Ешбір жердің тені жоқ!.. Мекен еткен қонысын – Еділ менен Жайықты Қа-

тын-бала сағынар», – деген өкінішті жыр жолдары біздің заманымызға жетті). Мәскеу жиһангөрлері Башқұрт және Сібір хандықтарын князьдік құрамына енгізді. Еділ мен Жайық арасындағы өңірді мекен-деген Ногай Ордасын ыдыратып, халықты қыргынға ұшыратты. Аман қалған ногайлардың дені Кавказга, одан түрік еліне кетті.

Ұлыстың едәуір халқын (бұлардың дені қазақ ру-тайпалары болатын, ел ішінде ногай мен қазактың айрылуынан көрініс беретін түрлі жыр, күй сакталған) Хакназар хан мемлекетіне қаратып алды. Соған орай Хакназар «қазактар мен ногайлардың ханы» деп аталды. Сейтіп, ногайлармен аралас-құралас тұрып келген қазақ тайпалары 1560-шы жылдары этностық территориясымен бірге Қазақ хандығына бірікті.

Бұрындық пен Қасым хандар билеген замандардан басқа уақыттарда Ногай Ордасының астанасы болып келген Сарайшық қаласы Қазақ хандығы құзырына өтті.

18-ші ғасырда Орынбор өлкесінде қызмет істеген тарихиы Петр Рычков Хакназар хан тек ногайларды ғана емес, башқұрттарды, Қазан, Сібір және Астрахан хандықтарын, Бұхараны, Хиуаны, Ташкентті және басқа көптеген қалаларды өз билігіне қаратып, олардан алым-салық жинаратып тұрды деп жазды.

Казіргі зерттеушілер Хакназардың тұсында қазақ мемлекеті тап ондай дәрежеге жетпегенін, алайда аумағының кеңейіп, қуатының арта түскенін, хандықтың едәуір нығайғаны даусыз рас екенін айтады.

IV. ҮЗДІКСІЗ КҮРЕС ҮСТІНДЕ НЫҒАЮ

Хакназар хан тақта қырық екі жыл отырды. Ол шын мәнінде қазақ мемлекетінің құтқарушысы болды. Бөлшектенген хандықтың қайтадан тұстастануына қол жеткізді. Ел аумағын әкесі Қасым хан патшалық құрган замандағы қалпына келтірумен шұғылданды. Бұл жоспарын біршама орындай алды да.

Жоғарыда айтылғандай, Ақназар хан ногайлар мен башқұрттардың бірер бөлігін өзіне қаратты. Сосынғы бір атап айтатын жәйт, оның дәүірінде қыргыз-қазақ одагы сакталып тұрды. Ол билігінің едәуір уақытын Сырдария қалалары үшін құреске арнады. (Сырдың орта ағысындағы қалаларға билік ету өзбек пен қазақ қатынастарындағы өзекті мәселеге айналған болатын). Шайбан әuletінен шықкан Бұхара ханы Абдолламен достық шарт жасасу арқылы көрші елмен біраз уақыт тату тұрып, бейбітшілік орнатты. Соның нәтижесінде хан-

дықтың ішкі жағдайы жаксарды. Шаруашылық дамыды, көрші елдермен сауда-саттық одан әрі орістеді. Сосын, хандық құрган уақытының соңғы кезеңінде, Түркістан мен Сауранды мемлекет құрамына алуға күш салды. Сол шакта Ташкент аймағын билеуші Баба сұлтан Абдолла ханға бағынбай, құзырынан шығып кету үшін соғысып жүретін. Хакназар Бұхара әміршісін қолдады да, курсес барысындағы шайқаста қаза тапты. (Енді бір деректе оны Баба сұлтанның астыртын агенті у беріп өлтірді делинеді). Бұл шамамен 1580 жылы орын алды.

Содан кейін, билер мен төрелер мәслихатының шешімімен, қазақ елінің тағы Акназардың немере туысына – Қасым ханның інісі Шығай сұлтанға беріледі. Ол Жәнібек ханның кенже ұлы Жәдіктің баласы болатын. Жәдік сұлтан кезінде бауыры Қасым ханның Қазак мемлекетін گүрлі (әскери, саяси, дипломатиялық) жолдармен нығайтуына, халқын есіріп, аумагын кеңейтуіне атсалысқан. Оның баласы Шығай да жас кезінде небір шайқастарда ерлігімен көзге түсken белгілі тұлға еді.

Енді, елдегі бас билікке жасы ұлғайып шау тартқан шағында келгендейтін, Шығай хан өз баласы Тәуекелді ұдайы қасында ұстайды. Әрдайым ержүректігімен, ақылымен ерекшеленген алғыр Тәуекел сұлтан ел басқаруда экесінің ойынан шыгады. Әкесі Бұхара билеушісі Абдолла ханмен одақталып, Ташкент әміршісі Баба сұлтанға қарсы жорық жасауга бел буганда, кідіріссіз бірге аттанады. Женеді. Баба сұлтанның басын алып, Абдоллаға тартады.

Бұхара хандығының әміршісі Абдолла хан ризашылығының белгісі ретінде, оған Самарқан манындағы бір уәлаятын сыйлайды. Алайда бұл алдаусырату амалы еді. Сыр бойындағы қалаларды Қазак мемлекетінің иелігіне кайтаруға онын ықыласы жоқ-тын. Ал 1582 жылы Шығай хан Бұхара түбінде дүниеден өтіп, хандықты ресми басқаруға Тәуекел кіріскенде, оның Мавереннахрағы өз билігіне түбі қатер төндіруі ықтималдығын ойлайды да, одактас ретіндегі уағдаларын ұмыт қалдырады. Сөйтіп енді казак билеушісі Тәуекел ханнан мұлдем құтылу амалдарын қарастыра бастайды. Абдолла ханның көңіл-күйіндегі өзгерісті сезген Тәуекел хан онымен қарым-қатынасын үзіп, 1583 жылы мемлекетінің қыпшақ даласы жағына ауысады.

Мұнда бірер сұлтан біртұтас елді бөлшектеп, бөлектенуге бейім жүрген. Солардың алдында Тәуекел ханға өзінің хандық мәртебесін қару күшімен дәлелдеп, бекітуге тұра келеді. Ұзамай, 1586 жылы, жұрт оны бүкіл казак елінің ханы ретінде таниды.

Сол шакта мемлекеттің халықаралық жағдайы нашарлай бастаған болатын. Сондықтан ол ізінше Қазак хандығының қуатын арттыру

мәселесіне кіріседі. Оңтүстікегі қалаларды хандық құрамына қайтаруды сыртқы саясатының басты мәссеті етеді. Ойраттардың бір бөлігін өзіне бағындырады. Қатты шайқастар жүргізіп, 1588 жылы Ташкентті алады. Алайда қалаға Абдолла ханның Самарканда тұрған күшті әскері келеді де, Ташкентті тастап, қырға шегінуге мәжбүр болады.

Араға он жыл салып, қазак әскері Ташкентке қайта келеді. Гарнизды жеңіп, шаһарды алады. Сосын Бұхара мемлекетінің билеушісі Абдолла ханның әскерін Самаркан тубінде тас-талкан етеді. Осыдан соң Ташкент, Самаркан, Түркістан және басқа да оңтүстікегі қалалардың бәрі Тәуекел хан мемлекетінің қоластына қарайды.

Тәуекел ханның тұсында Қазак хандығының қуаты артып, құлпыра тусты. Оның сыртқы саясатындағы елеулі істерінің бірі Мәскеу патшалығымен 1594–1595 жылдарда елші алмасуы болды.

Қазақ елшісі Құлмұхаммед Мәскеуде отырған Федор патшага өзін «қазактар мен қалмактардың патшасы» деп атаған Тәуекел ханнан хат ала барып, екі түрлі мәселе көтерді. Бірі – орыс патшалығынан Қазақ хандығының сыртқы жаулармен күресіне қажет әскери-материалдық жәрдем алуға тырысу, екіншісі – Шайбан тұқымы Көшім ханның иелігіндегі Сібір мемлекеті аумағында 1587 жылы орыс тұтқынына түсken (Шығай ханның Тәуекелден кейінгі баласы Ондан сұлтанның сол кездегі он бес жасар ұлы) Ораз-Мұхаммед сұлтанды босатып алу еді.

Алайда бұл кезде Тәуекел ханның інісі Ораз-Мұхаммед Мәскеуге қызмет етуге мойынсұнып, орыс-швед соғысына катысып жүрген. Ал қазак пен орыс билеушілерінің одактас болуға тырысуы бір-бір мәрте өзара елшілік жіберіп алудан аспайды. Дегенмен, Рюриковичтер зерттегінде сонғы тұқымы, Қаһарлы Иоанның үшінші ұлы, саяси ерік-жігері мardымсыз, әлжуаз, бірақ диуаналық мінезіне сай данғойлау Федор Иоаннович өзін қазактың да патшасымын деп санаған...

Ал Тәуекел хан қазақ мемлекеттің жандандыра тусумен шұғылданды. Оның қызметі Сырдың орга ағысындағы қалаларға біржола орнығуға, қырғыздармен одактаса отырып. Жетісу мен Ыстықкөл өнірін моголдар мен шайбандықтардың біріккен шабуылынан корғауға, сондай-ақ барша Мавераннахр өнірін өз ықпалына түсірге бағытталды.

1598 жылы ол Самаркан тубінде Абдолла ханның әскерін женеді де, Самарканға інісі Есім сұлтанды әмірші етіп қояды. Біртінде күллі Әму мен Сыр арасын (Мауренинахды) Қазак мемлекеті құрамына қосуды ойлайды. Сол жоспарының шешуші шарасы ретінде, сексен мың сарбаз жиылған қалың қолымен Бұхараны коршайды. Алайда

қалаға жасаған шабуылдарының бірінде катты жаракат алады. Ташикентте қайтыс болады.

Такқа оның інісі, Самарқан қаласының билеушісі Есім сұлтан отырады. Есім хан саяси икемділік таныттып, карсыласымен бітім жасайды. Бұхара құзырына Самарқанды қайтарады (әйткенмен онда көп жылдар бойы әйгілі қазақ Жалаңтөс баһадүр әмір болып тұрады), ал Ташикент, Әндижан, Сайрам, Түркістан қалаларын Қазақ хандығы курамына енгізеді.

Есім хан тақта отыз жыл (1598–1628 ж.) отырып, хандықты бір орталықка бағындырылған күшті мемлекет етіп қалыптастыруды. Оның қолбасшылық дарыны, батырлығы, ел тәуелсіздігі мен бірлігін сақтау жолында сыртқы, ішкі жаулармен ымырасыз күрес жүргізу халық жадынан ұмытылmas көрініс тапқан. Оны жүрт «Еңсегей бойлы ер Есім» деп атайды. Ол ел басқаруда Қасым ханың «Қасқа жолын» жетілдіріп, жаңа заңнама жасайды. Онысы тарихта «Есім ханың ескі жолы» деген атпен белгілі. Ол, сондай-ақ, Қазақ хандығының орталығын Сығанақ қаласынан Түркістанға ауыстыруды. Сөйтіп, Түркістан шаһарын ғасырларға кеткен қазақ астанасына айналдыруды.

Есім ханың тақта отыруы орыс елінде Рюриковичтердің орыс тағындағы соңғы тұқымы Федор патшаның дүние салған жылына сәйкес келді. Сол 1598 жылдан орыс патшалығында Романовтар әулеті бастау алатын 1613 жылға дейін созылған аласапыран кезең орын алды. Бұл шакта Кадыргали Жалайыр (ол шәкірті Ораз-Мұхаммедпен бірге Сібірде тұтқындалып, 1587 жылы Мәскеуге әкелінген еді) Қаһарлы Иванның баласы Федор патшаның тұсында-ақ елді іс жүзінде басқарып тұрган Борис Годуновка арнап, қазақ тарихынан мол мағлұмат беретін атақты «Жәми ат-тауарих» (1600 ж.) атты туындысын жазды (Борис патша екеуі бір жылда – 1605 жылы дүние салды).

Борис Годунов сол 1600 жылы Есім ханың немере інісі Ораз-Мұхаммедті Қасым хандығының басына қойған. Ол хан тағында он жыл отырып, орыс мемлекетіндегі аласапыран шактың белсенді қайраткері болды. Алайда ішкі дурбелендер олардың да, жалпы орыс патшалығының да қазақ елімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік берген жок.

Бұл кезеңде Қазақ хандығының онтүстікегі көрші елдермен қарым-қатынастарында да килем өзгерістер болып жатқан. Шайбан әулеті 1487–1598 жылдар бойы билеп келген Мәуереннахрда билік ауысты. Абдолла хан каза тапқаннан кейін Бұхар хандығының тағына оның алыс атасы Жошы ханың бір ұлы Тоқай-Темірден тараган

ұрпактарының Астраханда (Қажы-Тархан, Аштархан) хандық құрған тармағы келді.

Аштархандықтар Шайбан әuletі басқарып тұрған өлкеге Алтын-Орда ыдырасымен жылдам күшейіп келе жаткан орыс патшалығының жасақтары 1556 жылы Астраханды басып алғаннан соң ауыскан. Мұнда Жәни-Мұхаммед (Жәнібек) сұltтан Бұхара билеушісінің (Абдолланың әкесі Ескендір ханның) қызына үйленді. Сөйтіп, Жошы ұлдары Шайбан мен Токай-Темір әuletтерінің арасындағы туысқандық байланыс жаңғырды. Абдолла хан каза тапқаннан кейін, 1599 жылы Жәни сұltтан Бұхарарадағы билікті басып алды. (Содан Аштархандықтар, дәлірек айтқанда – Жәни әuletі, биліктे 18-ші ғасырдың ортасына қарай тақты манғыттар әuletі алғанға дейін болды).

Бұл кезеңде Бұхар хандығында Қазақ хандығына Абдолла хан кезін-дегідей қауіп төндірерлік қауқар жок еді.

V. ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БАСҚАРУДЫ ЖЕТИЛДІРУ

Ташкент 16-шы ғасырдың басынан Шайбан әuletі ұрпактарының қолында болатын. Ғасыр сонына қарай (1598 ж.) оны Тәуекел хан, одан кейін бірнеше дүркін Есім хан билеген. Ара-арасында бір-бір жылдан аштархандық Жәни Мұхаммед пен қарақалпақ жетекшісі Абдалғафар, 1612 жылы Ескендір сұltтан (Бұхара тагындағы Имамқұли ханның ұлы) басқарған. Осы кезде, жеңісті шайқастар жүргізу арқылы, саяси аренага Тұрсын Мұхаммед сұltтан шыгады.

Тұрсын Мұхаммед 1576–1582 жылдарғы Ташкент әміршісі Баба сұltтанның қолынан Хақназар ханмен бірге қаза тапқан Жалым сұltтанның ұлы еді. Бұхара хандығының әміршісі Имамқұли хан осы қазақ сұltтаны Тұрсынды 1613 жылы Ташкенттің билеушісі ретінде таныды. Бұған оны қазақ қолдарымен болған шайқастар нәтижесі мәжбур еткен болатын. Ал Тұрсын хан (бүкіл қазақ елінің емес, Ташкент аймагының ханы, кіші хан) Ташкенттің Бұхар хандығына (Мәуереннахр ханына) бағынбайтын дербес, тәуелсіз хандық екенін көрсету үшін, өз тенгесін шыгарды. Ол күлліқазақ ханы (бас хан, қаһан) Есімге тәуелді болатын. Оған адалдығын айғақтап, екі рет ант ішкен, бірақ екеуін де езі бұзған еді. Алайда тұтас халықтың ішінде өз кінәсінен өзара қантөгіс болдырмай мақсатында, Есім хан оны өзімен тен құқыкты

санап, екеуара келісімге келген, сөйтіп оған біршама еркіндік берген болатын. Тұрсын хан әуелде екі су арасын (Мәуереннахрды) билеген аштархандықтармен (жәниліктермен) тату болатын, кейін карсылық көрсетті. Үлкен жасакты бастан барып, Имамқұли ханның әскерімен Шахрух бекінісі маңында шайқасты. Женіске жетті. Осы жайт оның тәбетін оята түсті...

Бұл кезде шығыста жонғарлар казак жеріне қауіп төндіре бастаған еді. Сол себепті Есім хан қырғыз елін басқарыш отырган Қоқым бимен тату қатынас жасай отырып, екі ел одағын нығайта түсken. Моголстанмен де достық карым-қатынаста болған. Сейтіл күш біріктіріп, Қазак хандығына шапқыншылық жасаған ойраттарға ойсырата сокқы берді. Алайда елде тыныштық орнай қоймады. Есім ханның жорыкта жүрген шағын тұтас қазақ елінің ханы болудан дәмелі Тұрсын хан пайдаланып қалғысы келді. Қалың әскерімен Ташкенттен шықты да, қазак астанасы Туркістан қаласына шабуыл жасады. Қазақ елінің бас ханы Есім ханның ордасын шапты. Қаланы талан-таражға түсіріп, тонады. Есім ханның отбасын тұтқынға алды. Осылай ол – Ташкент хандығының билеушісі Тұрсын хан – Қазақ елінің ішкі бірлігіне, тұтастығына қауіп төндірді. Сонда Есім хан қазақ әскерлерінен үлкен күш жиып, оған қарсы жорыкқа шықты. Шешуші ұрыстар жүргізді. 1627 жылы әуелі Сайрамда, одан Ташкент маңында болған қанды шайқастарда Тұрсын ханның әскерін тас-талқан етіп жеңді. Ташкентті алды. Тұрсын хан мен оның жақындарын өлтірді. Ташкент хандығын жойды. Қала мен аймак халқын казақ мемлекетінің құзырына қаратты.

Өстіп өзара соғыс доғарылды, Қазақ елінің барша аймактары бір орталыққа бағындырылып, мемлекеттік тұрғыда тұтастануына қол жеткізілді. Тұрсын хан бұліншілігі «Қатаған қырғыны» деген атпен тарихта қалды. Есім хан тұсында өмір сүрген Марқасқа жырау жауынгерлік рухы жоғары коптеген жорық жырлары мен толғаулар шығарған кісі, соларның тек кейбірі ғана біздің заманымызға жеткені белгілі. Жыраудың «Еңсегей бойлы ер Есім» жырында мынандай жолдар бар: «Ей, Қатаған хан Тұрсын! Кім арамды ант ұрсын. Жазықсыз елді жылатып, Жер тәнірісің, жатырсың, Хан емессің қасқырсың, Қара алbastы басқырсың! Алтын тақта жатсаң да Қазан жетті қапылсың! Еңсегей бойлы ер Есім, Есігіңе келіп тұр, Шашқалы тұр қанынды, Кешікпей содан катарсың!» Мұнда халықтың күллі ел иесі бол отырган Есім ханға сенімі және аймактық билеуші Тұрсын ханға назасы бейнеленген. Тұрсын ханның тұтас елді бөлшектеп, дербестенгені, бүлік жасап жоғарғы билікке ұмтылғаны, хандығындағы тек өзі сүйенетін қатаған руын бұліншілікке көтеріп, тыныш жүртқа қар-

сы қою жолымен қантөгіс тудырганы осынау қаһарлы жыр жолдарын өмірге әкелген болатын.

Есім хан ауыр ішкі саяси күресті бастан кеше отырып, мемлекеттің күшеюіне бағытталған түбегейлі өзгерістер, жақсартулар жүргізді. Оның отыз жыл ел басқарғанда жүзеге асырған реформасының мән-мағынасы мемлекет билігіне халық өкілдерін кеңірек тартуда жатқан еді. Бұрын ел ішін билеуді жабық түрпаттағы элита – төрелер жүзеге асырып келген болса, енді халықты басқару істерінде бірінші кезекке ел ішіндегі билер мен ру-тайпалардың басшылары, аксақалдар, бас адамдар – яғни, элитаның ашық түрпаты шығарылды. Ол мемлекеттің әскери қуатын арттыруға ерекше көніл қойған болатын. Бұл орайда сұлтандар мен батырларға айрықша әскери-саяси өкілеттіліктер берген. Осынау әскери қабілеттеріне тиісінше сенім артылатын сонау Шыңғыс хан тұқымдарының бейбіт өмірдегі саяси құқтарын шектеді. Есесіне қауымдар (ру-тайпалар, аталақтар) мен олардың жетекшілеріне – рубасыларына, ауылдардың бас адамдарына, аксақалдарына кеңейтілген құқтар берді. Яғни, Есім ханының тікелей басшылығымен ел ішінде өзіндік бір революция – билер тәңкерісі жасалды. Бұл орасан зор жаңалық «Есім ханың ескі жолы» атты жаңа заңнамалық құжатты қабылдау арқылы жүзеге асты.

Осынау заңдар жинағын «Есім хан салған ескі жол» деп те атайды. Өйткені, Есім хан көшпенді ру-тайпалардың өмір салтындағы сақырлар бойы қалыптасқан басқару жүйесін – ескі жолды – жаңаша жаңғыртқан еді. Ол Қасым ханың заңдарын толықтыру сипатында қабылданды. Және бірден жұртшылықтың ризашылығына ие болды. Өйткені халықтың басым белілі көшпенді мал шаруашылығымен айналысады, сондыктан оларға өмірде шаригат заңдарынан горі әдет-ғүрппі тәртіптері мен кисындарын қолдану әділ де қолайлы көрінетін. Бұл құқықтық акт ханың, билер мен батырлардың өкілеттіліктерін нақтылады. Олардың өзара қатынастарын, атқаратын міндеттері мен пайдаланатын құқтарын белгіледі. «Ескі жол» арқылы Есім хан аксүйектердің билеушілік мүмкіндіктеріне шектеу қойып, ел арасындағы билерге, рубасы, ауылбасы, аксақалдарға арқа сүйеді.

Мемлекеттегі ең жоғарғы заң шығарушы өкімет ретінде бұрынғысынша Мәслихат танылып, әдеттегісіндей жұмысын істей берді. Мәслихатқа мүші билер жылына бір рет күзді күндері ел астанасы Түркістанда, яки Ұлытауда, немесе Ташкент аймағындағы Ханабад дөңінде жиналатын. Саяси жүйедегі ханың рөлі «Ескі жол» бойынша әлсіретілуіне байланысты, ханды таңдалап сайлау принципі өзгеріске ұшырады. Ресми турде сұлтандар арасынан хан болуға лай-

ық, елге еңбегі сінген тұлғаны таңдау, яғни, бүтінгі тілмен айтқанда меритократия (сұлтандар ішіндегі ең ақылдылар мен ең іскерлерге, қабілетіне, сінірген еңбегіне қарай көзге түсіп жұрт құрметіне бөленгендерге, мемлекет мұддесін қорғауда батырлығымен танылып, елге еңбегі сінгендерге билік тұтқасын беру) принципі сақталып қала берген. Дей тұрганмен, іс жүзінде халық арасында құлакқа сіңісті боп кеткен жол – хан дәрежесін мұрагерлік жолмен иелену тәжірибесі де болашақ тәжірибеде аса дау-дамайсыз қолданыла берді.

Есім хан тұсында, сондай-ақ, мемлекет басқарудың бұрынғы ұлыстық жүйесін уақыт талабына жауап бермейтінін көрсеткен еді. Мұндай ахуал қазақ жер-суының онда мекендейтін күллі халқымен бірге бір шаңырақ астына жиналтуына, сөйтіп ел шекарасының кенеюіне байланысты тұған-ды. Экономиканы оңтайты дамыту мақсатымен, барлық қазақ жері үш шаруашылық-аумақтық бірлестікке – жүздерге бөліп берілді. Ел ішіне жүздік ұйым енгізілді. Жүздердің басында билер мен құшті ру-тайпалардың басшылары тұрды. Олар құраған Билер Кенесі елдің тыныс-тіршілігін басқарып, іс жүзінде хан билігін шектеп отырды. Хан үлкен шаралар қабылдар алдында әрдайым Билер Кенесімен ақылдасуға тиіс болды. Оның пікірімен санаусу мәжбүр еді. Қысқасы, хан енді өз бетінше ірі шешімдер жасай алмайтын. Есім хан мемлекеттік басқару жүйесіне осындай реформа жасады. Ел мұддесі үшін солай етті.

Алайда оның занына сүйеніп дербес билік құруға бейімделгендерді, әр кезеңдегі жаумен соғыста адал үзенгілес болғанына карамай, жазалаудан тартынған жоқ. Ұл ретте әскербасы, батыр, бейбіт кезеңде бір қауым елдің билеушісі болған Жилембет жырау сөздері терең ойға қалдырады: «Еңсегей бойлы ер Есім, Есім, сені есірткен Есіл де менің кенесім. Ес білгеннен, Есім хан, Қолыңа болдым сүйесін, Қолтығыңа болдым демесін. ...Мен жоқ болсам, Есім хан, Ит тұртқіні көресін, Жилембет қайда дегенде Не деп жауап бересін? Менімен ханым ойнаспа, Менің ерлігімді сұрасаң – Жолбарыс пен аюдай, Өрлігімді сұрасаң – Жылқыдағы асau тайыңдай, Зорлығымды сұрасаң – Бекіре мен жайындай, Беріктігімлі сұрасаң – Қарағай менен қайындай. ...Жұмыскерің мен едім Сатып алған құлындей, Жұруші едім аранда Өзінің інің мен ұлындей. ...Мен өлсе құнсыз кетер деме сен Кешегі өзіннің ұрып өлтірген Тілеуберді құлындей! Тілеуберді құлың мен емес, Мұның, ханым, жөн емес. Менің ер екенімді көргенсің, Әуелден бірге жүргенсің, Дегенімді қылғансың, Қайратымды білгенсің. ...Тал шарбаққа мал сактап, Тас қалаға жан сактап, Тасқан екен мына хан! ...Қайратым қанша қайтса да, Мұныңа, ханым, шыдаман! Арқаға қа-

рай көшермін, Алашыма ұран десермін, Ат қүйрығын кесермін, Ат саурысын берермін, Алыста дәурен сурермін, Қарамасаң, ханым, қарана, Сенсіз де құнімді көрермін!»

Есім хан қыс айларында қазақ елінің тұрақты астанасы Түркістан шаһарында тұрды, ал жазда ордасын Ұлытау өңіріне тікті. Мемлекет жаңғыру, оркендеу үдерістерін бастан кеше берді. Сонымен бірге қазақ еліне жаңа қауіппер төндірген қаһарлы қезеңдер де тақалып келе жатты...

VI. МЕМЛЕКЕТТІЛІККЕ ҚАТЕР ТӨНДІРЕТИН СЫРТҚЫ ЖАҒДАЙЛАР

Қазактың бірталай ру-тайпалары өзге де түркі тайпаларымен бірге 15–16-шы ғасырларда Сібір хандығы құрамында болатын. 1563 жылы бұл хандықты Шайбан әүлетінен шыккан Көшім хан басқаруға кірісken. Осы шақта хандық аумағы Ертіс, Тобыл өзендері алабынан Орал тауларына дейінгі кеңістікті алып жатты. Ол әуелде Қазан хандығымен шектессетін. Қаһарлы Иванның Қазанды басып алуына байланысты, Сібір хандығы енді Мәскеу патшалығымен шекаралас болып шыкты.

Мәскеу мемлекетінде алғашында кішігірім тұз кәсіпшілігін ашқан, сосын оны тез кеңейткен, одан аң терісімен, өзге де тауарлармен сауда жасау жолымен ірі дәulet жиган Строгановтар кәсіпкерлікпен шүгышылданды. Жан-жактан жұмыспылар шақырып, түрлі құрылыштар салу арқылы өзіндік «мемлекет ішінде мемлекет» құрып алған осынау атакты кәсіпкерлер әүлетінің жерін шығыс жағынан төнген «жабайылар» шабуылынан жалдамалы қарулы жасақтары коргайтын. Олар тек иелікті коргаумен гана шектелмеген еді. Қаһарлы Иоанн патшаның өзінен бата алып, Строгановтар кәсіпшілігінің жерін кеңейту үшін, Тас белдеуден (Оралдан) асқан да, Сібір хандығының батысындағы иелігіне сұғынды. Бірақ жергілікті қазақ ру-тайпаларының тайсалмай қақтығысдан тартынбауына, тіпті, жиі-жиі кері шабуылдан көрсеткен қарсылығына кезікті. Сондыктан, Мәскеудің қолдауына арка сүйеген атамыш кәсіпкерлер Еділ бойында қарақшылықпен шүгышыданып жүрген казактардан «патшалықтың шығыс шекарасын кеңейту үшін» жаңа күш жинады. Олардың атаманы Ермакқа үлкен жасақ құрғызып, оны от-қарумен, соғысқа қажет барша жарапен

жабдықтады. Сейтіп казактарды «Сібір патшалығын бағындырып, Орыс Державасына қосу үшін» жорық жасауға мықтап дайындауды.

Ермак жақсы қаруланған 600 казагімен Сібір әміршісі Көшім ханның әскербасылары бастаған жасактарына қарсы 1581–1585 жылдары та-бысты жаулаушылық ұрыстар жүргізді. Ертіс, Обь өзендеріне жетіп, хандықтын ірі қалаларын алды. Сосын Сібірдегі соғыс барысын, әске-ри жетістіктерін баян етіп, кәсіпкер Строганов пен Қанаарлы Иван пат-шага 1583 жылы жаушы жөнелтті. Қарақша казактардың орыс жерін кеңейткен ерліктеріне дән риза патша оған сыйға кос дұлыға жіберді. Ермак дұлығаның екеуін де басына қабаттап киіп жүрді. Ақыры 1585 жылғы жазда Көшім ханның сарбаздары қолынан қаза тапты. (Қазақ ішінде сакталған «Сәтібек батыр» жыры оның өлімі жайынан қызық дерек береді). Осы жылы Тәуекел ханның інісі Ораз-Мұхамед сұлтан Көшім хандығына келтен. Ол екі жылдан кейін ұстазы Кадыргали би-мен бірге орыс тұтқынына түседі. Сол 1587 жылы Тобыл мен Ертістің құйылсызына орыс патшалығының Сібірді жаулап алудағы басты ор-талығы ретінде Тобольск қаласы салына бастайды.

Батыл пен тартыға орналасқан шап-шагын Мәскеу князьдігі құні кеше ыдыраған империя (Алтын Орда, Жошы ұлысы, Ұлығ Ұлыс) ор-нында өзімен қатар ұйысқан мемлекеттік құрылымдардың біразын бас-аяғы бір мүшелдей уақыт ішінде басып алды да, басқыншылық аранын аша түсіп, осылай, Жошы ұлысының ұлан-гайыр аумагына қожайын болуға ұмтылды. (Патшалықтың тарихшылары мұны кей-ін «орыс жерін жинау» ретінде бағалайды. Бұл баға өміршең болып шыгады, соны және сол мәскеулік мемлекеттік құрылымның отан-шылдыққа балаган күллі жаулаушылық, басқыншылық жорыктарын ешкім теріstemейді. Қуатты Мәскеу мемлекеті күштінің құқымен ор-нықтырған біржақты ұғымдар бойынша, оның әрбір жаңа ел-жүрттys басқыншылықпен жаулап алуы сол жаңа боданына жасаған қамқор-лығы ретінде насиҳатталауды және осы ұстаным үрпақтан үрпақ ауысқан сайын жеке-дара, жалғыз да дұрыс шындық ретінде санаға бекем сініріле береді).

Сібір хандығына 16-шы ғасырдың соңына қарай орыс жасақта-рымен бірге ойраттардың бір бөлігі (торғауыттар) шабуылдар жаса-ды. 1598 жылы Көшім хан елінен кетті. Хандықты патша әскері то-лығымен басып алды. Ертіс бойымен көтерілген торғауыт-қалмақтар біргіндеп казак жерінің терістігі арқылы Еділге қарай өтті. Еділдің төмөнгі ағысында казактармен, ногайлармен қақтығыстарға барып, жаңа жерге қоныстанды. Кейін олар орыс қызметін қабыл алды, пат-шалықтың жауынгер жасағына айналады (жасалған келісімшарттар

бойынша, патшалық қалмакты – Еділге келген ойратты – өз боданы деп есептеді, ал олар келісімшартты өздерінше түсініп, орыстармен тек уақытша әскери одак құрдық деп санады).

Қалмақтардың өз отанынан көтеріле көшүінің себебін тарих дәл айта алмайды, ынғайы, ішкі кикілжіндердің үдей түсіү салдарынан болуы ықтимал. 15-ші ғасырдың ортасында ойраттар қуаты артқан монгол елін басқарған. Олардың қытайлармен сауда қатынастарына байланысты екі арада кикілжіндер орын алып тұрды да, ақырында ойрат-қытай соғысын тудырды. Сонда монголдардың іс жүзіндеі серкесі ретінде мойындалған ойрат Есен тайшы Қытайды мүлдем жаулап алуға ниеттенді. Ол монголдың Құбылай хан заманындағы Юань империясын жаңғыртуды ойлаған еді. Содан 20-мыңдық монгол-ойрат әскери қытайдың жарты миллиондық орасан зор армиясын Туму деген жерде тас-талқанын шығарып жеңді (қытай тарихында ол оқиға «Туму апаты» деп аталады). Қытай императоры Ин Цзунды тұтқынға алды. Сосын Есен тайшы әскери қымылды тоқтатып, конысына оралды. Қорғаусыз қалған Бейжіндеге шабуыл жасамады. Императорды колға түсіруінің өзі зор оқиға еді, сондықтан Есен қытай жағымен асықпай келіссөздер жүргізді. Мол олжа алудан дәмеленді. Алайда Бейжін қорғанысын үйімдастырумен шұғылданып жүрген жас та жігерлі қытай әскербасы Юй Цзянь жығылмады. Тез арада таққа императордың інісін отыргызды. Сөйтті де, Есен тайшының тұтқын императорды сатып ал деген ұсынысын кері құкты. «Императордың өмірінен ел тағдыры маңыздырақ» деп мәлімдеді.

Жоспары орындалмagan Есен сәтсіз жүргізілген келіссөздерден біршама уақыт өткеннен кейін, тұтқыннан отырған қытай елбасын босатып, еліне достық көніл-күймен шығарып салды. Одан, 1454 жылы, өзін монгол ханы етіп сайлатты. Ол әскери қолбасшы ретінде Мин Қытайына ауыр соккы беріп, қытай императорының өзін тұтқынға алған, Шынғыс ханнан кейінгі дәүірде төре емес әuletтеп тұңғыш рет Монголияның қаһаны болған аса көрнекті тұлға еді. Алайда бүкіл монгол ханы тағында Есен тайшы бір жыл ғана отырып, өз еліндегі қарсыластары қолынан 1455 жылы қаза тапты. Ол дүниеден көшкеннен кейін империясы да ыдырай бастады. Шығыстагы монголдар тайпа-тайпаға белшектеніп, ойрат империясынан бөлініп кетті.

Қазақ хандары ойрат билеушілеріне қарсы күресте осы шакта және одан кейін де – 16-шы ғасырдың орта шені мен оның 2-ші жартысында – олардан едәуір басым түсіп отырған. Өйткені бұл кезде ойраттар елдің өз ішіндегі алауыздық салдарынан едәуір әлсіреген болатын. Қазактардың күштілігі және олардың ойраттарды бағындырғаны

жайында Мәскеу патшасы Қаһарлы Иоанн өз елшісі арқылы біліп отырды. 1594 жылы оның ұлы Федор патшаға барған Тәусекел ханның елшісі де өз ханың қазактар мен қалмактардың патшасы мәртебесінде атады. Осындай жағдайлардың нәтижесінде, Есім ханның тұсында қазак сұлтандарының көбі ойрат тайпаларының ықтимал күш-куатын елемеген еді.

Дегенмен бұл жәйтке Есім хан мән беріп, елді ойрат тайпаларының шапқыншылығынан қауіпсіздендіру шараларын ойластырды. Оның саяси көрегендігінің, алыстан болжагыштығының арқасында қазак жасактары ойраттарды залалсыздандыратын, қауіптің алдын алатын соққылар берді. Соғыста айнымалы табысқа жетпіп тұрған уақытша жеңістер өз алдына, Есім хан ойрат тайпаларын біраз уақыт өзіне бағындырыды да Дегенмен, бұл үстемдік баянды болу үшін қазак елін құрайтын ру-тайпалардың бірлігін арттыра тұсу маңызды еді. Мұны Есім хан айқын үқтеді. Оның ел басқаруды жетілдіру максатында жасаған реформасы осынау аса қажет бірлікті көзделген болатын.

16-шы ғасырдың сонында ойраттарда төрт тайпалық бірлестік бар еді. ен құралды. Торғауыттар Табағатайдан шығысқа қарай созылған аймақта, хошоуыттар қазіргі Үрімші (көне Диҳуа) қаласының маңындағы ауданда, дүрбіттер Ертістің жогарғы ағысы бойында, чоростар Ілеңің бастауында болды. 1528 жылы Есім хан дүние салған шамада ойрат тайпаларының бірігүгө бет алған үдерісі басталған Бірігу үдерісі киян-кескі құрес үстінде жүрді. Есен империясынан бөлінген монгол аймақтарын манчжурлар күшпен косып алған да, 1616 жылы Цин империясын құрган. Осы империямен кескілескен құрес барысында ойраттар күш біріктіру жолын іздеді. 20-шы жылдардың соны мен 30-шы жылдардың бас кезінде ойраттардың бір бөлігі Ертістің он жағасына шоғырлана түсті. Ақыры, «Төрт Ойрат одагы» ұйымдастырылды. Оны «Төрт Ойрат мемлекеті» деп те атаған. Ал ғылым әлемінде Жонғар хандығы делінеді. (Қалмақ тілінен аударғанда, «жұнғар» – «сол қол, сол жақ қар» ұғымын береді. Шыңғыс ханның кезінде ойраттар монгол әскерінің сол қанатын құраған, сондыктан да осы фактіні жаңа мемлекеттің атауына шығаруды хош көрсө керек. Хандықтың жаңа атауына байланысты, ойрат пеңделері жонғарлар деп атала береді. Оған дейін де солай айтылып жүретін). Жаңа жонғар мемлекетінің 1635 жылы сайланған алғашқы әміршісі Ердени-Батыр контайши бірден қазак жеріне жортуылға шыкты...).

Жонғарлардың жаңа хандық құрганнан кейін қазак жерін жаулап алу мақсатымен жүргізген үздіксіз жорықтары Жәнгір ханның әскербасы болып жүрген кезеңіне сай келді. Жәнгір – Есім ханның

кіші ұлы. Есім хан 1628 жылдың күзінде дуние салып, Қожа Ахмет Йассауи кесенесі жаңына қойылғаннан кейін тақта біраз жыл ағасы Жәнібек отырған, одан соң ел билігі тізгінін Жәңгір алған болатын. Ол ойраттарға қарсы шайкастарға әкесімен бірге әлденеше катысқан, батырлығымен көзге түскен, жекпе-жектерде салқынқандылықпен қимылдаپ, ұдайы жеңіске жетіп келген (қалмақта Жәңгірді жеңетін батыр болмаган), ағасы хандық құрган тұста да әскердін бас қолбасшы болған, әрі бойы аласа, толық денелілігіне орай да Салқам Жәңгір аталаған кеткен көрнекті тұлға еді. Салқам Жәңгір ойраттардың қазақ еліне шапқыншылық жасай беруінің себебін жаксы білетін...

VII. ЖОНГАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ ТӨНДІРГЕН ҚАТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ САҚТАЛУЫ

Салқам Жәңгір жонгарлардың қазақ еліндегі шұрайлы жерлер мен Сырдария өзені бойындағы сауда орталықтарына сұқтанатынын, соларға кол жеткізу үшін үздіксіз шапқыншылық жасай беретінін айқын түсінетін.

Шынында да, Ертістің бастауында 1635 жылы «Төрг Ойрат Одағы» (Жонғар хандығы) құрылып, ойрат тайпалары күш біріктірғеннен кейін, олардың билеушісі Батыр қонтайшы бұл ииетін ашық көрсетті. Сол жылы бірден қазақтарға қарсы алғашқы ірі шапқыншылығын жасады. Мақсаты белгілі, көшіп-конуға жайлы жер-су мен сауда-саттық жасауга колайлы Сыр бойы қалаларына иелік ету. Қазақ қолының жетекшісі Салқам Жәңгір мүмкіндігінше қарсылық үйымдастырды. Бірақ ұрыс барысында өзі тұтқынға түсіп қалды. Едәуір киындықтан кейін қашып шығып, қайтадан корғаныс соғыстарын жүргізді. Созылмалы қанды шайкастар нәтижесінде қазақ жасактары жер-суын негізінен корғап қала алды, дегенмен біраз уақыт жонғарларға салық төлеп тұруға мәжбүр болды.

Батыр қонтайшының әскерлері қазақ еліне жасаган жорығынан кейін шығыстағы монголдарды да, Енисей бойындағы қыргыздарды да жеңіп, олардан да алым-салыктар алып тұрды. Жонғар әміршісінің кол астына бұл кезде хандықтың ұстynosы болған Батыс Монголияға косымша Іле өзені жоғарғы ағысының және оған көрші жерлердің

жүрттараты да қарайтын. Оның билігін Шығыс Түркістан халқының бір белігі мен Енисейдің орта ағысын мекендейтін хақастар да мойындаған. Енді жер-жердегі ойраттардың бірлігін арттыру қажеттігі күн тәртібіне шықкан еді. Егер 13-ші ғасырда әлемнің жартысын жауап алған Шыңғыс хан феномені Гумилев анықтағандай «пассионарлық дүмпү» көрінісі болса, сондай «пассионарлық дүмпудің» жаңа көрінісін 15-ші ғасырдың ортасындағы Есен тайшының сәтсіз әрекетінен кейін, 17-ші ғасырда күрылған Жонғар хандығы көрсетуге тиіс секілденген. Батыр қонтайпін сондай ахуалға жетуді арманады, сондыктан да өзі бас болып, Жонғар хандығының күллі билеушілері қостап, 1640 жылы күллімоңгол құрылтайын шакырды. Оған Жонғарияның өзінен, Батыс және Солтүстік Монголиядан, Тибеттен, Шығыс Түркістаннан, Орта Азиядан барлық ойрат ақсүйектерінің әкілдері келді. Ойраттың торғауыт тайпасына жататын елу мың шаңырағын бастап көшіп барып, Еділ бойына, қазақ елінің терістік-батысына орнықкан Хо-Өрлүк тайшы екі нойон ұлымен кеп қатысты.

Құрылтай Тарбағатай ауданындағы Ұлан-бура алқабында өтті. Бұл құрылтайдың басты мақсаты біріккен халхалар (Солтүстік Монголия) мен ойраттардың (Жонғария) негізінде, соны тұғыр етіп, әр өлкедегі хандықтардың өзіндік империясын құру, сейтіп ортақ жауга карсы күш жинау, сырттан дүшіп тиіскен жағдайда өзара көмек беруді қамтамасыз ету болатын. (Осы шакта маньчжурлар Солтүстік Қытай үшін соғысқан, Қытайды жауап алған да, онда маньчжурлардың Цин династиясын орнықтырган). Құрылтайда хандықтың Кавказдағы иеліктерінен бастап Үндістан шекарасына дейінгі барлық бодандарына – монголдар мен ойраттарға, қалмактарға ортақ, өзара келіспешіліктер мен қактығыстарды болдырмауға тиіс монгол-ойрат зандағының жинағы қабылданды. Шыңғыс ханның Ясасынан бастау алып, кешпенділердің әдет-ғұрып зандарын бойына сінірген «Далалық Заңдар жинағы» (Ики Цааджин Бичик – Ұлы Заңдар Кодексі) деп атапталып бұл заннамалық құжат барлық ойрат иеліктеріне құші жүретін біртұтас зандарды белгіледі. Сондай-ақ, Құрылтайға Буддалық жоғары дінбасыларынан ғалым және агартушы, ойрат әліпбійн (діни мәтіндердегі жазбаларды оңайлату және сөйлеу мен жазуды жақындауды қөздейтін тодо бичиг – айқын жазу ережесін) жасаушы хошоуыт Зая-Пандита қатысқан-ды. Ол жасында Тибетке барып, буддизмнің кисыны (теориясы) мен іс-дағдысын үйренуге жиырма екі жылын арнаған, одан еліне оралғаннан бері Будда ілімін тарату жолында белсенді миссионерлік жұмыс жүргізіп жүрген болатын. Сол кезде Батыр қонтайшының бүкілмөңгол құрылтайын өткізу жайындағы жобасын

мақұлдан, шакыруын қуана қабыл алды. Құрылтай оның миссионерлік үмгілісін заңдастырды. Ойраттардың баршасы үстене ғиіс бірынгай дін ретінде I елугпа (Ракымшыл) мектебі дәстүріндегі буддизмді бекітті. Құрылтай көздеңен басты мақсаттың өзі монгол тілдес әртүрлі тайпаларды буддизм және бірынгай құқықтық нормалар мен заңдар ауқымында біріктіруді жүзеге асыратын құжат қабылдау еді. Ол жүзеге асты.

Батыс Монголия мен Еділ–Жайық аралығында (Калмак хандығында) тұрып жатқан барлық ойрат хандары мен аксүйектерінің өкілдері құрылтайда өздері қабылдаған шешімдерді жүзеге асыруға бір кісідей құтшынды. Олар Қазак хандығына батыстан да (Еділдегі Қалмак хандығы), шығыстан да (Жонғар хандығы) үздіксіз шабуыл жасап тұрды. Және, алған жерлерін құзырларына біржола бекітіп қою үшін, өздерінің діни гибадатханасын – Будда храмын салып отырған. (Бұгіндері де тарихи орын ретінде айтылып жүретін Өскемен маңындағы Аблайкіт монастыры 1654–1656 жылдары салынған. Ойраттардың үзындығы бір шақырым, ені жарты шақырым жерді алғып жатқан бұл діни ордасын казақ жасақтары 1670 жылы қаусатқан. Жонғарияның XVIII ғасырда жасалған картасына қарағанда, ойраттар Жетісуда 58 буддалық храм мен монастырь салған).

Құллімонгол құрылтайынан кейін Жонғар хандығының қазақ еліне жаңа да жойқын басқыншылық жасамақ ниетпен жорыққа дайындалып жатқанына байланысты. Салқам Жәңгір Бұхара хандығымен келіссөздер жүргізді, қыргыздармен байланысын нығайтты. Және Батыр контайшы әскерінің қазақ жеріне Жонғар Алатауы арқылы басып кірмек тұсын алдын ала біліп, корғаныс шараларын жасады. Әскері ішінен сол заманғы озық оқ-дәрілі мылтықпен каруланған арнайы екпінді топ жасақтады. Осы арнайы жасақты дүшпаниң жолын тосуға бөліп, екі тау арасындағы қысан тұска ор қазып бекіндерді. Әскердің екінші бөлігі белес сыртында тосқауылда тұрды. Кең таралған дерекке қарағанда, корғаныстағы қазақ әскерінде алты жұз сарбаз, ал жаулап алуға келе жатқан жонғар қолында елу мың адам болған. Батыр контайшының бұл катерлі жорығына «Далалық Заңдар жинағы» біріктірғен көптеген ойрат нойондары катысқан, олардың катарында шығыс-монгол (халха) әміршісі Алтан ханның ұлы Омбо-Ердени, сондай-ақ, Хо-Өрлүк тайшы жіберген Еділ қалмактары да жүрді деген дерек бар. Осы жорыкта олар Жәңгір жасақтарымен бетпе-бет келгенге дейін Алатау қыргыздарының біраз жерін, Шу өзенінің жоғарғы жағындағы жүртты жаулап алған-ды. Дегенмен қазақ жасақтарының көзсіз ерлігі олардың шашыншылығы алдына

алынбас камал тұрғызыды. Ор казып бекінген, мылтықпен қаруланған қазак сарбаздары жонғардың қалың қолына батыл карсы тұрып, алғашкы тегеуіндегі әскери тойтарыс берді. Аз қолмен үлкен әскерге тікелей төгел берудің киындығын түсінгендіктен жасалған әскери айла он иәтижеге жетті, орларға бекінген үш жұз жауышгер қалың қолға мылтықтан оқ жаудырса, қалған үш жұз сарбаз сыртынан шабуыл жасайды. Алды-артынан жауған оқ пен екі жақтағы таудан төмөн құлатылған тастар шалқынышылар катарын катты сиретті. Ұзамай казақтарға көмеккес Бұқар хандығына Самарқан әміршісі Жалантөс баһадүр жиырма мың әскерімен келеді (Жалаңтөс Сейітқұлұлы – казақ батыры, әскербасы, Самарқан қаласының Регистан кешеніндегі сәулет өнерінің жауһары болып табылатын Шир-Дор, Тиля-Кары медреселерін салдырган билеуші, атакты Әйтке бидін атасы). Көмекке қырғыз жасактары да жетеді. Тарихта Орбұлақ шайқасы деген атпен бедерленген осынау 1643 жылғы ұрыста жонғарлардың ойсырай женілтегі белгілі. Бұл шайқаста Жәнгір хан зор колбасшылық дарын мен әскери шеберлік таныта білген. Сол данкты шайқастың 350 жылдығын тәуелсіз Қазакстан 1993 жылы атап етті.

Салқам Жәнгір хан Жонғар хандығының қуатын әділ бағалай білді, Батыр контайшының Еділ қалмактарын, жер-жердегі барлық ойрат бірліктерін «Ики Цааджин Бичик» негізінде өз хандығы мұраттарымен тұтастыра алғатын мұмкіндіктерін есепке алды. Сондықтан, бітім жасап, бейбіт келісімшартка отыру мақсатымен Жонғарияға өзінің ұлдары Тәүке (болашак хан) мен Апакты бас етіп екі рет елшілік аттандырды. Алайда даулы мәселелер бәрібір шешімін таппады.

Бұл кезде Қытайдағы маньчжур (жүржен) тайпалары құрған Цин династиясы көрші елдерді өз империясына косу саясатын жүргізе бастаған. Олар шығысындағы Корея мен онтүстігіндегі Вьетнамды жаулаумен жүріп, алғашкы кезде Жонғарияға назар аудара қоймаған еді. Осы жәйт ойраттардың қазак еліне жорықтарға шыға беруіне қолайлы болды. Қазақтардан кек қайтару үшін олар 1646 жылы кайтадан атқа қонды, тұтқылдан шабуылдан, қазақтардың бірер белгілі тұлғаларын бала-шагасымен тұтқынға түсірді, мол олжамен кері оралды. Алайда мұндай ұсақ жеңіс Батыр контайшыны канаттандыра қоймаған. Оның басшылығымен Қазак еліне жаңа да үлкен жорық жасауға жонғарлар мұқият дайындалды. Орыс патшасының Сібірдегі әкімшілігінен болашак соғыска кажет сауыт-сайман, қару-жарак, оқ-дәрілер сатып алынды. Сейітп. 1652 жылы Қазак хандығына тағы бір үлкен жорық жасалды. Осың шайқаста қазак жасактары жеңіліске

ұшырады. Мемлекет басшысы ретінде кемел саясатымен, тұған елін қорғауда көреген қолбасшылығымен және қолына қару алып тікелей шайқасқа кіретін ерен ерлігімен бүкіл Орталық Азия елдері арасында кең танымал болған Салқам Жәңгір майдан даласында қаза тапты.

Аздаган үзілістермен 18-ші ғасыр ортасына дейін жүрген жонғар-қазак соғысының 1635 жылдан басталған бастапқы кезі – Жәңгір хан (Есім ханның екінші ұлы, алғашында таққа оның үлкен ұлы Жәнібек отырған) қаза тапқан 1652 жылға дейінгі кезеңі – ойраттардың үздіксіз шапқыншылығына толы болды. Олар Жетісудағы, Шығыс және Орталық Қазақстандағы шұрайлы жайылымдарға таласып, Сыр бойындағы сауда жолдары мен егіншілік аймактарын қолға тусіруге ұмтылған еді. «Төрт Ойрат одагының» Қазақ хандығынан қоныс тартып алуды мақсат етіп, толассыз шабуылдаудан таймауы сол шакта Қазақ мемлекеттігінің сақталып қалу-қалмау мәселесін таразыға түсірген болатын. Осындай қызын шакта Жәңгір ханның үлкен саясаткерлігі, көрші хандықтармен дипломатиялық қатынастар жасауға мән беруі, әскерін от-қарумен жараптандыра алуы, Бұхарамен, Самарқан әмірі Жалантөс баһадүрмен, Тянь-Шань қырғыздарымен достық қарым-қатынаста болуы, қолбасшылық дарыны мен жеке басының батырлығы қазақ елдігінің іргесін бұзғызбауды қамтамасыз етті.

VIII. ЕЛДЕГІ «ҚОЙ ҮСТИНЕ БОЗТОРГАЙ ЖҰМЫРТҚАЛАҒАН» ЗАМАН

Жонғар хандығы 1635 жылы құрылғаннан бастап қазақ жеріне үздіксіз шапқыншылық жасап жүргенде ұдайы корғаныс ісін ұйымдастырған, дүшпан жойқын жорығымен төндірген көтерден қазақ мемлекеттігін жойылудан аман сақтап қалған Салқам Жәңгір 1652 жылғы соғыста қаза тапты.

Сол жылғы ұрыстардан кейін едәуір уақыт бойы тыныштық орнады. Тарихи енбектерде сол шактағы екі хандықтың бір-біріне қарсы бағытталған ірі әскери жорықтары жайында ешқандай елеулі мәлімет кездеспейді. Мұның бір себебі сол, Жәңгір хан әмірден өткен жылды Жонғар хандығының әміршісі Ердени Батыр қонтайшы да дуние салған болатын. Хандықта тақ таласы тұған. Билікке Батыр қонтайшының кіші ұлы Сенге келді, бірақ ол ішкі өзара алауыздықтарды тоқтата алмады. Тіпті, өзінің әкесі бір, шешесі белек бауырларымен

әскери қарама-қарсы тұруышылық жағдайда тұрды' Ақыры, 1657 жылы, хандықтың бір аймагының билеушісі хошоуыт Очирут-Це-ценнің көмегіне сүйене отырып, оларды (ағалары Цецен тайши мен Цзотбаны) жеңді. Сонын солтүстік-батыс Монголиядагы хотогойт хандығымен шайкасты. Оның соңғы әміршісін – Алтан-хан (Алтын хан) деп аталатын биңк мәртебелісін, яғни солтүстік-батыстағы хал-халардың ең соңғы Алтын ханы Еринчин-Лувсан тайшыны – 1667 жылы тізе бүктірді. Әстіп, жонғарларға шығысынан көтер тәндіріп тұрған дүшпаның Сенте қонтайши біржолата қауіпсіздендірді. Одан ішкі саяси жағдайының нығайту шараларын жасап, хандықтың аумағын көнегейтуді жалғастырды. Осындай ахуалға байланысты қазақтарға қарсы үлкен соғыс шаралары жүргізілген жок.

Бұл кезде Қазақ хандығында жағдай біршама тұрақтанып, ел тұрмысы қалыпты күйтеп түсіп калған. Майдан даласында каза тапқан Салқам Жәнгір аруағына тиисті құрмет көрсетіліп, Қожа Ахмет Йас-саны мазары кешеніндегі ата-бабалары жанына – өзіндік казақ ханда-ры пантеонына жерленді. Қазақ елі басшылығына 16-шы ғасырдағы «Есім ханның ескі жолы» белгілеген меритократиялық тәртіпке сәй-кес, мұрагерлік жолмен емес, сұлтандар арасынан халық алдындағы беделіне орай лайыкты тұлға таңдалып, жаңа хан сайланды. Такқа отырған – Батыр сұлтан еді. Салқам Жәнгір құзырындағы әскери қызметімен, ерлігімен, ұйымдастырушылық кабілетімен, ұстамды қылымен көзге түсіп, ел аузына ылғіп жүрген сұлтан. Ол да Жәнібек ханның ұрпағы болатын. Жәнібек ханның кіші ұлы Өсеке сұлтаннын тараған буын өкілі, Бөлекей сұлтанның ұлы еді. (Араға жарты ға-бырдан астам уақыт салып, Өсеке тармагына жататын, Бөлекейден тараған тағы бір кезекті жошылық сұлтан Эбілқайыр да хан болады Үл Шыңғыс-Жошы әзулеті ішіндегі хан тағына отырған Эбілқайыр штты екінші адам болатын, сондыктан, тарихта «Көшпенді өзбек хан-дығы», «Әбілқайыр хандығы» аталған 15-ші ғасырдағы мемлекет-тік құрылым әміршісін Бірінші Эбілқайыр, 18-ші ғасырдағы қазак шттымен тарихи аренада әрекет еткен мемлекеттік бірлестік қайрат-керін Екінші Эбілқайыр деу орынды болмақ).

Батыр хан жиырма сегіз жыл хан тағында отырды Бұл кезенде астүрлі экономикасын, көрші елдермен сауда-саттығын, мәдени ты-ыс-тіршілігін дамытып, ел іші белгілі бір дәрежеде тыныш заманды астан кешті. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, ішкі жағдайлары-а байланысты жонғарлар тарағынан казақ еліне елеулі көтер төн-ірерлікте шапқыншылық жасалған жок. Осы шакта ойраттардың шттаяуыт тайласы – калмактар – Ұлы даланың батысына бекем қо-

ныс тепкен Орыс патшалығы әскерімен бірлесіп, ногайларды тарихи мекенінен Қырымға және Кавказға ығыстыруға қатысадан Олар оңтүстіктегі Теректен терістіктегі Самараға, батыстағы Доннан шығыстағы Жайыққа дейін көшіп-конып жүрді. Сол ғасырдың ортасында оларға шығыс ойрат ұлыстарынан дүрбіт тайпасының үлкен тобы көшіп кеп косылды. (Оларды орыстар Зенгория, яғни Жонграция деп атаған) Осылай қатары көбейген қалмақтар Суворов әскеріне косылып, ногайларды қырып-жоюды жүзеге асырысты. (Қалмақтарды жана өлкеге 1633 жылы бастап келген Хо-Өрлүк тайшыдан кейін хандыкты 1644 жылы Шүкүр-Дайшын, 1661 жылы Моншак басқарды, ал 1672 жылы билікке келген Аюке хан тақта жарты ғасырдан астам отырды). Олар жер-суына көз алартқан басқыншыларға қарсы көтерілген қазактар мен башқұрттарды 1644–1661 жылдары патша әскерімен бірге «жуасытуға» тікелей атсалысып тұрды.

Қазак хандығының іргесі қалана бастаган шакта Орыс мемлекетінің оңтүстігінде қазактар қауымы (казачество) аталған әлеуметтік топ пайда болған. Олар әуелде билікке бағынбай қашып жүргендерден құралған, одан, тез қатары көбейіп, Еділ бойында қаракышылықпен шұғылданған да, көп ұзамай патшалықтың шекарасын түркілердің жер-суын басып алу жолымен кеңейтудің алғы шебіне шықкан. (Орыс қазактары өз аталымын қазактардан алғаны даусыз. «Қазак» сөзі, тарихшылардың айтуынша, алтынордалықтар соққан тенгелерде бедерленген, әйгілі «Монголдың құпия шежіресінде» жазылған, яғни қазактар мемлекеттілігін ертеден келе жатқан көне түркілік атауын жалау ету арқылы жана сапалық белескे көтерген. Ал «еркін адам» ретінде түзілген орыс қазактары көп ұзамай агрессияшыл патшалықтың оң қолына айналып, қазактарды жаулау шараларының бел оргасында жүрді).

1580 жылы қазактар тоғыз жол торабында тұрған үлкен сауда орталығы, ногайлар мен қазактардың астанасы болған Сарайшық шаһарын мұлдем киратып, тонап кетті. 1582 жылы Сібір хандығын жоюға жол ашып берді. Сол 80-ші жылдары Жайық бойын жаулап ала бастады. 1584 жылы Жайық пен Шаған өзендері арасындағы түбекке Жайық қалашығы (қазіргі Орал) салынды. Қазактар қауымы 1591 жылы патша билігін мойындайтындықтары жөнінде реєсми ант беріп, жаңа жерлерді жаулап алу науқандарының алғы шебінде, патшалықтың негізгі соккы беретін күші қызметінде жүрді. Патшалық соларды алға сала отырып, Сібірге, Қызыл Шығысқа сұғынуды сәтімен жүзеге асырды. Қосып алған ұлан-ғайыр жер-суын игеруге көшті. (Орал қазактары 1991 жылы Ресей патшасына қызмет ете бастағандарының

400-жылдығын тойлауға тырысты, алайда қазак жерін отарлауда каза-чество аткарган рөл саналарында сайрап тұрған қазак үлгіттік қозғалысы мүшелерінің қатандарының нәтижесінде тойлай алмады) 1640 жылы Жайықтың теңізге құяр тұсына Гурьев калашығы салынып, балық аулау кәсіппшілігі қолға алынды.

Қазак жеріне агрессияшыл көршилер тараптарынан ірі шапқыншылық жасалған жоқ. Тиісінше, осы кезеңдегі Батыр хан басқарған Қазақ хандығының орыс патшалығымен катынастары негізінен сауда-айырбас байланыстарын дамыту сипаттында өрбіді. Қазақ жерін арқылы орыс көпестерінің керуендері Орта Азия елдеріне жіе өте бастанады. Қазақтардың онтүстіктегі Бұхар хандығымен қарым-катынастары да белгілі дәрежеде достық рәуіште дамыды. Бұл жылдары Бұхарада аштархандықтар әулетті өкілдері Нәдірмұхаммед хан (1642–1645) мен оның ұлы Абдалазиз ханның (1645–1680) билігі жалғасып жаткан.

Осындай ахуалда қазақ елі негізінен тыныштықта, бейбіт өмір кешірі.

Ал Жонғар хандығында такқа таласуын қоймаған Батыр контайшының үлкен ұлдары Цецен тайшы мен Цзотба батыр 1670 жылы, ақыры, Сенге контайшыны өлтіреді. Ел билігін Цецен хан қолға алады. Осы жағдайда Сенгенің інісі Галдан Тибеттегі Далай-ламадан діни мәртебеден босануға рұқсат сұрайды. Ол жастайынан Зая-пандитаның батасын алып, Тибette оқыған, буддизм ішімі соңына түскен, гылыми дәреже алған еді Далай-лама оған Зая-пандитаның ісін жағастыруышы ретінде карап, такқа отырган агасы Сенгенің жанында діни қызмет атқару үшін Жонғарияға қайтарған болатын Мұнда келгелі ол аз уақытта буддалық үш храм салып, үш монастырь мектебін ашқан еді. Далай-лама рұқсатын береді. Содан соң, кезінде Сенгенің гаққа отыруына көмектескен Алашан ойраттарының әміршісі Очиргү-Цеценмен бірлесе кімылдан, билікті басып алған Цецен ханның әскерімен шайқасады. Женіске жетіп, Цеценді өлтіреді. Цзотбаны елден қуады. Одан, өзіне қарсы шыққан інілдері – Сенгенің ұлдары Соном-Рабдан мен Цэван-Рабдан..ы женіліске ұшыратады. Алғашқысы уланып өлеуді, екіншісі Еділ бо тұндағы Қалмак хандығының әміршісі, нағашысы Аюкеге кашады.

Алайда ішкі қарсылықтар үдей түседі. Галдан контайшының ықпалының арта түсінен қауіптенген Очирту-Цецен де (Галданның такқа отыруына өзі көмектескеніне және қызы Анууды оған тұрмысқа бергеніне карамастан) оған қарсы топпен бірігеді. Дегенмен 1677 жылы Галдан контайшы барлық қарсыластарын женіп (кейбірі қаза табады,

біреулері Қытайға қашады), өзінің барлық ойрат иеліктеріндегі басты әміршілік жағдайын мойындастып бекітіп алады. Осы жылы Да-лай-лама оған хан мәртебесін береді. Сонда Галдан хан 1640 жылғы «Далаңық заңдар жинағына» толықтырулар жасайды. Ішкі саяси жағдайды осылайша реткे келтіріп, Ресеймен сауда және дипломатиялық катынастарын дамытады. Сосын көрші елдерге көз аларта бастайды. Шығыс Түркістанға (Моголстанға) 1679 жылдан бірнеше әскери жорық жасап, ақыры оны Жонғарияға толық қосып алады. Сол жағдайды – буддизм дінін ұстанатын ойраттардың «дінсіздерді» (мұсылмандарды) бағындырғанын ескеріп, Да-лай-лама оған Бошотту (яғни «Шапагатқа бөлленген») мәртебесін береді. Жонғариядагы негизгі қарсыластарын жеңіп, жерін кеңейткен, орталық билікті нығайтқан Галдан Бошотту хан енді казақ еліне шапқыншылық жасауға дайындалады...

Жоғарыда айтканымыздай, Салқам Жәнгірден кейін ел билеген Болат ханың кезінде хандыққа болашақта қауіп төндіретін жағдайлар жан-жактың бәрінде (терістік-батыс, терістік, шығыс) біргіндеп орнап жатқанмен, Қазақ хандығының басты жауы саналатын Жонғария өз ішінде құрделі саяси жағдайды, шиелінісі мол саяси дағдарысты бастан кешіп жатқандықтан, елеулі соғыс болған жок. Көп жылдар бойы тыныш заман орнап тұрды. Әдетте Тәуке ханға орайластырылатын «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» кезеңі сол Болат хан тақта отырған жиырма сегіз бейбіт жылда орнаган болу керек. Мамыражай тыныштықты Галдан Бошотту хан 1680 жылы бұзды..

IX. ЖАҢА ШАПҚЫНШЫЛЫҚ ЖЕЛЕУІ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫЛЫҚ

Қазақ еліндегі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда аса еленбейтін ұсак қактығыстармен шектеліп келген қазақ-жонғар қарым-қатынасы, ақыры, 1680 жылы күрт бұзилды.

Осы жылы қазақ тағына Жәнгір ханың ұлы Тәуке отырғаны мәлім. Әкесі ел билеген шакта елшілік қызыметтер аткарган, алғашқы әскери ерліктерімен көрінген Тәуке сұлтан Bolat ханың құзырында да ел иғілігі үшін еңбек етіп, әр салада көзге түскең, жұрт ықыласына бөлениген. Ол нағыз кемеліне келген, ақыл-ойы толысқан, өмірлік тәжірибесі мол, ерекше қасиеттерге ие сұлтан болатын. Ақылдылығы

мен шешендігі, кеменгерлігі мен данышпандығы оны билеуші әulet өкілдері арасында айрықша беделді ететін. Салқам Жәнгірдін тіке-лай ұрпағы болуы, әрі мемлекеттік істерге жастайынан араласып келе жатқандығы оның қазақ тағын иеленуі мүмкін екендігіне құдік қалдырымайтын. Болат хан дүние салғанинан кейін ел ағалары оны бірден ақ киізге отыргызып қөкке көтерді.

Сонымен, Тәуке хан билікке келді. Тибеттегі буддашы дінбасының шешімімен «шалағатқа бөлөнген тағдыр иесі» Галдан Бошокту «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» қазақ еліне соғыс ашар қарсанда келді. Жонғар әміршісі бұл жолы қалың әскерімен елге тұтқылдан бас салмаған. Алдымен қазақ елінің жаңа ханына қояр шартын елшісі арқылы жеткізген...

Ал шарты мұлдем тосын естілген еді. Жонғарлардың жайылым үшін жортуылдан жүретін бесенеден белгілі болғанмен, бұл жолы Галдан қонтайшының елшісі аузымен Тәуке ханға қойылған талапта ол мұлдем ауызға алынбаған.

Елші әуелі Қазақ ханынан Жонғар әміршісінің лауазымын өйтіп төмendetпеуін және таңданбауын сұрады, сосын Жонғарияның билеушісі қонтайшы мәртебесінен өсіріліп хан атанған, қатардағы көп ханының бірі емес – тәнір шапағатына бөлөнген хан – Бошокту хан – атағын Тибет мемлекетінің астанасы қасиетті Лхаса (тибеттеден аударғанда – «Күдайлар орыны») шаһарында отырған Далай-ламадан алған әмірші екенін айтты.

Міне осы Галдан Бошокту (Калдан Бошокту), әлем бойынша аса зор оқымысты Зия-пандитаның шәкірті және оның ісін жалғастырушы Бошокту хан қазақ елінің енді ғана сайланған билеушісі Тәуке ханға арнаіы сәлем жолдап отыр. Мәселе мынада.

Зия-пандита ұстаздың атсалысуымен осыдан қырық жыл бұрын қа-былданған «Ики Цааджин Бичик – Ұлы Зандар Кодексі» барлық ой-рат хандықтарының мемлекеттік діні етіп Будда иланымын бекіткен болатын. Аталмыш «Далалық зандар жинағында» осынау қағидатты тұжырымдауга бас-көз болған Зия-пандита ұстаз 1462 жылы дүние салған. Сүйегі тиісті рәсіммен ертелгеннен кейін, арнаіы бояуға ара-ластырылған күлімен Галдан және өзге де монахтар қасиетті тантра мәтіндерін жазған. Соларды ұстаздың арнаіы соғылған мусіні ішінде салып, Галдан Жонғарияға алып келген. Содан бері барша жұрт оған ұлы ұстаздың ісін бірден-бір жалғастырушу ретінде қарап келеді. Ал сонау атақты Зия-пандитаның шәкірті, күллі ойрат иеліктерінің әміршісі Галдан Бошокту хан былтырлары Цааджин Бичикті толықтырды. Будда дінін бұдан былай тек ойраттар ғана емес, Төрт ойрат конфе-

дерациясына кіретін барлық өзге хандықтарда да ұстанатын болады. Галдан-Бошокту хан күні кеше Моголстанды тізе бүктірді. Бүгінде бұрынғы Моголстан жоқ, ол Жонғарияның ажырамас бір бөлігі, ондағы билеушілер Буддаға бақұл. Тәуке хан да сол жолмен жүрсін. Буддаға сыйынсын. Сонда баршасы ойраттың айдаһар бейнеленген кара туы астында кезінде Ұлы Шыңғыс хан түзген аумакты байыргы мәртебесінде қайта жаңғыртып, жалғанды жалпағынан баса дәуірлейтін болады...

Хан ордасында жонғар елшісін қабылдау рәсіміне қатысын отырған барша ел ағалары шектерін тартты. Демдерін іштеріне алып, Тәуке ханға қарады. Сонда ол қазақ тағы биігінен бәрінің көкейінен шығатын сез айтты.

Ойрат Қалданның талабы Ұлы Шыңғыс ханың жолын бүрмалағанын көрсетеді деді. Елшісі оған мынаны жеткізсін – өзінен бұрынғы ізашарлары секілді, қазақ хандығының жаңа әміршісі Тәуке хан, жаһанды дірілдеткен Шыңғыс ханың тікелей үрпагы болып табылады. Ал оның ұлы бабасы Шыңғыс қаһан әлемнің жартысын жаулап алғанменен, ондағы ел-жүрттардың жан-дүниесіне зорлық жасамаған. Ол өзі сыйынатын кек тәніріне табынуды ешкімге тықпаламаған. Сондай тәртіпті жиһангөр ұлдары мен немерелеріне де есiet еткен.

Ал ойраттар Шыңғыс әскерінің аса ержүрек, жауынгер қанаты болғанмен, ұлы қаһанның күшінің сырын ұқпаған екен.

Елші қожайынына айта барсын, оның қойып отырғаны – ешқашан орындалмайтын және сол талапкердің өзін орга жығатын жәнсіз шарт. Қазакка мұсылмандыкты Мұхаммед пайғамбардың алғашкы жаушылары жеткізген. Бұдан пәлен ғасыр інгеріде оны Қарахан әuletі, одан кейін Алтын Орда билеушілері мемлекеттік дін ретінде қабылдаған. Мұсылман иланымының ұлы уағызышысы Кожа Ахметтің осынау бас ордадан қол созым жерде тұрган кесенесін халықтың қастерлеп сақтайтыны сондай, бүгінде онда қазақтың күллі хандары мен ігі жақсылары тыншыған.

Жонғар ханы қисынсыз талабын қайтып алсын, ондай орынсыз шарттар емес, достық қарым-қатынастар елдерімізді дәulet пен бақытқа кенелтеді...

Жонғардың Шапагатты ханының шартын қабыл алмауы Қазак ханы тарарапынан жіберілген үлкен қателік деп санайды елші. Дегенмен оның әлі де ойлануын, шартты қабылдамаудың арты жаман боларын бажайлауын қалайды. Тағы бір парықтасын, Бошоктұ хан оған өте бейбіт жолды ұсынып отыр. Егер бұл кері кагу Тәуке ханың бекем байламы болса – онда амал жоқ, солай айтып барады. Енді қазақ

ханы өзіне өзі өкпелесін... Алайда бұл шарт казак үшін мұлдем жаг, сондыктан да үзділі-кесілді қабыл алынбайды – мұндай кесімді сез естісімен елші аттанып кетті.

Ал Тәуке хан қабылдауга катысқан сұltандар, батырлар мен билерді жонғарлардың жана агрессиясына карсы тұруға аялдамай әзірленуге шақырыды. Ел ішінен сарбаздар шақырылды, әскер жасақталып, қорға-ныска дайындық басталды.

Елшісі оралған соң көп ұзатпай, Галдан Башкотту жонғардың қа-закқа карсы аса ауқымды соғыс қимылдарын жаңғыртты. Арнайы дайындықпен жорықта шықкан бес қаруы сай жонғарларға казак жа-сактары тосқауыл бола алмады. Басқыншы Шу өзенінен өтті, Жетісү мен онғустік өлкеге басып кірді.

Тарихта «Сайрам соғысы» деп аталған 1680–1684 жылдарғы шай-қастар басталды. Қазақ әскерінің жан аямай көрсеткен қатты қар-сылығына қарамай ілгерілеп, Сайрамсу мен Ақсу өзендері аралығын-дағы қорғаны биік, ірі де әсем шаһарды – ислам дінін таратушылардың уағыздарын алыс 8-шіғасырда-ак елти тындаған, керуен жолдары то-рабында жатқан сауда және колонершілер орталығы Сайрам қаласын басып алды. Баска да қалаларға кірді. Басқыншыларға карсы көтеріл-ген халыкты жуасыту үшін 1684 жылы жазалаушы жасақ жіберіп, Сайрамды мұлдем қаусатты, талан-таражға түсірді, бірқатар тұрғын-дарын Жонғария мен Шығыс Түркістанга айдал әкетті.

1686 жылы Тянь-Шань қырғыздарын бағындырып, Ферғана алқа-бына етті. Эрдайым қатты қарсылыққа ұшыраганмен, жеңіске жетіп отырды. (Шайқастардың бірінде Тәуке ханның ұлын колға түсіріп, Жонғарияға алып кетті. Артынша оны Лхасага жөнелтті. Ыңғайы, Қалдан Башкотту Тәукеге жолдаган алғапқы шартын оның баласының санасына Будда ілімін дарыту арқылы орындағатқысы келген болуы ке-рек). 1688 жылы Шығыс Монголияны, халхаларды бағындыруға ат-танды, казак жеріндегі басып алған қалаларынан гарнизондарын ала кетті. Алайда шығыста жеңіске жете алмады.

Халхалар ойраттардан гөрі манчжурлармен одектасқанды артық көрген, сөйтіп, Қин империясынан көмек сұраган. Халхаларды алып Қытайдағы саны аз манчжурлардың үстемдігін орындыра түсуге пайдаланғысы келген бөгдыхан Қин армиясын Шығыс Монголияға кіргізді. Содан, Галдан Башкотту 1890 жылы іс жүзінде қин-қытай әскерімен соғысты. Женді. Женілген қытай императоры ойраттарды Қин әuletінің аса көтерлі жауы санап, жана шайқасқа әзірленді. Осы кезде Галдан Башкоттудың немере інісі Жонғарияның орталық бөлігін өзіне қаратып, ағасының жолын кесіп тастаған. Хандығында інісінің

бұлік шығарғанын естіген Башоқтұ хан тез терістікке қарай шегінді. Алайда оны жұз мың жауынгері бар манчжур армиясы күшті жетіп, Бейжинге тақау ауданда үлкен ұрыс салды. Төрт күн шайқаста екі жақта жеңісі алмады. Сосын, өзінен бес есе көп ескермен табан тіресе соғысып, ескери өнерге әбден машиқтанғанын танытқан ойраттар бір тунде шептерінен көтерілді де, солтүстікке қарай кетті.

Ойраттардың батырлығын, жаужүректігін мойындаған қытай ескери соңынан күмады. Келесі 1691 жылы халхалар Цин империясының бодандығына өтті. Осы біріккен қос от ортасында Галдан Башоқту оларға қарсы тағы алты жыл соғысты. Ақыры, ең соңғы заманауи қару-жаракпен – артиллериямен каруланған цин-қытай әскерінен 1696 жылы жеңілді. Баар жер, басар тауы қалмагандықтан (алдында – халха-манчжур-қытай, артында, орталықта – іс жүзінде биліктे бүлікшіл немере інсі отырған), 1697 жылғы наурызда у ішін өлді...

«Сайрам соғысы» кезінде терістік-батыстан Аюке хан қалмақтарымен шабуылдаған болатын. Қазақ сарбаздары оған ойдағыздай тойтарыс берді. Жағдай біршама тыншыған шакта жонғарлардың әскери қымылдары халха бағытына ауды. Сол кезеңді Тәуке хан ұтымды пайдаланды. Елдің бірлігін, қорғаныс қабілетін арттыратын шаралар жасады. Қазактардың «Алты-алаш» атауымен белгілі алты бөліктен тұратын федерациясын (алты алаш одагын) дүниеге әкеліп, ел бірлігінің, сырт дүшпінга жұмыла қарсы тұрудың сол шактагы онтайлы түрін жүзеге асырды.

Федерацияға басында Төле би тұрган Ұлы жұз, Қазыбек би басқаратын Орта жұз, Әйтеке би билейтін Кіші жұз, Қоқым би коластындағы қыргыздар, Сасық би басқаратын қарақалпактар мен жеке бір топ ретіндегі кият, катаган, үз және басқалар кірді. Алты алаш одагы іс жүзінде жонғарлардың шабуылынан қорғануды мақсат еткен қазақ, қыргыз, қарақалпақ халықтарының әскери-саяси одагы еді. Осы одактың өкілдері – халықтың белгілі билері мен бас адамдары Тәуке хан ордасы манындағы Құлтөбеде бас қосып, әдет-тұрып зандарын жетілдіруді қолға алды. Сонау Шыңғыс ханының «Ясасынан» бастау алып, Қасым ханының «Қасқа жолымен», Есім ханының «Ескі жолымен» жалғасқан заннамаларды жетілдірді.

Ел аузында «Құлтөбеде күнде жиын» деген тіркестен айшықталған зангерлер құрылтайы оң нәтижесін беріп, олар жасаған «Жеті жарғы» зандар жинағы хандықтың әлеуметтік-экономикалық тұрмыс-тіршілігін және құқықтық санасын дамытты. Халық тату-тәтті ғұмыр кешті. Тәуке хан Өз Тәуке атанды.

Х. КҮРДЕЛІ САЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЖАҢА РЕФОРМА ҚАЖЕТТИГІ

Елдегі ішкі жағдайды біршама реттеп алғаннан кейін, Тәуке хан жонғарлар ұстап әкеткен ұлын босатып алуға әрекеттенді. Далай-Лама оның тилегіне құлак асып, баласын Тибеттен еліне кайтарған. Қасына бес жұз адам іле стірілді. Тәуке хан оларды өз діндерін уағызыдау мақсатымен жіберілген буддашылар ретінде тұтындалап, қошемет шілерді басқарып келе жатқан нойонды өлімге бұйырған. Осы жәйтті жонғарлар кейін қазақ хандығына тағы да бір жойқын шапқыншылық жасау үшін сылтау етті...

Галдан Башкоту ханының көзі тірісінде іс жүзінде көтеріліспен билікке келген Сенге ұлы Цэван Рабдан бұл кезде Жонғарияның ресми әміршісіне айналған. Содан 26 жыл інгеріде оны так үміткері ретінде күгіндеған ағасы Галдан, әкесінің туған інісі Галдан, қанша Шапагатты (Башкотұ) атанса да, Монголияны Шығыс хан секілді біріктіре алмады. Оның халха жеріндегі женілісінен кейін Цин империясы шығыс Монголияны мұлдем жұтып қойды. Бұдан былай халханың тайпалық әкімшілік бірліктері манчжурлар өкіметінен талап түсісімен Ұлы дала жүйесіндегідей тәртіппен, әр он отбасынан бір жауынгерді құллі жарагымен цин-қытай әскері катарына жіберіп, барлық шығынын көтеретін болды. Ал тәуелсіз ойраттар жерден, адамнан, материалдық игіліктен айрылып, катты зардан шекті. Осындай жағдайда Цэван Рабдан қонтайшының алдына ауыр міндет тартылған – оған хандықты қайта жаңғыртып, нығайту керек еді.

Цин империясымен соғыс кезінде Шығыс Түркістан мен Жетису Жонғарияга ауылшаруашылық, қолөнер өнімдерімен жіберіп тұру жөніндегі келісімшартпен көзделген міндеттерін бұзған, сондықтан ойраттардың жаңа әміршісіне бұл аймактардағы саяси үстемдігін қайта калпына келтіру қажеттігі туды. Сол себепті, мемлекетіндегі ішкі жағдайды ретке келтірісімен, қонтайшы 1698 жылы Шығыс Түркістанға қайта басып кірді. Бір жыл ішінде Қашқар, Жаркент секілді маңызды саяси орталықтарды бағындырып, өлкені екінші мэрте жаулап алды. Сосын Еміл өзеніндегі ордасын жаңа орынға – Іле өзеніне, Құлжа қаласы аймағына ауыстырды. Ескі орданы Солтустік-Шығыс Жонғарияны басқаратын немере ағасына қалдырыды. Хандықтың куаты біртінде арта тұсті. (1700 жылы қытай бодандығын қабыл-

дағысы келмеген екі тайшымен он мың хошоуыт Жонгарияға келді 1701 жылы Еділ бойынан қазак даласын кесіп өтетін Үлкен қалмақ жолымен Аюке ханның ұлдарының бірі, әкесімен ұрысып қалғандыктан, өз ұлсыны – 15–20 мың шаңыракты, яғни 60 мың жанды – көшіріп әкелді Цеван Рабдан ұлысты ойрат өңірінде қалдырып, ұлын кешірім берген әкесіне қайтарған). Сондықтан контайшы Шығыс Түркістанға жасаган басқыншылық жорығын сол жылы-ак қазақ хандығына карай ұластырды.

Тәуке хан қосындары жақсы қаруланған дүшпаппанаң жан-жақтан лек-легімен анталап ұмтылған қүштерін тоқтата алмады. Жанқиярлықпен соғысты, бірақ әбден қалжырады. Шапқыншылық соғыстар үдей келе, қазактар біртіндеп Жетісудагы, Тарбағатайдағы, Ертіс бойындағы жайылымдарынан айрылды. Ал Жонғар әміршісі өзінің Қазақ хандығына қарсы соғыс ашқаны мәжбүрлікten болғанын айтып, үлкен көршилері (Қытай, Ресей) алдында актальып жатты: соғыстың басталуына «Далай-ламаның өкілдерін өлтірген», «Еділден Жонғарияға сапар шеккен Аюке ханның қызын (Цеван Рабдан қонтайшының калыңдығын) тонаған», «Ресейден оралып келе жатқан жонғар саудағерлерінің керуенін талан-таражға түсірген» «сатқын» Тәуке хан айыпты деп, цин императоры мен орыс патшасына елшіліктер жіберді. Мәскеуге адалдығын шегелеп көрсетті, адалдығына дәлел ретінде қазақ тұтқынынан босатылған орыстарды еліне қайтарған-дығын хабарлады. Эрине мұнысы жәйғана алдаусырату еді, мұндай ірі әскери жорықтар жонғарлар тарапынан қазақ еліне дүркін-дүркін жасалды. Ал елдегі күйзелісті қүшейте түсken ұсақ қақтығыстарда есеп жок-тын

Қазақ елінің терістігін де тыныш деуге келмейтін еді. Бұл кезде Еділдегі Қалмақ хандығының қүш-куаты артып, шырқау биікке көтерілген Такта хандық мәртебені Тибеттегі Далай-ламадан алған Аюке отырған. Ол еліндегі жекелеген билеушілердин дербестенушілік пигылдары мен әрекеттерін жеңіп, Ресейге жартылай тәуелді мемлекет күрып алды. Қалмақ хандығының басты міндеті орыс мемлекетінің онтустік шекарасын қөшпенділерден, соның ішінде қазактардан қорғау болатын. 1697 жылы I Петр патша Аюке ханға Ресейдің шығысын қүзеттіді реcми түрде міндеттеді. Қалмақтар Ресейдің көптеген басқыншылық жорыктарына белсене қатысты. I Петрдің колдауы арқасында заманауи қарулармен жабдықталған қалмақтың жауынгер жасактары орыс армиясымен бірлесе соғысып, қазактардың аралас-құралас туысы ногайларды тас-талкан етті, атамекенінен куды. Башқұрттарды да туып-өсken ежелгі жер-суынан ығыстыруға тырысты, Кавказ елдері-

не де шабуылдар жасады, Ресейдің өзге соғыстарына да атсалысты. Әрәдік қазақ еліне де шабуыл жасап тұрды. Қазактар қалмақ иеленген мал жайылымдарына шығуға тырысатын, сондай себептермен осынау қос қөшпенді көрші ел арасында қақтығыстар мен кезек шабуылдар да жиі-жі орын алғып тұрды. Әр сондай оқиға бір-бірінен мал барымталап, тұтқындар алуға, шайқастар салдарынан халықты қырып-жоюға ұласатын. Қыскасы, солтүстік-батыс жақ мазасыз еді.

Қауіпті мазасыздыкты Еділ қалмактарының алыс Жонғар хандығынан әлдеқайда жақын жердегі, желкесіндегі қожасы бол отырган орыс мемлекеті астырын үдегіп келе жатқан. Көшім хандығын жоюға жол салып бергелі казачество қанатын жая түскен. Ертістің бойына, Тобыл өзенінің сағасына таман, Сібір хандығы астанасының орнына 1587 жылы салынған Тобольск қаласы Жайық өзені мен Тынық мұхитқа дейін созылған Сібір губерниясының орталығына айналған. Тәуке хан оны орыс мемлекетінің Ібір-Сібірдегі басты әскери, саяси, әкімшілік және шіркеулік-діни кіндік қаласы деп білетін, кей елшілктерін сонда жіберетін. (Патшалықтың шекарасын кеңейтіп, қөшпен-ділер ішіне батыл сұғынып қана қоймай, корғана да алу үшін және жаңа жерге тістесе бекуін нығайта тұсу үшін Петр патша Ертіс бойын түгел игеруге кіріскең. 1716 жылы Ертіске Ом өзені құятын жerde Омбы, Ертіс бойына 1718 жылы Семей, 1720 жылы Ертіс пен Үлбі өзендерінің құйылышына Өскемен қамалдарын салдырыды). Жалпы, Тәуке хан I Петр басқарған орыс мемлекетімен жүргізген саясатында екі жақты байланыстарға, негізінен сауда және шекаралық істерге көніл болді. Орыс патшалығының Шығыс елдеріне баратын сауда жолдарының бір тармағы қазақ елі арқылы өтетіндіктен, қажет келіс-сөздер жүргізілді. Сауда керуендерінің қауіпсіздігіне кепілдік беру, тауарларға салынатын баж салығының көлемі мен мөлшерін белгілеу, сондай-ақ екі ел шекарасы аймагындағы тұрғындар арасында ұшырасып қалатын әртүрлі дау-дамайлар, ірілі-ұсакты жанжалдар мен қақтығыстар өзара елшіліктер алмасу арқылы шешімін тауып тұрды. Тарихшылар Тәуке ханның елшілері Ресей мемлекеті мен Қазақ хандығы арасындағы байланыстарды дамытуға белсенді түрде атсалысты деп корытады. 17-ші ғасырдың сонында Тәуке хан орыс патшалығымен тең дәрежелі денгейде карым-қатынас жасады деп санайды. Егер әлдебір себептермен қазақ елшілігі Ресейде ұсталса немесе олардың жұмысына қандай да бір бөгет жасалса, Қазақ хандығы ау-магындағы орыс елшілеріне де дәл сондай қөзқарас көрсетілген. Бірде, шекаралық кикілжіңдерге байланысты, Тәуке ханның елшілері Ресейде тұтқынға алынды. Сонда Тәуке хан I Петрге хатында: «Ұрылар

үшін елшіні қамауга алу дегенді Адам атадан бері осы уақытқа дейін ешбір құлак естіп, көз көрмеген еді», – деген сөздермен реніш білдірген. Тәуелсіз казак хандығы әміршісінің орыс патшасына тең дәрежеде көресткен табандылығы арқасында казак елшілері босатылып, мәселе бейбіт жолмен шешілді. Тәуке хан Ресей мемлекетімен ғана емес, өзге де көрші елдермен, әсіресе Бұхараны билеп отырган аштархандық әулетпен жүргізген қарым-қатынастарында екі арадағы даулы мәселелерді бейбіт түрде шешуге және сол елдермен бейбіт байланыстарын дамытуға зор мән беріп, құш салып келе жаткан.

Мұндай бейбіт қарым-қатынасты Жоңғар хандығымен жасау мүмкін болмай қалды. Өйткені Цеван Рабдан контайшының мақсаты өзінің «Өмірдің берік те мықты билеушісі, қожайыны» сипатты мағына білдіретін есіміне сай, қазак елінің ұлан-ғайыр аумағын өзіне бағындырып алу, сөйтіп, ойрат конфедерациясының шеткі бір пүшпагына – Еділ бойындағы қалмақ хандығының шекарасына шығу жолымен Шыңғыс хан тәрізді зор империя құру еді. Тәуке хан ойраттардың бір кездері қазакқа жақын халық болғанын жақсы билетін. Қазақтың кей руы өз атасын ойраттан бастайтын, жүргттың едәуір бөлігінің этникалық түрі де сол ежелгі дүшпанына қатты үқсайтын. Екі этносты да көшпендейлер өркениеті біріктіретін, әмір салты үқсас, тілдері де соншалықты алшақ емес, бейбіт жылдарда қара да, ақсүйек те қызы алысып, қызы берісіп жататын. Тәуkenін өзі де ойратқа жиен еді, оның анасы ойраттың хошоуыт тайпасының әміршісі Күнделен тайшының қызы болатын. Алайда сондай туыстық тамырларға қарамастан, жауласа келген ойратпен енді қазақтың бірігүі мүмкін болмай қалған. Себебі, жер-суга таласу өз алдына, оларды дін бөліп тұрган. Кезінде Галдан Башоқту мұсылман казакқа өз иланымын – будда дінін шарт койып таңғысы келсе, Цеван Рабдан мәселені бірден соғысып шешуге үмтүлді. Оның әскерлері казак сарбаздарының қорғаныс мақсатында жанкештілікпен жүргізген құрестерін еңсеріп, Жетісудың бір бөлігін басып алды, алдыңғы шептегі қосындары Сарысу өзеніне жетті.

Осындай саяси ахуал Тәуке ханды қатты ойландырды. Ол елдің бірлігі мен тыныштығын ойлап едәуір реформа жүрізген. Үш жүздің тыныс-тіршілігін әйгілі билер мен белгілі рубасы, ақсақалдар, өзінің бас адамдардан тағайындаған өкілдері және барша жұрт мойындаған, әмірде басшылықта алған «Жеті жарғы» арқылы реттеп отырган. Алайда жағдай курделі күйге түскен еді. Ұлан-ғайыр Дағала төсін мекендейтін халқын, бейбіт әмірден қол үзіп, соғыс жағдайында күйзеліп жаткан елін корғау, айналасындағы катер төндіре қоршаған жауга карсы тұруды үйымдастыру ісін Түркістандағы ордасынан басқару

кин болып бара жаткан. Қарт Тәуке, дана Тәуке, жұрты әспеттеген Әз Тәуке жалпак елді басқару мәселесіне уақыт талабына сай жаңа реформа жасау қажеттігін зайыр түсінген...

XI. ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕГІ САЯСИ ОЙДЫҢ ОҢ НӘТИЖЕСІ

Таққа отырган бетте душар болған жонғар шапқыншылығының бетін қайтарғаннан кейін, Тәуке хан мемлекеттің ішкі мәселесіне қатты назар аударған болатын. Ондаган жылдарға созылған «қой үстіне бозторғай жұмырткалаған» тыныш заманда босаңып, быттыранқы қүйге түскен қазак қоғамын қайта тұтастыруға күш салған.

Осы орайда Тәуке хан мемлекетті, мемлекеттің құрылымын ныгайту жолдарын карастырды. Тыныш заманда ұмыт калған тәртіпті – Есім хан дәуірінде енгізіліп, бертінгі кезеңде жайына қалған реформаны – жаңғыртты. Хандықтың жұздерге бөлінген мемлекеттік құрылымының буындарын басқару ісіне әр түрлі әлеуметтік топтан шыққан дарынды, ақылды адамдарды тартты. Билер кеңесінің жұмысын жандандырды. Жоғарғы өкімет баспалдағында ғана емес, жұздерді басқару буындарында да жұмыс істеуге тиіс кеңестерге жүртшылық арасынан танымал билер мен өзге де бас адамдардың таңдаулы өкілдері сайлануын, олардың елдегі қалыптасқан ахуалды жіті саралап, әр мәселеде әділ шешім жасауын талап етті. Есім хан реформасының мәні осында – халық өкілдерін билікке тартуда, олардың алқалық шешімдерінен басымдық беруде жаткан. Билер кеңесінің келісімінсіз хан жеке-дара шешім жасауга хақылыш емес-тін, яғни хан билігі заци тұрғыда шектеулі келетін. Тәуке хан осы қагидага назар аударды. Билер кеңесінің ел басқаруда, сот төрелігін құруда шешім шығаратын, билік жасайтын ауқымын кеңейтті.

Дегенмен, жалпак елдің онгустік қырындағы астанада – Түркістан шаһарында шығарылған шешімнің хандық жайылып жатқан ұлан-гайыр аумактың бар түкпіріне дер кезінде жетіп, қалтқысыз орындалуы мүмкін болмайтын. Шындан келгенде, Жонғар хандығының Қара Ертіс яки Урга (Күлжак) жағынан шығып лек-легімен төгілген әскерлерінің шабуылдары өтіндегі өнірде отырып, алыс Еділдегі Қалмак хандығымен шектесетін ауданда әрәдік бүрк ете түсетін жанжал-қактығыстарға байланысты жедел шараларды ойластыру да,

жүзеге асыруды басқару да киын еді. Шалғай өлкелерде жағдайға қарай жедел түрде қажет шешімді жасайтын да, оны орындайтын да жергілікті өкімет болуы қажеттігін уақыт алға тартып тұрған. Хандықтың жергілікті жерлердегі толық өкілетті үекілі болып табылатын атқарушы билік буыны жасалуы тиіс. Қазіргі басқыншылық шабуылдар салдарынан аяқ астынан орнай қалатын ауыр саяси жағдайды тез талдаң, қажет шешімді жедел корытып шығара алатын билер кенесі мен оны жүзеге асыратын ықпалды атқарушы тұлға болуы өте-мөтө керек-ақ. Хандықтың мемлекеттік құрылымында тап осындей буынның жоқтығы әбден қартайған, бірақ тиісінше даналығы кемеліне келген Әз Тәукеге қатты сезіліп тұрған.

«Кой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» дәуірде әр ру-тайпа өз тіршілігімен, ез атамекендерінде бейбіт күн кепшіп, ел арасында өзара қызықты, думанды қарым-қатынас жасаған еркіндік ахуалда бақытты өмір сүріп жатқан еді. Кешегі күндері елге жау тигенде, байырғы әдегімен, хан ордасынан жаушы жеткізген жарлыққа орай тез сарбаз шығарып, ортақ ту астына біріге алды. Бұл солай, әйткенмен, жер шалғайлығын ескере қоймаған өкімет құрылымындағы билік әлсіздігі сыр беріп-ақ тұрған. Кіндік биліктің әмірі жергілікті жерлерге жеткенше жер шалғайлығынан ескіруі әм әлсіреуі қазіргі толассыз жаугершілік тұсында еріксіз көзге ұратын. Дүшпан шабуылдарға өлкелерде халықты шұғыл қорғанысқа жұмылдыра алатында ықпалды тұлға жетпейтіні анық еді. Әр өнірде сондай ықпалды да беделді тұлғаның болуы аса тиімді, сондайларды тауып, жер-жердегі тиісті өкіметтік билікке тағайындау керек. Бұлар әскери іске, колбасшылыққа тұмысынан бейім сұлтандар ішінен табылады, осы жаугершілік кезеңде көзге тұсіп жүргіндердің лайықтыларын билікке тартуға әбден болады. Есім хан салған ескі жолмен – ел құрметіне боленгендерден таңдау жолымен, яғни меритократиялық тәртіппен альс жатқан аймақтарға, нақтылап келгенде әр жүзге хан сайлау – қазіргі өмір талабы болып отыр. Олар алып казақ елі тұрғысынан қараганда – оргалықтағы ұлы ханға (қаһанға) бағынышты хандар болуга керек. Іс жүзінде осылай, жуздік хандар институтын қалыптастырып, нығайту арқылы Қазақ хандығының біртұтастығы мен қуатын арттыруға болады. Қарт Тәуkenің бұл ойға бекем тоқтауына жонғарлардың 18-ші ғасыр басындағы жаңа шапқыншылықтары мен ел жаппай тартып жатқан қайғы-қасірет, күйизеліс себеп болды. Пайымдарын ордасындағы хан кенесіне жиналғандарға, ең алдымен Төле, Қаздаусты Қазыбек. Әйткене билерге баян етті. Сонын Шыңғыс ханының үлкен империяны тәрт баласына боліп беріп басқару тәсілінің мәнін,

Жошы Ұлысы керегесін кеңейтіп Ұлығ Ұлыс (Алтын Орда) болған кезде де Қарақорымға тәуелділігін мойындан тұрган тәртіпті ортага салып, бәрі бірге парыктаскан. Алтын Орда ез мемлекеттік құрылымында кіші ұлыстар мен ордаларды империя ретіндегі тұрпаты ыдырағанға дейін-ак бой көтертіп, солардың билеушілері арқылы бүкіл елді басқару әдісін қолданған, мұны баршасы мойындаиды. Алыс заманды қоя тұрганда, күні бұғін казак елін аласапыранға түсірген жонғарлардың өзінің мемлекеті бірнеше хандықтан тұрады Терістіктері қөрші, Еділдің төменгі ағысын иеленіп алған Қалмақ хандығы да, шынтуайтында, сол жонғар мемлекетінің құрамына кіреді. Мұны бәрі білетін. Жонғар хандығының іс жүзінде алыс-алыс жатқан дербес хандықтар төбесіндегі хандық екенін, яғни ойраттардың конфедерациялық өкіметі екенін, сондай құрылымы болуының аркасында жонғарлар жалпақ қазак елін жан-жактан қысуды ойларындағыдай жүзеге асырып тұрганын пайымға салып, тереннен ой толғаскан.

Орасан зор алқапқа жайылған жер-су тесінде киңи елмен шектесіп, небір оқиғаны бастаң кешіп жатқан Қазак хандығы басшылығының әр қынба-күн туып жатқан мәселелерді жедел шеше алатындағы мүмкіндікке қол жеткізуіді карастыруын өмірдің өзі алға тартты. Қазіргі таңда шығысы мен онтүстігінен шекараны бұзып-жарып тап-тап беріп жүрген жонғарлардың дүлей шапқыншылығынан да, терістігі мен батысынан күнбе-күн қауіп төндіріп тұрган қалмақ, казак және өзге жүрттың жортуылдарынан да қорғану мәселесі күн тәртібінен түспейтін. Дұшпандық шабуылдарға жедел және дер кезінде қарсылық көрсетуді ұйымдастыра білу хандықтың құрылымында ескерілуге керек. Бұғынгі жағдайда айшылық алысқа созылған шартарапты Тәуке ханының Түркістандағы ордасынан жедел басқарып, уақтылы тиімді шешім кабылдан отыру мүмкін емес. Осы уақытқа дейін Тәуке хан сенім артып келген, құллар ел басын иетін осынау үш әйгілі би де, жер-жердегі өзге бас адамдар да бұл шаруаны орындаі алмайды. Үш өлкеге хандық мәртебесі бар үш әмірші қою қажет Шұғыл әрекет ететін жағдайларда елдік мұддені қорғауға батыл шыға алуулары үшін...

Ордасында бас қосып отырған игі жақсыларға аян, Тәуке хан өзінен бұрынғы хандар тұсында, әсіресе «кой үстіне бозторғай жұмыртқалаган» мамыражай бейбітшілік кезеңдегі камсыздық тұғызған босбелбеуілік пен ішкі тартыстар салдарынан ыдырай бастаған үш жүздің кайта біріктірді. Жеке-жеке ұлыстарды билеген сұлтандардың орталықтан белектенуіне тежеу салды. Қазак хандығының ішкі бірлігін бекемдеуге барлық шараларды колданып, оны едәуір қүштейтті. Бұғын-

гі таңдағы жағдайда өнді, әр жүздін өз ханын сайлау арқылы, бірлікті одан сайын нығайтуға болады. Бұл – қажеттілік, мұны өмірдін өзі талап етіп отыр Қысқасы, күшті армиясы бар жонғар конфедерациясы үлгісімен қазак та хандығын конфедерация сипатында дамытуға тиіс. Сонда әр тарастан тиисетін дүшпандарға қарсы жедел шара жасау мүмкіндігі артады. Елдің тыныс-тіршілігін, тұрмысын жақсартып, қорғаныс қабілетін, уақыт талабына жауап берे алатында қауқарын арттыру жолы осы. Тәуке ханның бұл ұсынысы кеңеске катысушылар тарапынан қолдауға ие болды. Қазактың үш жузіне үш хан сайлау қажеттігін мойындау сол кездегі ел ағаларының қоғамдық-саяси ойының ең биік шыны, саяси шығармашылықта танытқан аса көрсеген және дұрыс корытындысы еді. (Болашақта оның хандықтың бөлшектенуі ретінде қарастырылуы және шынымен де іс жүзінде сондай көрініске түсіуі сол кездегі килем пигылды іс адамдарының өресі тар іс-әрекеттерінен және бертіндегі түрлі дәрежедегі ойшылдардың жағдайды жан-жакты ескермей ой корытуынан туындаған мәселе). Содан екі ғасыр ілгеріде Тәуке ханның бабасы Қасым хан күшті мемлекет құра білген-тін. Ол сырт елден келген конактарға қазактардың, яғни өздерінің кең даланы жайлаптан сахара перзенті екенін, қолдарында не сирек кездесетін заттардың, не қымбат бұйымдардың, не қандай да бір тауарлардың жоқтығын айттын. Жүрттың басты байлығы жылқы екенін, жылқының еті мен терісі әрі таңдаулы ас, әрі ынғайлы киім, ал сүті, яғни қымыз – аса сүйкімді де жағымды сусын, мал сүтінен жасалатын құрт, ірімішк, айран сынды килем өнім теңдессіз тағам қызметін аткаратастын, көңіл көтеретін орыны – мал мен жылқы табындарының жайылымы, сүйсініп қарайтыны – бәйге, қекпар көріністері екенін әңгімелейтін. Содан бері қазактың өмір салтына пәлендей өзгеріс енген жоқ, бірақ соны сақтау, қорғау мәселе сі құн тәртібінен түспей келеді. Тәуке елдің ішкі бірлігін жақсарту мақсатымен Кіші жұз берін Орта жүздегі жеке-жеке әлсіздік таныттын ұсақ руларды топтастырып, құшті бірліктер (Жетіру, Уақ-Керей) құрды. Енді, міне, өкіметіне әр аймақта мәселені жедел қарастырып, тиісті шешімге келе алатын және сот билігін жүргізе алатын билер кеңесін меритократиялық тәсілмен сайлагатуды тапсырды.

Аз уақытта Төле би Ұлы жұз, Қазыбек би Орта жұз, Әйтеке би Кіші жұз ішінде лайыкты ел ағаларынан билер кеңесін жасақтауды жүзеге асырды. Жүздердегі билер кеңесі ел ішіндегі өзге де белгілі тұлғалар катысқан жиындарда елдік мұдде жолындағы күрестерде көзге ілініп, аймактарында ел ризашылығына бөлөніп жүрген сұлтандар арасынан хан лауазымына лайықтарды ірікtedі. Осылай, Тәуке хан билейтін

18-ші ғасырдың алғашқы жылдарында үш кіші – Ұлы жұзде Абдолла, Орта жұзде Қайып, Кіші жұзде Әблілқайыр қада болды. Тарихта бұл жағдайды біргұтас казақ хандығының өмір түсіндіріледі. Патша заманында да, совет заманында да, қазіргі үелсіздік дәүірінде де осы ой жаппай орныктырылған. Әлі күнгі сол шында, сол ескірген және жаңартылуы қуні бүгінге дейін қолға шынбаган ахуалда қалып, қайта қаралмай тұр.

Біз бұл беліністі қазақ хандығының тұтастығын, бірлігі мен қуатын өрттүруға бағытталған шара деп білеміз. Жоғарыда айтылған себептерге байланысты солай ойлаймыз. Шара Тәуке ханының көзі тірісінде музеге асырылды. Ол іс жүзінде бас хан, ұлы хан, қаһан санауды, ал қаңадан аймактық таққа отырган үш хан (Ташкенттегі Абдолла, Арқадағы Қайып, Қарақұмдағы Әблілқайыр) дербестігі бар, бірақ ірі мәсеселерде жалпықазақ мұддесін көздейтін шешімдерді басшылыққа алатын, бас билеуші Тәуке ханға қарасты әміршілер болып санауды. Бұл заман талабынан туған қажеттілік болатын. Оны бабаларымыздың саяси ой толғауының заманына сай кемелдене дамуы мүмкін етті.

XII. БАТЫС ӨЛКЕДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҚОРҒАНЫС ШАРАСЫ

Тәуке хан елдің батыс өнірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін батыл шара алуға текген-тек бекінбеген еді. Оның түпкі себебі сол, орыс мемлекетінің жүргізген соғыстарына белсене қатысу арқылы патша сеніміне әбден кірген, тиісінше, патшалықтың қамкорлығы арқасында Қалмақ хандығын қүштейтіп, қуатты, жақсы ұйымдастырылған әскер жасақтап алған Аюке хан Қазақ хандығының терістігіндең бітіспес жауына айналған болатын.

Қалмақ хандығының әміршісі шапшаң да оралымды жасақтарымен әуелде қазақтардан еріксіз айырылған ногайларға жортуылдатып, олардың Кубаньдағы ауылдарын, ауылдардағы қазандарын (шанырактарын) шауып кетіп жүрді. (Қалмактар орыс әскерлерімен бірлесіп қаншама қырып-жойғанменен, ногайлар әлі де патшалық ықпалына толық түсे коймаған еді). Одан Қазақ хандығына – Петр патшаның колы жетпеген тәуелсіз елге тұрақты жорық жасап тұруты әдетке айналдырыды. Бәлкім мұнысы өзінің онтүстікегі конфе-

деративтік қожайыны (немесе сюзерені) Жонғар хандығымен оның Шыңғыс хан заманындағыңдай алып империя құруды көздейтін басты мақсатына бірлесіп жету орайында қымыл үйлестіру жөнінен келісіп алғандығынан шыгар. Қалай болғанда да, ол жортуышдарымен қазақ жеріне терең сұғынып, Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауын мекендейтін жұртты, түрікмендерді де шаптты. Арап маңындағы елді, қарақалпактар мен өзбектерді де шапқыншылыққа ұшыратты. Тіпті Хиуа хандығына дейін шабуылдан барып жүрді. Не керек, Еділ қалмактары да, олардың оңтүстіктегі қатыгез туыстары жонғарлар секілді, тіпті солармен бірдей дәрежеде қазақ еліне қатер төндіріп тұрган. Тәуке хан осыны зайыр ұтты.

Қалмақ хандығы эскерлерінің Қазак хандығына жасаган шапқыншылығын Кіші жұз қазақтарының ру-тайпалары басында тұрган сұлтандар бастан кепіп жатты. Солардың бірі Тәуке ханмен аталас тере тұқымдарының бірі, Жәнібек ханның кіші ұлы Өсекеден тараған Бөлекей сұлтан ұрпағы Қажы сұлтан еді. Ол бауыры Бөлекейұлы Батыр ханмен катар өсken бұтақ өкілі болатын. Қажы сұлтан куллі өзіне қарасты әулетімен, балаларымен (ішінде органшы ұлы, болашақ Әбілқайыр баһадүр бар) Сырдың төмөнгі ағысында өмір сүрді. Қарақум атырабын қысталап, жаз айларында Торғай мен Ыргыз өзендерінің жоғарғы ағысында, Жемге таяу маңда көшіп-қонып жүретін. 17-ші ғасырдың сонына қарай осы аумақты мекендейтін қазақтар Еділ қалмактарының эскери шабуылдарына жиі-жі ұшырады. Осындағ ахуалда жасөспірім Әбілқайыр шайқаска ерте араласып, ұрыстарда таныткан ержүректігімен, батырлығымен ерекшеленеді. (Ресми тарихи әдебиетте ол 1693 жылы дүниеге келді деп жазылып жүр. Алайда Әбілқайыр ханның өмір жолын терең және жан-жақты зерттеп, тен-дессіз ғылыми-зерттеушілік жұмыс жүргізген тарихшы Ирина Ерофеева оны 17-ші ғасырдың 80-ші жылдарының орта кезінде туған деп санайды. Оның тамаша жұмысын және өзге де тарихи мағлұматтарды салыстырып қарастыра келе, біз бұған сәл түзету енгізіп, Әбілқайырды Тәуке хан таққа отырған шамада – 1680 жылдары дүниеге келген деген ойга тоқтады).

1698 жылы Қазак хандығы оңтүстік-шығысынан Жонғар хандығының жойқын шабуылына ұшырағанда, солтүстік-батысынан Қалмақ хандығының жасактары да жер-суына тарла бас салды. Аюке ханның орыс патшасы эскерімен түрлі соғыстарда бір салта шайқасып көп тәжірибе жинақтаған жауынгерлері жақсы қаруланған, эскери өнерте кәсіби машықтанған болғандықтан да, көп жағдайда қазақтардан әлдекайда басым түсіп жүрді. Алайда, отанын қорғап жүрген себепті,

қазақ сарбаздарының рухы мықты болатын. Олар өздерінен күшті жаудан жеңілгендемен, құты қашпайтын, еңесін түсірмейтін.

Ұрыстар арасындағы бір бейбіт сәтте жасөспірім Өбілқайырды көлкө эйгілі қазақ батырының қалай көріп, танысқанын және бір көрігендеге қандай денгейдегі бағалаумен әспеттегенін айта кетейік. Бұл жөнінде ғасырлар бойы ел ішінде сакталған анызды дала төсінде айдауда болған әлдебір орыс зиялышы жазып кеткен екен. Өз аты-жөнін көрсетпей, «Невольник», яғни «Бас бостандығы жоқ» деп қол қойып, «Предание о киргиз-кайсацком хане Абулхайре» – «Қазақ ханы Өбілқайыр туралы аныз» деген тақырыппен 19-шы ғасырдың сонында Торғай облыстық баспасөзі бетінде жариялапты. Анызды ғылыми айналымға Ерофеева енгізді. Сондағы жоғарыда аталған эпизодты әңгімелейік. Бір ғана өзгеріс – батырдың есімін нақтылаймыз. Біздің ойымызша, Өбілқайырды 17-ші ғасырдың сонында, яки 18-ші ғасырдың алғашқы жылдарында кезіктірген – кейін ханының сенімді серігіне айналатын Жәнібек батыр емес (өйткені бұл шақта ол тым жас – 1693 жылы туған), дұрысы – Жәнібектің әкесі Қошқар батыр болса керек. Аныз сонысымен де аныз, уақыт өте келе кей деталь бейкүнә өзгеріске ұшыраған ғой деп ойлаймыз.

Сонымен... Ұлы Дала. Тұс кезі. Есімі елге эйгілі, ерлігіне бек разы халық тік тұрып күрметтейтін Қошқар батыр дұлығасы күнге шағылыса жалтылдап, жасағының алдында желіп келеді. Алдынан жеке-дара есіп тұрған қалың бұтқаты ағаш көрінеді. Ағаштың жаңынан өтіп бара жатып, батыр тізгінін тартады. Жасақ оның кос қапталынан, қаумалай тоқтайды. Бәрінің назары батыр қараған жаққа ауады. Ағаш түбінде аса көркем бір жасөспірім жігіт қатты үйкү құшағында жатыр екен. Жәнібек батыр оған сүйсіне қарайды. «Әрімдей жас, алайда неткен өр кескін! Қуат пен жігер төгүін қара... Мына балауса бозбаланың қанында тектілік бар!» – деп сүйсінеді ол. Жан-жағынан қаумалаған сарбаздарына жүзін бұрып: «Қарандаршы, – дейді, – құшағын қалай батыл да кен жаза жайып жатқанына көңіл беліндерші! Ол құдды өзінің қажырлы қолдарымен бүкіл әлемді құшақташ алғысы келетіндей!»

Сарбаздар ауыздығымен алысқан аттарының басын тартып, жетекшілерінің аузына қарайды. Батыр үйықтап жатқан жігіттің әдептегіден тыс ғаламат көркіне сүйсінгенмен, оған ат үстінен есі кете үңіліп тұрып: «Бұл баланың болашағы зор. Айтпады демеңдер!» – дейді. Сосын ұзын найзасының ұшымен бозбаланың қолын түртіп қалады. Сол-ак екен, бала жігіт оянып кетеді. Қошқар батыр найзасын кері тартып алуға үлгерер-үлгермesten, жолбарысша серпімді қимылмен ор-

нынан атып тұрады. Жаңында жатқан садағын ала көтеріледі. Тұрған бетте жебені батырдың кеуде тұсына бағыттайты. Садақ жағын кере тартып, атуға әзір өжеттігін танытады.

«Токта, жанкешті бала, токта, – деп айқай салады батыр, – таста садағынды, мен Қошқар болам! Қошқар батыр жайында талай естіген боларсың, сенің садақ кезеніп тұрған – сол, Қошқар батыр! Мен саған жау еместін. Мен саған жақсылық тілейтін дос болам!»

Бала жігіт садағын кезеп тұрған қалпы, батырдың бетіне тік қараң, өр үнмен: «Мейлі, сен атакты Қошқар батыр болсаң – бола ғой, бірақ сенің өз бетінше тыныш жатқан адамды мазалауың қалай? Ал мен Әбілқайыр сұлтанмын! Әлдекімнің ат үстінде отырып, өзімді наиза-мен тұртқілеуіне мен тәзбеймін!» – дейді.

Батырдың нөкерлері мына бейтаныс бозбаланың өжеттігі мен жасы-на сай емес өркөкірек меммендігіне қайран қалады. Аңырып, бір-бірі-не қарасады. Жабыла қамшының астына алып, жуасытып жіберсе қайтер еді?!

Бірақ Қошқар батыр бейтаныс бозбаланың қылығына разы болғаны сондай, бәрін одан сайын таңырқатып, атынан түседі де, татуласу ни-етін көрсетіп, өжет балаға қолын өзі созады. Сонда бала жігіт садағын төмен түсіреді. Басын іп, ізет көрсете тұрып, ел қадірлеген батырдың қолын қысады. Жас Әбілқайыр сұлтан ел таныған дала батырымен осылай танысады. Бұл кезде Қошқар батырдың баласы Жәнібек әлі жеті-сегіз жастағана. Ол да әке жолын қуа келе, ел қорғанына ай-налған батыр, Шакшақ Жәнібек атанады. Сосын Әбілқайыр ханмен үзенгілес болады.

Ал оған дейін Әбілқайыр едәуір тағдыр талқысынан етеді. Небір шайкастарды бастан өткереді. Үтады да, ұтылады да.

Еділ ойраттарының қолбасылары оны тұтқынга түсіреді. Олар жүрек жүтқан жас қазаққа әрі таңдана, әрі қызыға қарайды. Бұл кезде олар аса қуатты еді. Көптеген сәтті әскери жорықтары барысында қалмақтардың да, олардың бас әміршісі Аюке ханның да беделі арта түскең. Сол 18-ші гасырдың басында Қалмақ хандығының ішкі саяси жағдайы әлдекайда нығайғаны сондай, әлі де патшалық қармағына түсе қоймаган көрші аймақтарға өктем билік журғізуге тырысқан. Осы реттегі оның өзге көршілөрінен басымдығы көзге ұрып, тиісінше, абырайлылығы артқан, халықаралық дәрежеде танылған. Осындағы биік мәртебеге жеткен Аюке ханның құзырында едәуір өзге жүргілдегілері, солардың ішінде, қалмақтардың женісті жорықтарының бірінде әлдекандай тағдыр талқысымен тұтқындалған жас Әбілқайыр сұлтан да қызмет еткен еді.

Қалмак хандығында еркінен тыс өткізген уақытын жас Әбілқайыр нәтижелі өткізіп, пайдасына асыра білді. Батыл, зерек, ақылды жас батыр сол шактағы аса беделді және танымал дала колбасшыларының бірі ретінде мойындалған Аюке ханның әскери істі қалай ұтымды түрде қайта құрып алғанын зерделеді. Оның жүзеге асырып отырган ел басқару жүйесін парықтады. Қалмақ ханының әскери-саяси қызметіндегі елеулі озық тәжірибелі аңғарып, ол жүзеге асырган амалдың – байырғы дала әдеттіне европалық дәстүрлерді кіріктірудің анық артықшылықтарын байқады. Не керек, құдай бойына аса зор күш-қайратқа қоса дарытқан ақыл-ойдың аркасында, Әбілқайыр сұltан өзінің еркінен тыс біраз мезгіл уақытша әміршісі болған Аюке ханының қызметінде жүріп, оны белгілі дәрежеде жауынгерлік шаруа мен мемлекеттік істерді ұйымдастыруда өнеге көрсеткен ұстазы ретінде де қабылдагандай болды. Ақыры, танығаны мен үйрентенін, қол жеткізген білігін өз елі игілігіне жұмсайтын шақ туғанын түйсінді. Сөйтіп, Еділдің төменгі ағысындағы Қалмақ хандығында өткізген азын-аулак уақытынан кейін, Әбілқайыр сұltан өзінің туып-өсken өніріне – Сыр суына шектесетін дала мен Қарақұм алқабында өмір сүріп жатқан туған-туысқандары арасына қайтты. Елге оралғаннан кейін тез арада айналасын өзінің жеке басының батырлығымен бірге, шайқас жүргізу degi өте онтайлы тәсілдерді ұйымдастыра билетін әскери шеберлігімен кайран қалдырып, мойыннатты. Ұзамай қазактар мен қарақалпактардан құралған жасақты бастап, башқұрт елінен бірақ шықты.

Қаһарлы Иван (Иоанн Грозный) тұсында бодандыққа тұсken башқұрттар орыс тағына Романовтар келgelі бері айрықша қысым көріп жүрген. Башқұрт жер-суы талан-таражға ұшыратылып, атамекендеріне шекаралық бекеттер, қамалдар, патшалықтың өз тұрғындарығана жайлаған елді мекендер, христиан монастырылары салынды. Тарихи құстары тапталып, бостандықтарынан айрылған башқұрттар 17-ші ғасырда әлденеше рет көтеріліске шығып, жерге, дінге байланысты көптеген талаптарын орындатуға қол жеткізе алған.

Алайда патшалық қашанда өз озбырлығында бір қадам шегінсек, артынша екі қадам ілгерілеп, небір жәдігөй әрекетке баратын. Оның үстіне, өкіметтің башқұрт ішіндегі пайдакунем шенеуніктері өкілділіктерін асыра пайдаланып, қылышорлық көрсету жолымен, бодандардан занда жоқ алым-салық алған. Сондай қысымдар салдарынан башқұрттар 1704 жылы қайта көтерілді. Алты-жеті жылға созылған бұл көтерілістің белгілі бір кезеңінде, 1708 жылдар шамасында, башқұрттардың орыс патшалығының әскерлеріне қарсы

шайкастарына Әбілқайыр сұлтан да атсалысты. Ол мұнда башқұрт жетекшісі Алдар Есенгелдиннің шакыруымен келген еді. Өзі бастап әкелген қазақ-карақалпак одағының құрама жасагы патша әскеріне карсы белсенді ұрыстар жүргізді. Осы шакта Әбілқайыр өзі игерген және машықтанған әскери өнерін бастап әкелген жасагы мен көтерілісшілерге риясyz үйретті. Соғысудың қыр-сырымен бөлісіп, өз әскеріне де, башқұрт жасақтарына да шебер жетекшілік етті. Соның нәтижесінде башқұрт көтерілісшілері мен оларды қолдауши сарбаздар Сарытау (Саратов), Астрахан, Самара, Қазан, Вятка, тіпті Кавказ бен Тобылға дейін ат ойнаткан. Әбілқайыр баһадүрдің жеке басының ерлігіне, жаугершілігіне, әскери қолбасылық қабілетіне тәнті болған башқұрттар оны өздерінің ханы деп атады.

Терістікегі башқұрт көтерілісінің соңғы кезеңінде, ойына келгенін істеп жүрген орыс өкіметінің жергілікті әкімшілігіне қару алып қарсы тұру елдің онтүстігінде, Жайық сыртындағы болігінде 1708 жылдың кайтадан өрістеді. Ол Қазақ хандығының уақыт өткен сайын үдей түсken жоңғар басқыншылығына қарсылық көрсету шараларын ұйымдастырып жатқан шағына сәйкес келді. Қурделі саяси жағдайды жан-жақты сарапка салған Тәуке хан, жоғарыда айтқанымыздай, ел билігіне реформа жасауды қолға алған-тын. Соған орай Әйтеке би бастаған бас адамдар башқұрт елінде орыс әскерімен соғысып жүрген Әбілқайыр сұлтанның елге кайтуын сұраған.

Содан, қазақ-карақалпак қолын басқарып, башқұрт көтерілісін қолдауда едәуір табысты женістерге жеткен, еуропалық жалпақ өңірде де жиһангер, қолбасшы ретінде кеңінен танылған Әбілқайыр баһадүр туған елінде оралады. Оралысымен, ойраттардың екі тұстан да жасап жүрген шапқыншылығына қайтіп төтеп беруге болады деген өмірлік мәселені ақылдасқан бас қосуларға қатысады. Осы тағдырлы сауалды қарастыру үшін (тариҳта Қарақұм құрылтайы деген атаумен эйгілі болған) халық өкілдері жиналышын шақыруға белсене атсалысады.

Қарақұм құрылтайына қатысқан Кіші жүзден және Орга жүздін бір бөлігінен келген билер мен рубасылар, ақсақалдар, басқа да бас адамдар 1710 жылы Әбілқайырды хан лауазымына сайлайды және осы екі жүзден жауға қарсы жасақталатын әскердің бас сардары етіп тағайындалды. Әбілқайыр хан мемлекеттің Түркістандағы орталық ордасында отырган Бас хан Әз Тәукенің батыс өлкедегі арқа сүйектін сенімді тірері, қазақ хандығының қабырғалы, қарымды корғаушысы ретінде қабылданады.

XIII. ҚАРАҚҰМ ҚҰРЫЛТАЙЫ

1710 жылы Арап төңізінің солтүстігіндегі Қарақұмда Қаракесек құрылтайы етті. Оны тарихта Қаракұм құрылтайы деп те, Қаракесек құрылтайы деп те таңбалай береді. Өйткені бұл жиын еткен Қаракұм алқабын негізінен Қаракесек ру-тайпалары мекендейтін. Осы халық құрылтайына шартаралтан жиналған жүртшылық өкілдері (төрелер, билер, рубасылар, өзге де түрлі шонжарлар, аксақалдар, батырлар, сарбаздар) өздерінен күші басым қаһарлы жауға жұмырықша жұмылып, бүкіл ел-жүргө болып бірігу жолымен қарсы тұрамыз деп бір ауыздан шешкен. Шешім аса қурделі, қайғылы-зарлы жан құйзелісі бүркәған ауыр ахлактық ахуалда қабылданды. Құрылтайда әуелде құйзелісті елдің үмітін үзе түскен күніреніс орнат тұрды.

Ақылман аксақалдың бірі мәселені тереңнен қозғап толғанған-ды. Қасым хан заманынан бері біз салт еткен ұстаным қандай еді деп ах ұғран... Ауыздан ауызға беріліп келеді – сонау ұлы әмірші бізді даала төліміз деген. Бізде қымбат мұлік жоқтығын айтқан. Біздің бар бай-лығымыз – жылқы, сол кезде де, қазір де біз үшін жылқының еті мен терісі ас әрі киім, сүті сусын. Әлі күнгі қөніл көтерер орнымыз – мал жайылымы, жылқы үйірлері. Қашаннан ат көрінісіне сүйсінетінбіз. Бұғінгі жау бізді атам заманынан ұстап келе жатқан осы салтымыздан айырды. Атамекенімізден тықсыруда. Жер-суымызды басып алуда... жүргөт босып кетті. Қайтіп жан сактаймыз? Елдігіміз қайда қалмақ? Дүшпан атының тұяғты астында тапталыш қала береміз бе? Оп-оңай жан бере саламыз ба? Әлде бір актық серпілісімізді көрсетеміз бе? Балалар жолына салсак, күрескен жөн. Қасық қанымыз қалғанша соғысу ләзім. Елімізді, жерімізді, ата-ана, әйел, қыз-келіншек, бала-шагамызды, бір-бірімізді, ошағымызды бір женен қол, бір жағадан бас шығарып қорғаған дұрыс болмак. Бірақ қайтіп? Не істеу керек бізге қазіргі аса ауыр жағдайда? Жан-жақтан ат сабылтып Қарақұм құрылтайына келген ағайын, осы жайында келелі кеңес құрайық дегенді айтты. Жыны барысында түрлі дауыс шықты, торықкан пікір естілді. «Тоз-тозы шыққан ел-жүргтты сактау үшін, тым қарсыласа бермей, қалмақ қонтайшының мейіріміне үміт артайдық, – деді әлдебір бас адам қояңқурек қорқақтық көрсетіп, – сонда қалған мал-жанымызды аман алып қалармыз, бұдан арғы өміріміз қауіпсізірек болар». Тап сондай көніл-қүйдегі екінші біреуі: «Кой, кетейік бұл жақтан, Еділ асайық, шалтайға қоныс аударайық, пәлевден сойтіп кашып құты-

лайық», – деп, үрэй үстіне үрэй косып жатты. Оны үшіншісі: «Алысқа үдере көшіп неміз бар, жан-жаққа, сексеуіл арасына қоянша бытырай шашылып кетсек те болмай ма, тоңтальып карсылық көрсетпесек бізді жау іздей де, ала да қоймас», – деп толыктыра түзетіп жатты.

Осынау жеңіліске бейіл тоptың айтқандары құрылтайға үміт арта келген көпшіліктің ой-пікіріне кобалжу кіргізгендей болды. Халық жинальсынын шақырудың бел ортасында жүрген Әбілқайыр баһадүр мұндайды күтпегендіктен түйіліп отыр еді, бір кездे наизагайша жарқ етіп, қамыққан жұрттың еңсесін күрт көтерген жәйт орын алды. Ортага Бекенбай батыр жұлқына шыкты. Тәуке ханның ақылымен үй-ысқан Жетіру бірлестігінің Табын руын басқаратын, ержүректігімен ел аузына көптен ілігіп жүрген батыр, жігіт ағасы. Ол мәжіліс құрған жүртшылыққа айнала қарап, қатты айттыс үстінде киімінің өнірін айырып жырттып жіберді. Қылышын қынынан суырып алып, кеңеске жиылғандар алдында үйіре көтерді де, үздіге сөйлеп, жан айкайга басты: «Дұшпанымыздан өш алуымыз керек! – деді ол эмоцияға толы жарқын да қоздыргыш дауыспен. – Талқаны шығып тоналған көштеріміз бен тұтқынға түскен ұрпағымыздың кор болғанын шара-сыздана бақылаумен шектелетін бейшара болмайық! Біз кек қайтаруга тиіспіз! Қолымыздан қаруымызды тастамай, қылышымызбен дұшпанымызды шауып тұрып жан тапсырайық! Қылшак жазығындағы, ата-бабамыз аунап-қунаған осынау қазак даласы тесіндегі сарбаздар қай кезде жүрексініп еді! Мен қолымды жау қанына малғанда – мына сақалға ақ кірмеген еді гой! Енді мен пұтқа табынған жабайылардың өктем зорлығын жайбарақат қабылдай бермекпін бе?! Шүкір, табындарымызда сәйгүліктер жеткілікті, шайқасқа мінетін мықты тұлпар азайған жоқ! Белдегі корамса өткір сүр жебеден ортайған жоқ! Керулі садақтың қуатты жағы серпімділігін жоғалтқан жоқ! Қылыш майрылған жоқ! Шайқасамыз!» Бекенбай батырдың осынау жүрекожарды сөзі жеңілуге мойынсұнғандарға елтігендердің көніл-күйін шапшаш өз жағына бұрып алды. Жер-жерден жиналған рулар мен аталақтардың басшылары, аксақалдар, билер мен сұлтандар бірінен соң бірі сөйлеп, қазақ жер-суынан жауды күшп шығуды, қайткенде жеңіске жетуді мақсат еткен сөздер айтты.

Құрылтайға жаңа серіпін енді. «Күп алдым Бекенбай батырдың сөзін!» – деп жария етті ел ағаларының бірі. «Ант етем жаудан өш алуға!» – деді екіншісі оны қостап. Осылай, салтанатты ант беру рәсімі кенеттөн басталып кетті де, жылдам үлгая түсті. Бір жігіт ортага суырыла шыкты да, сапсысын кекке көтере жалаңдатты. Содан соң білегін тіліп жіберді. Бұрқ етіп аккан қанды ортада жанган ала-

уга тамызып тұрып: «Ант ішем!» – деген сөздермен, білегін отқа кептірді. Оның ұлғасін қолдагандар көбейді. Жігіттер қанды білектерін түйістірісті. Төс қағыстырысты. Ата жаудан корғану, туған жерді азат ету баршаның есіл-дертін алды. Ант бермеген жан қалмады. Бірі ортага акбоз ат жетектең экелді, төрдегі ақсақалдан бата сұрады. Бата берілді. Құран оқылды. Жылқы бауыздалды. Құрылтайға катысушылар арнағай сойылған акбоз аттың етін асып жеп, құрган одактарының табанды да мыкты болмагын айтып жатты.

Жер шалғай, Тәуке хан алыста. Ұлы ханының өз келісімі бар. Ол бұдан бұрын аймақтарды басқаруға өз өкілдерін тағайындаған, кейінгі жылдары жаңа жағдайды ескере отырып, әр аймақтың өз ханының сайлауды кош көрген. Бұдан бірер жыл ілгеріде, шығыс аумақтағы жүртты басқаруға Тәуке ханының батасымен Қайып хан сайланған болатын. Оған Орта жұз бен сол жақты мекендейтін Кіші жүздің бір бөлігі қарайды. Сол шамада Ұлы жұз Абдолла ханды таққа отырғызып алды. Енді осынау құрылтайда, осынау кеңейтілген билер кеңесінде Кіші жүздің ханының сайлап алғандары орынды болмақ.

Хан лауазымына күні кеше башқұрт тағында болып келген, жорықтарда жиһангерлік жақсы аты шығып жүрген Әбілқайыр баһадурді сайлау ұсынылды. Құрылтай мүшелері бұл ұсынысты қызу қолдады. Сұлтандар мен билер Әбілқайыр баһадур сұлтанды ақ киізге отырғызып, жұртшылық алдынан алып өтті: хан көтерді. Табын Бекенбай батыр халық жасағына жетекшілік ететін сардар ретінде танылды. Осылай, ойраттардың үдей түскен агрессиясына жауап ретінде, қазақ елінің батысыныңдағы елкеде мемлекет ішіндегі жаңа әкімшілік бірлік – өзінің әскері болатын Әбілқайыр хандығы пайда болды. (Бұл – Жошы әuletінен шыққан II Әбілқайыр. Бұдан бұрын айтқанымыздай, I Әбілқайыр Ақ Орда әміршісі Барак хан қаза тауып, Ногай Ордасы бөлінген соң, Ақ Орданың калған бөлігінде құрылған «Әбілқайыр хандығын» билеген). Хандыққа Кіші жүздің Әлімұлы, Байұлы, Жетіру бірлестіктерінің көп бөлігі кірді, Орта жүзден қышишақ пен найман руларының біраз бөлігі енді. Ел ішіне көтеріңкі көңіл-күй орнады. Басқыншыларға тосқауыл қоюға жұрт тас-түйін әзірленді. Өкілдері құрылтайға катысқан аймақтардан және құрылтай шешімін естіген өзге жерлерден де сарбаздар отан қорғайтын жорықтарға сайланған бастады. Ауыл-ауылда ұсталар, шеберлер, ісмерлер іске кірісті. Қару-жарақ дайындағы. Дұлыға, славыт тігіп, жебе, садақ, айбалта, қылыш, шоклар соғып жатты. Жұмыс қызды.

Таққа отырған бетте Әбілқайыр хан көптеген өзекті мәселелермен бетпе-бет келген еді. Құрылтайдан кейін іле-шала өткен Қарақұм

шайқасы казактың отаншилдығы, намысы жоғары екенін көрсетті. Дүшпанды ұйымдастан түрде түре куды. Алайда Еділ қалмактары мен Жайық казактары, тіпті күні кеше мұдделерін өзі арапарына барып корғасқан башқұрттар да елдің терістігі мен терістік-батысындағы құнарлы жер-сұға, Еділ-Жайық аралығына, Ыргыз, Тобыл өзендері алқаптарына сол алапат ұрыстан кейін де ұдайы көз алартып, әлсін-әлсін казактармен қақтығысып қалуларын доғармай тұрған. Ал онтүстікте Цеван Равданың жонгарлары тегеуірінді жорыктарын тоқтата қоймаған еді. Осында күрделі ахуал салдарынан Эбілқайыр бірнеше бағытта бір мезгілде әрекет ету жолдарын ойлауға мәжбүр болды. Халқы оны түсінді, колдады. Әр атадан іріктелген жігіттер атқа қонды. Сонда Эбілқайыр хан мен Бекенбай батыр бас болып, аз уақытта қалмакты Каракүм алабынан асырды. Жем өзеніне куды. Жайықтың аргы бетіне дейін тықсырды. Сарысу өзенінің сыртына қашырды.

Эбілқайыр ханының қалыптасқан жағдайға байланысты тастаған ұранына Қайып хан мен Абдолла хан өз үндөрін косты. Табын Бекенбай батыр бастаған қаһарман сарбаздар қатарына ел ішіндеңі Тама Есет батыр, Кошқарұлы Шақшак Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай сынды ондаған айтулы батырлар қосылды. Солар бастаған сарбаздар азаттық үшін алышып, дүшпан жасақтарын елден күшпі шықты. Жоғалтқан көші-кондық жерлерін, шұрайлы жақсы жайылымдарын қайтарып алды. Қазак хандығының әскери 1711–1712-ші жылдары жонғар басқыншыларына тойтарыс берумен, оларды хандықтың жер-сүйнен аластан, шығысқа ығыстырып тастаумен ғана шектелмей, олардың еліне – Жонғарияға басып кірді. Сәтті жорық жасап, олжала оралды. Ойраттардың қарымта қайтару мақсатымен 1713 жылы жасаган қарсы шабуылын да жеңіліске ұшыратты. Арага аз уақыт салып, жонғарлардың қазақ елімен шектесетін ұлыстарын тағы шапты. Содан кейін бірнеше жыл бойы қазақ және жонғар елдерімен екі арада ұсақ қақтығыстар ғана орын алыш түрді. Біраз уақыт тыныш өтті. Цеван Равдан қонтайшы эзірге қазақ еліне үлкен армиясын бұра қоймады. Оның ірі шабуыл жасамауының бір себебі қытаймен екі арапарында жаңа соғыстың басталуында жатқан. Ойраттардың негізгі әскери күші Цин-Қытай империясы әскерлеріне қарсы соғыска жұмылдырылған болатын. Бұл 1715 жыл еді. Қазактарға ішкі жағдайды тұрктаңдырып, нығайта түсү мүмкіндігі туды.

Осы ретте ұлан-тайыр Ұлы дала тәсін алыш жатқан қазақ елін замана дауылдарына төтеп беретіндей дәрежеде дамытып, басқара алууды көздеген жаңа жүйенің енгізілгені онды болғанын айта кету ләзім.

Жұздер өз араларында әлдебір басымдыққа қол жеткізуді ешқашан мақсат еткен емес, бір де бір рет өзара қактығыстарға барған жок. Керісінше, аралас-құралас, ағайынгершілікпен құн кешті. Ал қажеттілік тұғанда, ру-тайпалардың бәрі үш жұздің біріккен әскеріне сарбаз берді, сыртқы жаудан бірлесіп корғанудан еш уақытта бас тартпады. Тәуке хан мен оның үзенгілестерінің жоғарыда айтылған нәтижеге жеткізген саяси творчествосы шын мәнінде ел ағаларына лайық данышпандық пен көрегендікті танытқан еді. Алайда әбден қартайған Тәуке хан өзінің осынау реформасы мүмкін еткен жаңа тарихи жағдайдағы елін үзак басқара алмады. Ол 1715 жылы дүние салды. Сүйегі Қожа Ахмет Йассауи күмбезі жаңындағы қазак хандары пантеонында мәнгі тыншуга қойылды. Бұл кезде замана қазак еліне жаңа сындарын әкеле жатқан. Тарих ғылымында қалыптасқан көзқарас тұргысынан қарасақ, Тәуке хан қазак елінің тарихындағы хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңнің ең соңғы және ең кеменгер ханы бола білді, ол қайтыс болғаннан кейін біртұтас мемлекеттің де тарихы аяқталды, сейтіп, қазак елінің әр жүзіндегі кіші хандықтардың тарихы басталды – кәсіби де, әуескій да тарихшы біткен бүгіндері осылай санайды. Әйтсе де, белгілі бір дәрежеде жаны бар болғанмен, бұл соншалыкты әділ тұжырымға жата қоймаса керек. Біздің ойымызша, Тәуке хан тұсында қазак хандығының конфедеративтік сипатта даму кезеңі басталды деу әділ болмак. Ал ол қайтыс болғаннан соң бұл жоба қандай үдерістерді бастан кешті – бұл алдағы әңгімелер үлесінде...

XIV. АЛАПАТ АПАТ ҚАРСАҢДАҒЫ ЖАҒДАЙЛАР

Қарақұм құрылтайынан кейінгі жылдары Әбілқайыр ханның әскери жасактары терістік-батыс шекараны корғауга батыл кірісті. Еділ қалмақтарымен, Жайық казачествосымен, тіпті башқұрттармен де жиі-жі шайқасып қалып жүрді.

Әбілқайыр ханның өзі де әлсін-әлсін ел тыныштығын бұзушыларға карсы шабуылдар жасап қоятын. Қазан қаласына дейін барды. Жайық қалашығын айдан астам уақыт бойы қоршауга алып тұрды. Онтүстік Орал, Еділдің орта ағысы және Сібір аймактарындағы қазак елімен шектесетін жерлерде өте шапшан, жұлдызыша акқан тұлпарлармен шапқан қазак сарбаздарының көрінуі патша әкімшіліктеріне

едәүір кобалжу туғызды. Жігіттердің патшалық жеріне терең сұғына жорықтар жасауы Астрахан, Қазан, Сібір губерниялары әкімшіліктегіне коркыныш туғызып қана коймай, солардың бас қолбасшысы Әбілқайыр ханнын есімін әбден танып алды. Ресей губерниялары мен Қазақ хандығы арасында елшілер толассыз жүріп жатты. Екі жақтан алынған тұтқындарды босатудың яки өзара алмасудың жолдарын келісу, қазактар мен ресейлік бодандар (Жайық және Сібір казактары, қалмактар, башқұрттар) арасындағы әскери қақтығыстарды, түрлі өзге де киқілжіндерді шешіп, ретке келтіру, сондай-ақ сауда-саттық байланыстарын дамыту, қөпестердің қазақ халқы ішіне баруына жағдай туғызу, дала үстімен өтетін сауда керуендерінің қауіпсіздігі мәселесін шешу – келіссөздердің негізгі тақырыптары болды.

1715 жылы Түркістанда Тәуке хан дүние салды. Қазактың бас ханын арулап коюға үш жүздің де хандары, кейбір қалалардағы кіші хандардың бәрі, сұлтандар, билер мен ел ішіндегі өзге де бас адамдар түгел қатысты. Қаралы астана кейінгі мәслихатта ел басқару тізгінін кім ұстайтыны талқыланды. Қазактың көне заманнан келе жатқан жасы үлкенді сыйлау хақындағы жол-жорасына сәйкес, жалпықазақ әміршісінің өкілеттіліктері хан тағында отырған мерзімі мен жасы есепке алынып, жүздердегі хандардың біріне берілгені жөн деп шешілді. Солай таңдалған аға хан ез аймагындағы билігімен коса, басқа әріп-тестерімен ақылласа отырып Әз Тәуkenің міндетін атқарсын, сондай тәртіп ел бірлігіне тиімді қызмет етеді деген үйғарымға тоқтасты. Сөйтіп, қазактың аға ханы ретінде Тәуkenің көзі тірісінде ең бірінші болып шығыс өлкеде хан мәртебесіне көтерілген Қайып хан танылды. Осы оқиғаның артынша, сол 1715 жылы, бұл жайында Әбілқайыр хан орыс патшасының Тобыл (Тобольск) қаласындағы сібірлік әкіметтіне хат жазып хабарлады. Қайып ханның өзі де Тобылдағы губернатор әкімшілігіне жіберген арнайы елшісі арқылы хат жолдан, Әз Тәуkenің ізбасары болғанын баян қылды.

Сібір аймагы әкіметінің басшылығына тағайындалған Матвей Гагарин губернатор қызметіне 1711 жылы кіріскең-тін. Ол мұнда Қайып қаза тауып, Әбілқайыр аға хан болған 1719 жылға дейін істеді. Губерния әкімі кезінде Тәуке ханмен, Қайып ханмен, Әбілқайыр ханмен хат жазысып, елшілерін қабылдап, өзі де оларға елші жіберіп, жиі байланыс жасап тұрды. (Ол ертеректе Нерчинскіде воевода болған. Тобылда губернатор лауазымында отырғанында Сібірдегі обаларды қазғызып, көне заман көсемдерімен бірге көмілген алтын бұйым, әшекейлерді жиып алған да, I Петрге жіберіп тұрған. Мәскеу мен Петрборда зәулім сарайлары бар, Ресейдегі ең бай адамдардың са-

натына жататын. Губернатор шағында Қытаймен жасырын сауда-саттық жасаганы, Сібірден үкіметке төленуі тиіс алым-салықты кем бергені, тіпті Сібірді дербес мемлекет ретінде бөліп алмақ ойы бары анықталған да, Петр патша оны 1721 жылы сыйайлас жемкор ретінде Санкт-Петербургте дарға астырган. Елдегі өзге коррупционерлерді үрейлендіру үшін, мәйітін бірнеше ай бойы дарға асулы тұрган күйі алаңнан алаңға көшіріп, ел назарына ашық көрсетіп койып отырган деседі). Гагарин аталған хандардың үшеуіне де жонғар қонтайшысының Қазак хандығын жауап алуды көздейтін орасан зор жоспары бар екенін айтып, орыс патшасынан қолдау іздегендері жөн деген мағынада кеңес берген. Егер олар Ресей мемлекетіне бағынар болса, аталмыш жаудан корғануларына өзінің көмектесе алатынын айтқан. Алайда жеме-жемге келгенде олай етпеді. Кайып хан мен Әбілқайыр хан жонғарға карсы орыс әскерімен бірлесіп жорық жасау жайында 1717–1718 жылдары ұсыныс білдірген, бірақ қолдау таппады. Өйткені орыс үкіметі, шындал келгенде, Жонғарияның әлсірегенін қаламайтын. Ресейге бұл көшпенді хандық сол шамада күшейіп келе жатқан Цин-Қытай империясына қарсы күш ретінде қажет еді. Эрі, жонғарлар да, Еділ бойындағы калмақ туыстары секілді, орыс патшалығының бодандығын қабыл етер деп те үміттепетін. Соңдықтан Гагарин казақ хандарының жонғарға қарсы бірлесіп қымыл жасау жайындағы накты ұсынысын құрғак уәдемен алдаусыратып, әскери көмек сұраган өтінішіне сырбытпа жауап берумен шектелді. Ал орыс үкіметінен әскери жәрдем ала алмаган казақ армиясы 1917 жылғы жазда Аягөз өзені манында қалмақтардан ойсырай женилді. Бүгіндегі бұл жәйтті тарихшылар Қайып хан мен Әбілқайыр ханның алауыздығы салдарынан орын алды деп бағалауға құлаған...

Шығыста Цеван Рабдан қонтайшы орыс экспансиясына азу тісін көрсетіп қалып жүрді. Гагарин Сібірге әкім бол тағайындалар карсанда, I Петрдің жарлығымен Бие және Катун өзендерінің күйілісінде қазіргі Бийск қаласының орнына 1709 жылы Бикатун қамалы салынған болатын, жонғарлар соны жаңа әкім тұсында тас-талқан еткен. Одан олар Петр патшаның Ертіс аймағынан алтын іздеуге аттандырған экспедициясын жойған. (Подполковник Бухгольц басқарған үш мың адамдық экспедиция 1715 жылы Тобылдан шыққан еді, оны жасақтауга Гагарин жауапты болатын. Экспедиция сәтсіздікке ұшыраған соң, оны жорыққа дайындауды ұйымдастыру жұмысын нашар жүргізген деп, үкімет Гагаринді айыптаиды). Экспедицияға қатысушының біразы тұтқынға алынған-ды. Тұтқындар ішінде швед артиллерия сержантты Юхан-Густав Ренат болатын. Ол 1709 жылғы

Полтава шайқасы кезіндегі соғыс тұтқыны еді, содан орыс әскерінде қызмет етіп, патшалықтың шығыс шегінен бір-ак шықкан. Ренаттың қолға түсуі Жонғар хандығы үшін нағыз олжад болды. Ол хандыкта 17 жыл қызмет етті. Зенбірек құятын зауыттар салды. Кең өндіру зауыттарын ашты. Оқ-дәрімен атылатын кару-жарак жасауды жолға қойып берді. Өстіп, жонғар тұтқынында жүрген ресейлік әскери адамдардың арқасында, Жонғар хандығында соғыс өндірісі пайда болды. Хандыктың әскери күш-куаты артты.

Мұның I Петрді алаңдатып, ойландырғаны сондай, мәселенің насырға шабуы ықтималдығының алдын алу үшін, 1716 жылы Цеван Рабданға арнайы елші жіберуге мәжбүр болды. Соғын казактар мен солдаттар қайтадан Ертіс бойымен жоғары өрлей бастады. Олар әр басқан жерлеріне қамалдар салып, салған бекіністеріне қарулы гарнизондар қалдырып отырды.

Ал жонғар контайшысы орыс сынды күшті қарсыласпен тікелей айқаса кетуден тартынды. Әскери текетіреске барудан, соғысдан қашқандықтан, орыс экспедициясының шығыска қарай тек Ертіс бойымен жасаған экспансиясына көз жұма қарады. Ертіс пен Обь арасында көшіп-қонып жүрген Алтай көшпенділерін ішкі аудандарына қоныс аудартты. Сыртқы саяси жағдай күрделі сипат алғандықтан, хандығына қарайтын аумақтың біразынан айрылуға тұра келді. Дегенмен Жонғарияның өз ішінде халықтың тығызы болуын қамтамасыз етті. 1715 жылдан бері жонғарлардың негізгі әскери-соғыс қымылдары екінші ойрат-цин соғысы майдандарына ауысқан болатын. Ал 1717 жылдан бастап соғыс Кукунор (Кек кел) аумағы мен Тибет жерлерінде жүріп жатты.

Кукунор хандығы Тибеттегі буддизм орталығының үстінен қарайтын, ал бұл Цин-Қытай билеушілері үшін – жол беруге болмайтын жэйт еді. Сондықтан олар өз әскерін солай қарай бағыттап, 1719 жылы Тибетке басып кірді. Оның алдында ойраттар Тибетті басып алып, Лхасаны талан-таражға түсірген. Енді өздеріне соғыс аша келген циндік әскерді талқандады.

Сонда Цин-Қытай императоры Канси Тибетке арнайы әскери экспедиция жіберіп, ойраттардың сондағы хандығын 1720 жылы мұлдем жойды. Одан Хами, Түрлан алқаптарын алды. Жонғар хандығына кіруге дайындалды. Тибеттегі жеңісті шеруінің жалғасы ретінде, 1720–1721 жылдары Шығыс Түркістанға жорық жасады. Үрімшіні басып алды.

Жері мен қаласын өзіне қайтару үшін жонғарларға үлкен күш-жігер жұмсауға тұра келді. Осы шакта Кара Ертіспен жүзген Ресейдің

экспедициялық күштері Жонғарияның тап ортасынан шыға келді. Жонғарлар олардың өзен бойымен ілгерілеуін көрмегенсігемен, тап мұнысын күтпеген болатын. Онсыз да циндермен, халхалармен, қазактармен соғысып жүргендіктен, енді орыстармен арада жана майдан туусы олар үшін мұлдем қолайсыз еді. Сондыктан Цеван Рабдан шұғыл аттандырған елшілік I Петрge көмек сұрай барады, алайда он нәтижеге жете алмайды.

Сол 1721 жылы I Петр Солтүстік соғысында жеңіске жетіп, ел аумағын Балтық теңізі жағына қарай көңейткен. Содан соң патшалықты империя, өзін император деп жариялаған. Ал сенат императорға Ұлы Петр деген атақ берген. Жаңа мәртебе Ұлы Петрge ұлан-ғайыр жаңа жоспар жасатты. Ол онтүстік-шығыс бағытка назарын тікти.

I Петр 1722 жылдың басында Жонғар әміршісі Цеван Рабданға арнағы елшілік аттандырды. Құрамында геодезия және тау-кен ісі мамандары бар, яғни ғылыми сипатты бұл экспедицияны артиллерия капитаны Иван Унковский басқарды. Унковский басқарған осынау елшіліктің алдына тек қана қонтайшымен дипломатиялық көліссөздер жүргізу ғана емес, сонымен бірге Сібірден Орта Азияға баратын өзен жолдарын зерттеп, алтын кенін іздей кайту міндеті қойылған болатын.

Миссия керуені ерте көктемде Тобылға келді, одан жалпақ табан қайыктарға мініп, Ертіс бойындағы Семейге, сосын Ертістің сол жақ саласы Шар өзені аңғарымен Қалба қырқаларына барды, үлкен қындықпен қалып қарлы Тарбагатайдан асты. Еміл өзенінен өтті. Содан кейін Алтын-Еміл қырқаларымен жүріп, күзде Жонғар қақпасы арқылы жазыққа шықты, тағы біраз жер-суды артқа салып, 1722 жылғы қараашаның соңына қарай Іле өзенінің орта ағысындағы қонтайшы ордасына жетті.

Бұл кезде Цеван Рабдан қытай қатері және қазақ елін шабу жайын ойластырып отырган...

XV. АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАҚӨЛ СҰЛАМА...

Жонғар хандығының әміршісі Цеван Рабдан қонтайшы цин-қытай армиясына карсы тұру шарапаларын жасаумен катар қазақ еліне жаңа шапқыншылық жасау жоспарын да ойластырып отырган шактағы,

яғни қайғы-қасіреті ұшан-төңіз әйгілі апат қарсанындағы қазак елінің басқарылу құрылымын шола кетейік.

Кейінгі жылдарғы беделді зерттеушілердің ғылыми айналымға қосқан соны мәліметтеріне қарағанда, Ұлы жүзді 1720 жылдан бастап Абдолла ханның ұлы Жолбарыс хан басқарып тұрган. Оның ордасы, әкесінің мұрагері ретінде, Ташкентте болды. Жазғы қөшпелі ордасы Шыршық, Арыс өзендері аңғарларында көшіп-қонаатын жайылымда-рында, сондай-ақ Ташкент пен Түркістанның арасында тігіліп жүрген. Тәуке хан 1715 жылы дүние салып, Қайып хан аға хан мәртебесіне кө-терілгеннен кейін, шамамен «Ақтабан шұбырынды, Алқакел сұлама» қасіреті басталған жылға дейін, Орта жұз аумағында Тәукеұлы Болат хан, одан оның інісі Сәмеке хан билік жасады. Қоғтен қалыптасқан ұғым бойынша – Болат хан Аңырақай шайқасы кезінде, яғни 1729–1730 жылдардың бірінде өмірден өтті, Тәуке ханнан кейінгі ұлы хан сол болған делінеді. Алайда ғалымдардың килемдереккөздерді зерт-тей келіп қорытқан бұлтартпас тұжырымдарына қарағанда, Болат хан жонғарлардың 1723 жылғы шабуылы шағында, яки содан көп ұзамай дүние салған. Эрі Тәуке ханнан кейін сайлау өткізілген жок.

Он шақты жылдан бері Орта жүзде әмірші боп келе жатқан Қайып Әз Тәуkenі жерлеу рәсімі кезінде аға хан ретінде мойындалған. Тәу-кенің баласы Болат ұлы хан болған емес, ол әкесінің ордасында тұра берген, бірақ Орта жүзді басқарған. Билікті белгілі бір кезенде інісі Сәмекемен бөліскең. Болат хан өмірден өткеннен кейін, 1724 жылдан бастап Орта жұз ханы Сәмеке болды.

Дегенмен мұндай ахуалға – Қайыпқа аға хан мәртебесі берілуіне – сұлтандардың бәрі бірдей келісे қоймаған да, ішкі ырың-жырың өрши берген. Соның салдарынан бакталастары, ақыры, 1718 жылы Қайып ханды өлтіреді. Барлық кіші хандар мен сұлтандар 1719 жылы Түркістанда тағы да бас қосады. Ойласа келе, батырлығымен, қол-басшылығымен көпке танылған, баршасынан хан тағында отырған мерзімі де ұзак, жасы да үлкен, ел басқарудағы тәжірибесі де мол, 1710 жылдан Кіші жұз бен ішінара Орта жүздің бір белгінің ханы болып келе жатқан Әбілқайыр баһадүрге аға хан тізгінің бергенді қош көреді.

Әбілқайыр үлкен ордасын Арап теңізі аймагынан жалпықазақ аста-насы Түркістан шаһарына көшіреді. Отбасы мен жакындарын (екі әйелін, төрт ұлы мен екі қызын, ересек інілерін және өзге де жақын ағайындарын) сонда орнықтырады. Хан қазынасына Түркістан мен Ташкент және оларға қарасты қалашықтар мен ауылдардан белгілі дәрежеде табыстар тусіріп тұрады.

Бұл кезде қазак-ойрат шекарасы, ұсақ қактығыстарды есете мегенде, біршама тыныш болатын. Өйткені жонғарлар екінші ойрат-цин согысына күлігіп, сол шақта қытай эскерінің шабуылдарынан қорғау мәселесімен бас қатырып жүрген. Сол себепті Әбілкайыр хан бұл жаққа аса алаңдамай, елдің терістік-батысына назар аударды, себебі ол тарап мазасыз болатын. Сондықтан ол 1720 жылы атқа қонып, алдыңғы тарауда айтылғандай, орыс патшалығымен шекарадағы жорықтарын жалғастырған. Женісті шеруімен Қазан губерниясына төрендеп, таза орыс үйездеріне жетті. Тұтқындар алып, соғыс олжаларын өз еліне карай асырды.

Ал онтүстік пен шығыс аймақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетті Ұлы жұз бен Орта жұз билеушілерінің күзырында кала берді. Алайда онтүстік пен онтүстік-шығыска шоғырланған торе туқымдарының ел тұғастығының шарты хақындағы түсінігі ала-құла, тиісінше ауызбірлігі кем болды. Олар өзара бакталастықпен жүріп, елдің корғаныс қабілетін арттыру шараларын ойластыра қоймады.

Тап осы жәйт жонғар қонтайшысы Цеван Рабданға 1640 жылғы «Дала ережесі» орайындағы ұлы жоспарды орындауга қолайлы көрінетін. Ол ордасына Ресейден Унковский елшілігі келген кезде туыстарының сонау Еділ бойындағы хандығы орналасқан аумаққа дейінгі өз елі іргесінен басталатын алып аралықты күзырына қаратып алу жайын пайымға салып отырған. Қазак елін бағындыру арқылы көшпендерілер империясын жаңғырту, сондай жолмен шығысы мен онтүстігіндегі цин-қытай, терістігіндегі орыс мемлекеттеріне еркін төтеп беру дәрежесіне жету – ойраттардың өзіне дейінгі басшылары секілді, мұның да көзлегені еді.

Жауынгерлік қабілеті зор жасақтарына сенгендіктен де, Цеван Рабдан қуатты Қытаймен жаңа аскери қактығыстарға барып, үнемі соғыс жағдайында болудан тайынбаган. Бірақ әйтеуір ебін тауып, мұлдем жеңіліп қалудан аман жүрген. Сондай жағдайда терістігінен тагы бір қатерлі де күшті орыс сынды көрші бой көрсеткенде, саясатында жағдайға орай амал қолдануға мәжбүр болған еді. Сондықтан да 1721 жылғы кыркүйекте I Петрge елші жіберген. Елшісі арқылы жолдаған хатында қонтайшы өз хандығын қаһарлық қытай шабуылынан қорғауды орыс патшасынан өтінген. Егер Петр патша Жонғарияны өз қорғауына эм камкорлығына алса, ол Қалмақия әміршісі Аюке хан тәрізді Ресейдің сенімді боданы болып тұруға уәде беретінін хабарлаган. Ресейліктерге өз хандығы аумагынан алтын, күміс кендерін іздеуіне рұқсат ететінін айткан. Тиісінше, жонғар қонтайшысының осы өтінішіне орай, мәселені пысықтау үшін, орыс императоры оған

арнайы елші жіберетінің білдірген. Міне сол уәдеге сай жасақталған I Петр елшілігі Иван Унковскийдің басшылығымен 1722 жылғы 20 қарашада контайшы ордасына жетті. Сонда қыстады.

Ұлы Петрдің бұл көшпендейлер империясына деген ықыласты мейірі атап айтыла келе, осынау жауынгер жүртты заманауи озық қару-жаракпен қамтамасыз ету жолы, сейтіп осынау жау жүрек жонғарларды протекциясына қабылдау шартты жайында елші лауазымындағы артиллерия капитаны Унковский мен контайшы Цеван Рабдан арасында ұзаққа созылған мәмілегерлік және іскерлік әнгімелер басталды.

Жонғар әскерінің соғысу қабілетін арттыруға бағытталған нақты істер қызу жүріп жаткан шакта, өзара келісімдер жасап отырган екі тарапқа да көрші және екеуі үшін де қауіпті Қытайдың ұзақ жылдарғы басшысы император Канси (боғыхан Сюань Е) дүниесінде салды. Ол күллі Қытайды билеген манчжурлық Цин әuletінің төртінші өкілі. Алты жасынан таққа отырып, елді алпыс бір жыл билеген. Қытай тарихында ен ұзақ уақыт император болған әмірші. Сол мерзім ішінде лауазымына орай алған есіміне сай («Канси» – «Гүлденіп келе жатқан және жылы шұғыла шашқан» деген мағына береді) халқын жаксылыққа бөлеп, сәттілік символына айналған билеуші.

Осы император Кансидің кезінде Қытайдың қуаты ете артқан. Одан қаншама жасқанбай шайқасып жургенмен, екі арадағы соғыстар тубі Жонғар хандығына елеулі қатер төндіріп тұрганы айқындалып келе жатқан. Сондыктан да жонғар контайшысы орыс патпасына үміт арта қараған. Бірақ Цеван Рабдан орыс қамыттына мойнын тығып үлгерген жоқ – Унковскийдің миссиясы келгелі бір ай болғанда, 1722 жылғы 20 желтоқсанда император Канси қайтыс болды.

Бұл оқиға контайшыға біршама тыныш экелді. Өйткені Қытай тағына Кансидің 64 әйелінің бірінен туған 44 жасар баласы, ұлы князь Юн отырган. Ұлы князь Юн боғыхан Кансидің аманатына қупия өзгерту енгізу жолымен, билікке заңсыз келген деп санауды. Солай ойлаған көптеген туысқандарымен текетірес жағдайға түскен жаңа император ішкі күресті қайткенде өз пайдасына шешуге тиіс еді. Сондыктан ол ойраттармен созылмалы жағдайда тұрган соғысты тоқтата тұруға мәжбүр болды. Контайшы Цеван Рабдан мен император Инь Чжень (Юнчжэн) екеуі бітім жасасып, достық жағдайда қарым-қатынас жасап тұру жайында келісімге келді.

Осы жайт оның Қытайдан корғану мақсатында жасақташ жатқан әскерінің бағытын қазак еліне бұруға және Ресеймен құрмак байланысының мазмұнын алғашқы сипаттынан өзгертуге алып келді. Ол Ресей бодандығын Аюке үлгісінде қабылдаудан да, қытаймен шека-

расына орыс қамалдарын салдырудан да тайқыды. Эйтсе де, дипломатиялық көліссөздерін амалдан соза түскен Унковский өзінің бастап әкелген елшілігімен Жонғарияда қытайды. Сосын, 1723 жылдың наурызынан қыркүйектің екінші жартысына дейін, қонтайшымен бірге Іле алқабында және Ыстықкөлге шығысынан құятын тау өзендері анғарында көшпі-конып жүреді.

Ол Ұлы Петрдің тапсырмасын орындауға жаңын салды. Қонтайшыны Ресей протекциясына көшуге үтітеді. Оның иеліктерінде орыс гарнizonы тұратын қамалдар салуға келісімін алуға тырысты. Мұндай қадамның Жонғарияны Қытайдан сенімді қорғау үшін пайдалы болмағын дәлелдеді. Алайда Цеван Рабдан өзінің қытайлармен және қазактармен соғысуына қажет әскери қару-жарапты орыс патшасынан алуға келіскеңімен, орыс әскерінің кандай да тұрмен болсын елі ішіне кіруіне жол беруді ойнаға да алмайтын.

Әйткені сол уақытқа дейінгі Ресеймен татулық онайшылықпен келмеген еді. Орыстардың Ертіс алқабы мен Алтайды мысықтабандап, «ақырын басып отарлауы» салдарынан жонғар мемлекеті өз аумагының бестен бірінен айрылған. Сол ахуалға көнгендіктен ғана олармен бейбіт қатар өмір сүру мүмкін болып тұрған-ды.

Унковскийдің жүргізген көліссөзі кезінде қонтайшы даулы шекара мен алым-салық жайын қозғаған. Әзірге өз согыс өндірісі зенбірек құюды жолға койып үлгермелендіктен, осынау қаһарлықаруды орыс патшалығынан алушы мақсат еткен. Цеван Рабданның бұл пиғылыш на септесе тұра, Унковский миссиясы негізгі мақсатына қол жеткізе алмады. Ақыры, күз түсе, келген бағыттымен кері қайтты. Жонғар әскерінің қазақ еліне 1723 жылғы ерте көктемде, ақпан айында жасаған жойқын шабуылы және оның құш-куаты мен жорығының жеңісті нәтижелері жайындағы нақты деректерді Ресейге ала келді...

Қазақ еліне тұтқылдан шабуыл жасаған жонғар әскеріне Цеван Рабданның үлдары Галдан Церен мен Лаузан Шоно жетекшілік еткен болатын. Жорыққа әскери жәншықтары жақсы, зенбірек, ок-дәрілі мылтық сынды қару-жараптары мәс, жауынгер аттары желдей есken қалың қосындар катысқан еді. Жеті тұстан сыналай кірген жұз мың жауынгері бар бес каруы сай армия күрсілдегіп зенбірек атып, мылтықтан ок жаудырып, Шу және Талас өзендері анғарынан бір-ак шықты. Тасқын селдей тасып ағылған басқыншының атты әскеріне қарсы дәстүрлі қылыш-найзасымен батыл көтерілген қазақ жасақтары тоқсауыл бола алмады. Тосын да жойқын соққыдан катты шығынга ұшырады. Халықка корған бола алмай қалды. Қорқынышты қатыгездікпен астаскан шабуылдан ел есін жинай алмай, беті ауган жакқа

үдерे көшуге, тіпті үй-жайын, дүние-мұлкін, малдарын тастай қашуға мәжбүр болды. Жоңғарлар тез арада Ташкент, Сайрам, Түркістан, Со-зак, Құмкент, Саудакент секілді қазақ шаһарларын, ұзын саны 25 каланы басып алды. (Аңыздарда басқыншылардың талай руларды тұтасымен қырып жібергені айттылады. Қазак халқының тағдырындағы осынау аса қасіретті кезең тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен таңбаланды. Ел аузында сақталған мынандай: «Қаратаудың басынан көш келеді, Қошкен сайын бір тайлақ бос келеді. Қарындастан айырылған қызын екен, Қара көзден мөлдіреп жас келеді. Мына заман қай заман, қыскан заман, Басымыздан бак-дәулет үшкап заман. Шұбырганда ізінен шаң борайды, Қантардағы қар жауған қыстан жаман. Мына заман қай заман, бағы заман, Баяғыдай бола ма тағы заман. Қарындас пен қара орын қалғаннан соң, Көздің жасын көл қылып ағызамын», – деп келетін шекісіз қайғыга тұнған сөздері бар «Елім-ай» атты реквием-әнмен бедерленді).

Басқыншылық соғыс қазактардың тоз-тозын шыгарды. Ел тоналды. Жайылым мен егістік тапталып, босап қалды, қолөнершілер қаналды, сауда тоқырады, мал басы күрт кеміді. Жұрт бас саугалап босып кетті. Қос ұлы су Әму мен Сыр арасындағы отырықшылар да айтып-жеткізгісіз күйзеліске ұшырады. Аштыктың жайлаганы сондай, шежірлерде сақталған хабарларға қараганда, адамдар өліктерді жерлемей, жеуге мәжбүр болған. Байырғы Бұхара, Хиуа, Ферғана, Самарқанд босап қалған.

Әскерінің соғыс қымылдарын сәтті жүргізіп жатқаны хақында хабар тиісімен Цеван Рабдан Еділ бойындағы ойрат туыскандарына – Қалмақ хандығына жауши аттандырады. Өзінің әскери жорығының нәтижесінде қазактарды біржола жеңіп, алдағы уақытта Жайық пен Еділде Аюке ханмен бірге жайлауга шыгудан дәмеленетінін хабардар етеді...

XVI. АЗАТТЫҚ УШІН АРПАЛЫСУДЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ

Басқыншылардың қаракүрым әскері онтүстік аудандарға тобеден жай түскендей баса-коктей кіріп, ел-жүртты көл-көсір қайғы қасіретке душар еткен «Ақтабан шұбырынды» трагедиясының алғашқы айларында қазақ әміршілері катты есенгіреп қалған.

Дүшпан қазактардың басты саяси орталығы Түркістан шаһарын басып алды. Женіліске ұшыраған ел билеушілері канды шайқас бары-

сында қаланы тастан кетуге мәжбүр болды. Астанада тұратын басқарушы элитаның көшіп үлгермеген отбастары, солардың ішінде аға ханның бейбішесі, өгей шешесі, бауырларының әйелдері тұтқынға алынып, Жонғарияның ішкі ұлыстарына әкетілді. Ет-жакындарынан айрылу өз алдына, күлліқазақ астанасы мен өлкедегі оған жапсарлас отырықшы елді мекендердің басқыншы ойраттардың бақылауына өтуі ел ағаларын қатты қүйзелтті. Олардың жауға карсылық күресті үйымдастыру мүмкіндіктерін төмендетіп, жігерлерін жасытты.

Міне осында ахуалда солардың ішінен тез ес жиып, жағдайды айқын саралай білген және тиісінше мақсатты іс-әрекет үйымдастыра алған жалғыз ғана тұлға қазақтың аға ханы Әбілқайыр баһадүр болды. Ол Арал маңындағы ру-тайпалардың намысын жиып, жонғар агрессиясын қайткенде кері қағуды қөздейтін ахуал туғызды. Өзін содан бір мүшелден астам уақыт бүрін хан көтерген құмды өңірді мекен еткен баршаны отан қорғау ісіне жұмылдыра алды. Сондагы ел-жұрттының колдауымен қысқа мерзім ішінде қазақ және қарақалпак жігіттерінен жиырма мың сарбаздан тұратын қол үйымдастырып, жарақтандырды. Эскери өнерге баулыды. Шешімтал жорықта дайындауды. Сосын жер қайысқан қалың жасақтың басына өзі тұрып, жауға аттанды. Бірақ онтүстікті, онтүстіктегі қазақ елінің бас қаласын басып алған жонғарға емес, солтүстік-батыстағы қалмақ иеліктеріне қарай шапты.

Баһадүр хан ойраттардың екі қыырдағы мемлекеттері арасында жүріп жатқан байланыстардың түпкі мақсатын не өзінің түйсігімен болжап, не барлау ретімен жеткен түрлі хабарлар мен деректерді сараптау нәтижесінде, алдын-ала әбден біліп алған болатын. Қалмақ ханы Аюкенің жонғар қонтайшысы боп отырган қүйеу баласы ға көмектесуге тырысатыны құмәнсіз еді. Еділдің төменгі ағысындағы қалмақ пен оның Ертістің бастауындағы түп туысы жонғар араларын алыш жатқан қазақты бағындырып алушы Башоктудың сонау арнайы зандар жинағын қабылдап алған заманынан армандаитын. Цеван Равданың балалары от-қарулы үлкен армиясымен тұтқылдан басып кіріп, қазақ елін қансыратқан қазіргі жағдай қекейлерін тескен сол армандарын жүзеге асыруға әбден қолайлы сәт туғызған. Жонғардың онтүстіктегі жеңісін баянды ете тұсу үшін терістіктен қалмақтың шабуылдауы ғана қалған. Ашық дүшпанымен бетпе-бет келген қазақтың ту сыртынан эне-міне соққы беруі ықтимал еді. Әбілқайыр хан соның алдын алуға ұмтылған.

Ол кателеспеген еді. Қыз беріп, қыз алысып тұрған бұл екі хандықтың әміршілері арасында жекожаттық алыс-беріс, әнгіме-сұқбат-

тар астарымен 1640 жылы барлық ойрат тұқымдары құрып тұрган хандықтардың өкілдері кабылдаған заңнамалық «Ики Цааджин Би-чию» күжаты сөз болатын. Сонда негізделген ұлы жоспар еске алынып тұратын. Сол бойынша ескери-саяси одак құру мәселесі қаралып жүрген. Ал 1723 жылы қоқтемгі сәтті соғыс соны тиянақтауды күн тәртібіне шығарды да, Цеван Равдан Аюкеге арнағы жауашы жіберіп, қазактарға қарсы бірлесіп ескери қымыл жүргізуіді ұсынды. Оны Аюке хан ықыласпен қабыл алды. Ізінше орыс патшалығына да қолайсыздық туғызып жүрген қазактарға қарсы жорық жасау үшін үкіметтен өзіне от-қарулы жасақ бөлуін етінген.

Алайда жонғарлардың қазак жеріндегі ескери жеңісінен хабардар ресейлік билік оның бұл соғысқа араласпауын қоштамады. Себебі Ресей үшін екі қыырдағы ойраттың тұтасып қүшеноінен гөрі олардың арасында дербес күш ретінде қазақтардың сақтала тұруы тиімді-тін. Өткен жылы ғана Ұлы Петр қазак даласының өздерін шығыс елдеріне шыгаратын қақпа екенін, оны пайдаларына асыру қажеттігін айтқан. Егер сол қақпа зенгорлардың коластына түссе – орыс үшін жабылған-мен парапар еді. Себебі сол шамада Цеван Равданың ордасынан оралған Унковский оның орыс бодандығын қабылдамайтынын, қытаймен шекарасына қамалдар да салғызбайтынын жеткізген.

Демек, Аюкенің Цеван Равданға қосылуына жол беруге болмайды. Сондықтан да оған бұл соғысқа араласпағаны жөн деген сыйайы кенес берілді. Алайда қалмақ ханы бәрібір алғашқы нийетінен бастарта қоймаган, ейткені ол қазіргі жонғар соққысынан қансырап жатқан қазак елін орыстың көмегінсіз-ақ жаулап алғатын күш өзінде де бар деп білетін.

Ойраттардың қанқұйлы басқыншылығы ұшыратқан «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жағдайында ол, шынында, Қазак хандығына елеулі қауіп тәндіріп тұрган. Осыны айқын ажыратқан Әбілқайыр хан жедел де үшкыр жасақтарымен Сырдың орта ағысы тұсынан Еділ қалмақтарына қарай шұғыл аттанған еді.

Қазак ханының үлкен колмен Жайыққа қарай жасаған шешімді жорығы қалмак әміршілерін әбігерге салды. Олар бітім жасау жолын іздең, Әбілқайырдың алдынан елші аттандырады. Алайда Аюкенің сенімді өкіліне Әбілқайыр «қалмактар мен орыстарға қарсы соғысуга келе жатқаны, жасағында қырық мың сарбазы бары» жайында ымырасыз мәлімдемесін жария етеді. Сонда, империяның түстіктеғі қалқанының жағдайы мүшкілдігін парықтаған Астрахан губернаторы Аюке ханға көмекке артиллерия командасы мен алты эскадрон солдат жібереді. Бірақ онысы ахуалды жақсарта алмайды. Әбілқайыр ханының

ірі әскери күші Жайыққа жеткен бетте карсы шыққан қалмақтарды алғашқы шайқаста-ақ тас-талқан женеді де, терістікке қарай терендей береді.

Қазак жасактары жеңісті шерулерін жалғастыра туследі. Патша үкіметі сол жылдың сонына қарай Аюкеге «император ұлылығы мәртебесімен арайланған біздің қалаларымыз бен сенің – біздің бода-нымыздың ұлыстарына келе жатқан» қазактар мен қарақалпақтарға тосқауыл қойып, «қалаларымыз бен үйездерімізді талан-таражға түсіруге жол бермеуді» тапсырады. Әрине, тиісті әскери жәрдемі де болады. Нәтижесінде, қалмақтардың біріккен әскерлері қазактардың Жайық бойын түгел тазалауға бет алған қозғалысын токтагады.

1723 жылдан 1724 жылға қарайғы қыс айларында елеулі әскери кимыл жасалған жоқ, бірақ, көктем келе (1724 жылғы ақпанда Аюк хан дүние салады), Әбілқайыр баһадүр мен оның Есет және басқа да батырлары бастаған жасактар Еділ қалмақтарына шабуылдарын жаңғыртты. Қалмақтар Есет батырдың жасағын патша өкіметі берген зенбіректерден атқылай отырып жеңді. Содан кейін Әбілқайыр ханың батырлары қалмақ-орыс жеріне одан әрі жорық жасауын доғарды. Дегенмен, екі жыл бойы орын алып тұрған ірілі-ұсақты әскери қақтығыстар өз жемісін берді. 1724 жылдың ортасына қарай қалмак хандығы бұдан әрі казак еліне бұрынғыдай катер төндіруге қауқары жетпейтін күйге түскен еді.

Осылай, солтүстік-батыс аймакқа жасаған жорығы нәтижесінде Әбілқайыр хан елдің терістік жақтағы шекарасын қауіпсіздендіріп алды да, шапшаң кимылдан дағдыланған жауынгер жасақтарын бірден Түркістан қаласы бағытына бұрды. Ұзак шеруде жолшыбай кезіккен жонғардың алғы шептегі бекеттерін бұзып-жара ұрыс салып, күзде Түркістанга жетті. Жау қолындағы қалаға бірден тікелей штурм жасап, тез азат етті. Қазак әскерінің қуатты шабуылы барысында жонғар контайшысының баласы, тәжірибелі қолбасшы Лаузан Шоно қаланы тастай қашып, Қаратай қойнауына шегінуге мәжбүр болды Ал Әбілқайыр қазақ астанасын босатысымен, жеңісті шеруін күллі өнірде жалғастырды. Қаһарман сарбаздарымен Ташкентті және сол аймактағы дүшпен басып алған өзге де қалаларды түгел азат етіп, жарты жылдан астам өз қарауында ұстап тұрды.

Алайда қазақ жеріндегі жонғар әскеріне көп ұзамай қосымша күш келіп қосылған. Сейтіп өлкеде басқыншы күші басымдық еткен. Сол себепті, бірқатар қантөгісті шайқастардан соң, 1725 жылдың көктемінде Әбілқайыр баһадүр бұл аймакты тастап кетуге мәжбүр болды. Батырларымен бірге әуелі Бұхара хандығы аумағына, одан

терістікке қарай ауысты. Ол шегінісімен, Сыр бойы қалаларын, Жетісудың жылдар жонғарлар басып алды. Ұлы жүз билеушісі Жолбарыс ханының иелігінде есептелесетін өлкө Цеван Равдан контайшының коластына қайтадан тұсті. Қазақтың Ұлы жүзінің халқы мекендейтін аймақ тауелділік жағдайда, жонғар нойондарының бақылауында калды.

Бұл шақта терістіктегі жер-су қатынастары тағы да шиеленіскең еді. Соған байланысты Әбілқайыр хан 1726 жылы Орта жүз ханы Сәмекемен бірлесіп, он мың жігіттен құралған карулы жасакпен жаңа жорықта аттанды. Қалмак тайшыларын ұлыстарымен Жайық бойынан құшпен кууга тырысты (жалпы, Әбілқайыр баһадүр қырық жылға тарта уақытқа созылған жауынгерлік, колбасылық, ел билеушілік қызметінде қазақ мемлекетінің терістік-батыс шегін корғауда жан аямай шайқасқан, орыс патшасы өкіметіне «қазақтар Жайыктан сұы сарқылғаша айырылмайды» деп, еш бұлжымай, табанды түрде мәлімдеген құрескер). Жайықтың сол жағалауында қазақ әскери женісті ұрыстар жүргізген еді, алайда он жағалауда саны да басым, кару-жарағы да озық қалмақтардың үш жақтан шүйліккен шабуылы астында калды. Коршауға түскен қазақ жасақтары төрт күн бойы жан алып, жан берісе шайқасты. Ақыры жағдаймен санасуға тұра келді. Келіссөздер жүргізіліп, кос тарап өзара бітімге келісті. Әбілқайыр хан қалмақ жағына аманатқа Тама Есет батыр, Табын Бөкенбай батыр бастаған ондаған сарбазын берді. Рас, бітім алдағы уақыттарда екі жақтан да әлсін-әлсін бұзылып тұрады, кикілжінді реттеу үшін одан кейінгі жылдарда Сәмеке хан қалмақтармен жаңа келісімдер жасайды. Дегенмен, тараптардың бұдан былай шекара бұзбай, бейбіт катар өмір сүру жайында қол жеткізген алғашкы уағдаластығы арқасында қазақ әміршілері сол шақтағы жалпы ел жағдайына нақтырақ көңіл бөлуге мүмкіндік алды.

XVII. ОТАН ҚОРҒАУҒА БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫЛДЫРУ

Әбілқайыр баһадүр қалмақтармен екі арада 1726 жылғы келісімге қол жеткізісімен, Жайық аймагындағы әскери-саяси қызметін онтүстікті жайлап алған басқыншы жонғарларға қарсы құресу мәсесінен аударды.

Цеван Рабданың қолбасшы ұлдары бастаған жонғар әскерінің 1723 жылғы қанқұйлы шапқыншылығы екпініне Әбілқайыр хан төтеп

бере алмағанын еске түсірді. Кескілескен шайқас барысында күллі оңтүстік жазираны қазақ слінің астанасы Түркістанмен, сол өнірдегі барша қалаларымен жау қолына қалдыруға мәжбүр болғанын, жасағының аман қалған бөлігімен Каракұм аумағына ауысқанын еске түсірді. Сол аймақтағы жігіттерден жана қол құрыш, терістік-батысқа аттанғанын ойына алды. Қансырап жатқан қазақ елін терістікten шабуға дайындалған, сонысымен оңтүстік аймакты басып алған жоңгар басқыншыларымен тұтасуы ықтимал қалмақ шабуылының алдын алғанын ойлады. Сол әскери шарасынан кейін, 1724 жылы Ұлы дааланы түстік-шығыс бағытында ұшқыр жасағымен көктей кесіп өткенін, жолда бекет салып тастаған жоңғарлармен қиян-ке斯基 ұрыс сала отырып оңтүстікке аймакқа жарып кіргенін есіне алды. Ол бір қаһармандыққа тұнған шақ еді. Аға хан болғалы ордасы төрт қыс төрінде орналасқан қазақ астанасын жауынгер жасақтарымен сонда жаудан бірден тазартқан. Өлкенің астана айналасындағы басқыншы аяғы астында қалған өзге қалаларын, барша жер-суды, ұзын саны отыз екі ұлысты азат еткен. Бірақ аймақтағы осынау женімпаз шеруін, өнірді қайтарып алған қанды шайқастардың салтанатты нәтижесін баянды ете алмады. Алты-жеті айдан кейін, 1725 жылы аймакты қайта тастап кетуге мәжбүр болды. Соларды еске түсіріп сарапай келе, ордасы орналасқан Түркістан шаһарын, күллі қазақ жер-суын азат еткен қалпы тұракты ұстап тұра алмауының себебін іздеді. Сол себепті жою жолын парықтады.

«Ақтабан шұбырынды» салдарынан қалыптасқан жағдайда елді, жер-суды сактау және корғауға байланысты өзінің тарихи миссиясын Әбілқайыр хан адал атқарып келе жатқан. Қарамағындағы әскери күштің жаужуруктігінде, соғысу өнеріне жақсы машықтанғанында, ондық, жүздік, мындық топтардан жасақталған құрылымының үйлесе әрекет ете алғанында күмәні жоқ. Ол жауынгер сарбаздары мен сардарларына кінә арта алмайды. Солармен бірге сауыт шешпей, аттан түспей, жалпақ қазақ даласын терістік-батысы мен оңтүстік-шығысы аралығында әрілі-берілі көктей өтіп әлденеше әскери жорықтар жасаған. Сол жеңісті жорықтары барысында ел-жүртқа өзінің аға хан мәртебесін іс жүзінде мойыннатқан. Енді ол қазақ мемлекетінің басшысы, аға ханы ретінде, елді жаудан тұтастай азат ету шарасын жасауга тиіс болатын. Ал бұл шараны жүзеге асырудың кілті дүлей басқыншыға қарсы бүкіл халықты қөтеруде жатыр еді. Жеңістерін баянды ете алмауының себебі мен сыры сол кілтті өзінің және өзімен қоса барша әміршілердің уақытында дұрыс пайдалана алмағандықтарында жатқан.

Демек, жауга қарсы бір жағадан бас, бір жеңнен көл шығарып шайқасу мәселесін тұңғыш рет халық оргасына салған, өзін ақ киізге отырғызып хан көтерген 1710 жылғы Қарақұм құрылтайы іспетті жаңа басқосу үйымдастыру кезек күттірмейтін шара болуга керек. Аға ханның мұндай көзқарасын батыс пен солтустікегі жер-су кикілжіндерін өзімен бірге шешуге атсалысып жүрген Сәмеке хан бірден қолдайды. Алайда Қазақ хандығының оңғустік аумағы және Жетісу өлкесі толығымен жонгарлар қоластында жатқан. Сол басқыншы әкімшілікке бодан ретінде түрлі алым-салығын беріп, Ташкент сынды шаһарда тәуелділік ахуалда күн көріп отырған Ұлы жұз билеушісі Жолбарыс ханға осы токтамды тез жеткізу керек. Әбілқайыр баһадүр хан бекем шешім жасады. Жаңғыз оған емес, ең алдымен елдегі жүздер билеріне (ордабилерге), аймақтардағы барлық би, батыр, рубасы, бас адамдарға және ақсақалдарға шұғыл түрде жаушылар аттандырылды...

Әбілқайыр баһадүр елдің аға ханы лауазымымен қазақ астанасы Түркістанға орынқанында, батыс өлкедегі Кіші жүзге қарасты елжүрт ішінен көп ауыл оның ордасымен бірге сол аумакқа көшіп келіп қоныстанған. Жаз айларында аға ханның көшпелі ордасы солардың арасына – Арыс сұнының саласы Бадам өзенінің алқабына тігілетін. Сол себепті де сондағы Ордабасы аталатын жерді 1710 жылдан кейінгі жаңа бүкілхалықтық құрылтай өтетін орын етіп белгіледі. Сейтіп, Әбілқайырдың жазғы ставкасы қоныс теуіп жүрген Ордабасы білігінде 18-ші ғасырдың алғашқы ширегінен өте бере, 1726 жылғы қара күзде, басқыншы жонгарға қарсы күреспек халықтың ахлақи рухын нығайтқан, тиісінше, отан соғысын жеңіске жеткізу үшін үш жүздің біріккен қолын құруга бекем байлам жасаған әйгілі мәжіліс өтті. Тәуелсіз еліміздің үкіметі құллі жұртшылық өкілдерін 20-ші ғасырдың соңғы онжылдығында сонда жинап, жаудан қорғануда ел бірлігінің маңызды рөл атқарғанын салтанатпен атап өтті. Ал 21-ші ғасырдың басында Ордабасы шоқысының үшар басына ақ мәрмәрмен қалталған үш қырлы биік ескерткіш мұнара тұрғызылды. Үш қырындағы арийни тақталарда атақты үш биіміздің баршаны сүйсінетін қанатты сөздері жазылды...

Қазақ халкының басқыншыға қарсы шешімді түрде отан соғысына шығуына байланысты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды үш ұлы биіміздің есімдері ерекше құрметпен айтылатыны мәлім. Олар барлық қазақ ру-тайпаларын жонгарларға қарсы біріктіру мәселесін карау үшін Ордабасы құрылтайын шақырды делінеді. Қалың бұқаралы мен тығыз байланыста болудың жолы ретінде, билікке қара қазақ

лдерін тарту қажеттігі Есім ханның кезінен бастап мойындалғаны белгілі. Оның «Ескі жол» аталған заннамасының түпкі мәні де сол болатын. Соны басшылыққа алған Тәуке ханның тұсында белгілі би-шер елді басқару және заңдарды сонау «Есім ханның Ескі жолы» үлгісімен жетілдіру жұмыстарына белсene қатыстырылды. Эйгілі «Жеті жарғы» осы үш жұз билерінің белсene атсалысуымен қабылданған. Міне солар ел басына құн туған құрделі тарихи кезеңде жонғар шалқыншылығына ел бол бірігіп қарсы тұру ұранын көтерді. Ел санағына солай сіңген. Ұлы жүздегі он бір тайпаны, Орта жүздегі алты тайпаны, Кіші жүздегі жиырма бес тайпаны біріктіретін үш тайпалық одакты ортақ мұддеге үйістырудагы бұл аса көрнекті тұлғаларымыздың еңбегін жоғары бағалай отырып, олардың ұлы кеңесті өткізу-де бас әміршінің бастамасына сай солай әрекет еткенін әділеттілік түрғысынан қисынды қөретінімізді біз жасырмаймыз. 18-ші ғасырда содан бұрынғы кездердегідей дағдымен, бүкілхалықтық мәжілістер мен кеңестер аса жоғары дәрежелі билеушілердің ордаларында жур-гізіліп жүргенін тарихшылар мойындайды. Мұндай жиындардағы билердің сөзі қашанды өтімді келетін, билер өзге шонжарлардан әр-дайым басым түсетін. Есім хан заманынан бері хан билігінің өзі сол билер кеңесінің шешіміне тәуелді болатын.

«Ақтабан шұбырынды» қасіреті кезінде әскер бастап қазақ елінің терістігіне де, түстігіне де азаттық жорықтарын жасаған Әбілқайыр ханның азаттық жолындағы құресті өрістету үшін құллі ел азаматтарын біріктіруді көздегенде, осынау атақты билердің көмегіне сүйен-гені тарихи шындыққа әбден сай келеді. Жүздердің хандары, жекелеген ру-тайпалар мен қалаларды басқаратын кіші хандар, сұлтандар, рубасылар, аймақтардағы билер, ақсақалдар, өзге де бас адамдар және, әрине, батырлар бас қосқан құрылтай басқыншыдан отан-ды азат ету үшін жалпақ ел ішінен біріккен қол жиоды бірауыздан колдады. Қазақ біріккен әскерінің бас қолбасшысы міндеттін аға хан Әбілқайыр баһадүрге жүктеді.

Қазіргі қалыптасқан көзқарас бойынша – құрылтай Кіші жұз ханы Әбілқайырды аға хан лауазымына емес, бас қолбасшы етіп қана сайлады делінеді. Мұндай көзқарастағылар қазақтың бұл кездегі аға ханы Болат хан болатын деп санайды. Алайда байыпты ғылыми зерттеулер Болат ханның, біріншіден, аға хан емес, Орта жұз ханы болғанын, екіншіден, ол «Ақтабан шұбырынды» басталғанда дүние салғанын айтады. Демек. Бас қолбасшы ретінде таңдалған Әбілқайыр баһадүрді Ордабасы құрылтайында аға хан мәртебесіне сайлаудың қажеті жоқ еді, ол бұл мәртебеге Тәуке ханның ізбасары Қайып хан

қаза тапқаннан бері, 1719 жылдан ие болатын. 1724 жылдан Орта жұз ханы Сәмеке мен 1720 жылдан Ұлы жұз ханы Жолбарыс оны өздерінен барлық жағынан жоғары болғандықтан да мойындаған, көне меритократиялық тәртіпті басшылыққа алған билер кеңесінің қолдаган, Осылай ол жеті жылдан бері аға хан саналатын. Егер бұл бастапкы кезеңде заты емес, тек аты ғана бар лауазым саналса, сондықтан да оны жүрт тек Кіші жұз ханы деп қана қабылдаган болса да, жонғардың жойқын шапқыншылығынан берменгі күллі қазак даласын шарлап көрсеткен жауынгерлік, қолбасылық еңбегі мен ерлігі оның іс жүзінде аға хан екенін дәлелдеген еді. Қазак хандығында тақта отырган әмірші әдетте әскердің де бас қолбасшысы болатын, демек, Әбілқайыра бас қолбасшылықты беру оның аға хан екенін мойындағандықтан, ел үшін жанын отқа да, суға да салған жанқиярлығын бағалағандықтан жасалған шара. 1710 жылғы Қаракұи құрылтайында да, 1726 жылғы Ордабасы құрылтайында да ол қолбасылықты хан дәрежесі міндеп-тейтіндіктен де адал атқарды.

Әбілқайыр хан үш жүзден жиналған әйгілі батырлармен әскери кеңес өткізіп, шұғыл сарбаз жинау, оларды соғыс өнеріне тездептіп үйрету, сосын елді біртіндеп дүшпан езгісінен азат ету жоспарын құрды. Бірінші кезекте былтырғы жеңісті шеруден кейін қайтадан жау қолында қалған астанадан бастап аймақтағы барлық қалаларды жонғар билігінен құтқару мәселесі күн тәртібіне шықты. «Ұлken орда қонған», «Кіші орда қонған» деген жер атаулары Әбілқайыр баһадүр хан мен оның көмекшілерінің сол кездегі азаттық соғысын басқарғанда әрекет еткен орталықтарын анғартса керек. Біріккен қазак армиясы аталмыш ордаларда жасалған соғыс жоспарларына сай ұрыстар жүргізіп, онтүстікегі қалаларды бірінен соң бірін азат ете бастады...

XVIII. ОТАН СОҒЫСЫ ЖЕҢІСТЕРІ

Жонғарлар қазак жерінің шығысы мен Жетісуды және Сырдарияның орта ағысы өнірін басып алғаннан соң Ұлытауға қарай бет бүрган. Ордабасы құрылтайы жігерлендірген біріккен қазак әскерлері Әбілқайыр ханның қолбасшылығымен Түркістан–Ташкент алқабындағы ондаған қазак қаласын қайтадан жаудан тазартып, елдің орталық аймағына беттеген жонғар қолына шешуші соққы беруге әзірленді.

Бас қолбасшы Әбілқайыр ханның басшылығымен қазак батырлары 1726 жылдың сонында және 1727 жылы әскери қимылдарды үйлесімді әрі ұтымды жүргізе отырып. Тодғай даласының онтүстік-

шығыс болігінде ірі жеңістерге жетті. Ұлытау маңындағы Бұланты мен Білеуті өзендерінің жағаларында өткен шайқас ел айбынын ерекше асқақтатты. Қазақ жасактары жонғарлармен әуелі Қарсақпай қыраттарынан басталатын сол қос өзен күйіп жатқан Шұбар-Теңіз көлі маңайында соғысқан. Талқандалған басқыншылар көлден әрмен қашқанда, аталған екі өзен аралығындағы Қарасиyr (оны «шокы» мәғынасын беретін Қарасире деп те атайды) жазығында оларға катты соккы беріп, тамаша жеңіске жетті. Дұшпан ойсырай ұтылған бұл ұрыс тарихқа Бұланты-Білеуті шайқасы деген атпен енді. Осы ірі жеңіс нәтижесінде қазақ жасақтары жонғар күшін Ұлытауға жеткізбей тоқтатты. Шайқаста Қанжығалы Бөтөнбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшак Жәнібек, Тама Есет, Бәсентій Малайсары, Таракты Байғозы, Тайлак, Санырық, Қабанбай, Дербісалы, Сатай, Есет, Жәнібек, Тілеулі сынды көрнекті қолбасшылар мен көптеген батырлар, барша сарбаздар көзсіз ерлік көрсетті. Жонғарлар зор шығынға ұшырап, кері қашты.

Бұланты-Білеуті шайқасының тарихтағы маңызы ерекше. Өйткені ата жауды талқандаган осынау ұрыс халықтың еңсесін көтеріп, азаттық үшін, отан үшін куреске бір жағадан бас, бір жеңінен білек шығарып көтерілуге жігерлендіре түсті. Қазақ сарбаздары бұдан кейін ахлаки және рухани үстемдікке ие болып, жонғарлар басып алған жер-суларын бірінен соң бірін азат ете бастады. Бұл 1727 жыл еді. (Сол жеңістен кейін жазықтың оргалығындағы майдан кіндігі болған төбе «Қалмақ қырылған» деп аталып кетті. Бұланты алқабындағы бүгінде «Үйтас» деп аталатын, қабыргаларының қалындығы қос құлаштай, күмбездеп өрілген төбесі құлаған құрылыс осы айтулы жеңіс күрметіне кезінде салынған ескерткіш болған деседі. Ал тәуелсіздік жылдары бабалар ерлігіне шекіз риза игілікті ұрпақ тарапынан сондағы шоқылардың біріне ескерткіш тақта орнатылды). Осы жылы кенеттен контайшы Цеван Рабдан (Сыбан Раптан) дүниесінде салды да, жонғарлардың қазақ жеріндегі күштеріне арттарынан қосымша көмек келмей қалды. Бұл жағдай белгілі дәрежеде рухы қүшіе түсken қазақ жасактарының жеңісті шеруінің сәтімен жалғаса беруіне қолайлы жағдай туғызған болатын.

Цеван Рабданның өлімі хандық ішінде дүрбелең туғызды. Таққа оның үлкен ұлы Галдан Церен (Қалдан Серен) отырған. Ол әкесінің ойда жоқта дүниеден кетуін егей шешесі – хан тағына таласуы ықти-мал інісі Лаузан Шононың тұған анасы Сетержаб пен сол шакта Қалмақ хандығынан келген елшілерден көрді. Қатыгездікпен жазалаудар жүргізді. Сосын хандықтың шығыс шекарасына назар аударуға

мәжбүр болды. Онда Цин-Қытай әміршілөрі боғыхан ауысқан (император Канси өліп, таққа Юнчжен отырған) кездегі уағдаластықты жиып койып, елге қайтадан қауіп төндіре бастаган еді. Соған байланысты Галдан Церен әскерінің негізгі күшін сол жаққа шоғырландыруға кірісті. Содан көп ұзамай қытайлықтармен қарым-катаңас шиеленісті де, жонғарлар олармен жаңа соғысты бастады. Осындай жағдайда Галдан Церен казак жеріндегі жасақтарының біраң болігін жонғар елінің шығысындағы майданға салу үшін кері шакырып алған.

Бұл ахуалды қазак елінің Қаратай өнірі мен онтүстігіндегі жер-суды басқыншыдан тазарту құресінде жүрген Әбілқайыр хан мұкият саралаған да, 1730 жылдың көктемінде жауга Аңырақай даласында шешуші сокқы берген болатын. Аңырақай шайқасы казак халқының 18-ші ғасырда жонғар басқыншыларына қарсы жүргізген Отан соғысының ең елеулі белесі, рухты көтеріп, болашаққа деген сенімді бекіткен жеңісті шыны ретінде ете орынды түрде мактан тұтылады. Эйгілі жеңіс ел санаынан ешқашан өшпес үшін Тәуелсіздік азаматтары ұрыс болған деп санаитын Шу-Іле тауларындағы жерлерге – Сұнқар тауының етегіне 1998 жылы және үстіміздегі ғасырдың басында Аңырақай тауының солтүстік беткейіндегі Алматы кентінің жаңына, сондай-ақ, Алматыдан Білеккек шығатын халықаралық жолдың бойына, данғылдың Қаскелендерен он шакты шакырым әрідегі онтүстік жағына арнайы ескерткіш текталар қойған.

Жұртшилық санаынан сінірілген мәлімет бойынша – шартараптан жиналған сарбаздардан біріккен отыз мыңдық қазақ қолы қырық мыңдық жау әскерімен бір-бір жарым айдай уақыт бойы соғысып жеңіске жеткен. Алайда жеңімпаз қазақ жасақтары жүргізген шайқастар сонымен дөгарылған, қазақтар бұл соғысты әрі қарай дамыта алмаған, себебі «шайқас сонында Болат хан жараланып, қайтыс болғаннан кейін» (тагы бір көп тараулған кисын бойынша – «дімкес Болат хан науқасынан дүние салған соң») басталған «тәк үшін талас» оған кедергі келтіріпті-міс, көпшілік «Болат ханның баласы жас Әбілмәмбетті қолдаган» да, «бұған наразы болған Әбілқайыр майдан даласын тастап, Кіші жүздің қолын батысқа, Орта жуз қолын Сәмеке хан солтүстікке» алып кетіпті-міс.

Ғылыми зерттеулер бұл үйғарымдардың жаңсақтығын көрсетеді. Біріншіден, өткен тарауларда айтқанымыздай, Болат хан 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды» басталған кезеңде өмірден өткен. Аңырақай шайқасынан кейін (1730) хан сайлауын жасауға қажеттілік туған жоқ. Өйткені соғысты жеңісті шынына жеткізген бас қолбасшы Әбілқайыр баһадүр әрі аға хан да болатын, онын үстіне, Әбілқайырмен тәк тала-

сына түсіп бәсекелесетіндей дәреже жас жағынан да, бедел жағынан да ешбір кіші ханда болған емес. Екіншіден, «Әбілқайыр мен Сәмекенің майдан даласын тастап» кетуі мұлдем өзге сипатта және басқа жағдайға байланысты орын алған. Бұл жайында кейінірек сөз етерміз...

Құрамына тарихшы, геолог-геоморфолог, этнограф, археограф, палеоклиматолог, шығыстанушы, палинолог, географ ғалымдар енген зерттеушілер тобы 2005–2007 жылдары Шу-Іле аймагының органды болігіне бірнеше рет экспедицияға шыққан. Жасағандалалық зерттеулері мен ізденістерінің нәтижелерін бірнеше салалық ғылыми институт қызметкерлері катысуымен өндеген. Сейтіп, атакты шайқас өткен Анырақай өніріне кешенді түрде жүргізген арнайы зерттеу нәтижелерін сындарлы ғылыми тілмен енбектерінде баян қылыш, кейір қалыптасқан пікірлерге сын көзben қарауга мәжбүр ететін қорытындылар жасаған болатын.

Экспедициялар кезінде тарихи оқига аймагы жер бетінен, сондай-ақ биіктен (ұшактан) суретке түсірілді. Аумақтағы негізгі табиғи және әлеуметтік-экономикалық обьектілерді географиялық, геометриялық тұрғыда көрсететін ғылыми сыйбалар жасалды. Жер бедері мен су көздерінің қазіргі сырт кескініне ғылыми зерттеулер мен есептеулер жүргізіліп, олардың үш ғасырга жете-ғабыл уақыт ұшыратқан өзгерістерден бұрынғы кейіп елестетілді. Жер мен мекен-жайдың тарихи атаулары, әр кезгі географиялық карталар, өлкені мекендереген тайпалардың тұрмыстық және мәдени ерекшеліктері, олардың тіршілігі мен қызметтінің біздің заманымызға жеткен материалдық қалдықтары, бұрынғы Анырақай ауылы тұрғындарының экспедиция мүшелеріне берген акпараттары қарастырылды.

Солардың бәрін өлкенің әскери-саяси тарихымен тығыз байланыста зерттей отырып, аймақтың 1730 жылғы табиғаты мен жорымалы бейнесін және тарихи шайқастың бас-аяғы мен өту ретін ғылыми әдіспен қалпына келтіру әрекеті жасалды.

Қысқасы, ғалымдар зерттеуге алынған өнірдің топографиясын, геоморфологиясын, ландшафтын, палеоклиматын, археологиясын, тарихи топонимикасын, картографиясы мен этнографиясын, сол тұста орын алған саясат пен жаугершіліктер шежіресін жан-жақты талдан, зерттей келе, алынған деректердің пәнаралық синтезі негізінде, Анырақай шайқасының нақты болған жерін, дәл уақытын және сондағы оқигалардың қандай ретпен өткенін, қазақ әскери жасактарының Анырақай тауы ауданында жоңғарларға қарсы ұстанған шабуылдау стратегиясы мен тактикасының өзіндік ерекшеліктерін анықтаған. Ір-

гелес гылымдар өкілдерін тарта отырып үйлесімді сипатта жасалған зерттеулер нәтижесінде отан тарихын білуге құмартушылар танымының көкжиегін көңейті түссетін тың жаңалықтар ашылды, солардың ішіндегі бірегей Аңырақай шайқасына қатысты еді.

Фольклорлық дерек көздеріне қарғанда, Отан соғысының шешуші шайқасы болған тарихи майдан даласы Аңырақай жоталары мен Алакөл жазығы аралығында, яғни, Аңырақай алқабының солтүстік-шығыс бөлігінде жатыр. Осыны негізге алған зерттеушілер Аңырақай шайқасының табиги шекарасы онтүстік-батыста – су бөлетін сала мен Аңырақай (көне карталарда – Құмісті) жоталарының солтүстік-шығыс шоқыларын, батысында – Қопалы өзені мен Қаракемердің тармақтарын, солтүстік-шығыста – Бескөл алқабын, ал шығыста – Сарыбұлақ өзенінің аңғарын алып жатқан 210 шаршы шақырымдық аумак дегенді. Қазактардың жонғар басқыншыларына көрсеткен жалпыхалықтық қарсылығының қорытынды кезеңіндегі басты әскери кимылдар осы ауданда етті. Әйгілі шайқас даласы айқын үшбұрыш түрін елестететіні анықталған. Үшбұрыштың табанында Аңырақай қырқаларының солтүстік-шығыс баурайы, ал қос қанатында – биік жарқабақты Қопалы және Сарыбұлақ өзендері жатыр. Екі су ортасындағы Бескөл алқабында барлық қорғаныс шаралары ескеріліп салынған мықты бекіністі қамал (қазіргі Қалмақтөбе) бой көтерген. (Жетісу дағы осы Қалмақтөбе кешені ондағы қорғаныс қамалы мен өз әскерінің ұрыс жүргізуін женилдетуді, ал дұшпанның әрекетін киыннатуды көздейтін барлық фортификациялық құрылышымен және оған жәрдемін тигізетін нысандарымен бірге тұнғыш рет 2005–2007 жылдары тарихшы Ирина Ерофееваның басшылығымен анылдып, ішінара зерттелді).

«Қалмактөбе» жонғардың онтүстік-шығыс шекарадағы ең ірі қаралып бекеті еді. Оны 1653–1666 жылдары белгілі ойрат нойоны (казақ ханы Салқам Жәнгірді жекпе-жекте женғен делинетін) Галдамба салдырган болатын. Осы бекініс пен үш тараңтағы табиги шекаралар сол аумақты мекендеуші басқыншыларды қазактардың ықтимал шабуышынан сенімді түрде корғап тұрган. Тек солтүстік-шығыс жағы (Қопалы, Қаракемер және Сарыбұлақ алқаптарының ең төмен ері жазық боліктегі ғана) біршама ашық, яғни сыртқы қарулы жасақтардың сол жерден ғана кіре алуы ықтимал еді. Бекіністің шығысынан 8–10 шақырымдай жерден Үлкен Қалмақ жолы өтетін. Осынау көш және керуен жолы Шу-Іле аймағының онтүстік болігінен Қазақ даласының батыс аймағы мен солтүстік-батысына қарай созылып, Жонғарияны Еділ-Жайық аралығындағы Қалмақ хандығымен байланыстырып жа-

татын. Сондыктан да оның қазак үшін де, қалмақ үшін де үлкен әскери-стратегиялық маңызы бар болатын.

Жалпы, Шу мен Талас өзендері алабынан Шу-Іле гаулары ауданы-ла дейінгі географиялық кеңістікте ойраттардың 19 әскери-корғаныс бекеті орналасқан, олар 17-ғасырдың екінші жартысынан 18-ғасырдың алғашқы ширегіндегі Жонғар хандығының шекаралық аймағын белгілеп, ойрат кештерінің негізгі болігін Қазақ хандығының халқы орналасқан аумақтардан қорғап тұрган. (Әбілқайыр хан басқарған азаттық шайқастары нәтижесінде жонғарлардың алғы шептеріндегі әскери-корғаныс бекеттері алынып, өнірлер дүшпеннан тазартылған, алғыс сезіміне беленген қазак халқы елді азат етуші бас қолбасшыға ризашылық білдіріп, осы өнірлердегі талай жер-су аттарын Әбілқайыр есімімен атап кетті). Қазақ жеріне салынған жонғар бекіністеріндегі қарулы жасақтарға әскербасы етіп қоңтайшы Галдан Церен өзінің күйеу баласы Лацсан Церенді 1728 жылдың ортасында тағайындаған. Біріккен қазақ әскери Отан соғысының Анырақай майданында сол тәжірибелі жонғар қолбасшысы басқарған басқыншыларға қарсы шешуші шайқасқа шықты.

Жоғарыда айтқанымыздай, қытай-жонғар қатынасы қайта шиеленісіп, 1729 жыны Цин империясы Жонғар хандығына қарсы жаңа соғыс ашқан. Сондыктан хандықтың әміршісі Галдан Церен қоңтайшы 1730 жылдың басында қазақ аймағын мекен еткен халқы ішінен соғысуга қабілетті ойраттардың көбін асығыс түрде онтүстік майданға шақыруға мәжбүр болды. Жетісудағы әскери-корғаныс бекеттерінде саны шағын қарауыл жасақтарын ғана қалдырды. Осыншама қолайлы ахуалды қазақ елінің онтүстігінде азаттық күресін жүргізіп жүрген Әбілқайыр хан пайдаланып қалуға тырысты. Аялдамастан, әскери құштерін Шу-Талас өзендері аралығынан Онтүстік-Батыс Балқаш маны ауданына бағыттады. Сейтіп, 1730 жылғы сәуірдің басында, жонғарлардың қазақ жеріндегі әскери-саяси жүйесінің Бескөл (Калмақтебе) форпостына қазақтардың біріккен қолы сол кезгі әскери ілім-білімнің озық тәсілін қолдана отырып шабуыл жасады.

Қазақ жасақтары Анырақай үшбүршышина солтүстікке басты даңғыл болып табылатын Үлкен қалмақ жолымен емес, қарама-қарсы екі бағыттан (Балқаштың онтүстік-батыс жағасы мен Шу алқабынан) келді. Шабуылдың негізгі мақсаты Анырақайдың солтүстік-шығыс бүршышындағы Қалмақтебе бекінісіне шоғырланған 5-6 мындық жонғар әскерін коршап алғып, жойып жіберу болатын. Бас қолбасшы Әбілқайыр хан шешуші шабуылда қолданған әдісінде халықтың көпғасырлық дәстүрі бар «дала соғысы» орайындағы әскери ойға,

онын «аңды жан-жағынан қаумалап аулау» тәсіліне сүйенген-тін. Жауынгерлік соғыс қымылдарын әйгілі қазак қолбасылары мен батырлары катысқан үш атты жасақ жүзеге асырды. Олардың екеуі Сарыбулақ пен Қопалыдағы жауға өткел болуы ықтимал жазық тұстарды торыды әрі Қалмақтаребе бекінісін шабуылдады. Шақпақты, білтелі мылтықтармен атқылай отырып, әуелі дүшпанның камалын басып алды, сосын бекіністің маңына топтасқан және оны тастанап шыққан ойраттарды тықсыра күшп, тауға қашуға мәжбүр етті. Қашқан жауды Аңырақайдың орталық шатқалдарына бекінген садақшылар карсы алды...

Бұл 1723 жылғы «Ақтабан шұбырындыға» ұрындырған жойқын шапқыншылықтан бері тынымсыз жүріп келе жатқан, 1726 жылғы Ордабасы құрылтайынан кейін айрықша серпін алған Отан соғысындағы шешуші шайқас болды. Осы аумақта қазақ халқы, қазақтың үш жүзінің сарбаздарынан құралған халық жасағы басқыншы-жонғарларды біржолата женді. Байырғы күшті де қаһарлық қарсыласын осыған дейін жаулап алған қазақ жерінен күшп шықты. Сөйтіп, азаттық жолындағы қындығы мол қурделі қаһармандық дастанды іс жүзінде салтанатты жеңіспен аяқтады.

XIX. ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ IРІ ЖЕҢІС ЖӘНЕ БІТІМ

Біріккен қазақ әскерінің бас қолбасшысы Әбілқайыр хан 1730 жылғы сәуірдің соңында жонғар қонтайшысы Галдан Церенмен бейбіт келісімшарт жасады. Сол актімен «Ақтабан шұбырынды» қасіретінен бері өрши үскен кантөгісті азаттық құресінің шырқау шыңына айналған Аңырақай шайқасын корытындылап, 1723–1730 жылдарғы Отан соғысына жеңісті нүктे қойды. Бұл жеңіс қазақ халқының жауынгерлік рухын нығайтты, халықтың этностық бірлігін, тұстасық сезімін және өз еліне деген сүйіспеншілігін, жүздер, ру-тайпалар арасындағы ауызбіршіліктің маңызын арттырды.

Көшпендері хандықтар ішіндегі аса қуатты жонғар әміршісі Галдан Церенді жеңіген атағы Әбілқайыр баһадүрді саяси тұргыда қазақтың аға ханы мәртебесінде танытга түсті. Қадірлі батыр-ханының есімін жеңісті шайқастар жүргізген тау, өзен, аңғарға берген (Арқада «Қалмаққырылған» деген жерде «Әбілқайыр өзені», Шу мен Талас өзендерінің арасында «Әбілқайыр даласы» бар. Сонда «Қал-

мак қырылған» деген екі жер атауы сақталған. Қаратай қойнауында «Әбілқайыр бұлагы» бар. «Үлкен Орда қонған», «Кіші Орда қонған» деген жер атаулары – азаттық соғысын басқарған ага хан, кіші хан ставкаларының тұрған орнын көрсетеді. Ал Балқаштың онтүстігіндегі әйгілі Анырақай шайқасы өткен өнірде. Ілеге тақауырақта – Хантау, одан Шуға қарай созылып жатқан «Әбілқайыр жалы» деген тау атауы сақталған. Бүгін біздің көnlіміз қаншама тарылып, қазақтың 1723–1730 жылдардағы Отан соғысының бас қаһарманының еңбегін мойындағымыз келмесе де, географиялық жер атауларының өзі-ак оның да, біздің де кім екенімізді көзге шұқып айтып тұрған жоқ па?» өз жүртіндегі гана емес, көрші елдерде де ол үлкен құрметке бөленді. Орта Азия хандықтарының билесушілері онымен туыстық қарым-қатынасқа жетуге үмтүлды. Қолбасшы, әмірші, саясаткер Әбілқайыр хан Анырақай шайқасынан кейінгі жағдайды көрегендікпен саралай білгендейтін, жонгар қонтайшысымен бітімге келді...

Алайда бұл тұжырымының тарихшылар арасында: «Анырақай шайқасынан кейін қазақ билесушілердің арасында жік туды» деген мағынада көптен қалыптасқан, тіпті ресми «Қазақстан тарихының» үшінші томы Таңбалап қойған элита ішінде «жоғарғы билік үшін курес» жүргені жайындағы пікірге қайтыс екені түсінікті. Ресми тарих: «Тәуkenің ұлы, қайтыс болған ага хан Болаттың орнына Орта жүзден – Сәмеке, Кіші жүзден Әбілқайыр үміттенді. Көшіліктің таңдауы Әбілмәмбетке түсті. Сәмеке мен Әбілқайыр өздерін елеусіз қалдырыды деп тауып, шайқас аланынан кетіп қалды, сол арқылы қазақ жерлерін жонгар басқыншыларынан азат етудің ортақ ісіне ондырмай соққы берді», – деп хабарлайды. Еліміздің ең басты тарих кітабының күні кеше – 2010 жылы жарық көрген академиялық басылымының тап осындағы ескірген мағлұматты шегелеп таратуы өкінішті-ақ. Өйткені содан бір мүшшел ілгеріде, өткен ғасырдың соңғы жылдарында, жекелеген тарихшылар (айталық, И. Ерофеева) сенімді дереккөздерді айналымға тарту арқылы ондай байланының қате екенін дәлелдеген болатын. Болат ханының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіреттінің бастапқы жылдарының бірінде дүниеден өткенін, оның ешқашан ага хан болмаганын, аға хан мәртебесі 1715 жылы Қайыпқа, 1719 жылы Әбілқайырга тиженін, Анырақай шайқасынан кейін ешқандай да аға хан (ұлы хан) сайлауы өткізілмегенін дәлелдеген зерттеулерін жария өткен еді. «Сәмеке мен Әбілқайыр өздерін елеусіз қалдыргандықтан» емес, күн тәртібіндегі жағдайға байланысты, соғыс аяқталып, тиісті бітім жасалғаннан соң, өздеріне қарасты ру-тайпалар мекендейтін аумақтарға күн тәртібіне шықкан мәселелерді реттеу үшін кеткен бо-

латын. Демек, «шайқас алаңынан» кетіп қалды деу де, «сол арқылы қазақ жерлерін жонғар басқыншыларынан азат етудін ортақ ісіне оңдырмай сокқы берді» деп тұжырымдау да нақты тарихи шындыққа сәйкес келмейді.

Бас қолбасшы Әбілқайыр хан оңтүстікте белгілі бір мақсатта, белгілі бір мөлшерде әскери күш қалдырыды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «Цин ұлы династиясының хроникасы» деген атпен Алматыда жарияланған қытай құжаттары жинағында қазақ ханы Әбілқайыр (Абуэрхайли) қазақ жігіттерінің 70 мындық әскерін өз бүйрығымен інісі Бұлқайырға (Буэрхайли) басқартып, жонғарларға қарсы жорыққа шықты делінетін ақпарат келтірілген. Сондай-ақ олардың Шу-Талас жерінде тұратын ойраттардың мың шанырагын түгел басып алғаны және Жонғарияның өзге кеші-қондарынан 2–3 мың ат айдағынан әкеткені айттылған. Бұл оқиға император Юнчжен басқарған мерзімнің 9-шы жылындағы 2-ші айда орын алды деп көрсетілген. Оны біздің тарихшылар 1731 жылғы наурыз бен сәуір айларының бастапқы күндеріне сәйкеседі деп белгілеп жүр.

Император Канси 1722 жылы қайтыс болды, артынша таққа Юнчжен отырды. Демек, император Юнчженнің билікті қолға алған уақыты 1722 жыл. Ал оның империяны басқарған мерзімінің тоғызынышы жылы (тоғыз жыл емес! сегіз жылдан ете бастаған, яғни тоғызынышы жылға ауған!) 1730 жылға, яғни жонғарларға қарсы жүргізілген Отан соғысын тамамдаған Аңырақай шайқасы болған жылға тұра келеді. Демек Юнчжен жылнамасының 9-шы жылындағы 2-ші айда, яғни 1730 жылғы 8 наурыз бен 6 сәуірдің арасында бас қолбасшы Әбілқайыр хан, алдыңғы тарауда айтқанымыздай, әскерін Шу-Талас аймагынан Аңырақай өніріне ауыстырып, жонғар күштерімен шешуші шайқасқа шығуға әзірленді және оны сәтті жүргізіп, сол сәуірдің соңына қарай Галдан Цереннің күйеубаласы, тәжірибелі әскербасы Лацзан Церен басқарған жонғар жасақтарын біржола женді де, мамыр айының басында қонташының өзімен келіссез жүргізіп, бітімге келген. Содан соң, Бұлқайыр сұltан қолбасшылық жасайтын әскерді ойраттардың ықтимал шабуылдарына тойтарыс беру үшін өнірде қалдырып, өзі батыс шекараға аттанды.

Жоғарыда аталған Цин боғыханы Юнчженнің жылнамасында «Галдан Цереннің інісі Лобуцзян-Шуну (Лаузан Шоно) қазақ ханы Әбілқайырдың қызын эйелдікке алды, қазір, ынғайы, қазақ жерінде тұрады» деген мәлімет бар. Біз мұның ақиқаты қандай екенін айта алмаймыз, дегенмен, Әбілқайыр ханының бәйбішесі қызымен Туркістандағы ордасынан 1723 жылы тұтқындалып Жонғарияға әкетілгенін

еске алсақ, Лаузан Шоно хан қызын алуы ықтимал дең пайымдаймыз. Аталмыш қытай дереккөзінде одан әрі: «Лаузан Шоно мұрагер ретінде әкесінің тағына отыру мәселесін шешу үшін 1-ші айда өз жаушыларын Галдан Церенге жіберді» деген хабар айтылады. Бұл окиға, шамасы, Цеван Рабдан дүниеден көшкен 1727 жылды мензесе керек. Алдыңғы тарауда айтқанымыздай, Галдан Церен әкесі Цеван Рабданның кенеттеп болған елімін өзінің өгей шешесі, Лаузан Шононың тұған аناسы Сетержабтан көреді де, оны балаларымен, сондай-ақ сол тұста Қалмақиядан (бәлкім, қытай жылнамасында айтылғандай мақсатпен Лаузан Шонодан) келген елшілердің кейбірін өлтіреді. Сондыктан, бояғынан сарайының шежіресінде одан әрі айтылғандай, «Галдан Церен оның аласын, сондай-ақ бірге тұған інісі мен қарындасын өлтіргендіктен», Лаузан Шоно «Галдан Цереннен өш аруды қатты тілеп жүр. Оған әскери шабуыл жасағысы келеді». Бұндай ахуалдың Әбілқайыр ханның ойраттармен де, қалмақтармен де бітім жасауына жанама түрде болса да әсер етуі мүмкіндігін мойындаимыз. (Тек Лаузан Шоно «қазақ жерінде тұрады» дегені жаңсақ, ол Қалмақ хандығында тұрған. Контайши Галдан Церен өзінің тағына бәсекелес дүшпаның ұстап беруді қалмақ ханы Церен Дондуктан талап еткен болатын).

Аңырақай шайқасынан кейін жасалған бейбіт келісімшарт екі жаққа да тиімді еді. Галдан Церен қазақтармен бітімге келу арқылы цин-қытай жағындағы шекарасына әскери құштерін топтастыруға мүмкіндік алды. Император Юнчжен ойраттармен соғысты қайта жаңғырту жайында 1729 жылы шешім қабылдаған болатын. Қазақтармен 1730 жылы бітімге келіп, қолын қүштейтуге мүмкіндік алған қонтайши сол жылдың өзінде қытай әскерін Баркөл маңында тас-талқан етіп, енді Алтайда соғысуға әзірлік жүргізе бастады. Ал жонғармен соғысты одан әрі созбай, бітім жасауды макұл көрген Әбілқайыр хан солтустік-батыс шекараға жаңа шабуылдарымен қайтадан қауіп-қатер төндіріп тұрғандар көршілермен – орыс мемлекетіне қарасты казактар қауымымен, қалмақ және башқұрт елдерімен ара-қатынасты ретке келтіруге аттанды. Ол орыс империясымен шекара дағы маза-сызықты тыныштандыруға күш салды.

1730 жылғы мамыр айында Әбілқайыр ханның Торғай өлкесіндегі жазғы ордасына Кіші жұз бен Орта жүздің бас адамдары бас қосты. Бұл мәжілісте орыс шекарасына тақау көшіп-конып жүрген жүртқа қыргидай тиіп жүрген Жайық және Сібір орыс казактарының, Еділ қалмақтарының шапқыншылық қылыштары, қалмақтармен арадағы қатынас, жонғарды женуге байланысты, қазіргі сәтте біршама рет-

төліп, тынышығанмен, тұбі бір түркі болса да, желкелеріндегі отаршыл экімдерінің астыртын айдан салуына көніп, қазак ауылдарына тұтқындан жортуылдатып айрықша маза кетіріп жүрген башқұрттар жайы талқыға түсті.

Осынау мәжіліске дейін Әбілқайыр ханға башқұрт елінің құрметті адамы тархан Алдар Есенгелдин (Исекеев) жолығып қайтқан. Бұл соңдан жиырма шақты жыл бұрын Әбілқайыр баһадұрді башқұрт тағына шақыруды үйымдастырған, онымен бірге орыска қарсы иық тіресе курескен әскери-басшы тұлға болатын. Бұл қос үзенгілес баһадұр әрәдік кездесіп, әрдайым достық пейілмен жылы сұқбаттасып отыратын. Осынау көзқарастары өртеден жарасқан екі ел ағаларының сұқбаттары әрдайым өзара түсіністік рәуіште өтетін. Ендеше осынау карулас әм пікірлес қос әміршінің қарамағындағы адамдар неліктен өзара шабуылға шыға беруін доғармайды? Мұнда қандай сыр бар? Эрине, екеуара өткен кеңестің бүге-шігесін білмегенмен, шамалауға болады: олар сол мәселені түбекейлі шешудегі кедергілерді сараптап, оларды жою жолдарын ақылға салысты...

(Кезінде империяға қарсы тұрған башқұрт жетекшісін өз жағына ұтымды тарта алған патша әкімшілігінің ұсынуымен оған билік тарапынан аталған тархан айырым-белгісі берілген. Жалпы, тархан атагы Алтын Орда хандары дәүірінде шіркеу адамдарына олардың өз шаруаларын шешуге ерікті екендіктерін көрсету үшін беріліп тұрған. Кейін оны орыс князьдері де жекелеген адамдарға алым-салықтан босатылатынын, даулы мәселелерде ешкімге бағынбай, тек ұлы княздің өз құзырына келуге хакылы екендігін білдіру үшін беріп жүрді. Бір-екі мәрте тархандық беру мүлдем жойылып тасталды да, бодан үлттардың беделді адамдарын империяға сенімді ете түсу үшін, қайта енгізілді. Башқұрт қөтерілісшісі Алдарды тархан мәртебесіне қөтеру арқылы патша әкімшілігі оны өзіне өркениеті тәсілмен тәуелді етті. Қазактар арасында да тархан болғандар бар).

Сол жылғы мамырда Әбілқайыр ханның жазғы ордасына жиналған Кіші және Орта жүздер сұлтандарының, батырлары мен белгілі адамдарының құрылтайында манызды мәселе талқыланды. Көпшіліктің үйгарымына сәйкес, орыс патшасының үкіметімен оның қоластындағы қалмак, башқұрт және орыс казактарының қазақ еліне шабуылдарын докартуды қөздейтін бітім жасау жөнінде шешім қабылданған болатын...

ХХ. МӘН-МАҒЫНАСЫ БҮРМАЛАНЫП ӨМІРГЕ ЕҢГІЗІЛУГЕ ЖАЗЫЛҒАН БЕТБҰРЫС

Ордасында өткен мәжіліске қатысушы билер, батырлар, бас адамдар мен сұлтандардың терістікегі алып көршімен бітім жасасу жайындағы ұжымдық шешімін жүзеге асыру үшін Әбілқайыр хан орыс патшайымына арнайы хат жазды. Оны апарып тапсыру міндеттелген елшілеріне жолдағы орыс әкіміне көрсету үшін де хат берді, сосын әлармен одаша ұзак кеңесіп, дипломатиялық сапар барысында қол жеткізулері тиіс мәселелерді пысықтады...

Ұзамай құрамында он бір адам бар Әбілқайыр хан елшілігінің кеүені орыс империясының астанасын бетке ұстап, император әйел Анна Иоанновнага ханның хатын тапсыру үшін арнайы сапарға шықкан. Жолшыбай тоқтаған орыс калаларындағы патша әкімшіліктері Санкт-Петербургті бетке ұстаган қазақ елшілігінің алға қойған мақсаты жайында олардан сұрап білген мағлұматтарын жогарыға жолдап отырган. Солардан мынандай ақпарат мәлім. 1720 жылғы 20 шілдеде елшілік Уфага келген. Сол жерде, Уфаның әскери кеңесінде, «Құтлұмбет би, Сейтқұл батыр, Токтамыс мырза» ауызша әңгімеде үш белікке жүйеленген мынандай мәлімет берген:

Бірінші. «Көшпенді қазақ халқы 40 мың шанырақ болады, олардың басты адамы Әбілқайыр хан, елшілікті сол жіберген. Одан басқа тагы екі ханы бар – Барақ және Әбілмәмет. Ұлы және Кіші тауларда, Сыр, Сарысу және Торғай өзендері бойларында, Қарақұм даласында және сол жақтардағы басқа жерледе қошпіп-конып жүреді. Сол жақтарда қазақ қалалары бар: басты қаласы Ташкент, ондағы қожа Жолбарыс хан, екінші қала Түркістан, оның иеленушісі Сәмеке хан, үшінші қала Сайрам, ондағы иеленуші Күшік хан. Осы қалаларға қарайтын қыстақтардың саны аз емес. Барлық қөшпенділердің де, қалалықтардың да хандары – мұрагерлікті ұстанады. Олардың, қазақтардың, заны – мұсылмандық».

Екінші. Осыған дейін осы қазақ хандары контайшымен және Еділ қалмақтарымен, сондай-ақ башқұрттармен соғысқан. Қазір олар контайшымен де, қалмақтармен де татуласты, ал башқұрттар олармен, казактармен, императордың ұлылығының ерік-жігері білдірілмейін-

ше татуласар емес. Ал қазақ хандары өзге халықтардың шабуылдарынан даңқты Ресей империясының протекциясы арқылы корғануға мүдделі, сондыктан олар мұны Әбілқайыр ханға тапсырды. Содан оның елшілері барлық хандардың келісімімен белгілі бір шартты патшайымға жеткізу үшін жіберілпіт отыр.

Ушинші. Егер «ұлы мәртебелі императрица қазақ хандарын бодандыққа қабылдауга кеңшілік етіп нұсқау берсе», сөйтіп башқұрттардың және өзге де ресейлік бодандардың олардан олжалаган бенделерін қазақ хандарына қайтарса деген ұсыныстарын айтпақ. Сонда олар, қазақ хандары, өздеріндегі олжаланған ресейлік бодандарды қайтаруға және қызмет етіп, ясак (бұлғын, тұлқі, құндыз, сусар және басқа да ақ терілері түрінде алынатын алым-салық – Б.К.) төлеп жүрген башқұрттар тәрізді «адал қызмет етуге» және ясак беруге үәде етеді. Ал егер оларға әлдебір дүшпанды шабуыл жасаса, оларды, «қазақ хандарын ұлы мәртебелінің бодандарындағы» есептесе дейді.

Мәтіннен байкалып тұрғандай, елшілер башқұрттармен тіл табысу (тұтқындармен алмасу, екінші қайтып өзара шабуыл жасаспау) жайында, башқұрттар империя қарамағындағы ел болғандықтан, императрицадан арнайы нұсқау беруін сұрамақ Мұндай тыныштыққа жағдай туғызылған және патшайым сыртқы дүшпандардан корғануға септескен жағдайда, қазактар да башқұрттар тәрізді ясак беріп тұруға әзір. Әбілқайыр ханның елшілері Ресей астанасына сапарының мақсатын осындағы ауқымдаға түсіндіруге хакылы болған. Мәтіндегі біз тырнақшага алған жалыныштылық күй танытатын сөйлемдер орыс әкімшіліктеріндегі қызметшілердің патшалық империя аталғалы бері астамшылық дерпті үдей түскен пигылдарына сәйкес өз жандарынан косқан ұғымдарды білдіреді.

Уфадан Санкт-Петербургке жолданған акпаратта «Ал оларға жол көрсетіп келе жатқан башқұрттар ескери кеңсеге қазақтардың Уфадан алты аптада, ал олардан, башқұрттардан, бір айда атпен жүргенде жетуге болатын жерде көшіп-қонып жүргенін айтқан» деген хабар бар. Орыстардан осындағы қашыктықта өмір сүріп жатқан халықтың оларға басыбайлы бодан болуға бейілдігін білдіруі кисынсыз екені дәлел тілемесе керек. Бетен тектілердің тілдеріндегі құжаттарды орысшалағанда өз пигылдарын тұжырымдал қоюды орыс әкімдері қалмақтармен жасаған келісімшарттарында көрсеткен (басқы тарауда айтқанымыздай, 17-ші ғасырда жасалған күжат бойынша қалмақтар орыстармен ескери одак құрдық деп санаса, орыстар оларды бодандығымызға алдық, қалмак жасактары орыс ескери құрамында болады деп санаған).

Аймағынан өтіп бара жатқан қазақ елшілігі жайында іле-шала Басқаруши Сенатқа жіберген Уфа воеводасының баянхатында мынандай қызық дерек айттылған. Сол 1730 жылты 28 маусымда кеңсеге Уфа үйеzi Ноғай жолындағы (жол – сөзбе-сөз алғанда, іс жүзінде мәтінде орысша «дорога» деген сөз аймақ, өнір, облыс ұғымын береді, башқұрт елінде Алтын Орда дәүірінде «даруга» деп қолданылған аумақтық-әкімшілік бірлік ұғымын білдіретін атаяу – Б.К.) Кубелек, Табын болыстарының башқұрттары Карабай Тұрымбетов пен Лықай Сейітов Қазак Ордасының қазағы Биатыш Төлеевті жолдастарымен алып келген. Ол Әбілқайыр хан иелігінен екен, Уфа үйеziндегі Ноғай жолына (яғни Ноғай аймағына, облысына) құдды эскерлер жайын білуге келген көрінеді. Олардың иесі Әбілқайыр мен Сәмеке хандар және олардың қазактары бүтінде оның императорлық ұлылығы проекциясында «қызмет етіп», «бодан болғысы» келетін сияқты. Сейітіп олардың қожалары шапшаңдатып өздерінен ұлы мәртебеліге елшілер жібергілері келеді екен. Бұл жайында Басқаруши Сенатқа 8 шілдеде хабарланған. Демек, бұл хабар Сыртқы істер алқасына да мәлімделсе керек...

Баянхатта одан әрі: «Ал Қазақ ордасынан 20 шілдеде Әбілқайыр ханның елшілері ретінде келген қазақтар өздерінде ұлы мәртебелі императрицаға арналған хат бар екенін айтқан. Екінші хат Уфа провинциясының воеводасы атына жазылған. Оны берген елшілер Құтлұмбет Қоштаев пен оның алты жолдасы. Олардың қастарында бес адам қосып боп жүр. Осы баянхатпен қазақ ханының воеводаға жазған хаты орыс тіліне тәржімаланып қоса жіберілді» дедінген.

Елшілер Уфадағы мемлекеттік қызмет аткаратын адамдармен бірге, күзетпен 1730 жылғы тамыздың басында Санкт-Петербург (Питербурх) қаласына, Басқарушы Сенатқа жөнелтіледі. Олар 28 тамызда Мәскеуге, одан қыркүйектің аяғына қарай империя астанасына жетеді. Сыртқы істер алқасына қазақ елшілерін алып келген башқұрттар 29 қыркүйекте жоғарыда айттылған мәліметтерді қайталап, өздерінің тұргын-жайларының төрт жолда (яғни төрт облыста), атап айтқанда Ноғай жолы (облысы), Сібір жолы (облысы), Осы жолы (облысы), Қазан жолында (облысы) жерлерінде екенін, қазақ ордаларынан қашықта тұратындықтан олармен соғыс жағдайында еместігін айтады. «Ұлы мәртебелі патшайымның аса мейірімді пәрменімен қазақ халқы бодандыққа кабылданса», онда башқұрттар да тыныштықта өмір сүрер еді, қазактар оларға шабуыл жасап, тұрмыстарын күйзелтуге түсірмес еді, башқұрттан алған тұтқындарын кайтарар еді. Башқұрттарға келер пайда осы. Ал осындағы қазақ сынды ұлы халықтың «өз еркімен

бодандыкка келуі» ұлы мәртебелінің даңқын арттыра түсер еді. Бұл жерде де орыс әкімшілігі ниетін көрсететін, бұрмаланған тықпапланған сөздерді тырнақшаға алғып көрсетіп отырмыз.

Сыртқы істер алқасында 1730 жылы 21 казанда қазак елшілерінің Әбілқайыр ханның орыс патшайымына хат жазу себебін түсіндірген сөздері рәсімделді. Хаттама іс жүзінде олардың 20 шілдеде Уфа-да берген хабарламасын қайталаган, тек қазак қалаларындағы үйлер санын: «...бас кала Ташкент, онда қырық мың тұрғын үй бар, екінші қала Туркістан, ондағы тұрғынжай отыз екі мың үй, үшінші қала Сайрам, ондағы тұрғын үйлер саны отыз екі мың немесе одан да көп...» деп қосып келтірген. Және олардағы хандардың бәрі Әбілқайырга бағынатынын атап көрсеткен.

Осы хаттаманың, сонымен бірге, әрине, Әбілқайыр ханның императрицаға жазған хатының орысшаланған нұсқасының көшірмесі аса маңызды тапсырмамен қазақ еліне аттаңдырылмақ тілмәш және мәмілегер Тевкелевке беріледі. Бәлкім, солардың империя ынғайында жасалған мәтіні мен аудармасына осынау дипломаттың өзінің тікелей қатысы болған да шыгар...

Құтлұ-Мұхаммед (Мәмед) Тевкелев жастайынан Ресейдің шетелдермен байланыс жасап тұратын орталық үкіметтік мекемесі Посолдық приказ тілмәші болған. Мұнда, жалпы, оның экесі Мамеш, не мере агалары Рамазан мен Мұртаза да тілмәштық қызмет атқаратын. Орталық басқару мекемелерін реформалау кезінде I Петр Посолдық приказды 1720 жылы мулдем жойып, орнына Сыртқы істер алқасын құрды. Ал Құтлұ-Мұхаммед агаларының көмегімен сол Сыртқы істер алқасына қызметке алынды. Патша құзырындағы мемлекеттік чиновник лауазымы оны одан әрі өсуге, баюға, биік алеуметтік мәртебеге жетуге үмтүшті түседі. Ол I Петрдің катерлі бастамаларының бәріне қатысады. Тілмашы ретінде 1711 жылы Прут жорығына қатысып, түріктің саны басым армиясы орыс армиясын жойып жіберудің аз-ак алдында қалғанын кореді. Патша тапсырмасымен 1717 жылы Үндистанға жол ашқысы келген князь Бекович-Черкасскийлің Орта Азия экспедициясында болады. Экспедицияға қатысушыларды Хиуа ханының әскері қырып жібергенде, әйтеуір, ғайыптан аман қалады. Сосын қайтадан патша жанынан табылады. 1722 жылы I Петрмен бірге оның тілмәші ретінде Парсы жорығына шығады.

Бұл жорыстың да он нәтиже бермеуі I Петрдін назарын Қазақ Орда-сына бұрады. Тевкелевтің жазбаларына қарағанда, I Петр қазақ жері арқылы шығыста жол ашу үшін «миллион сом шығындасқаң та қазак ханынан орыстым» корғауында болғымыз келеді деген бір жапырак

«қағазды колға түсіру керек» деген жоспарын сол сапарынан кейін іле-шала айтқан екен. (Жонғар хандығын боданы ету әрекеті он нәтижеге жете коймагандықтан, Азия қақпасы кілтін Қазақ Ордасын құзырына қарату арқылы қолына алғысы келген). Алайда тағдыр оның жоспарын езіне орындатуға жазбады (1725 жылы қайтыс болды) Оны жүзеге асыруға I Петрдің аманатын қөкірегіне мықтап байлаган мансапкор тұмәш Мәмед (Алексей Иванович) Тевкелев Әбілқайыр ханның Ресей боданы болып табылатын башқұрттепен қарым-қатынасты бейбіт сипатқа түсіру үшін Анна Иоанновна патшайымға бітім жасау жайында елшілік жіберуіне орай құлшына кірісті...

XXI. ТАҒДЫРШЕШТІЛІК МӘНІ БОЛҒАН ХАТТЫҢ ТҮП МӘТІНІ

Мән-мағынасы бүрмаланып өмірге енгізілуге жазылған тағдыршешті бетбұрыстың негізгі құжаты Әбілқайыр ханның орыс императрица-сына жазған хаты екені белгілі. Құні бүтінге дейін өзгерс коймаған көпшілік арасындағы пікір бойынша, ол жеке басының қамы үшін Ресейге қарамағындағы халқымен бодан болуға өзі сұранған, яғни сатқын делінеді. Алайда мұндай пікірдің түрлі бүрмалаушылықтың жетегінде кету салдарынан қалыптасқаны соңғы жылдары анықта шықты.

Әбілқайыр ханның бізге орыс тілі арқылы мәлім болған «сатқындық хатын» үстіміздегі ғасырдың басында тарихшы Амантай Исин түпнұсқадан оқып, қайта тәржімәлады. Нәтижесінде зерттеуші-ғалым ғылыми айналымда жүрген тарихи хаттың орысша нұсқасындағы бірқатар сөздердің түпнұсқада жоқ екенін, біразының мағынасы өзгеріліп берілгенін анықтады.

Оның себебін тарихшы «дала билеушілері жазған хаттардың реєсми аудармаларында... басы артық, бағынышты сөздерді косып жіберу – Мәскеу мемлекеті кеңсе қызметі қалыптастырып, Ресей империясы үдетең жіберген әдет» болғандықтан, содан және «кеңес заманындағы ұлы халықты аға тұтқан құлшыныстан» көреді. Сол замандағы шығыс әміршілері колданған араб, парсы сөздері аралас түркі-казак тілінде жазған хатындағы «хан сөздері ұстамды, белгілі бір тұстарында асқақ, – дейді мәтінді мұқият зерделеген ғалым. – Кішірею де, өзге мемлекет иесімен тен сезінүі де, құрмет көрсетуі, **сынайы** сөз саптауы, мұдделі ісі де үйлесімді, салмакты өлшеммен жиікізілген. Бұл

хаттан артық жалбарыну, Ресей патшалығына ашық мойынсұну, құлдана сөйлеу деген байкалмайды». Енді А. Исин зерттеу мақаласында келтірген түпнұсқалық мәтінге көз жүгіртейік:

«Ұлтларың ауа марһаматы биік, дәулеті артық, йер йузіне билеген ақна ұлтұ падша хазыретлерің ұзырына бенделік етеміз. Күнден күн, айдан айға, йылдан йылға дәулет сәлемет зияда олар анша тасығай.

Біз ғарызбанде хазыретіңізге бұ дәрге. Сіз ұлт ҳазыретнің Орал ештегі башқұрт халайықы бірле арада еллігіміз йок ерді.

Емді ел-хал, Сіз дәулеті ұлтұ падша хазыретіңе саясыда панаһ олып, сатиг мунқаз олмақ үчін тоғай йолы Орал ештегі бенденіз Алдарбайга елші қосып йібердім. Ол Алдарбай Сіз ұлтұ падшаның ҳазіретіге елші тілегені үчін біз, Әбілхайыр хан, қырық сан қазақ Орта йұз, Кіші йұз барша рағайат қараашаларым бірле баш салдым.

Йарлық: Сізнің-дүр ол қулларыңыз Орал ештегі бірле ел қылып Iрі-шу[і]ңні тілейміз. Сізнің йарлығыңыз бірле ел болгаймыз.

Сейітқұл йіберген елші баш Құттымет йолдашлары бірле».

Империяның Сыртқы істер алқасындағы аудармашылар – бәлкім, тәржімә жасауға Құтлұ-Мұхаммед (Мәмед, Алексей Иванович) Тевекелевтің тікелей қатысы да болған шығар – қазақ ханының патшайымға ұсыну үшін мәтінді орыс тілінде мынандай нұсқаға түсірғен екен:

«Величайшей, благородной, богатой и умной обладательнице многих земель, ее величеству государыне императрице ежедневно, ежемесячно и ежегодно желаем божией милостью благополучного государствования. Наше заявление Вашему величеству состоит в том, что с поданным Вам башкирским народом, который находится за Уралом, у нас близких отношений не было. Желая быть совершенно подвластным Вашему величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим поданным Алдарбаем. Этот Алдарбай требовал посланника от нас к Вашему величеству, и поэтому мы, Абулхаир-хан с подвластным мне многочисленным казахским народом Среднего и Малого жузов, все преклоняемся перед Вами, являемся Вашими слугами и все вместе в простым народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи, чтобы с поданным Вам башкирским народом, находящимся за Уралом, жить в согласии.

Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными.

(Передали): Сейткул. Главный посланник Куттумбет с товарищами».

Тәржімәдағы «благородной», «умной», «божией милостью», «который находится за Уралом», «близких отношений», «многочис-

ным», «являемся Вашими слугами и все вместе в простым на-
дом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи»,
находящимся за Уралом», «Желаем Вам всякого благополучия и бу-
зм Вашими подданными» деген сөздердің баламасының түпнұсқада
жұтығын, яғни олардың аударма жасау барысында мәтинге жаңадан
жесе мағынасы өзгертіліп қосылғанын айта келіп, А.Исин хаттың
жынандай жаңа аудармасын жасайды:

«Величия и милости высокой, государства превыше, правящей [все-
ми] землями ее величеству белой великой императрице обращаемся с
обыденным намерением. Изо дня в день, из месяца в месяц, из года
в год государство [Ваше] да пребывает в здравии и приумножается.

Наше заявление Вашему величеству следующее. С народом Вашего
величества уральскими ештек-башкортами меж нами нет согласия.

Теперь, желая получить под покровом Вашего императорского ве-
личества защиту и спокойствие, посылаю, присоединив к лесной
дороги уральскому ештеку подданному Вашему Алдарбаю, своего
посла. Поскольку этот Алдарбай просил послу к Вашему император-
скому величию, мы, Абулхаир-хан, сорок санов казахов, Средний и
Младший жузы со всеми подвластными мне караша склоняю голову.

Ярлык: с Вашими слугами уральскими ештеками хотим достичь со-
гласия. С Вашим ярлыком да будем в согласии.

Посланный посол Сейткул во главе с Кутлыметом с товарищи».

Енді түпнұсқаның кей тұстарымен екі аударманы салыстырып қа-
райық. Мәселен, түпнұсқада: «Біз гарызбанде хазыретінізге бұ дәр-
ге. Сіз ұлғұ хазыретнің Орал ештегі башқұрт халайықы бірле арада
еллігіміз йок ерді», – деген жолдар бар. Соларға жасалған Сыртқы
істер алқасының аудармасы мынандай: «Наше заявление Вашему ве-
личеству состоит в том, что с подданным Вам башкирским народом,
который находится за Уралом, у нас близких отношений не было». Енді қазіргі заман тарихшысы А.Исин жасаган жаңа аудармага көніл
аударайық: «Наше заявление Вашему величеству следующее. С на-
родом Вашего величества уральскими ештек-башкортами меж нами
нет согласия». Осы үзік бүтінгі қолданыстағы өз тілімізде былай бол-
лар еді: «Біз Сіздің ұлы мәртебенізге мынандай мәлімдеме жасаймыз.
Сіздің ұлы мәртебеніздің халайығы Орал башқұрт-естектерімен арада
елдік келісім болмай түр».

Одан әрі хаттың түпнұсқасында: «Емді ел-хал, Сіз дәүлесті ұлғұ пад-
ша хазыретіңе саясъыда панаң олып, сатығ мунқаз олмак үчін тогай
йолы Орал ештегі бенденіз Алдарбайға елші қосып йібердім. Ол Ал-
дарбай Сіз ұлғұ падшаның хазыретіге елші тілегені учін біз, Әбілхай-

ыр хан, қырық сан қазақ Орта йұз, Кіші йұз баршарагайат қарашаладын бірле баш салдым», – делінеді.

Патшалық аудармашыларының тәржімәсінде бұл үзік тұпнұсқада жоқ сөздер мен ұғымдарды қосып, былай берілген: «Желая быть совершенно подвластным Вашему величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим подданным Алдарбаем. Этот Алдарбай требовал посланника от нас к Вашему величеству, и поэтому мы, Абулхаир-хан с подвластным мне многочисленным казахским народом Среднего и Малого жузов, все преклоняемся перед Вами, являемся Вашими слугами и все вместе в простым народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи, чтобы с подданным Вам башкирским народом, находящимся за Уралом, жить в согласии».

Артық сөздерді алып тастап, магынасы өзгерген сөздерді (айталақ, «елші тілегені», яғни «елші жіберуді өтінгені» деген тіркесті – «требовал посланника», яғни елші жіберуді талап етті» деп бергенді) тузетіп жасаған жана аудармада жоғарғы үзінді былай бол шыққан: «Теперь, желая получить под покровом Вашего императорского величества защиту и спокойствие, посылаю, присоединив к лесной дороги уральскому ештеку подданному Вашему Алдарбаю, своего посла. Поскольку этот Алдарбай просил посла к Вашему императорскому величию, мы, Абулхаир-хан, сорок санов казахов, Средний и Младший жузы со всеми подвластными мне караша склонялем голову».

Қазақшалайық: «Енді, Сіздің ұлы мемлекет патшасы мәртебеніздің саясында қорғалып, тыныштық алмақ үшін Ногай жолындағы Орал естегі бенденіз (боданыныз) Алдарбайға елші қосып жібердім. Осы Алдарбай Сіздің ұлы патша мәртебенізге елші жіберуді өтінгені үшін біз, Әбілқайыр хан, қырық сан қазақ, қарамағымдағы Орта жұз бен Кіші жуздегі барша қарашаларыммен бірге бас иемін».

Ангарылыш тұрғандай, тұпнұсқадағы: «...тогай йолы Орал ештең...» деген тіркес жаңа аудармада: «...к лесной дороги уральскому ештеку...» деп берілген. Яғни «...тогай йолы...» – «лесная дорога» деп тете аударылған. Бұл жайында А. Исин тұпнұсқада солай «тогай» түрінде тұрғанын көрсете отырып: «Тарихта «Ногай жолы» деген жол (багыт) бар. Бірақ бұл жерде «ногай жолы» деп қабылдау үшін анық жазылған «тогай жолы» деген ұғымды жоққа шығару керек», – дейді.

Алайда араб әріпптерімен жазылған тұпнұсқада бір ноқаттың абайсызда артық түсіп кетуі де ықтимал екенін ойлау жөн. Екі нүктес тұрса – орыс әліпбійндең «т», егер бір нүктес болса – «и» болар еді. Әрі ол заманда, башқұрт көтерілісін қанға бояп басқаннан кейін, патшалық башқұрт жерін «жол» деп аталатын төрт әкімшілік аумакқа бөлген.

Содан «жол» (йол, дорога, даруга) – округ, облыс, аудан сияқты аумақтық-әкімшілік бірлікті білдіретін сөз болып кеткен. Қазақ жерімен әлденеше болыстардан құралатын Ноғай және Сібір жолдары (аудандары) шектесіп жататын. Сондықтан, хат мәтініндегі «тогай» деген сөзді кездейсок қос нүктө түсіп кеткендіктен кеткен қате ретінде тузытіп, «ноғай» деп батыл өзгертіп жазу керек. Мәтінді казақшаlagанда солай – «Ноғай жолы» деп көрсетіліді.

Хаттың түйіні: «Йарлық: Сізнің-дүр ол кулларының Орал ештегі бірле ел қылып Ірішу[i]ні тілейміз. Сізнің йарлығының бірле ел болғаймыз». Патшалық тәржімәсі: «...с подданным Вам башкирским народом, находящимся за Уралом, жить в согласии. Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными». Жаңа аударма: «Ярлык: с Вашими слугами уральскими ештеками хотим достичь согласия. С Вашим ярлыком да будем в согласии». Қазақшасы: «Жарлық: Сіздің құлдарының Орал естектерімен ынтымакқа қол жеткізгіміз келеді. Сіздің жарлығыныңбен ынтымактас боламыз».

Әбілқайыр хан 1730 жылы орыс императрицасы Анна Иоанновнаға осындағы тілек айтқан еді.

XXII. БЕТБҰРЫС ШЫНДЫҒЫ

Әбілқайыр хан елінің солтустігіндегі күшті де қаһарлы империя тағында отырған патшайым Анна Иоанновнаға жолдаған, қазақ үшін тағдыршештілік мәні болған хаттың түп мәтініндегі: «Жарлық: Сіздің құлдарының Орал естектерімен ынтымакқа қол жеткізгіміз келеді. Сіздің жарлығыныңбен ынтымактас боламыз», – деген түйінді жолдар оның мақсатын жеткілікті дәрежеде айқын көрсетіп тұр. Және оның ешқандай да «өз еркімен бодандыққа сұранды» деген ұғым бермейтіні де анық.

Орыс империясы коластындағы Орал башқұрттары қазақ жер-суының біраз өнірін өздерінікі деп есептейтін де, патшалық қысқан сайын, жаңа жайылымдарға көшу мақсатымен, Қазақ еліне жиі-жін шабуылдан тыным бермейтін. Әбілқайыр ханның хаты соларды императрица жарлығымен ауыздықтауга қол жеткізуі көздеңені күмән туғызбайды. Хатында естектерді (башқұрттарды) орыс мемлекетінің «құлдары» деп атап көрсетіп отырғанында, енді өз халқын да сондай «құлдыққа» алуын патшайымнан «жалбарынып» сұрауы кисынсыздын кисынсызы екені дәлел тілемесе керек.

Тарихшылардың бірқатары 1926 жылғы Қойбағар Қебекұлы елшілігін де Санкт-Петербургке Әбілқайыр хан жіберген, ол осылай орыс қоластына өтүге бұрын да әрекет еткен деп сандыды.

Алайда бұл кезде Әбілқайыр хан Отанының басқыншы табанына түскен түстік өнірін азат ету, басқыншының терістіктері сыйбайлалының арқадан пышақ салуы ықтимал шапқыншылығының алдын алу шараларын жасап, біресе онтүстіктегі – жонғарлармен, біресе солтүстіктегі – казачество, қалмак, башқұрттармен қазақ жер-суын қорғау жолында аласұра соғысып жүрген. Аталған миссия жекелеген рубасылардың бастамасы болатын.

Қойбағар бастаған елшіліктің Қазак хандығы бас әміршісінің жиберуімен келмегендін, сондыктан да оның тиісті өкілеттілік күші жоқтығын патша үкіметі бірден түсінген. Түсінген де, оған ешқандай жауап бермей, слеусіз күйде қайтарған болатын.

Ал Құтлұмбет би, Сейтқұл батыр, Тоқтамыс мырза бастаған 1930 жылғы елшілік қазақ ханының тікелей өзінен орыс патшайымына арнайы жазылған хат әкелген еді. Сол себепті империяның Сыртқы істер алқасы, ондагы жауапты қызметкер – кезінде Бірінші Петрдің қазақ еліне катысты жоспарын ез аузынан естіген Алексей Тевкелев, сондай-ақ әрине, патша үкіметі мен патшайымның өзі оған өте мүкият қарады.

Бәрі де Ұлы Петр аманат еткен жобаны жүзеге асырап уақыттың туып келе жатқанын түйсінді. Мәселені парықтай келе, патша үкіметі қазақ ханы өтінішінің империя мұддесіне сай тиянақталып орындалуын қамтамасыз етуді ойластырды. Сол үшін барлық керек-жарақ, мол қаржы-каражатпен жабдықталған, құрамына қазақ елінің жер-су бедерін, қоғамдық және әлеуметтік құрылымын, хал-жағдайын жаңжакты зерттей алатын мамандар енгізілген үлкен экспедиция құрды.

Орыс императрицасы Анна Иоанновнаның осынау елшілігін басқаруға Сыртқы істер алқасының чиновнігі Құтлұ-Мұхаммед Тевкелев тағайындалды. Оның алдына қойылған ірі дипломатиялық міндетті атқаруда мүлтіксіз орындалуға тиіс нұсқаулық жасалды. Сондай үйымдастыру және жан-жакты дайындық шараларынан соң, экспедиция жол жүргуге сақтайдай сай болды. Ақыры, кері қайтатын мезгілі жеткен Әбілқайыр ханының елшілерімен бірге, Тевкелев бастаған миссия Қазақ елін бетке ұстал, 1731 жылғы сәуірдің 30-ы күні Петербургтен шықты. Екі айдан кейін башқұрт аймағындағы орталық қала Уфага жетті.

Сол жерде елшілікті Алдар тархан күтіп алған. Ол Тевкелевке алдымен Әбілқайыр ханға хабар жіберген жөн деген кенес берді. Ха-

барышлар аттанды да, тамыздың 22-сінде хан өкілдерімен бірге оралды. Олар Уфада құрметті эскортпен, қарулы қүзетпен қүштейтілген экспедицияны (императрица Анна Иоанновнаның елшілігін) ханның жазғы ордасына қарай сол айдың аяғында бастап шықты.

Қазақ елінің шегіне іліге бергенде, оларды Әбілқайыр ханның ұлы Нұралы сұлтан қарсы алды. Ол патша елшілігіне протоколдық құрмет көрсету үшін арнайы жіберілген еді. Сөйтіп, қазақ эскерінің хан тарапынан белінген екі жұз сарбаздан тұратын салтанатты эскорты әрі қүзетінің ортасында, айдан астам жол үстінде болған экспедиция, ақыры, 1731 жылғы 5 қазанды Үргыздагы Мәнітөбе алқабына тігілген ханның жазғы ордасына ат басын тіреді.

Әбілқайыр хан орыс патшайымының елшісі экелген хабарды көпке созбай талқыға салу қажет деп шешті. 1731 жылғы 10 қазанды жиналыс откізетін күн деп белгіледі. Оған қатысуға 1730 жылғы мамыр айындағы құрылтайда болған Кіші және Орта жүздер шонжарларын шакыртты. Жиналысқа дейін хан алдымен өз елшілерінен мұқият есеп алды, сосын орыс елшілігінің басшысы Тевкелевті қабылдады.

Тевкелев ханмен, қазақтың беделді тұлғаларымен (білер, сұлтандар, батырлары және рубасылармен), экспедицияға Уфада қосылған құрметті эскортты бастап келген Алдар тарханмен және Таймас батыр секілді өзге де ықпалды башқұрттармен әлденеше рет кездесіп, алдына койған мәселесінін шешілу жолын ақылдасты.

Оның күнделігінде (журналында) жазылған ақпараттарға қарағанда, сый-сияптар тарата отырып қозғалған әнгіме тұп-түгел қазақтарды империя бодандығын қабылдауға мойынсұнту жөнінде болған сијақты. Алайда, тапсырмаға сай толтырып отырған журналына патша қызыметшісі тек қожайынына жағатын мазмұндағы сөздерді жазуы тиіс екенін есте ұстая керек. Яғни, тұпкі мақсаты болып табылатын жасанды құжатты – «Ресейге кіріптарлығын мойындайтын бір жа-пырақ қағазды қайткенде колға түсіру үшін, миллион сом жұмсаса да, беделді қазақтарды сатып алу» жолында жүргізген жұмыстарын әсірелеп таңбалаганы күмән туғызбайды. Журналындағы ақпараттардың империяда өзге жүрттарға қатысты қалыптасқан мазмұнда толтыру үлгісінде, кеңсе қағазын өзгені төменшіктете отырып жүргізу дәстүрінде жазылғаны анық.

Патшалық және кеңестік дәүірлерде, сондай-ақ біздің тәуелсіз заманымызда да көптеген ғалымдар Тевкелевтің сол шакта жүргізген дипломатиялық келіссөздері казаққа Ресейдің боданы болуды мойын-датуға тірелді деп санайды. Дұрысында, сондагы келіссөзге әр тарап өз ұғымынша мән берген. Мәселен, Әбілқайыр ханның патшайымға

жазған хатындағы «жарлық» (түйін) магынасы орыс мемлекетінің қазақ еліне мазасыздық туғызып тұрган бодан елімен бейбіт қатар өмір сүрге қол жеткізуді көздеу екені айқын тұжырымдалған. Хатты империя астанасына апарған елшілер «империя қарамағындағы башқұрттардың қазақ еліне агрессиясын тоқтату үшін императрицаның арнағы нұсқау беруін» сұрады. Сол орайда қоятын шартын баян етті: патшайым осылай тыныштық туғызыса және қазактардың сыртқы дүшпандардан қорғануына септессе – онда Қазақ хандығы да патша қазынасына бағалы аң терілерінен дайындалған алым (ясак) беріп тұратын болады.

Әбілқайыр ханның елшілері Санкт-Петербургке сапарының мақсатын осындай ауқымдаға түсіндіруге хақылы болған, солай еткен де. Жоғарыда қарастырғанымыздай, орыс құжаттарында бұл жэйт «бодан болуға құлышыну» сипаттында жазылған. Тевкелев қызметі барысында соларды басшылыққа алады.

Ол 1731 жылғы 10 қазандагы қазақ ақсүйектері мен беделді тұлғалары алдында мәмілегерлік амал-айламен айтқан сөзінде қазактардың Ресей империясына ешқандай да қауіп-қатер төндіре алмайтынын шегелей аян қылады. Сондыктan да қазактармен бейбіт келісімшарт жасаудың Ресейге түккө де керек еместігін жария етеді. Мұндай келісімшарт қазактарға қажет дейді елші. Өйткені оларға Ресей бодандары тарапынан төніп тұрган қатер аса зор. Ал одан, ондай қатерден тек айбынды Россияның боданы қатарына қабылданып қана құтылуға болады дең сеніммен мәлім етеді.

Егер қазактың осынау бас адамдары «бодан болуды» (журналына түсірілген бұл етістік чиновниктің ішкі пигылы болуға керек, жиында, ыңғайы, Ресейдің қазақ хандығын корғауына алыу, нағыз магынасындағы протектораты санауы жайында айтылуы көнілге қонымды) қабыл көрмесе, ұлы мәртебелі патшайымның елшісі оларды мәжбүрлемейді. Бірақ қазақ әміршілерімен «бейбіт келісімшарт жасауга да бармайды», себебі ондай шара «куатты да айбарлы Россия империясы үшін абырайсыздық болар еді», патшалықты «мұндай масқарашылыққа ұшыратуға» Тевкелев ешқандай да келісе алмайды...

Жиналысқа қатысушыларға орыс елшісінің кең ауқымды, байыпты, терең сөзі қатты әсер етеді. Оған Табын Бекенбай батыр қолдау көрсете сойлейді. Қазақ үшін қазіргі таңда күшті елге арқа сүйесу аса қажет екенін айтады.

(Бекенбай батыр 1710 жылғы құрылтайда қазақ жасақтарының сардарлығына сайланып, Әбілқайыр ханмен бірге елін жаудан азат етуге белсене катысқан. 1726 жылы Жайық үшін шайкасып жүріп, бейбіт

келісімшарт жасауға қажеттілік тұғанда, қалмақ әскерінде аманатта қалған. Жалпы, Отан соғысы кезінде талай шайқастың қуйініші мен сүйіншін ханмен бірге бастан кешкен. Әбілқайыр ханның ен сенімді батырларының бірі болатын. Ол осы жиын алдында гана Тевкелевтің өзіне ұсынған ірі көлемдегі төлемақысын алудан бастартқан еді: акша алсан – ақшага сатылған болып шығам деген, мени еліме қорған болатын патшайымға акысыз-пұлсыз, елімнің тыныштығы мен абыройы үшін адалдық сактауды өзімे борыш санаймын деген).

Бөкенбай батырдың сөзі бас адамдардың бірқатарына оң әсер етті. Олар Ресейді хандық үшін қорғаныш тұтуға бейілдік танытты. Ал бірқатары қарсы болды. Бұлар орыс патшалығымен бейбіт келісім жасауға қарсы еместігін айтты. Әңгіме екі ел арасында бір-біріне әскери көмек беруді ескеретін уағдаластыққа қол жеткізу жөнінде болса – құба-құп. Мұны олар қолдар еді. Былтыргы құрылтайда олар патшайыммен келісіп, башқұрт мазасыздығын тыныштандыруды ханға тапсырған. Басқа ештеңе емес. Патшайымды казақ хандығының бірден бір қамқоры тұтуға шақырып, хан өз өкілеттігін асыра пайдаланбак. Бұған бұлар қарсы. Орыс мемлекетін қорғаныш көруге қарсы. Келісім тек қана бейбітшілік сактау жайында гана болсын. Олар Әбілқайыр ханды императрица елшілігін осындай жауаппен кері қайтаруга шақырады.

Сонда Әбілқайыр хан өзінің саяси ойын мейлінше айқын, еш бүкпесіз жария етті. Егер хандық Ресейдің қоргауындағы ел қатарына кірсе, оның қоластындағы қалмақ пен башқұрт, Жайық және Сібір казактары жүгенсіздік жасай алмайтын болады. Олардың әскери құрылымдарының казақ елін шаба беруіне токтау салынады. Ресей де оларға астырын көмек көрсетуін, казақтарға құпиялап айдан сала беруін қояды. Бұл бір. Екіншіден, Қазақ хандығы Ресей қоргайтын ел қатарында болса, оның қоластындағы Қалмақ хандығынан кем түспейтін, бір орталықтандырылыған біртұтас күшті мемлекет құруына Әбілқайыр ханға да мүмкіндік туады...

XXIII. ПРОТЕКТОРАТ ЖӘНЕ МУДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Солтүстікегі қуатты мемлекетке қарай шешімталдықпен бет-бұрыс жасауынын шындығын Әбілқайыр хан 1731 жылғы 10 қазанда дала элитасы алдында айқара ашты. 1730 жылғы мамыр құрылтайы шешіміне сай ол орыс патшайымына арнайы хат жазып, елші жібер-

ген. Хатында айтылған тілек пен қойған шартының мазмұнын қандай ауқымда түсіндіруге болатыны жайында елшілеріне құпия да мұқият түрде тиісті нұсқауын берген.

Алыстан болжайтын көреген саясаткер ретінде, Әбілқайыр хан терістігіндегі алып көршісімен тату түру арқылы ғана өзінің құрылымы әлсіз мемлекетін нығайтып алуға боларын ойлаған. Куатты патшалықпен тұлғатысып бейбіт катар өмір сүргендеге ғана жүздерге бөлініп басқарулы Қазақ хандығының тұтастығын сақтай алатынын, сонда ғана өзінің жалпак жер-суды алып жатқан быттыраңқы елінде бір орталыққа бағынатын біртұтас құшті мемлекет құруына мүмкіндік туатынын үққан. Алайда бұған кедергі көп-тін...

Орыс патшайымының елшілігі катысқан жыныда қазактың елдік мұддесін ойлайтын бас адамдар Әбілқайыр ханды түсінуге тиіс және оның ұсынысын қолдауга міндетті болуға керек еді. Мәселе мынада, деп естірте пайымдады Әбілқайыр, оны жиырма жылдан бері хан дейді. Кіші жүздің, сондай-ак Орта жүздің бір болігінің ханы Сонымен катар, кейінгі он бір жыл бойы қазақ елінің аға ханы лауазымын қоса алып келеді. Осы уақыт бойында кілі жағдайға орай жасақ жып, әскер құрды, соғыс өнерін тәп-тәуір менгергенінің арқасында, қазактың айтулы батырларымен бірге манызды женістерге жетіп жүрді. Бейбіт шактардағы ел билеудің кыр-сырын да әжептеуір түсінді, сондай кезеңдерде өзінің төре тұқымдастары мен құллі қара халықтың кілі өкілдерінің жаксы-жаман қасиеттерін әбден танып-білді...

Орыс дереккөздерінен мәлім, бапқұрттың белгілі бас адамдары (Алдар тархан, Таймас батыр және т.б.) империяның Сыртқы істер алқасына 1730 жылы берген мәліметтерінде: «...қазактарда алты хан бар, іштеріндегі зоры Әбілқайыр хан. Сол хандардың бәрі барлық істерде Әбілқайыр ханга құлак асады», – деген. Бір айдан кейін бұл мәліметті патшайымға хан тарапынан арнайы жіберілген қазақ елшілері растайды. Олар әлгі мәліметті Ұлы жұз билеушісі Жолбарыс хан мен Орга жұз **хандары** Сәмеке мен Күшік Әбілқайыр ханның айтқанынан шықпайды деген сөздерімен нақтылай түсті. Әйгілі қазақ батыры Табын Бөкенбай 1731 жылы қазақ даласына келген Құтлұ-Мұхаммед Тевкелевке: қазақ елінде «Тәуке ханнан кейінгі басты әмірші – Әбілқайыр хан, ол өз еркімен, ешкімнен кедергі көрместен, көп істі жүзеге асырды» деді. Орта жұз ханы Сәмеке Әбілқайырды «бас ханымыз» деп атады. Орыстың көптеген құжаттарында белгілі қазақ батырлары мен бас адамдарының, сондай-ак Абылайдың және өзге де сұлтандардың Әбілқайырды бас хан, аға хан деп атаган деректері сакталған.

Жоғарыда атаганымыздай, бұл лауазымға ол 1719 жылдан ие бол келе жаткан және соңша уақыт бойы аттан түспей, ұлан-ғайыр қазақ жерінің онтустігіне де, терістігіне де корған болмакка, жауынгер жасағын бастап әлденеше аттаған. Небір шайқастар жүргізіп, елдің азаттығы мен тұтастығын сактау үшін алысқан. Осынша уақыт белден қылыш қыны мен жебе толы корамса шешілмеді. Садақ пен семсерді бекем ұстал, тұлпарынан түскен жок. Жауынгер сарбаздарын бастап, дамыл таптай, казақ жерінің бір киырынан екінші киырына құйындата шалты. Ел мұддесі үшін құстай ұшып, қыска мерзімде айшылық жерлерді шалды. Бас қолбасшы ретінде, қазақ әскерін күрделі майдандарда жеңіске бастады.

Оңгустікте қазактың астанасы мен талай өзге де шаһарын, шұрайлы жер-суын жонғар-басқыншыдан азат етті. Терістік-батыста орыс үкіметі айтқтаған, орыс қоластындағы қалмақ, казак-орыс, башқұрттан ел-жұрттың корғады. Жайық үшін жан аямай шайқасты («қазақ халқы Жайықтан өзен суы сарқылып біткенше айрылмайды!»). Жонғар басқыншыларына қарсы жүргізген Отан соғысын жеңіспен аяқтады. Контайши Галдан Церен сынды қуатты әм қатерлі, әскери күшінің мүмкіндігі мол бас дұшпанымен абыройлы келісімге қол жеткізdi.

Не керек, Әблікайыр баһадүр өзінің ага хан ретіндегі лауазымын білегінің күшімен, қолбасшылық білігімен бекемдеді. Ол бір мүшелдей уақыт бойы өзінің іс жүзінде елдің басты ханы екенін ісімен дәлелдеп келеді.

1736 жылы ханның ордасында болып кайтқан шетел саяхатшысы Джон Кэстльдің жазуына карағанда, Әблікайыр хан биік бойлы, мығым денелі, қызыл шырайлы жүзі жаксылық, тілекtestіk нұрын шашқан баһадүр болатұғын. Сонымен қатар ол өте қажырлы, аса күатты күш иесі еді, бүкіл қазақ халқы ішінде садақ тартуда оған тен келетін жан жок болатын (Кэстль күнделігінде оны осылай суреттеді, бұл оған Әблікайыр ханның елудің ортасына келген шағындағы бейнесінің берген эсері).

Әблікайыр хан шынында да келбетті, күш-куаты кемерінен асқан, өте карулы, жауынгерлік шеберлігі жауын да тәнті еткен, сонымен бірге аса ірі ұйымдастыруышы және ғаламат қолбасшы таланттың құдай бір бойына аямай дарытқан жан болған. Оның жонғарларға қарсы жауынгерлік шайқастарында да, Россияның шекаралық аудандарына жасаған әскери жорыктарында да көрсеткен ессіздікке бара-бар жүрекжүткандығын, керемет батылдығын орыс экімдері ерекше колбасылық дарыннымен коса атап көрсеттіп отырған. Сүйікті аргы-

магынан түспейтін дала қолбасшысының аса шебер шабандоздық өнеріне тікелей күз болғанын шекара жасактарының командирлері де жиі еске алған.

1723 жылғы апартты женіліс тұғызған көңіл-күй халықтың еңесін басып, жаппай түнілу орын алған ең киын жағдайлардың өзінде Әбілқайыр хан сабыр сактап, ой айқындығын жоғалтпай, өзінің ержүректігі, шешімталдығы аркасында батыл әрекеттер жасай білді. Жүрт босып кеткен «Актабан шұбырындыда» естері шықкан көптеген қарулас шыңғыстықымды бауырларына ұксамай, ол тез әскер жинаи алды. Сарбаздарын дүшпаниң шашқышылық жасаған бағыттарында топтастырыды. Басқыншы қолдарын шашшан, қарқынды түрде шабуылдау арқылы көп ретте басымдықка жетіп, шайқастарда жиі женип шығып журді.

Күреске толы үзак жылдарда көзінің жеткені – казак жұрты еркіндікті сүйеді, дүшпана алдырығысы келмейді, батыр. Алайда, мемлекетінің құрылымы әлсіз. Тәуке ханның реформасында көзделген шара – елкелердегі билікті қүшету арқылы мемлекеттік бірлікті арттыру идеясы жүзеге аспай қалған. Бас-басына би болуга құмарлық үдең, елді бытырансылық жайлап кеткен. Өйткені төре де, кара да мықты мемлекеттік құрылым және оны нығайта тұсу жолында атқарылмақ парыз хақында санасына он үгым ұялатпаған. Олар Әбілқайырды бас хан деп санамайды, оның аға хан ретіндегі билігін мойындауға бейім, оны тек Кіші жұз ханы гана деп тануға он ишкітарын беріп тұрады. Ал Кіші жұздің өзінде де, шындан келгенде, хан билігіне сөзсіз құлдық ұра бермейді. Билер кеңесіне сонау Есім хан заманынан беріліп, Тәуке хан дәуірінде қүшеттіле түсken өкілеттілік тап қазіргі таңда кері әсер етіп тұр. Өкінішті-ақ, бірақ солай – ханның ел бірлігін көздейтін пәрменді жұмыстар жүргізуіне кедергі бола түсуде.

Әбілқайыр хан 10 казандары мәжілісте осы жәйтті күйіне айтты: онын бүтінде хан деген аты гана бар, құзырындағы боландарына бейіт күнде сөзі өтпейді, қазақ ішіндегі қазіргі жағдайы «иесіз жабайы атқа ұқсайды», «ондай атты адамдар ұрып-согып, қуып әлек, ал андар ұстап алып жеп қоюға ұмтылады». Алайда ол елдің тұгастығын арттырығысы келеді. Қазақ мемлекеті құшті, орнықты болса екен дейді. Солай жасау үшін хандық ішінде нақты билікке қол жеткізуіді армандаиды. Ал ондай жағдай Ресей сынды қуатты монархияны арқа тұтқанда гана мүмкін болмак. Ресейдің протектораты ретінде, сол мәртебені пайдаланып, біртұтас, билік жүйесі бір орталыққа бағындырылған қуатты мемлекет құру қажет. Мұндай жағдайға, эне, өздері талай шайқасқан Қалмақ хандығы жетіп отыр...

Әбілқайыр ханның тап осылай ағынан актарылуын баршасы мұқияттындағы. Солтүстікегі күшті көршіні сюзерен ретінде танудың тап сол шақтағы ахуалда шын мәніндегі мемлекеттік мұdde түргысынан жасалуга жақет шара екенін оған ең карсы топтың өзі де түсінді. Және мойындағы. Тек іштей гана. Бірак ханның ондай шешімімен келісе алмады. Себебі Әбілқайыр ханның жузеге асыруға бекем бекінген мақсаты қазак еліндегі дәстүрлі әлеуметтік-саляси жүйеге үлкен өзгеріс енгізетінін қай-қайсысы да сезді.

Тұрасын айтқанда, оның көздегені оргалық өкіметті қатты қүшеттүге апаратын шара алу екенін үкты. Бұл шараның қазақ елі аумағында Қасым хан заманынан бері болмаған жағдайға апаратынын, хандықтағы билік жүйесін жаңаша жаңғыртатынын пайымдағы. Түптеп келгенде, ел ішінде ага ханның бір өзі басқаратын күшті режим орнатуға апаратынын олар зайыр түсінді. Соны түсінгендейден де, тиісінше – қатты корықты. Өйткені, аға ханға бүкіл елді бір өзі билейтін әмірші құқтарын берген жағдайда, қазіргі барша бас адамдар өздерінің қазақ халқын басқару саласындағы бұрынғы артықшылықтарынан айрылып қалар еді, олар соны өткір түйсінді. Бір колға алынған хандық билікке бұрын-соңды болмаған дәрежеде тәуелді болып шығатындарын шамалады.

Сондыктan да, 1731 жылғы 10 қазандагы жиналыста елдің бірқатар бас адамдары (би, сұltан, батыр, рубасы) алауыздыққа жол берді. Ханға бір ауыздан қолдау көрсетпеді.

Дегенмен, сүйенетін сюзерен таңдау мәселесінде ол жолы Әбілқайыр ханды Бекенбай, Есет батырлар және Құдайназар мырза ашық қолдаған. Мәселені талқылау барысында оларды ел ішінде беделі бар тағы жиырма жеті белгілі тұлға жақтады.

Әбілқайыр ханның Ресейге арқа сүйеу арқылы қүшті мемлекет орнатпақ жолындағы алғашқы ашық кадамы осылай жасалды.

Жоғарыда айтқанымыздай, мәжіліс үстінде бірден елдік мұddeлге басымдық бере алмаушылық ашық көрсетілді. Сондай-ақ пендешілік ұсак мұddeлер бой көрсетіп, басқаруши элита арасындағы тар өрісті кембагал қайшылық көзге үрді.

Дегенмен Әбілқайыр хан аксүйектер мен шонжарлар жол беріп тұран бұл алауыздықты жеңемін деген үмітін үзбеді. Алада оның жеңілмек түгіл, үдей түсуіне хан сенім артқан сюзереннің өзі мұddeлі еді. Қазак хандығын бодандыққа кондіргеніне сенімді Ресей әкімдері Әбілқайыр ханның өздерінің жәрдеміне сүйеніп біргұлас хандық күрып алу жоспарын қайткенде орындалғатпа жағын көздейтін...

ХХIV. СЮЗЕРЕНГЕ АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Казак даласында 1731 жылғы 10 қазанда өткен аксүйектер мен беделді адамдар мәжілісінің тағдыршештілік мәні бар. Ол тарихи ахуал таңдатқан сюзеренге арқа сүйеу мәселесін караган және казак елін жаңа тарихи жағдайда жанаша тұтастандыру идеясы Әбілқайыр хан тарапынан ашық көтерілген тұнгыш та соңғы жиналыс еді. Осы жиналыс содан бері үздіксіз жүре бастаган күрделі үдерістің басы болды.

Сол жиналыста толық колдауға ие бола алмағандығына қарамастан, Әбілқайыр хан Ресей протектораттығына өту жайындағы өз ұстанымын өзгерткен жок. (Осынау протектораттыққа өту оқиғасы пәлен жылдан кейін казақтың жер-сүзы мен елін орыс елі мен жеріне айналдыратын таза орыс үлгісіндегі отарлауға үласуы ықтимал-ау дегенді аңғал дала әміршісі елестете де алмаған болуға керек). Ол бұл шешіміне кездейсоқ емес, ірі саяси кайраткер пайымымен келген де, өз үйгарымының қазақ халқының ел ретінде сақталу мүддесі үлесінен шығатынына кәміл сенгендіктен, өзгерпеген.

Әбілқайыр хан орыс империясының протектораты болу арқылы, біріншіден, елдегі хандық билікті жаңартып жетілдіруді көзdedі. Оның ойынша, бұған дейінгі тәжірибе – ханды халық жиналысында сайлау қазіргі таңда ел біrlігін арттыруға жауап бере алмайтын. Хандықтан үміткер шынғыстық-жошылық сұltандар ауқымы үлкен, сондықтан олар міндетті түрде бакталастық пен алауыздықты өршіте түседі. Сол себепті елде монархиялық тәртіп енгізіліп, тақ келесі буынға сайлау жолымен емес, мұрагерлікпен берілетін ереже енгізуға тиіс. Мұндағы ретпен модернизацияланған жүйеде Әбілқайыр хан қазақ еліндегі жеке-дара жогарғы әмірші дәрежесіне көтерілмек және тақ әрдайым тек оның өз кіндігінен тараған үрпаққа тиіп отырмак.

Екіншіден, елдегі күллі элеуметтік саты бойындағы буындарды қамтып басқаратын, монархиялық құрылымға сай әкімшілік-күштік аппарат жасақталуға тиіс. Халықты тұтастыруды және бір орталыққа мәжбүрлеп багындыруды әм тыныс-тіршілігін қамсыздандыруға жақет сауда-саттықты жаңандыру жолдарын саяси тұрғыда осындай ұйымдастыру шараларымен қамтамасыз етуге болады. Бұл үшін Әбілқайыр хан Ор өзенінің сағасына, Елек өзенінің орта ағысына және Сыр бойындағы бұрынғы Жанкент шаһарының орнына арнайы

қалалар салуды, сондай-ақ онтүстік өлкеден өзі кеткелі бері жоңғар қоластында қалған қазақ астанасы Түркістан шаһарын қайтарып алу-ды, сойтіп оларды өзі құратын жаңа мемлекеттік биліктің қуатты тұғырына айналдыруды көксейді.

Әбілқайыр ханның ойы осындай еді. Ал патша елшісі Мәмед Тевкелев ханның мұндай жоспары барын бірден біле қоймаған. Дегенмен, қазақ хандығының Ресей протекциясын қабылдауға бел бууы және бұл қадамның сыртқы дүшпен агрессиясынан сақтануды қамтамасыз етегіндігі үшін гана ете дұрыс екендігі хакында онымен тез түсінісіп, екеуі тамыр бол кеткен. Ханмен пікірі үйлесіп, тез тіл табысқан Тевкелев өнді орыс патшасының қорғауында болудың пайдалылығын қазактың бас адамдарына иландыруды өзінің басты міндеті деп санаған. Өйткені оның қоқіргеңде император Ұлы Петрдің қазақ даласын Азияга жол ашар қакпа деп бағалаған көзқарасы және соған орай тікелей өзінен алған нұсқауы сайрап тұрган еді. Сол себепті, патшалықта мансаптық сатымен өсе беруден үміткер қызметші ретінде, қандай шығынға бару керек болса да тәуекел етіп, қазактарды қайткенде орыс туы астына икемдеуте тырысқан.

Оған Әбілқайыр хан қазақ халқының бір маңызды ерекшелігін – өз бас адамдарының (биеуши құлтандары, билері, батырлары, рубасыларының) сонынан еруге қашанда дайын тұратынын айтқан еді. Сол бір ерекшелікті қоқіргеңе мықтап түйіп алған орыс императрицасының елшісі жүртті соңына ертетін тұлғалармен түсіндіру және үгіттеу жұмыстарын жалғастыра түсу үшін, бастап алтын келген елшілігімен бірге қазақ даласында қала берген.

Тевкелев ел ішінде бір жылдай болды. Көзі анық жеткені: билер мен рубасылардың басым қөшпілігі, жоғарыда айтқанымыздай, орыс патшасының қамқорлығын Әбілқайыр хан өзінің ішкі саяси мақсаттарына пайдаланбақ деп тіксінді.

Сондай ойы барын жария еткен ханның 10 қазанда жасаған ашық мәлімдемесін баршасы естіген. Содан баршасы да Әбілқайырдың ел билігін өз қолына шоғырландырығысы келетінін анық білген. Егер Ресейге бодан болу арқылы орнамақ жаңа жағдай ханның олардың үстінен қараудағы күзыреттілігін арттыра түссе, онда ол, тиісінше, бұлардың ел басқарудағы осы қундері қолдарында бар артықшылықтарын сезсіз жоқ етеді. Бұған ешкайсысы күмәнданған жоқ. Және солардың ешкайсысы солай болуын қalamады.

Сол себепті олар Мәмет мырза Тевкелевтен, сондай-ақ орыс елшілігі керуенімен бірге келген башқұрттың иті жақсыларынан протекцияның ежей-тежейін сұрастырып білуге ынталылық көрсетті. Тевкелев

елшілігі сыйлықтарын үлестіріп, үгіт-насихаттарын жүргізіп болған соң, ақыры, 1733 жылы Ресейге қайтты. Эбілқайырдың екінші ұлы Ералы сұltанмен, ханның інісі Нияз сұltанмен, Құдайназар, Түгелбай мырзалармен, Садық би, Мырзагелді батырмен және тағы бірер хан екілдерімен бірге оралды.

Осы жылы Ұлы жүздің аса ықпалды бес бас адамы (Төле би, Кодар би, Хантеді би, Сатай батыры, Болек батыры) патшайым туы астына сұранды. Орта жүздің бір топ старшындарымен бірге Сәмеке хан патшайымның коргауына етуге екінші рет сұранды (алғашқысы 1731 жылы болатын). Осы оқигалар біріншіден, қазак еліндегі аға хан мэртебесі мемлекеттік бірліктің тұтас та мығым болуына қызмет ете алмайтының көрсетті, екіншіден, қазак еліндегі белгілі тұлғалардың (кіппі хандар, сұltандар, билер, батырлар) ел бірлігін арттыру жолындағы мемлекеттік козкарастарды дамымағанына дәлел болды.

Егер парасатқа салып, Эбілқайыр ханның орыс протекциясын қабылдауға барған жағдайын жан-жакты сараптаса және оны ел итілігінен калай пайдаланудың жолын ойласа, онда өздерін орыс билігі қоргауына тікелей алуын сұрамаган болар еді. Керісінше, протекторат билеушісі Эбілқайыр ханның төнірегіне топтасып, орыс туы саясънда қазак мемлекеттілігін нығайтып алу бағытын ұстанған болар еді. Олардың империя бодандығына жеке-жеке сұрануы іштеріндегі сепараттық пінгілді айқын аңғартып, қазактың күшті хандығын құрғызбауға мүдделі орыс саясатына әбден сәйкес келді.

Әбілқайыр ханның ұлы Ералы сұltан 1734 жылғы 10 ақпанда Анна Иоанновна патшайымның салтанатты қабылдауында болып, экесінің тілегін қайталады. Осы жылы қазакты империя қоластына экелудегі ерен енбегі үшін Тевкелевке императрицаның жеке өзі тікелей полковник шенін берді. Қазак елінің жекелеген бөлшектерін патшалық бодандығына экелу үдерісі жалғаса берді. Тиісінше, Эбілқайыр ханның күшті хандық құру жайындағы ойын жүзеге асырмады қөздейтін патша әкімдерінің одан басқа да китұркы саясаты ашыққа шыкты.

Әбілқайыр ханның табанды турде білдірген тілегінен сәйкес, Ор өзені қуылсынына арнайы қала салынған. Оны хан қазак пен орыс халықтарының сауда-саттық жасайтын орыны және өзінің Еділ-Жайық өңіріндегі билігінің тірері етпекші еді. Қала салынды, бірақ ол қазак хандығын қүштейтуге емес, керісінше, орыс билігін арттыруға қызмет ететін орталыққа айналдырылды.

Ор қаласының салынуы башқұрт азаттық көтерілісін жаңадан тұтаткан себептердің бірі болды. Көтерілісші башқұрттар Эбілқайыр ханды, араға екі мүшел уақыт салып, тағы да, екінші рет, өздеріне хан

болуға шақырды. Патша әкімшілігінің нақты істеріне көнілі толмаған Әбілқайыр хан оған қарсылық көрсету үшін бұл ұсынысты қабыл алу-ды да ойлаган болу керек. Ол 1938 жылдың көктемінде Ногай жолы аумағынан бір топ башқұртты ілестіріп, өз нөкерлерімен Ор қаласына кірді. Қала коменданты алдында қылышын жалаңдата көкке көтеріп: «Бұл менің қалам, мен үшін салынған, кім де кім тыңдамайтын болса, басын шабамын», – дегे мәлімдеді.

Оқиғаның Ресей үшін қолайсыз бағытқа бұрылыш бара жатканын сезген патшалықтың үкіметі мен әкімдері құллі мәмілелерлік шеберліктерін колданып, Әбілқайыр ханмен мейлінше жылы қарым-қатынас орнатуға тырысты.

Әбілқайыр ханның Ресейге адалдығына елеулі құдік пайда болғандыктан, одан және оның қоластындағы бас адамдардан қайтадан ант алу қажеттігі туды. Әрі бұл шара қазақ әміршісінің талабын да қанағаттандыруы, орыс империясының протекциясында болудың қазақ халқына пайдалы болатынына баршаның көзін жеткіzetіндей болып өткізілуі керек еді.

Әбілқайыр хан мен қазақтың бас адамдары 1738 жылғы 3 тамызда, Ор қаласында өткізілген биік деңгейдегі аса зор салтанат кезінде, екінші рет Ресей протекциясын қабыл алды. Әбілқайыр ханның құрметіне сән-салтанаты мол дипломатиялық қабылдау жасалды. Қазақ ханы мен хандығы делегациясына мыс кернейлер мен дабылдардың әуезді қүйінің сүйемелдеуімен драгундық солдаттар ротасы хор бол қосылып ресми сәлем жолдады. Әскердің жергілікті бөлімшелерінің мерекелік байқауы болды. Артилериядан салют берілді. Әйгілі тұлғаларға бағалы сыйлықтар тартылды. Орыс тарихшыларының жазуынша, қабылдаудың осылай етуі қазақ ақсүйектері мен шонжарларына Россия мемлекеті басшысының беделін бұрынғыдан да тартымды етіп, асқақтата көрсетті және бұдан бұрын жасалған таңдаудың дұрыс болғанына қөздерін жеткізе түсті.

Мұндай қабылдау Әбілқайырдың да ойынан шыққан. Ол елін күтті патшаның қанаты астына алғыншып, қамқорлығына өтуі өзіне хандықтағы толық мәніндегі билікке қол жеткізуге, сонымен бірге қазақ ханының көрші мемлекеттердегі беделін арттыруға мүмкіндік береді деп санаған. Мына өздеріне көрсетілген кошемет соның айғағы іспетті еді. Хан салтанат кезінде айтқан өз сезінде: «Адам өзі жайында балалары арқылы естелік қалдырады, бірақ мұндай жад жануарға да лайық, ал адамның өзі қол жеткізген абыробы ғасырлар бойы өлмейді», – деп, орыс патшайымына адал екендігін танытатын ант беруге әзірлігін мәлімдеді.

Ханмен бірге оның ұлы Ералы сұлтан және Кіші жұз бер Орта жүздің 56 бас адамы – рубасылар, билер мен батырлар империя камкорлығына адал болуға айт етті. Келесі күндері келісімшартқа отырған тараптар өзара міндеттемелерін нактыласты. Әбілқайыр хан орыс тұтқындарын босатуға және жерінен өтетін сауда-саттыққа қамкорлық жасауға, казак жеріндегі сауда керуендерін күзетпен қамтамасыз етуге уәде берді. Ал Орынбор экспедициясының бастығы Василий Татищев оларды казақ елін қамкорлыққа алғып, сыртқы дүшпандардан қоргайтынына сендірді...

XXV. ӨЗАРА БІТІСПЕС МҮДДЕЛЕР ТОЛҚЫНЫНДА

1731 жылғы 10 қазан жиналышынан бері қазақ елінде терістіктен таңдаған ішмерез сюзеренге анғырт арқа сүйеушілік арқылы елдік тұтастыққа жету мүддесіне сай келетін де, ондай бірлікті мақсат ете қоймайтын да әрекеттерге толы күрделі үдеріс үздіксіз жүріп жатқан.

Бұл үдеріс, біріншіден, казактың басқарушы элитасының саяси ақыл-оійнаның кенжелеп қалғанын танытты. Біртұтас, бір орталықтан басқарылатын мемлекет құруды көздеген идеяны терең және жанжакты талдал, саралтауға ел ағаларының қауқарсыздығын байқатты. Замана талабына жауап бере алатын, ен дұрыс деп мойындауға тұратын бастаманы қостау немесе жетілдіре отырып қолдау деңгейіне жете алмағанын, қайткенде де мемлекеттілікті сактау сынды жасам-паз идеяны пысықтай отырып он шешім қабылдауға дайын еместігін, мұндай елдік мұрратты ойлауға саяси тұрғыда пісіп-жетілмегенін көрсетті.

Екіншіден, ел тағдырын мемлекеттік көзқарас тұрғысынан пайымдауға көтерілмегенін дәлелдеді. Протектораттық дамудың болашағын елестете алмады. Шындал келгенде, оларды қазақ елінің Ресей протектораты болуы емес, сол белес арқылы Әбілқайыр ханның қатан орталықтандырылған билік жүйесін құру ниеті шошытты. Олар күллі ел билігін бір адамға – Әбілқайыр ханға беруді ойларына да алғысы келмеді. Әйткені жекелеген ру-тайпалардың қожайыны болып журген өздерін енді, кенеттен, жеке-дара билеушігे тәуелді етуді, сөйтіп, әмірші қоластындағы пенде сезінуді қорлық көрді. Оларға бүгінгі жүре тындал, ез дегендерін істей беруте ынғайлы аға хан институ-

ты қолайлы еді. Бір ханың билігін қолдан күшетіп, оған өздерінің бағыныштылығын арттырганнан гөрі, әрқайсысының өз аймақтарында, іс жүзінде ханға тәуелсіз тұрде, еркін қожайындық жасап журуін жалғастыра беруі олар үшін әлдеқайда тиімді болатын.

Сондықтан да қазақ ақсүйектері мен шонжарларының көпшілігі 1731 жылдың 10 қазанындағы жиналыста Әбілқайыр ханың көрші алып мемлекетке арқа сүйеу идеясын кері қағып, орыс патшасымен тең дәрежеде бейбіт келісімшарт жасауды құп көретінін жария етті.

Алайда, ондай тең дәрежедегі бейбіт келісімшартқа отырудың мүмкін еместігін бұл жиналыска ізашар болған 1730 жылғы мамыр құрылтайының шешімі тек андатқан ғана болса, осы жында жасалған хан мәлімдемесі мен араларына арнағы келген орыс елшісінің сөзі айқын көрсеткен.

Шындаған келгенде, мұны олар тұп-түгел және мұлдем анық түсінді. Бірақ өздерінің бас пайдасын күйттеді. Сол себепті қайткенде Әбілқайыр ханың күшеюіне жол бермеуді көзdedі. Шынтуайтында, олар протектораттыққа емес, Әбілқайырға, оның болашақта монархқа айналуы ықтимал құзыретіне қарсы шыққан еді.

Бұл топ тек онысын ашып айтпай, қалыптасқан тыныс-тіршіліктеріне жаңа қауіп төндіруі мүмкін ұсыныс экелген орыс елшілігін кері қайтаруды талап етті. Талаптары орындалмағандықтан, ішкі пигылдарын бүтіп, кінәні ханға аударуга жандарын салды. Солардың: «Әбілқайыр хан жеке басының пайдасын көздел, халық өкілдерімен (билер кенесімен) ақылдаспай, қазақ елін орысқа бағындыруды қош көрді» деген айшітаяумен, соны қоштай кеткен бертінгі ұрпақтың тілімен айтқанда, «жеке басының пайдасын көзделген Әбілқайыр хан сатқындық жасап, қазақ еліне отарлық қамыт кигізді» деген тұжырыммен тұздықталып, ғасырларға кеткен зілді жала орнықты.

Алайда Әбілқайыр хан Ресей империясы тағына адалдыққа ант бергенде, орыс патшаймының қолдауына сүйеніп, қазақ хандығын біртұстардандыруды, билікті оргалықтандырып, өкіметін едәуір күшетіп алуды көзделген болатын. Сөйтіп өзіне башқұрттар мен қаракалпактарды, Хиуа мен Үхара билеушілерін қаратуды, онтүстік-тегі қазақ жер-сүзы мен астанасын жонғарлардан қайтарып алуды мақсат еткен. Ұлардың өтеуіне ол патшайым елінен шыққан орыс сауда керуендерінің сапарларын қауіпсіздендіруді мойнына алды, ресейліктердің қазақ жері аумагынан алтын кен орындарын іздестіруіне жәрдемдесуге, қазактардың Ресей қоластындағы халықтар мекендейтін аймақтарға шабуылдауын токтатуға, басқа да қемектерін беруге үәде етті. Оның бодандық хақындағы түсінігі осындай болатын.

Ал орыс үкіметі Әбілқайыр хан да, өзге тұлғалар да Ресей туына адал боламыз деп берген антты Ресейге мәнгілікке бағынуға келісті деп есептеді (қазақ билеушілері мұндай актіні ағымдағы жағдайға орай өздеріне қажет уақытша одак құруға деген заңды құқының көрінісі ретінде санаған).

Терістікегі қуатты монархияның протектораты болуга бейілдігін растап, 1738 жылы екінші рет ант беру арқылы Ресеймен бейбіт қарым-қатынас орнатуға жол ашқан, сейтіп еліне көп жақсылық әкелген Әбілқайыр ханның данқы шартарапқа тарады. Кіші жұз – терістік-шығыс Арап маңын мекендейтін саны көп Шекті о бастан оның негізгі әлеуметтік тірегі болатын, оған қоса үлкен ұлы Нұралы сұлтан басқаратын Байұлы бірлестігі руларының көпшілігі, басында Есет батыр тұрған Жетіру бірлестігі – түтег дерлік, Орта жұз руларының едәуір бөлігі – Аргын тайпасының Жәнібек батыр жетекшілік ететін көптеген рулары, ханның екінші ұлы Ералы сұлтан басқаратын Керейлер, ішінара солтүстікті мекендейтін Найман мен Уақ – оны өз ханы деп таныды. Ішкі саяси жағдай біршама тұрақтанып, нығайды. Протекторат ретінде дамудың алғашқы жылдарында Әбілқайыр ханның саяси жағдайы осылай, іс жүзінде ага хан мәртебесіне біршама сәйкес келіп тұрды.

Бірақ Орта Азиядағы халықаралық ахуал қазақ қоғамын бір орталыққа бағындырып басқару жүйесін құру қажеттігін күн тәртібінен еш түсірмеген еді. Әбілқайыр хан Сырдың төменгі ағысына қала салып, жонгарлар мен ирандықтардан корғану шараларын жүзеге асыру үшін, қазақты сыртқы жаудан корғауға міндеттенген патша үкіметінен 1739 жылы әскери көмек сұрады. Бірақ, бірнеше рет сұрағанына қарамастан, көмек берілмеді. Соның салдарынан қазақ елінің онтүстігі мен терістік-шығысындағы саяси жағдай шиеленісе түсті.

Парсылар Хиуа мен Бұхараны жаулап алды. Жонгарлар Ертіс пен Есіл арасында, Сыр аумағында көшіп-конып жүрген қазақ руларын шапты. Сонда, ресейлік әкімшіліктің жәрдем бермей алдаусыратуына ашуланған Әбілқайыр хан патша үкіметіне сенімсіздік білдіріп, жонгар қонтайшысымен тікелей келіссөз жүргізіп көрді. Өзбек аксүйектері мен шонжарларының шакыруымен Хиуага аз уақыт хан болып та қайтты.

Осы кезде Әбілқайыр ханның патша үкіметін өзінің билігін күшейтуге пайдалануына қайткенде де кедергі келтіруді мақсат еткен тұлға жарыққа шықты. Ол – шыққан тегінің артықшылығын дабырайтып айтып, ерекше мактан тұтатын, қазақтың елдік бірлігін арттыруға қатысты еш жобасы жоқтығын былай қойғанда, сол мәселені ойланып

та көрмеген Барақ сұлтан еді. Ол өзінің қандай жолмен болғанда да орыс билігіне тікелей бағыныштылыққа жетуін көкседі. Соны қамтамасыз етегін сепараттық шаралар жасауга әрекет етіп жүрді.

Жонғарлардың қалың қолы 1741–1742 жылдары Улы жұз бен Орта жүзге шабуыл жасаган шақтардағы шайқастардың бірінде Абылай сұлтан тұтқынға түсті. Дүшпан тегеуірініне төтеп бере алмаған Әбілмәмбет хан жасағымен Електің жоғарғы ағысынан Орынборға қарай шегінуге мәжбүр болды. Сонда, Әбілқайыр ханның өтінішіне сәйкес, Ор қамалының коменданты жонғар әскерінің қолбасшысына Ресей мемлекеті қазактарды өз боданы ретінде коргайтынын мәлімдеді.

Шапқыншылық тоқтатылды. Бірақ, қалың қолымен Орта жүздің едәуір бөлігін басып алған жонғар қонтайшысы Галдан Церен қазак әміршілерінен Жонғарияның саяси протектораты екенін мойындауды талап етті. Осы талапты талқылау үшін, 1742 жылғы көктемде 1500 адам қатысқан жиналасы өтті. Көпшілік Галдан Цереннің талабын орындау қажет деген ойга келді. Билер Әбілқайыр ханға: «Біз қалмактармен үйренісіп қалғанбыз, қалмактардың сұрағанын беру керек», – деп мәлімдеді.

Қызба, нағысқой Әбілқайыр хан қатты ашу шақырып, оларды дерекі түрде ақымақсындар деп сөкті. Жонғар мәселесі бойынша өзінің Орынбор экспедициясының жаңа баспасызымен көңесуі керектігін жария етті. Бірақ Орта жұз ханы Әбілмәмбет пен Батыр және Барақ сұлтандар қонтайшы талабына көніп, оған өздерінің аманаттарын жіберіп жатты.

Ал Аңырақай женісінің бас қаһарманы Әбілқайыр баһадүр ханның иланымынша, қазақ хандығы жонғар қонтайшысына бағынам десе – абыройдан айрылады. Осылай ойлагандықтан, ол жонғар протекциясын мойындауға үзілді-кесілді қарсы шықты. Құш-куаты артып тұрган Галдан Церенге кіріптарлықтан құтылу үшін, онымен соғысуга жақсы жаракталған тұрақты әскер күшін пайдаланбак болды. Сондай жоспарын іске косу үшін, қазақты қорғауға міндеттеннен Ресейден накты әскери жәрдем сұрауды жөн көрді. Эрі өзектілігі арта түсken өзінің байыргы саяси мақсатына жетудің – хандықты бір оргалыққа толығымен бағындырудың сәті туды деп есептеді.

Ол 1742 жылғы 18 маусымда Орынбордағы жаңа әкім Иван Неплюевке Галдан Цереннің қазактарға қойған талап-хатын және өзінің Ресей тәжіне адалдығын білдіре отырып, көмекке қарулы күш сұраған жеке хатын жолдады. Ресейдің әскери көмегі оған ең алдымен жонғар қонтайшысының талабын орындауға бет алған Әбілмәмбет хан мен Барақ, Батыр сұлтандарды күшпен ауыздықтай тоқтату үшін керек

еді. Осындай жолмен ол мемлекеттік тұғастыққа қол жеткізуді, Орта жүздегі өзіне бәсекелес болып жүрген шыңғыс тұқымдас бауырларын біржолата багындырып алып барып, ыклалын құллі қазақ еліне жүргізуі ойлады.

Алайда империя үкіметі қазақ елінің саяси құрылымын Эбілқайыр хан армандағандай дәрежеде орталыктандыруды, хандықтың қатаң мемлекеттік жүйесін құруды ойына да алмайтын. Сондықтан ханының бұл өтініші де жауапсыз қалдырылды. Бірақ қазақ элитасының арасында жонғар қонтайшысына қарай бағдарлану күшейіп бара жатқанын үкімет еріксіз ескеріп, Орынбор экспедициясының жаңа бастығы генерал Неплюевке арнайы тапсырма берді: Кіші жұз бен Орта жүздің Ресей қоластында екенін Галдан Церен реңми турде мойындастын, соған қайткенде де қол жеткізу керек...

Осы мәселе орайында Орынбор өлкесінің патшайым бекіткен жаңа кожайыны мен қазақ ханы тұңғыш рет бетпе-бет кездесті...

XXVI. РЕСЕЙДІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНА АРТЫЛҒАН ҮМІТТИҢ КҮЙРЕУІ

Императрица үкіметіндегі Сыртқы істер алқасы алға койған мәселеңін шешімін табуына Эбілқайыр ханың Ыргыз өзені бойындағы жазғы ордасына жонғар елшілерінің келуі қолайлы жағдай туғызды. Эбілқайырдың онтайлы дипломатиялық амалдар қолдануының нәтижесінде Орынбор өлкесінің жаңа билеушісі оларды Ор қамалындағы резиденциясына шакыртты.

Әбілқайыр хан үш жүздің 155 өкілін (Кіші жүзден – 83, Орта жүзден – 68, Ұлы жүзден – 4 адам), сондай-ақ ордасындағы жонғар мен қаракалпак елшілерін ертіп, 1742 жылғы 23 тамызда Ор қамалына келді. Орынбор экспедициясының бас командирі лауазымына соның алдында ғана тагайындалған, кейінірек «Орынбор өлкесінің Ұлы Петрі» атанған генерал Иван Неплюев пен Эбілқайыр хан сол сапар алғаш рет кездесіп, қазақ-жонғар қатынастарының күрделі қырларын екеу-ара талқыга салды. Сосын, қазақ элитасының үлкен делегациясымен өткен сол аса маңызды кездесуде, генерал Неплюев жонғар елшілеріне Кіші жұз бен Орта жүздің Ресей бодандары болып табылатынын, яғни олардан алтын-салық талаң етуге Жонғарияның ешкандай да зандықұқы жок екенін ашық, айқын, батыл мәлімдеді. Қазақтарға қатысты

даулы мәселенің бәрін тек орыс үкіметі арқылы шешу керектігін айтты. Хан-сұлтандармен ойрат билігі сепараттық келіссөз жүргізбесін, кикілжінге апаратын мәселелерді шешу үшін жонғар контайшысына таяуда арнайы елшілік аттандырылмақ деді.

Генералды кездесуге катысуышылар қызы қуаттады. Эбілқайыр хан Жонғарияға жіберілмек елшілікке тұтқындағы Абылай сұлтанды босатуды тапсыру мәселесін көтерді. Мәселенің шешілуін жылдамдату үшін жолбасшылықта ұлын қосып беруді және, Абылайға алмастыруы үшін, қазактарда тұтқында жүрген жонғарларды жинап, елшімен қосып жіберуді ұсынды. Ханның өз айтқандарын тез және толығымен орындағаны елшіліктің жөнелтпе құжаттарында көрініс тапқан.

Неплюев жасақтаған айрықша елшілік майор Карл Миллердің бастауымен Ор камалынан 1742 жылы 3 қыркүйекте онтустік-шығыс бағытпен жолға шықты. Елшілік құрамында он бір адам болды. Оларды Эбілқайыр ханның ұлы Ералы сұлтан бастаган сенімді адамдары алғып жүрді. Елшілік алдына үш түрлі мақсат қойылған еді. Біріншісі – жонғар контайшысы Галдан Церенге Ресей империясының бодандары болып табылатын қазактар ісіне араласпауды талап еткен патша генералының ресми хатын тапсыру, екіншісі – Абылай сұлтанды жонғар тұтқынданан босату, үшіншісі – үш жұз жерімен жүріп ету барысында қазак сұлтандары мен рубасыларын жонғар қоканлоқсызына берілмей, Ресей күзырында кала берудің дұрыстығына иландыру.

Екі жарым ай жолда болған елшілік жонғар әміршісі ордасына жетпей, Жетісуда сапарын тоқтатуға мәжбүр болды. Елшілікті Галдан Церениң Шу бойындағы сенімді нойоны Сары Манжы қонтайшы тапсырмасына сәйкес тоқтатты. Ол қазак мәселесіне байланысты майор Миллермен екі ай бойы келіссөз жүргізді.

Келіссөз нәтижесінде Галдан Церен қазак рулярынан алым талап етуін койды, қазак-жонғар саудасы жаңданды және, ең бастысы, Абылай сұлтан азат етілді. Эбілқайыр ханның тілегіне сай жүргізілген бұл шара қазактар арасындағы орыс әкімшілігінің беделін белгілі дәрежеде арттырды.

Алайда сол 1742 жылы ғана өлкө әкімі болып келген (1744 жылдан губернатор) Неплюев үшін бұл шара өз көкейіндегі үлкен жобаның баспаудағы ғана сияқты еді. Ол Елизавета патшайым таққа отырған кезде Малороссия командирі лауазымынан тайдырылып, абақтыдан бір-ақ шықкан, бірақ жазықсыз екені далелденгеннен кейін ғана осы жаңа өлкеге жіберілген болатын. Патшайымның сенімін ол мұнда толығымен ақтап, орыс империясының протектораты мәртебесіндегі қазак елімен карым-катынасты отаршылдық сипат көрсететін дең-

гейге түсірілген жаңа бағытқа салды. Сейтіп, Ресейді протекторы ретінде мойындаған, орыс империясының вассалы санатындағы қазак елін орысша отарлаудың, яғни оны мұлдем орыс жеріне айналдырудың негізін қалады.

Аз уақыттың ішінде Неплюев Әбілқайыр ханның орыс қамқорлығына арқа сүйеудегі түпкі мақсатын айқын түсінді. Ол өзінің бытырап жатқан көшпендей жұртын біріктіріп, бір күшті хандық құрып алмақшы. Бірақ бұл жүзеге асуға тиіс емес деп түйді Неплюев. Біріншіден, оған орыс империясы мұдделі бола алмайды, скіншіден, қазакты мұндай тұтастыққа жеткізбеуге қазақ элитасының мемлекеттік мұдде хакындағы саяси ойының тәмендігі, ортак мақсатты ойлауға жоқ өзара алауыздығы көмектесіп тұр.

Күні кеше Неплюев жонғар елшілеріне орыс билігі сыртынан қазак билеушілерімен сепараттық келіссөздер жүргізуге болмайтынын айтты. Ал қазак бірлігін ыдыратуға аппаратын сепараттық келіссөздер Әбілқайыр ханның сыртынан орыс өкіметі тарапынан әлдекашан жүріп жатқан. Әбілқайыр өзін қазактың бас ханы, аға ханы сезініп, орыс қамқорлығына өзімен бірге құллі қазақ халқын әкелдім деп ойлады, алайда қазақ элитасы өкілдері оны місе тұттай, орыс туы астына Әбілқайыр ханның сыртынан жеке-жеке сұранумен келеді.

Ресей протекциясын мойындаған өз бас ханы айналасына тоptасып, хандыкты қүштейтуге атсалысудың орнына, протектор қамытын же-ке-жеке кіп, іс жүзінде ықтимал тұтастықты ыдыратуға үлес қосып жүр. Бұл ретте өз араларындағы басты ханмен бәсекелесіп жүрген қазак билеушілерінің оның сыртынан сондай әрекетті жүзеге асыруға ете бейім тұрганы тез байқалды.

Ресейге арқа сүйеу қажеттігін, мұның тарихи мұқтаждық екенін үзқан Әбілқайырды қолдауға, ел бірлігін сактау үшін оның маңында тоptасу, үлкен мемлекеттік қамқорлығымен біртұтас құпші хандық құрып алу мәселесін ойлауга олардың саяси өресі жетпеді. Жеке бастарының шамшылдығы ондай мүмкіндікке ой жүгірткізбеді де.

Мәселен, «мұндай шара хакында бас хан менімен ақылдаспады» деп шамданған Орта жуз ханы Сәмеке өз бетінше, Әбілқайырдың сыртынан өтініш білдіріп, Ресейге бодандыкты қабыл алды. Ұлы жуз ханы Жолбарыс жонғар ханы Галдан Церенге вассалдық тәуелділікте, алым-салық төлеп жүрген, жонғарға тәуелділікten құтылу үшін аға хан Әбілқайырга арқа сүйеудің орнына, оның сыртынан екі мәрте орыс бодандығын алу әрекетін жасады. 1733 жылғы Төле би бастаған тоptың хатынан кейін, 1738 жылды Жолбарыс ханның өзі Ресей бодандығын қабылдау ниетін білдіріп, патшайымға хат жазды. Ол хатында

Ұлы жүзді Ресей қамқорлығы мен қоргауына алса, Ресейдің ортаазиялық қалалармен сауда байланысын жақсартуга өзінің септесуге әзірлігін білдірген-ді. Бірақ жердің шалғайлығынан орындалуы созылып кеткен жоспары 1740 жылы жергілікті қожалар қолынан ойда жоқта опат болуы салдарынан жүзеге аспай қалды. Сәмекеден соң, қазак хандығының тұтастығына өз ішінде аға хан Әбілқайырдың айналасына топтасу арқылы қол жеткізу қажеттігін ойламастан, Орта жуз ханы болған Әбілмәмбет пен оның қамқорлығындағы беделді әскери қолбасшысы Абылай сұлтан сол 1740 жылы тікелей Ресей бодандығын қабылдады. Содан бірер жылдан кейін Неплюев жонғар тұтқынынан құтқарған Абылай сұлтан 1745 жылы Тобыл губернаторына Үйсін руының 300 үйін Ресей боданы болуға алып келді.

Осындай сепараттық бодандық сұрау науқанында Неплюев айрықша көніл аударған тұлға – Орта жуз сұлтаны Барак еді. Ол Неплюевтің ойынан шығып, 1742 жылғы қарашада императрица Елизаветаға хат жолдады. Ресей қоластына «өз ордасымен, атап айтқанда, қырық мың тұтіні бар найман руымен бодандыққа келгенін» жазды. Бір сәт қазак еліндегі аға хандық мәртебені реєсми мойындан («ұлкен бауырымыз Әбілқайыр ханың адап бодандықта тұрғанына разымыз»), сейте тұра орыс саясаткерлерінің қазақтың сепараттыққа бейім беделді тұлғаларын жеке-жеке бодандыққа алу астарында не жатқанын пайымдамастан («бізге де бодандыққа келуге әмір етілген ерекше грамота алғандықтан»), тікелей Ресей бодандығына өтті («біз... адалдыққа ант береміз»). Елшісі арқылы өз тілегін білдірді («...біздің жіберіп отырған Сырымбет ауызша не айтса, соған сенуді сұраймын»).

Барак сұлтанның осынау елшісі 1743 жылғы 13 наурызда Елизавета патшайымның қабылдауында болды. Империяның кенсе қызметшілері толтырған құжатта жазылғандай, императрицаға «Орта орданың Барак сұлтаны елшісі арқылы бодандық алғысын білдіреді, аяғына жығылып, оны барлық иелігімен императорлық мейірімнің қамқорлығына алады өтінеді». Тиісінше патшайым бодандыққа «Барак сұлтанды қабыл алады, оны мейіріне бөлейтінінен үміттендіреді, соның белгісі ретінде қылыш сыйлайды».

Бұл оқиғаны Неплюев Әбілқайыр ханың беделін түсіруге ұтымды пайдаланды. Ол енді Әбілмәмбет пен Баракты әрдайым көтермелеп, сонымен бірге Әбілқайырды төменшіктетіп, кемсіте түсті. Оларға губернатор Неплюевтің қасақана тенгермешілікпен (аға хан – хан – сұлтан) қаруы, реєсми, бейресми жағдайларда Барак сұлтанды досы ретінде атаяу, 1745 жылы оның тағы бір елшісін патшайымның зор құрметпен қабылдауына қамқорлық етуі, патшайымның Барак сұл-

танаға тағы да арнайы бағалы сыйлық пен грамота жіберуі, оған қосымша, Баракқа губернатордың өзі тұлпар мінгізуі үлкен есеппен жасалған шаралар еді. Бәсекелесі Әбілқайыр ханды қорлайтын мұның бәрі найман әміршісінің жалын құдірете түсті. Намысқой Әбілқайыр хан әлденеше рет хат жолдақ, құпия кеңесші Неплюевке, патшайым Елизаветаға реніштерін жазды. Қарулы жорыққа шығып, орыс қала-ларын, Орынбор желісіндегі күшеттілген бекіністерді шабуыллады, сауда керуендерінің жолын кесті. Осылай әрекеттеріне байланысты тарихшы Владимир Витевский белгілі зерттеуінде оны «орыс халқының жауы», «Неплюевтің жеке дүшпапы» деп агады.

Сыртқы істер алқасының қаулысын ескере отырып, Басқарушы Сенат 1747 жылы Әбілқайыр хан мен губернатор Неплюевті татуастыру үшін «бригадир Алексей (Құтлұ-Мұхаммед) Тевкелевті» жіберуге, егер Әбілқайыр кітіға берсе, орнына басқа хан қоюға шешім шыгарды. Алайда бұл Сыртқы істер алқасында: ханды халық өкілдері сайлайды, оған Ресейдің араласуы ынгайсыз, әрі Әбілқайыр хан қазақ арасында тек хан болғандығымен емес, «әkkілігімен және ұлы фамилиясымен» үлкен күшке ие деген себеппен қолдау тапнады.

Ақыры, 1748 жылғы мамырда дипломатиялық мақсатпен Орынборға Тевкелев келді. Артынша, маусым айында Әбілқайыр ханның ордасында Кіші және Орта жүздердің ақсүйектері мен шонжарлары (500 адам), «барлық істе еркіне беріліп, Әбілқайыр ханға сену және қалыптасқан жағдайдан шығудың жақсы амал табуын ханнан етіну» қажет деп бір ауыздан шешті. Сол айдың соңында хан Тевкелевпен бірге, Ор қамалында Неплюевпен кездесті. Келіссөз барысында Әбілқайыр хан мен губернатор Неплюевтің татуасу рәсімі өтті. Әбілқайыр орыс тұтқындарын қайтаруға, Ресейге қарсы жауынгерлік жорықтарын тоқтатуға, орыс көпестерінің қазақтармен, өзге де қөрші халықтармен сауда ісін дамытуына жәрдемдесуге уәде етті. Өтсүйн, ресейлік тараған Ресей бодандығы институтты туралы өз ұғымын мойындауды табанды түрде талап етті.

Орынбор әкімшілігі оның қазақ қоғамындағы аға хандық мәртебесін нығайтуға, аға хан институтын күшеттіп, қазақтарды өз билігіне бағындыруға көмектесуі тиіс деп санады. Тарихшы Павел Матвиевский «Әбілқайыр ханның ымыраға тек бір гана жағдайда – қазақтарды оның билігіне біріктіруге Неплюев толығымен келіскең жағдайда гана келуі ықтимал екенін көрсетті» деп өте дәл анықтап жазған.

Әбілқайыр хан орыс билігі алдына қойған мәселесінің патшайым сарайында шешім табуын тосып жүргенінде, оқыстан Барак сұltан тарапынан жасалған арандатуға ұшырады. Ол өлкедегі патша

әкімімен салқын қоштаса тұра, пікірі жүргегіне жылы тамырына сенген. Ойткені көшпенді ел билігін бір орталыққа, бір қолға шоғырландырып, қазактарды Әбілқайыр хан арқылы басқарудың дұрыстығын, сол үшін арнайы пәрмен шыгару жайын Тевкелев қолдаган болатын. Осы шақта оған қарақалпактармен болған кикілжінді реттесу үшін аз нөкерімен сапарға шығуға тұра келді. Сол сапарында, Неплюевпен татуласу рәсімінен бір ай өткенде, Әбілқайыр хан жолын аңдыған Барак сұлтаниның кольнан қаза тапты...

XXVII. АРЫСТАН МЕН АЙДАҢАРДЫҢ ОРТАСЫНДА

Мықты мемлекеттілік құру хакында Әбілқайыр ханының Ресей қамкорлығына артқан үміті оның өлімімен бірге құйреді. Далалық аңғал әмірші, біріншіден, казак тәрізді көшпенді қалмақтың Ресей бодандығын қабылдау және орыс мемлекетін қамқоршысы ретінде тану арқылы күшті хандық құрып алғанын көріп, хандығын тап сол секілдендіре тұтастыру эм күшетту мүмкіндігі туды деп алданды. Екіншіден, боданының күшті мемлекеттік құрылым жасауына орыс патшалығының ешқашан жол бермейтінін, бодан болуды біржола бағыну деп үғатынын, бодандық сұраган елді өзіне тубегейлі бағындыру үшін қылыш амалға баратынын білмей алданды. Ушіншіден, өзінің саяси өресі тайыз шынғыстуқымдас бауырларының қазак халқының елдігін емес, жеке бастарының игілігін күйттегеуге бейім тұргандығын, ханының сыртынан империя колтығына тікелей кіруге күлшішін қана қоймай, қазак елін бөлшектеуге мүдделі айтакқа оңай еріп, ханының көзін жоюға тырысатынын білмей алданды.

Әбілқайыр хан ақыры, бітіспес жауы генерал Неплюевпен формальды түрде татуласып, хандығының мемлекеттік тұтастығына қолдау көрсетілуі ықтимал аса биік дәрежелі пәрмен берілуінен үміттеніп жүргенінде, жолын торыған дүшпанының қанды қанжарына тусти. Саяз да өресіз, мансапқұмар, бақталас сұлтандармен және патшаның орынборлық губернаторымен кескілескен саяси күреске түскен қазактың ең белгілі, ең әйгілі, ең басты ханын Торғай өзенінің жоғарғы ағысындағы ордастынан елдегі ішкі мәселелерді қаруға шыққан шағында бас дүшпаны Барак сұлтан көп жігітімен 1748 жылғы 1 тамызда шабуылдан, өлтіріп кетті.

Халық үшін, қазактың белгілі тұлғалары үшін, жауынгер баһадурдің талай шайқасты бірге өткізген үзенгілес батырлары үшін бұл орны толмас қаза еді. Ал құпия кеңесші генерал Неплюев үшін – өте жагымды жаңалық болды. Өйткені Әбілқайыр ханың өлімінен соң орын алуға тиіс биік мәртебелі ауысымдар құпия кеңесшіге аса қажет саяси-құқықтық құрал беріп тұр еді. Ресей бодандығын мойындаған қазақ әміршілерін бастарын біріктірмей, іс жүзінде жеке-жеке біржолатта багындырып алуға қолайлы жағдай туган. Қазақ элитасы арасына өзара бақталастық пен бірін бірі мойында маушылық уын сәтімен шашып жүрген губернатор әм құпия кеңесші Неплюев 1748 жылдың қазанында, Әбілқайыр ханың қазасынан айдан сәл-ақ астам уақыт өткеннен кейін, орталықка: «Әбілқайыр сиякты әккі адамдар таққа жіберілмесе, Қазақ хандығы дегеніміз тұқ те емес», – деп хабарлады.

Онысы рас еді, Әбілқайыр хан өлтірілгеннен кейін қазақ басқарушы элитасы ішінен орыс империясымен елінің тұтастығы үшін айқасатын ол сиякты тұлға шыкпады. Қазақ елі үстінен Ресей патшалығының накты мемлекеттік-саяси протекциясын еркін жүзеге асыратын дәүір туды. «Жеке дүшпаны» Әбілқайыр ханнан құтылған Орынбор генерал-губернаторы құпия кеңесші Иван Неплюев орыс-қазақ катынастары тарихының шын мәніндегі жаңа кезеңін бастауга жол салды. Ол Әбілқайыр ханың сүйікті зайыбы Бопай ханша мен ұлдарын мынаған: билер кеңесінде әкесінің орына хан бол сайланған Нұралының хандық мәртебесін орыс императрицасына бекіткізіп алу өте тиімді болады деген ойға сендерді.

1748 жылдың кысында арнайы делегация Петербургке аттанып, Әбілқайыр ханың үлкен ұлы Нұралыны 1749 жылғы 13 сәуірде хан мәртебесіне бекіткен патшайымының пәрменімен 1749 жылдың жазында оралды. Сол жылғы 30 маусымда Орынборда Неплюев тұнғыш рет қазактың Кіші жүзінің ханын орыс әкімшілігіне салтанатты тұрде таныстыру рәсімін өткізді. Құпия кеңесші енгізген бұл жаңалықтың саяси мәні сол – бұдан былай хан сайлау тек орыс үкіметінің келісімімен өткізілуге тиіс...

Сонымен, Нұралы Әбілқайырұлы билер, рубасылар мен батырлар кеңесінде Кіші жүз ханы лауазымына сайланды. Қалыптасқан дәстүр бойынша қазақ елінің аға ханы мәртебесі жиырма шақты жылдан берігі Орта жүз ханы Әбілмәмбетке өтті. Бірақ бұл өте номинальды атак еді, ол аға хан ретінде тұтастай казак елін өз коластына багындыруға ешқандай әрекет жасаған емес, орыс әкімшілігі алдына өз мәртебесін мойындату талабын ешқашан қойған емес. Өкінішке қарай, жалпы қазақ элитасының мемлекеттілік тұрғысындағы саяси ой өресінің

тарлығы салдарынан, оның өзі де Әбілқайырдың ага хандық мәртебесіне терен саяси мән беріп қарай алмаған-ды. Кезінде қазактың ага ханының орыс туына адалдығын білдірген анты бәріміз үшін жеткілікті, біз ага хан билігін мойындаимыз деп мәлімдей алмады. Ел басқарушылар сөйтіп империя аранына жеке-жеке жұтылды.

Әбілмәмбет хан Абылай сұлтан екеуі Ор камалына 1740 жылы өздерімен бірге Орта жүздің 128 аксүйегі мен шонжарын ертіп әкелген де, орыс бастықтың талабына сай кілем үстінде тізерлең, бөріктерін шешіп, құран ұстап ант берген. Ал онғұстікте Жолбарыс хан қаза тапқаннан кейін Ташкентті басқаруға Төле би тағайындалды. Хан сайланған жок. Өлкे жонғар коластында қалып келе жаткан. Қаһарлы контайшы Галдан Церен 1745 жылы өмірден өткеннен кейін жағдай өзгере бағады. Жонғария ішінде үздіксіз тақ таласы журіп, хандық бұрынғы қаһарынан айрылды. Тиісінше, Жетісу, Тарбағатай өлкелерінде қазак батырларының азаттық үшін құресуі өрши түсті.

Жонғарда тұтқында болған кезінде Абылай сұлтан контайшы әулетімен жақын болуға тырыскан. Ойрат нойоны Амурсанамен сол шақта достасқан. Елге ораларында жонғарлармен татулық жайында шарт жасасып кеткен. Оның Аюке ханнын жесірі Дарма-Балага жазған хатында: «Мен, Абылай сұлтан, сізге денсаулық тілеймін, біздің барлық бодандарымыз сізге иіліп сәлем жолдайды. Өзім жайында сізге мынаны хабарлаймын: мен Галдан Цереннің қолынан аман-есен және абыроймен босанып, үйге келдім. Мені Галдан Церен өзінің ұлындай көреді, ал сіздің немерелес бауырыңыз Септен мені інісі деп біледі. Мен де сіздің ініңіз боламын», – деген жолдар бар.

Тұтқыннан босанып қырға келісімен Әбілмәмбет ханға жолдаған хатында Абылай оны әрекетсіздік көрсеткен жауапсыздығы үшін сөге отырып, өзіне бостандық берілуіне жонғар еліне майор Миллердің елшілігінің келуі септескенін атап көрсетті. (Оның ханды кінәлай сөйлеуі кездейсок емес еді, өзін ханмен тен жағдайда ұстауға тырысуы, орыс құжаттарына қарағанда, алғаш рет екеуінің – Орта жүздің жана ханы мен оның әскери басшысының – 1739 жылы Тобылға келгенінде анғарылған. Әбілмәмбетке отыруға кресло, Абылайға орындық койылғанда, сұлтан өзіне хандікіндей орынтақ берілуін талап еткен, келіссөз кезінде ұдайы ханыны алдына түсін сергек сөйлелеп отырған).

Жонғарлардың 1735 жылғы шапқыншылығы кезіндеңі жекпе-жек айқаста жениске жетіп кезге түскелі бері өзін әскери қайраткөр ретінде кеңінен танымал еткен Абылай сұлтан Әбілмәмбет ханға реніш білдіргенмен, оны жоққа шығармай, әрдайым касында болды, бірақ өзін тәүелсіз ұстады. Ол, жалпы, небір күрделі мәселелерді тікелей

өз шешімімен жүзеге асырып жүрді Есім хан кезінен қалыптасқан алқалық шешімге бас ию тәртібін тәрк етіп, Қасым хан тұсындағы дай шексіз жеке билікке құмарлығын көрсетті. Билер кеңесін елемейтін, катал, катырез әмірші болды. Халық оны өздерінің іс жүзіндегі корғауышы деп білді, содан да ел арасында Абылай қырық жыл хан болған деген ұғым орнықкан. Абылай жонгарлармен қазак жері үшін соғысып жүріп, олардың тақ таласында белгілі бір шаққа дейін Амурсана нойонды қолдады.

Жонгария ішіндегі мазасыздық цин-қытай империясы билігінің киілы амал қолданған шебер дипломатиясы салдарынан да тоқтамай тұрған болатын. 1735 жылы өмірден өткен император Юнчженнің тағына отыргалы бері оның төртінші ұлы Хунли (Цяньлун) Жонгар хандығын шауып алу жоспарын ойластырумен жүрген. 1745 жылы Галдан Церен дүніне салған соң басталған тақ мұрагерлігіне талас Цяньлуннің ойрат мемлекетін іштеп ыдыратуға бағытталған құрделі құпия саяси жұмыстар жүргізуіне, сөйтіп 50-ші жылдардың ортасына қарай жонгардың оргалықтандырылған билігін әбден әлсіретуіне мүмкіндік берді. Хан тағына таласқан нойондардың бірі оның қолдауын, екіншісі – арағайын болуын немесе мүлдем араласпаудын етініп сұрауға мәжбүр болды.

1753–1756 жылдарғы соғыста Цин-қытай армиясы жонгар елін біржолата басып алып, халқын қырғынға ұшыратты. Бір кездегі аса күшті қөшпендерілер мемлекеті қанға бөктірішіп, тарих сахнасынан жойылды. Циндер ойраттардың әскерімен қоса халқын да қырып салды. Азын-аулак тірі қалғандарын онтүстік-шығыс пен онтүстіктерінің қазақ арасына быттыратып сіңістіріп жіберді. Сосын, іс жүзінде қаңырап қалған өлкені император Цяньлун үшке – Іле, Үрімші, Тарбағатай округтеріне беліп, уәкілдерінің басқаруына берді. Өмір сүруін додарған Жонгарияның аумагын иемденген цин-қытай империясы енді қазақ еліне тікелей қауіп төндіріп тұрды.

Осы тұстағы Абылай сұлтанның шешімталдығы мен батылдығы, мәмілегерлігі қазақ жер-суын қорғап, сақтап қалуды мүмкін етті. Ол 1759 жылы елшілік сапармен Бейжинге барып, қытай бодандығын қабылдады. Император Цяньлун оған «ван» лауазымын берді («ван» – уағдаласқан алымды төлеп тұратын, іс-әрекетін тәуелсіз жүргізетін вассалдық князь). Абылай сұлтан өзі 1740 жылы бодандыққа ант берген Ресей империясымен де байланысын үзген жоқ. Цин императоры елшісі арқылы талап еткендіктен, 1762 жылы Бейжинге ұлын аманатқа жіберді. Оған ымыраласу сыйлары, Шәуешек пен Құлжада қазақтар үшін тауар алмастыратын сарайларға ие болу құқы берілді.

Осылай, өзінің «арыстан мен айдаһар арасындағы» әйгілі саясатын ұстанып, ебімен жүргізу арқылы, курделі саяси жағдайларда қазак еліне тиімді нәтижелерге қол жеткізіп отыруға тырысты.

1771 жылы Әбілмәмбет хан дүниесалып, Түркістанга жерленді. Қаралы оқиғада бас қосқан басқарушы элита Абылай сұлтанды аға хан лауазымына сайлады. Тәуке хан өмірден өткеннен кейін қалыптаскан тәжірибе бойынша аға хан лауазымы сол шактағы қазак хандарының жасы мен такта отырған мерзімі үлкен тұлға – 1748 жылдан Кіші жұз ханы болып отырған Нұралы ханға тиіс керек еді, алайда елдің онтүстік-шығысындағы жағдайды сауыктырудагы Абылайдың ерекше рөлін, оның қазак елін қатаң тәртіппен басқаруға бейімдігін әділ бағалаған бас адамдар меритократиялық ережеге сай ете сындарлы шешім жасады.

Алайда Әбілқайыр ханның қазак мемлекетін орыстың коргауымен бір орталыққа бағындырмақ болған ұзак жылдарғы әрекетін құрдымаға кетірген сюзерен-патшалық енді тап сондай ниеттегі Абылай ханның біртұтас мықты мемлекет орнатуына мүмкіндік жасаудан аулақ болатын, сондыктан да оны Орта жұз ханы мәртебесіне ғана бекітті...

XXVIII. БӨЛШЕКТЕНГЕН ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ – РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОТАРЫ

Қазак әміршілерінің «арыстан мен айдаһардың» арасындағы мәмілекерлік әрекеттері белгілі бір дәрежеде он нәтиже беріп тұрды. Дегенмен, ең басты мақсатқа – біртұтас қазак мемлекетін күріп алуга қол жеткізілмегендіктен, түптің түбінде, протекторат мәртебесінде сакталуға тиіс шолак тәуелсіздігінен де айрылуға мәжбүр болды.

Қазак хандығының ойраттарға қарсы ғасырларға созылған соғысина 1771 жылы соғыс нүктесі қойылды. Осы жылы еділдік ойраттар (калмактар) тарихи отанына қарай үдерес көшкен еді. Қалмақ хандығының күш-куаты Аюке ханның тұсында мұлдем артып, шырқау шынына шықкан. Осы 20-шы жылдары қалмақтардың Жонғарияға көшү мәселесі тұнғыш сез болған. Олардың еліне оралуы қажеттігін Аюке ханның шакыруымен Едіт калмақтарының діни жетекшісі болуға Тибеттен келген Шокур-лама айткан. Лхасадағы Далай-ламаның

әмірі ретінде хабарлаған. Орындалуына Аюке ханның дүние салуы кедергі болған еді. Енді сол идея қырық шакты жылдан кейін қайта көтерілді де, ұзамай нақты қадам жасалды. Бұның жүзеге асуына Убаши (Ұбашы) ханның намыстануы шешуші эсер етті.

Империя ханның құқтарын зарго (кенес) құру арқылы шектеп, соңғы сөзді орыс әкімшілігі айтатын тәртіп енгізген. Жалпы, хандықка түрлі қысым жасауды қүштейткен. Оның үстіне, Убаши хан Солтүстік Кавказдағы соғыс кимылдары кезінде патша генералымен қатты ренжісіп қалды. Кетіскені сондай, әскерін алдып, 1770 жылы еліне оралған да, келген бетте ойындағы үлкен жобаны нақты іске айналдыруға кірісken. Не керек, империяның жылдан жылға беті ашылған шигыны корланған, кемсітілген Убаши ханды батыл шешім жасауга итермеледі.

Кошке дайындық құпия түрде бірнеше жыл жүргізілген-тін. Ақыры, қырғынға, босқындыққа ұшыратылған жонгарлардан босаған жерлерге қоныстануға қытай империясын билеп отырган манчжурлардан рұқсат алынған болатын. 1771 жылғы кантарда 40 мың жауынгері бар тұрақты армиясымен Убаши хан 33 мың шаңыракты, яғни 170 мыңдай адамды бастап, Еділден Ілеge қарай аттанды. (Еділде 12 мыңдай ғана қалмақ отбасы – 60 мыңдай жан қалды, сол жылғы күзде II Екатеринаның жарлығымен Қалмақ хандығы тарқатылды). Патшайым үкіметі көшті тоқтату үшін Жайық казактарына, Орынбор губернаторына, империяға қарасты қазақ хандарына хат жолдан, тапсырмалар берді. Бірақ Жайық казактары қалмақ көшін тоқтата алмады.

Қалмақтар соның алдында ғана жасақталған Жайық желісінің 70 шаңырымдай бөлігіндегі форттары мен бекіністерін өртеп, тасталқан етті де, бір алтасың ішінде Жайықтан отbastары мен малдарын өткізіп алды. Орынбордан келген әскер де қалмақтардың тұрақты армиясына төтеп бере алмай, кері оралды. Нұралы хан патша әскербасынан артиллерия мен драгун косындарының бірін өзіне қалдыруды өтінді, алайда өтініші қабыл алынбады.

Содан, қамқоршы-сюзерен Ресей патшалығынан көмек болмагандыктан, жер-суын басып қалтап келе жаткан ежелгі жаудың соғысу тәжірибесі мол, жақсы каруланған тұрақты армиясына халық жер-жерден Баян, Жәнібек, Үйсінбай, Байғозы, Оразымбет, Елшібек, Райымбек секілді батырлардың жетекшілігімен карсы көтерілді. Шұғыл жиылған қазақ жасақтары өздері ғана дүшпанды бірнеше ай бойы екшелей қызып шайқасуға мәжбур болды. (Тарихта бұл кезең «Шанды жорық» деп бедерленген). Ақырында, дала тәсінде қалмақтарға есендірете соккы беру арқылы, казактар екі ғасырдай уақытқа созылған

жойын соғысты аяқтады. (Сол жылғы тамызда қалмактардың аман қалған бөлігі Цин империясының карауындағы бұрынғы Жонғария аумағына – Ілеңің жоғарғы ағысына жетіп, шекара күзетінде болатын әскер ретінде Шыңғанға қоныстандырылды). Қазақ халқы ойраттардың терістікten де, түстіктен де іс жүзінде үздіксіз жасап келген жо-рықтары мен шапқыншылықтарынан біржолата құтылды.

Қазактардың Еділ мен Жайық арасындағы бұрыннан көшіп-конып жүрген атамекеніне оралу үміті қайта тұтанды (қазақ билеушілерінің империя басшылығымен жүргізген сәтті дипломатиялық іс-әрекеттерінің нәтижесінде 19-шы ғасырдың басында Ресейде Ішкі орда – Бөкей ордасы пайда болды). Тарбағатай өнірі мен Іле өзені аңғарын қазақтар өздерінің атамекені ретінде сактап қала алды. Бірақ біртұтас мемлекеттілік құра алмады.

1781 жылы дүниеден озған Абылай ханды Түркістандағы пантеонға қойғаннан кейін, Орта жүздің бас адамдары оның үлкен ұлы Уәлиді хан сайлады. Ол билікке келісімен Ресей мен Цин империяларына елшіліктерін аттандырып, екі тараптан да өзінің мәртебесін таныған құжаттар алды, сейтіп экесі Абылайдың ісін жалғастыруға тырысты. Ішкі саясатта – Орта жүз руларының ішіндегі тұрактылықты сактауды, сыртқы саясатта – екі алпауыт елмен тең қарым-қатынас жасауды назарда ұсталды.

Ал Ресей үкіметі түрлі амал қолданып, оның Қытаймен байланыстарына тоқтау салуға ұмтылды. Шекаралық шепті қазақ даласының ішіне жылжытып, елдегі хандық басқару жүйесін құлатуға бағытталған түрлі әрекет жасады. Уәли ханның билігін бірте-бірте әлсірете түсү үшін, әйгілі Барактың тұқымы Бөкей сұлтанды 1816 жылы Орта жүздің екінші ханы етіп бекітті. Дегенмен Уәли хан екі алпауыт ел мен Орталық Азия мемлекеттері толық мойындаған ең соңғы қазақ әміршісі еді. 1821 жылы қайтыс болды. Содан кейін көп ұзамай әуелі Орта жүзде, одан Кіші жүзде хан сайлау мүлдем тоқтатылды.

Патша үкіметі қазақ елін басқаруды империялық жүйеге бейімдеуге кірісті. 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы Жарғыда» қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жою, қазақ елін жалпы-ресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберу көзделген-тін. Қазақ елі өзін Ресейдің протектораты, яғни Ресейді камкоршысы, сыртқы істердегі қорғаушысы деп білетін, ал ішкі істерде өзіндік автономиясын сақтайдынына енетін. Алайда қазақтың бодандық хакындағы ұғымын жайына қалдырып, протекцияға өзінше мағына берген империя билеушілері отаршылдық ашық әрекетке көшті. Қазақ елінің ең шұрайлы жерлерін тартып алды, Ақтау, Ақмола, Қызылжар, Қекшетауда өз

әскери бекіністерін салды. Солтүстік және шығыс аймақта сұзы мен жайылымы мол Ертіс, Есіл озендерінің бойындағы жерді біртіндеп казак-орыс шаруаларының иелігіне боліп берді. Жергілікті халықта салған алым-салығын өсіре түсті.

Осындағы қысастықтар қазақ мемлекетін қалпына келтіруді аңсатты. Империяның отаршылдық саясатына қарсылықты алғашкы кезеңде Уәли ханның ұлы Фұбайдолла сұлтан, кейін Абылай ханның баласы Қасым сұлтанның ұлы Саржан сұлтан басқарған. Одан Саржан сұлтанның туган інілері Кенесары мен Наурызбай шықты. Кенесары бастаған 1837–1847 жылдарғы аса ірі ұлт-азаттық қозғалыска қалың қазақ жұртты қатысты. Әскери өнерге ағасы Саржан сұлтанның жасағында болғанында машықтанған Кенесары сұлтан қазақ хандығының аумактық тұтастығын қалпына келтіруді басты мақсаты тұтты. Бірақ отаршылдарға қарсы бірден соғыс бастаған жоқ. Бірнеше рет дипломатиялық қадамдар жасады. Император I Николайға, Орынбор, Сібір генерал-губернаторларына хат жолдаған, талаптар қойды.

Мәселен, Батыс Сібір генерал-губернаторына екі жактың да халкының жаймашуақ өмір сүруін тілейтінін айта келе: «Ақтау, Ортау, Ка-зылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Өлкейек, Тоғызақтан Жайыққа дейінгі жерлер қазіргі патшаның тұсында тартып алыныш, қаптаған қамалдар түрғызылды. Енді, міне, жерімізге күн сайын ба-са-қөктек сұғынып, бекіністер салып, халықтың ығырданын қайна-тып отырсыздар. Бұларыңыз біздің болашағымыз үшін ғана емес, бұ-гінгі тірлігіміз үшін де қатерлі», – деп жазды.

I Николайға жолдаған алғашкы хаттарының бірінде Кенесары өзінің атасы Абылай хан заманында екі ел арасында бейбіт қатынас орын алғанын еске салып, патшаны сол шақтағы шекара іспетті межеге қайта оралуға шакырды. «...Сіздің арғы бабаларыңыз бен менің атам Абылай патшалық құрган уақыттарда халық бейбіт және тыныш жағдайда өмір сүрді, оны ешкім бұзған емес. Екі жақ та өзара сауда жасады, біздің жұрттымызға ешқандай да салық салынған жоқ», алайда содан бері «бәрі өзгерді, біздің халқымыздан салық жинала бастады, халқымызға басқа да түрлі таршылыктар жасалды. Сіздің кара-уыңыздары төменгі басшыларыңыз бүрінгі бейбіт келісімді бұзып, бүкіл қазақ халқы Ресей бодандығына қарады деп жалған көрсетті, соның салдарынан мениң Абылай атама қарасты жерлерде сегіз дуан орнады», – деп хабарлады.

Кенесары сұлтан хатында одан әрі: «Бұл біздің халқымыз үшін ете қайғылы жағдай, әсіресе оған салық салынуы өкінішті-ақ. ...біздің халқымызды сол бүрінгі күйінде калдырып, даламызда орналасқан

сегіз округтік дуандар мен өзге де мекемелерінізді жоюыңызыды сұраймын», – деп мәлімдеді.

Алайда озбыр патшалық жөн сөзге құлақ асуды ойнаған да алмайтын. Кенесары сұltтан соғысқа дайындалды. Орыстың және өзге де ұлтардың шеберлерін тартып, кару-жарап соғуды, тіпті зенбірек құюды да қолға алды. Көп ұзамай көтерілісшілер туы астына Орта жүздің арғын, қыпшақ, Кіші жүздің шекті, тама, табын, алшын, шөмекей, жаппас, жағалбайлы, тағы басқа руларынан, Ұлы жүздің үйсін, дулат, басқа да руларынан Ағыбай, Иман, Басыгара, Аңғал, Жанайдар, Жәүке, Сұранышы, Байсейіт, Жоламан Тіленшіұлы, Бұқарбай, Мыңжасар, Саурық, Тойшыбек, Байзак тәрізді батырлар бастаған 20 мыңға жуық сарбаз жиналды.

1841 жылғы қыркүйекте үш жүздің өкілдері Кенесарыны қазақ халқының ханы лауазымына сайлады. Сол жылы Кенесары ханының әскері Қокан хандығына қарап тұрган Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт камалдарын алды. 1843 жылы Ресей армиясына және Ресей жағындағы қазақ сұлтандарына бірнеше рет ойсырата соккы берді. Әсіресе Орынбор жасағымен шайқас бір жұмаға созылды. 1844–1845 жылдары азаттық көтерілісі шырқау шегіне жетті.

Кенесары хан ордасын Жетісуга көшіріп, қырғыз манаптарынан өзіне бағынуын талап етті. Алайда олар патша әкімдерімен қупия байланысқан болатын. Қазақтардың өз ішінен жасалған сатқындықты ұтымды пайдаланып, ханды колға түсірді. 1847 жылы өлтірді. Басын кесіп алып, орыс әкімшілігіне жіберді.

Осы жылды қазақтың Ресей патшалығы ішіндегі автономиясы іспетті соңғы мемлекеттігі (Бекей хандығы) өмір сүруін тоқтатты. Бірақ Ордада хан орнына тагайындалған Уақытша Кенес деп аталған жаңа әкімшілік хандық басқару құрылымын іс жүзінде революцияның алғашқы жылдарына дейін сақтап келді.

Сол жылдардан патшалық қазақ елінің Қокан хандығы қоластында жатқан онтүстік өлкесін жаулап алу шараларын бастаған. 1864–1867 жылдары Әулиеата, Шымкент, Ташкентті бағындырғаннан соң, өлкедегі қазақтың жер-сусы мен халқын империя құрамына косты. Болшектенген казақ елі отарлық қамыт күіп, империяның бірнеше губерниясы мен облыстарына қаратылды.

Халықтың мемлекеттіліктің ең соңғы белгілерінен айрылып, тәуелді, отарлық жағдайда өмір сүру кезеңі басталды.

XXIX. ЖОҒАЛТҚАН МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ЖАҢҒЫРТУҒА ҰМТЫЛЫС

Уағдаласқандай камкор-сюзерен болу шартын отаршылдық арнаға бұрып алған Ресей империясы ғасырдан сәл астам уақыт ішінде қазақ халқының мемлекеттілік белгілерін біржолата жойды. Оңтүстікті жаулап алғаннан кейін қазактың құллі жер-сүйн бөлшектеп, империяның бірнеше аумактық-әкімшілік бірліктеріне қарасты. Түрлі зандар мен уақытша ережелер шығарып, солардың негізінде мақсатты реформалар жүргізді. Мұстафа Шоқай айтқандай, қазақ жерін орыс солдатының артын ала жіберілген орыс шаруасының күшімен орыс жеріне айналдыруды максат етті. Сейтіп, қазақ елін таза орысша, озбыр отаршылдық ұлгімен отарлай отырып, империяға кіріктіру үдерісін көздеңген ақырына жеткізді.

1891 жылғы Дағыда Ережесі қазактарды басқару үшін шығарылған соңғы заң болатын. Қазақ елінің кең-байтақ жері Ресейдің мемлекеттік менишігіне айналдырылды. Патша үкіметі оны көшпендейлерге пайдалануға уақытша берілген деп санап, түрлі сылтаумен оп-оңай тартып ала беретін болды. Құнарлы жерлерге ішкі Ресейден аграрлық толкуларды бастаң кешіп жатқан шаруаларды көшіріп әкеп қоныстандырыды. Қоныс аудару саясаты жоспарлы сипат алды. Мұның салдары Ұлы дағыда тұрғындарына өздерінің ежелгі атамекенінде өгейлер күнін кешуге мәжбүр етті. Көшпендей қазактар шұрайлы жер-сүйнан айырылып, құнарсыз жерлерге ығыстырылды. Отаршыл үкімет Қазақ елінің мыңғырған мал ұстаган халқын айдауында жүргізді, бай табиғи ресурстарды, арзан шикізатты онды-солды емін-еркін пайдаланды, өлкө империя экономикасының қосалқы да арзан саласына, оңай табыс көзіне айналдырылды.

Жаңа жерлерді игеруге келген отарлық әкімшілік үкіметтің түпкі мақсатына сайн саясат ұстанды. Қазақ халқына «турі этникалық сипаттың сақтағанмен, жан-дуниесі орыстың кәдімті мұжығына айналуға тиіс» материал ретінде қарады. Орыстандырудың қылыш шараларын жүргізіп жатты. Бірақ халық өзінің болмысын, салт-сана, әдет-тұрпын сақтап, дәстүрлі экономикалық және мәдени тыныс-тіршілігін жалғастыруға тырысты. Отаршылдыққа карсы көтерілістер, ұлт азаттығын көксерген толкулар орын алды. Халық катты күйзелген, әдебиеттануда зар заман деп аталған кезенде өмір сүрген ақындар мен жыраулар (Ду-

лат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөнкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан, т.б.) поэзиясы жүргітты азаттықта үндеді. Ағартушылық іс-әрекеттер көріне бастады.

Әуелі Ресейдің өз ішіндегі автономия («мемлекет ішіндегі мемлекет») сынды Бекей Ордасының әміршісі Жәңгір хан қазақ балаларына арнап мектеп ашты. Одан Ресей әкімшілік жүйесіне сіністірілген аймактарда Ыбырай Алтынсариннің қазақ ұл-қыздарын оқытатын мектептері дүниеге келді. Содан бері орыс-казақ мектептерінің көптеген ашылғаны, шәкірттерді Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин сынды ұлы тұлғалардың суреттері салынған мактау грамоталарымен маралаттап, орысша оқуға ынталандырганы мәлім. Жәңгір мектебін бітіргендегі ішінен Салық Бабажанов үлкен ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері, ал Мақаш Бекмұхамедов Астрахан аймағының қазақ жері екенін патша комиссиясына дәлелдеп қорғап қалған (қазақ ол аймактан большевизм тұсында айрылған), отаршылдар жүзеге асырмак болған батыс қазақтарын шоқындыру рәсіміне тоқтау салғызып, миссионерлер бұғауынан құтқарған қайраткер, бірнеше мектеп ашқан ағартушы, өнір жайын жетік билетін тарихшы, фользоршы, этнограф ғалым, елу жыл ел басқарып, халық аузында сүйіспеншілікпен Мақаш-правитель, Мақаш-әкім атанған, аймак тұрғындарын балық кәсіппілігіне тартып, капиталистік қатынасқа бейімдеген әйгілі тұлға болды. (Ол орыс революциялық қозғалысының мәнісін түсіну үшін Астрахан абақтысынан әйгілі тұтқын Чернышевскийді бірнеше күнге сұрап алтып шығып, ұзақ пікірлескен болатын).

Қазақ елі азаматтары атакты Гаспралық Ісмайылдың Қырымдағы Бақшасарайда «Тілде, пікірде, істе – бірлік!» ұранымен 1883 жылдан шығара бастаған «Тәржіман» газетін алдырып оқып тұрған. Газет түркі халықтарын азаттық үшін құресте бірігіп қимылдауға, діни оку орындарында зайырлы пәндерді оқытуды көздейтін жәдидтік қозғалысты қолдауға, түркілерді түтел ортақ әдеби тілге көшуге үндеді. Сонымен қатар Орта Азия халықтарының сауатын ашуға ат салысып, еркіндік пен білімге ұмтылған түркі халықтарының көшбастаушысына айналды. Озық ойлары Ордадан Ташкентке дейін тарап, қазақ зиялышарына оң ықпалын тигізді.

Империядағы революцияшыл қозғалыс үлгісімен жалпымұсылмандық қозғалыс, солардың ауқымында бүгіндері Алаш қозғалысы деп аталатын қазақ ұлт-азаттық қозғалысы дүниеге келді. Ұлт қайраткерлері 1902 жылы қазақтың ауыр халық талқылау, не істеу керектігін айқындау үшін зиялышардың басын косуға әрекеттегенді, 1905 жылы

бірінші орыс революциясы дүмпүімен тұған петиция науқанына ат-салысты. Сол жылғы тамызда арнайы қазақ делегациясы (жетекшісі Бақытжан Қаратаев) II Николай патшаның қабылдауында болды, қазақ мұнын жария етіп, шақырылмақ Мемлекеттік думаға қатысу жайындағы тілегін айтты.

Казактардан алғашкы Думаға төрт, екінші Думага жеті депутат сайланғаны мәлім. II Мемдумада біршама жемісті жұмыс атқарылды. Мұсылман фракциясы колдаған «Діні мен ұлтына байланысты саяси және азаматтық құқтарын шектеуді алып тастау жөніндегі негізгі ережелер жобасын» жасауға үш қазақ депутаты (Бақытжан Қаратаев, Шәймәрден Қосшығұлов, Ахмет Бірімжанов) қатысты. Қаратаевтың өзі «Өкіметтің переселендік саясаты туралы» арнайы заң жобасын жасап ұсынды, Дума мінберінен жер-су мәселесін көтеріп, үкіметтің қазақ мұддесіне кайшы іс-эрекетін әшкөрелеген атақты сезін сейледі.

Биліктің жер саясатына байланысты қазақ қайраткерлері өзара қайшылықты қөзқарастар ұстанған болатын. Патша үкіметі оргалықтағы дүрбеленеді басу үшін шаруаларды қазақ жеріне коныс аудартып, белгіленген нормамен жер үлесін беруді жобалады. Сондай нормамен қазактарға да жер алып, отырыштылануды ұсынды. Үкіметтің басты сыйнысы Бақытжан Қаратаев осы норманы қабыл алуға шакырды. Оның ойынша, егер қазақ қауым-қауым болып, белгіленген нормамен құнарлы жерлерден комакты үлестерін алып орнықса, онда солай коныстанғандардың ара-арасындағы өңдеуге қолайсыз жерлерді мал жайылымына пайдалана алар еді. Алайда аграрлық мәселенің аса зор білгірі Элихан Бекейханов көшпенді қазаққа отырышты нормасын алуға еш болмайды деп пайымдады (патшалық тағайындаған норманы қабыл алмай, отырыштыланбаған көшпенді қазақты жиырма шақты жылдан кейін большевизм епкәндай жер нормасынсыз-ақ отырышты етуге кірісіп, қалың қасіретке бөктірді).

Университеттен кейін жолдамамен Қара теңіз жагалауына барып он шақты жылдай заң қызметін атқарып елге оралған Жиһаншаһ Сейдалин 1913 жылы қазақ халқының жай-күйін талқылау үшін сиез шақыру жайында бастама көтерді. Бастаманы Қаратаев колдады. Алайда үкіметке жакпайтын ондай шараны өткізуінің қажетсіздігін айттып, Бекейханов қарсы шықты. 1916 жылғы көтеріліске Алаш қозғалысының серкелері қолдау көрсетпінеді, бірақ қазактарды майданның қара жұмысына алу мерзімін кейінге ығыстыру қажеттігін бір ауыздан көтерді. Сейдалинмен бір пікірдегі Қаратаев Петроградқа барып, екеуінің атынан Дума мен үкіметке жазбаша ұсыныс жасады. Ал Бекейханов Орынборда губернатордың рұқсатымен арнайы жиналыс өткізді. ба-

тыс майдандагы «Земгорсоюз» мекемесінде соғыс құрылыштарына алынған жұмысшылармен жұмыс жүргізетін Бұратаналар бөлімін ашып, баскарды.

Акпан революциясынан кейін Уакытша үкімет Бекейхановты Торғай облысына комиссар етіп жіберді, ол іс жүзінде қазақтан шықкан тұңғыш губернатор болды. Осы шакта Ресей мұсылмандарының орталығы рөлін атқарып келе жаткан думалық мұсылман фракциясы мекемесінен шартарапқа жіберілген жөн-жобага сәйкес, монархия тарих сахнасынан кеткеннен кейінгі ахуалды талқылаған жиналыстар етіп жатты.

Сондау облыстық съездерде қазак мемлекеттің жаңғыруту мәселесі ашық көтерілді, тиісінше, бұрынғы империяның болашақ мемлекеттік құрылымы федеративтік болуы керек деген ойлар айтылды. Мемлекет тағдырының құрылтайшы жиналыс шешеді, құрылтайшы жиналыс бұрынғы империя құрсауында езілген ұлттарға автономия береді деген үміт болды. Алайда құрылтайшы жиналысты өткізуге большевизм ынта білдірmedі. Ұлттық автономиялардың шаңырақ көтергеніне де құдікпен қарады. Орталық билікті басып алып, кеңес өкіметін жариялаған большевиктер жер-жердегі өз тағдырларын өздері айқындаап жатқан ұлттық құрылымдарды жойып, автономияларды таптық негізде, кеңестік платформада құру бағытын ұстанды. Қазактардың мемлекеттілігін қалпына келтіргендей сыйай танытқан Түркістан автономиясы (1917 жылғы карашаның 28-інде Қоқанда жарияланған) мен Алаш автономиясын (желтоқсаның 12-сінде Орынборда жарияланған) мойынданау бағытын ұстанды.

Ал қазақ қайраткерлері екі өлкеде бөлініп жатқан қазақ халқының ортақ мемлекеттік құрылымына кол жеткізу жолын іздестеріп, Түркістанда өткен жиналыста екі автономия өзара қызметтестікке кол жеткізген жағдайда өлке казактарының Алаш автономиясына қосылатындықтары жайында қаулы алып жатты.

Бірак кеңес өкіметі жағдайды басқаша шепті. 1918 жылғы акпанды қарулы күшпен Қоқанды қанға бөктіріп, Түркістан автономиясын (үкімет басы Мұстафа Шоқай) құлатты. Оның орнына сәуір айының соңында Түркістаның кеңестік автономиясын жариялады. Алаш автономиясының Семейте ауысқан орталық үкіметіне (терағасы Әлихан Бекейханов) қызметтіне кірісүіне 1918 жылдың ортасына дейін мүмкіндік берген жок және толықканды қызмет атқартпады да. Ис жүзінде республикалық режимде екі жылдай жұмыс істеген Батыс Алаш-Орда (терағасы Жаһаншах Досмұхамедов) совет өкіметін мойындалап, куллі мемлекеттік құрылымын, әскері мей барша жабдығын Қазақ әске-

ри-революциялық комитетіне өткізді. 1920 жылғы 26 тамызда совет үкіметі қазак автономиясын құру жайында арнайы декрет қабылдады. 4 қазанда Орынборда Қазақстан Советтерінің құрылтайшы съезі ашылды...

Қазақтың 19-шы ғасырдың ортасында жойылған ұлттық мемлекеттің 20-шы ғасырдың алғашқы ширегінде советтік негізде жаңғырту жұмыстары басталды...

XXX. МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ТӘҮЕЛСІЗДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Ұлттың жанын ауыртқан қайғы-касіреттерге қасақана, казак дербес елдігін жаңғырта алды. Мемлекеттілігін тарих сахнасына қазақ атымен тұнғыш рет 15-ші ғасырда шығарған халқымыз төрт ғасырга жетер-жетпес уақытта елдік нышанынан ғана емес, өзінің тарихи аталымынан да айрылған болатын. Совет өкіметі дәуірлеген жетпіс жылда жоғалтқанымыз табылып, шарттылығы шаш-етектен болса да, мемлекеттілігіміз жаңғыртылды. Бұтінгі мемлекеттік тәүелсіздігімізге бастаған данғыл жол салынды. Бірақ бұл ұлттымыздың айтып жеткізгісіз аштық апatty, корлау пен кемсітулерді бастан кешіп, енсессін көтере білуі арқасында ғана мүмкін болды. Ұлы мұрат жолындағы сонау қайғы-касіретке тұнған белестер әрдайым есте тұруға тиіс. Ба-янды болашағымыз үшін...

Түркістан өлкесіне совет өкіметі қызыләскердің наизалы мылтығының ұшымен, көшпенділердің жылқысын қызыл армия мұқтаждығы үшін тартып алғып, оларға азық-түлік те бөлмей, құрғакшылық төндірген жүтті жасанды ашаршылықта ұластыруымен бірге келді. Өлкे қазақтары «большевиктердің аштық саясаты» (М.Шокай) салдарынан 1917–1919 жылдары миллионнан астам жанынан айрылды. Бұл халықтың сол шактагы жалпы санынын бестен біріндей еді. 1921–1923 жылдары азамат соғысынан кейінгі ауыртпалықтар мен орталықтан азық-түлік жинау жасактарының құйындаты келіп тонап кететін рейдтері салдарынан тағы да бір миллиондай өмірді әкеткен ашаршылық қыр өлкесінде орын алды. Осынау қасіреттерді бастан кешкен Түркістан Республикасы да, Қазақ Республикасы да Ресей Советтік Федеративтік Республикасы құрамындағы автономиялар еді. 1924 жылы Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік межелеу жүргізіліп,

өлкедегі казактар мекендейтін аймактар Советтік Қазақ Республикасы құрамына енді. Үлкен Қазақстан 1925 жылы Ақмешіт құрылғайында Үлттық Республика деп жарияланды. Бұл қазақ жер-сүзы мен халқының тұтастырылып, мемлекеттілігінің кеңес платформасында жаңғыртылғанын көрсеткен. Бірақ Республика Ресей федерациясының құрамындағы автономия қалыпта қала берді. Сол қалыпта барлық бұрмалаулы реформаларды, қылы солақайлықтар тұгызған қарсылықтардың отарлық соғыстарға ұласуын, Алаш қайраткерлеріне жасалған саяси репрессияның алғашқы толқынын және 1931–1933 жылдарғы алапат ашаршылықты бастаң кешті. «Большевизмнің аштық саясаты» қазақ еліне үш дүркін соғып, қазақты айтып жеткізгісіз үлттық апатқа ұрындырды. Үлттық апаттың аса ауыр болған үшінші кезеңінде адам шығыны екі миллионнан асты, шамасы жеткендер көріп елдерге кетіп жатты. Осы 1917–1933 жылдары орын алған үлттық апатта аштықтан тікелей төрт жарым миллиондай жан опат болды, ықтимал табиғи есімнен айрылғанмызды есепке алғанда, апатта он миллион адамды құрбан еттік. Дәстүрлі экономика тұрлады: мал саны сегіз-төгіз есе кеміп кетті.

Оз атымен төрт ғасырдай өмір сүрген байыргы мемлекет отаршыл империяға жұтылып, аты да бұрмалаған қаралы ғасырдан кейін, озбыр самодержавие қаусап келмеске кеткен жаңа тарихи жағдайда кайта тіріле бастағанда, халық совет туы астында тұнғыш рет бір шаңырақ астына жиылып, мемлекеттігіне ез атын қайтарғанда осындаі келенсіздікке жол берілді. Бір кездерде қамкорлы-сюзерені болуга құлшынған, іс жүзінде мемлекеттің құрдымға кетіріп, жер-сүйнан, тілінен, ділінен, дінінен айыруға тырысқан Ресей империясының орнындағы жаңа қамкоршысы, үлттық мемлекеттілігін кеңестік негізде жаңғыртуға мүмкіндік берген Ресей Советтік Социалистік Федерациясы құрамында қазақ халқы жасанды ашаршылықтарға тап болып, апат салдарынан мұлдем жойылып кетудің аз-ақ алдында қалды.

Большевиктер партиясы Ресей Федерациясын алтын өзегі етіп, соның айналасына құллі кеңестік мемлекеттік құрылымдардың бәрін топтастыра құрсал алған. Сейтіп, іс жүзінде жаңа ұранмен көмкерілген байыргы империяның Совет Одағы деп аталатын ізбасары болып шықкан. Совет одағының өкіметі, дәлірек айтқанда, билеуші партияның орталық комитеті, оның Бас хатшысы Иосиф Сталин қазақ халқына қарсы мемлекеттік қылымыс жасалғанын ұқты. Ұқты да, оның ізін жасырудың ғаламат әдісін ойтап тапты. Тірі қалғанмен әбден қалжыраған, еңсесі түскен халқы тұрмысын енді ғана түзей бастаған Қазақ Республикасында мәдени революция екпіндете жүргізіліп, көп

ұзамай мәуелі жемісін берді. 1936 жылы Маскеуде казақ өнері мен әдебиегінің декадасы зор табыспен өтті, ал сол жылғы 5 желтоқсанда қабылданған сталиндік конституция Ресей Федерациясының қурамындағы автономиялы Казак Республикасына одактық тәж кигізді. Сол мәртебеде «Үлкен террор» науқанын, екінші дүниежүзіліс соғыс ауыртпастықтарын, тын игеру науқанын бастан кешті. Сырттан миллиондан көшіп келген коныс аударушылардан құралған республика халқының жалпы санындағы үлестік салмағы жиырма сегіз пайызға дейін төмөнделе. өз елінде ұлттық азылтық күйін кешті. Қазақ мектептері жаппай жабылды.

Орыс тілі екінші ана тілі ретінде танылды. Коммунизмге орыс тілімен бару ұраны көтерілді. Орыс тілінде акцентпен сөйлеуге на мыстанатын жағдайға жетті. «Абайдын өзі орыс тілін дүниенің кілті екенін атап айттып, орыс тілін үйрену керек, біту қажет» деген сілтеме жалаулатылды. (Бұл ретте тап сол ұлы Абайдың әлгі сөзін орыстың тілін «орыстың озбырлығына қарсы тұра білу үшін, онын заңдарын оқып-біліп, заңсыз басынуларынан корғану үшін үйрену керек» деген аныктамамен дәйектегенін ешкім аузына да алмады). Орысша сөйлеу мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылды. орыс тілінде шығарма жазатындар өздерін мәдениеттің аванпостында тұрмыз деп санады.

Орыс мәдениеті шынында да казаққа көп озық тәжірибе әкелген. Тек орысша біту үшін мұлдем орыстанудың шарт еместігіне, казакы менталитетте тәрбиеленіп, орысшаны орыстанғандардан бір кем түспейтіндей дәрежеде игерудің де мүмкін екендігіне, бұл екі бағыттың айырмасына когам ой жүтірпілі. Жұрт баласын орыс мектебіне беруді мәртебе санады. Ауылдан келген қазактардың орысшага шорқақтары калада өгейлік көрді. Олар өз астанасына орнығып тұра да алмайтын жағдайға құттыратылды, ауылдан Алматыда келген қазактарды. бұлтарплас себебі болмаса, тіркеуге тұргызбайтын тәртіп орнатылды. Жұмыс күшіне мұқтаж өндіріс орындарына кірген казак қыз-жігіттерінің ең жолы болғаны жатақхана ларға орналасты, көбі пәтер жалдан тұруға мәжбүр болды. Кезекке тұрып үй алу мүмкін емес еді. Әлеуметтік әділетсіздік ел арасында: «Алматы – қазактың астанасы, орыстың баспасасы, үйгырдың асханасы» деп айтылатын әзіл-шыны аралас аныктамадан да танылатын. Бірак мұнын бәрі ресми сөз болмай, іштей ғана қынжылтатын жәйттер еді.

Одактас республика ретінде Қазақ елі соғыстан кейінгі жылдары ірі экономикалық табыстарға жеткен. Жетістіктердің өте елеулілігі сондай, шартты тұрде есептегенде, республикада әр он жылда бір ишінде стриялы Қазақстан салынып ғұрды. Соған қарамастан қазактар-

дын тұрмыс жағдайы, әлсұметтік-рухани тыныс-тіршілігі ойдағыдан емес-тін. Бұған коса, билеуші партия өзі жария еткен жариялышың пен қайта қуру саясаты кезінде өзі қонедержавалық астам әрекет көрсеткен. Онысы Алматыда 1986 жылы Желтоксан көтерілісін туғызды. Үлттық мұдденің шектелуін Қазақ елінің бар түкпірі сезініп жүргендіктен. Желтоксан оты қоپтеген облыс орталықтарын шарпыды. Сілкініс типті күлгі Кеңес одағында сезіліп, ақыры, тоталитарлық жүйенің көбесі сөгіле бастады. Балтық жагалауындағы республикалар экономикалық тәуелсіздік алды, өзге одақтас республикалар да мемлекеттік егемендікті аңсаған декларациялар кабылдауға көшті.

1990 жылғы 25 казанды Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жогарғы Кеңесі Мемлекеттік егемендік туралы декларация кабылдаған, ұлттық мемлекеттілікті сактау, қорғау және нығайту хақында шараптар жасалатынын мәлімдеді. Декларациядағы бағдарлама негізінде 1991 жылғы 16 желтоксанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң шықты. Республика жана жағдайда жаңғырып, әлемдегі заманауи егемен елдер катарына кірді. Тәуелсіз хандық түрінде дербес төрт жұз жылдай өмір сүріп, тәуелділік ахуалға түскен жерінен байыргы Қазақ мемлекеті ертектегі мәнгі жаңарып тұру символына айналған феникс күсша қайта тұледі...

СӨЗ СОҢЫ

Міне біз еліміз дербес те тәуелсіз өркендеу жолына түскеннен бері ширек ғасырға дейінгі төрт жұз жылдық кезенде қазақ мемлекеті бастап кешкен жағдайларға шағын шолуымызды тамамдап отырмыз. Тауарихымызда болған шырқаулар мен құтқырауларға, жетістіктер мен кемшиліктерге көзқарасымызды білдіруге тырыстық. Қазақ Елінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тарихымыздың өзге елді жаулаудан емес, тек қана өз жер-суымызды қорғаудан тұратынын өтс дәл, айқын, әділ атап айтты. Сол тарихты, қазактың өз атымен әлемдік аренага шыққан алғашкы мемлекеттің тарихын барша азаматтарымыздың білуі абзал. Егер соны білуге Қазақ мемлекеттің біз жоғарыда қыскаша шолып өткен белестері жайындағы ойларымыз кішкене де болса септессе - енбекіміздің еш болмаганы...

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық кітапханасы**
**СЫЙЛЫК ДЕНДІ
МАЗМУНЫ**

| | |
|--|-----|
| Сөз басы..... | 3 |
| I. Дербес казак мемлекеті құрылғанға дейін | 5 |
| II. Хандықтың каз түрүсі мен күшесі..... | 9 |
| III. Хандықтың алспіреуі және кайта жангыруға бет атуды..... | 13 |
| IV. Ұзындық курес үстіндегі нығаю | 18 |
| V. Ел тұтастығына кол жеткізу және оны басқаруды жетілдіру..... | 22 |
| VI. Мемлекеттілікке көтер төндіретін сыртқы жағдайлар..... | 26 |
| VII. Жонгар шапқыншылығы төндірген көтер, казак мемлекеттігін сакталуы | 30 |
| VIII. Едегі «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаган» заман | 34 |
| IX. Жана шапқышылық желеуі және оған қарсылық..... | 38 |
| X. Күрделі саяси жағдай және жаңа реформа қажеттігі..... | 43 |
| XI. Жоғары әрежедегі саяси ойдан оң нағиесі..... | 47 |
| XII. Батыс өлкедегі маңызды қорғаныс шарасы..... | 51 |
| XIII. Қарақұм құрылғайы | 57 |
| XIV. Алапат апат қарсаңындағы жағдайлар..... | 61 |
| XV. Актабан шұбырынды, алқа-көл сұлама..... | 65 |
| XVI. Азаттық үшін арпаалысудың алғашқы кезеңі..... | 70 |
| XVII. Отан қорғауға бұқыл қалықтың жұмылдыру..... | 74 |
| XVIII. Отан соғысы женистері..... | 78 |
| XIX. Отан соғысындағы ірі женіс және бітім | 84 |
| XX. Мән-магынасы бұрмаланып өмірте енгізілдүте жазылған бетбұрыс | 89 |
| XXI. Тағдырыштілік мени болған хаттың түп мәтіні..... | 93 |
| XXII. Бетбұрыс шындығы | 97 |
| XXIII. Протекторат және мұдделер кайшылығы | 101 |
| XXIV. Сюзеренге ададлық және тарантардың міндеттемелері..... | 106 |
| XXV. Өзара бітіспес мұдделер толқынында..... | 110 |
| XXVI. Ресейдің қамкорлығына артылған ұміттің күйреуі | 114 |
| XXVII. Арыстан мен айдаңардың ортасында | 118 |
| XXVIII. Болшектенген казак мемлекеті – Ресей империясының отары..... | 123 |
| XXIX. Жоғалтқан мемлекеттілік жаңғыртуға ұмтылыш..... | 128 |
| XXX. Мемлекеттілік жаңғырту және тауелсіздікке кол жеткізу..... | 132 |
| Сөз соны | 135 |

Койшыбаев Бейбіт Орынбекұлы
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНА ҚӨЗҚАРАС

Қазақстан
Ұлттық кітапханасы



2 100116 0555629

Тарихи очерк

Редакторы Б. Хабдина

Компьютерде беттеген Б. Дүйсен

Басуға 21.07.2015 кол койылды. Пішімі 60x90 1.16. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі «Times New Roman». Баспа табагы 8.5. Таралымы 1000 дана

«Рұх БГ» баспасы, 050031, Алматы қаласы, «Аксай-3Б»-32, оф.41.

Тел.: (8 727) 268-01-85. Эл.пошта. ruh_bg@mail.ru